821.512.122
А64

Төрехан МАЙБАС

# АЛЖЫҒАН ҒАСЫР



Жасыл кітап

Төрехан
МАЙБАС

# АЛЖЫҒАН ҒАСЫР

ЖАСЫЛ КІТАП



«Алгорифм»
Алматы - 2023

УДК 821. 512.122
ББК 84 (5 қаз)
А 64



**МАЙБАС.Т.**
А 64 **АЛЖЫҒАН ҒАСЫР.** Жасыл кітап - Алматы. «Алгорифм». 2023. 320 б.

**ISBN 978-601-7468-44-5**

Төрехан Майбастың бұл кітабын жазушының жан айқайы десе де болады. Атазаңы ауа райындай өзгере беретін, өз ана тілінде сөйлемейтін, қыздары өз ұлтына тұрмысқа шықпайтын, баласы шетел асырылып жатқан, некесізден сәби сүйген, бүгін қосылып, ертеңінде ажырасып жататын, билігі халқынан ажырап қалған, жемқорлық жолында ұлт сатқындығына дейін барған қазақ қоғамының көлеңкөлі тұстарына барынша сәуле түсіруге ұмтылған шығарма болып табылады.

Кітаптың тілі көркем, шұрайлы.

ШЕТ ... МӘДЕНИЕТ ... ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ,
ДЕНЕ ... БӨЛІМІНІҢ "ШЕТ
АУДАНДЫҚ ОРТАЛ... КІТАПХАНА
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 38888

УДК 821. 512.122
ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-7468-44-5

© Майбас Т., 2023

# АБАДАН

Әңгіме Ұлытаудағы тоғыз (кей ақпаратта он) метрлік қасқырға арналған ескерткіш туралы. Бұл жөнінде БАҚ беттерінен оқып, берекесін берсін, мұны қолға алған азаматтарға абырой жазсын деп тілеулес болдық.

Отандық БАҚ жарыса жазды. Мұндай алып ескерткіш ТМД кеңістігі тұрсын, бүкіл әлемде жоқ деп.

Сөз жоқ, Ұлытау десе-ақ бір бүйрегіміз бұрып тұрады. Ұлттық руханиятта өзіндік орындары бар Әнуар Омаров және Берік Әбдіғали бауырларым басқарған ауданның кейінгі уақыттағы өзгерісі ғаламат-ақ! Ұлт ұясы - Ұлытауды ұлықтауда сөзден іске көше бастағанымызды осы бір ескерткіштен-ақ көруге болатын еді. Қыруар қаржы құйылып жатқанын да естіп отырмыз. Кешендік құрылыстың қанатын қомдай түскенін де көзімізбен көрдік.

Теңіздің дәмін тамшысынан-ақ білуге болады. Осы ескерткішті көріп қатты ойланып қалдым. Біреу төбемнен суық су құйып жібергендей болды.

Қасқыр жөнінде кейінгі уақытта үлкенді-кішілі жиырма шақты мақала жазыппын. Менің де білмейтінім баршылық шығар. Осы ескерткішті көріп бетімнен бастым. Мен мақау екенмін...

Ұлттық рухқа арналған жәдігер ғой, аяғынан шыға кетейінші деп... күн салып қарамаймын ба?

Сізге өтірік, маған шын-таппадым...

Іздегенімді таппадым...

«Бұл қазақтың басын қосатын ескерткіш...»

Отандық БАҚ ссылай жалаулатып жатты. Бәрі дұрыс-ау, алайда оқыған надандығымыздың бізден қалмай келе жатқандығын нақ осы ескерткіш анық танытты.

Осы ескерткіш туралы кім не жазбады.

Біреулеріміз қасқыр деп жалаулаттық...

Енді біреулеріміз көкбөрі деп жалаулаттық...

Тағы біреуіміз Ашина деп жазуға дейін бардық...

Ау, сонда осы ескерткіштің құдыретін түсіндіре алатындай бабалармыздың тіл қорында сөз болмағаны ма?

Болғанда қандай?

Абадан!..

Бұл ескерткіштің атауы - Абадан болу керек!

Қасқырдың үйірін әуек дейді, әуектің көсемін әуекбасы дейді. Ал бірнеше әуек біріккенде әуекбасылардың көсемін - абадан деген!

Өкінішке қарай мен іздегенімді таппадым!

Абадан дейін десем құт белгісі жоқ!

Құртқа дейін десем емшек безінің орны көрінбейді.

Сонда?

Содан қойшы, шегіншектеп қарадым...

Анық көрініп тұр.

Жалды екен!

Қуанып қалдым. Мақау емес екенмін. Жал тек еркек қасқырларда болады. Бабаларымыз қасқырдың арланын жал деген.

Шынымен жал екен!

Ал жалдық белгісі қайда?

Ескерткішті әрі қарап, бері қарап ондай белгі безді таба алмадым.





Әлде мутант қасқыр болды ма екен?..

Ертең бе, бүрсікүні ме бұл ағаттығымыз да түзелер...

Сонда жаңа бір қателікке жол бермейікші!..

Жалымызға емшек безін салып қоймайықшы!..

Оқыған надандығымыз бізден қашан қалар екен?

***31.08.2021.***

# АЙДАҺАРДАН АЙДАҺАР ТУАДЫ...

Қазақ болғым келеді

Адамды адам танымастай қылып өзгертетін екі нәрсе бар, бірі - жамбы да, екіншісі - қамшы!

Бүгінгі күнімізге қарай жақындатып айтсақ бірі - алтын (ақша) да, екіншісі - билік!..

Бұларда табиғаты танылмаған бұла күш бар...

Бұларда бу бар...

Ақшаның буы...

Биліктің буы...

Быдығың шешен болып кетеді...

Кеңкелесің көсем болып жүреді...

Бұл өте қауіпті!

Бұлар біздерде бұрыннан болған.

Басты байлығымыз деп бала-шағасын білген!

Бөріктілерін қалай дегенде ақсақалдыққа жеткізген!

Ақсақалы бар ауыл кемел ауыл болған!

Ауылы ақсақалына сөзін өткізе алған!

Хан да ақсақал сөзін жерге тастамаған!

Ханы алыста болғанымен ақсақалы жанында болған!

Ділдасы қазынада болғанымен малы алдында болған!

Қарашасы терістегенде төңкеріп тастаған!.

Басқа басқа, қазақ хандығы солай пайда болған!

Баласы тумай жатып бес қаруын сайлаған күндер өткен!

Есімханымыз екі жүз мың қолды ойланбай шығарған!

Қасымханымыз төрт жүз мың қол шығару жағдайында болған!

Солайынша қазақ баласының ат үстінде өткені аз болмаған!

Басқаша жол жоқ еді...

Осыншама алапқа ие болу үшін туа салысымен ат жалына жармасуы керек еді!

Сол ұрпақты сайрағынан тайдыру оңай емес еді. Алайда тайдырды...

Қолдарына билік берді...

Табағына ас салды...

Кешегі хандармен кеткен тақ таласы қайтып оралды.

Енді қарашасы арасында басталды...

Басқа басқа, біздегі талас әлемет еді!

Талай кәлла ұшып жатты...

Білетіндеріміз қаншама?..

Білмейтіндеріміз қаншама?..

Тәшеновты білсек керек...

Әуелбековты білсек керек...

Әбілдинді білсек керек...

Салықовты білсек керек...

Нұрқәділов ұмытылмақ емес...

Алтынбекті де қиып жібердік...

Сонда да жаһандыққа көшке ілігіп келеміз!

Бассыз салт аттылы сияқтымыз!

Көсем шықпаған жерден көсеу шығады!

Соны көз көріп отыр!





Нурсултан жездеміз жаһандық отыз елдің ішіндеміз деп сендіріп еді...

Қазіргі айтушылар соңғы отыз елдің қатарындамыз дейді...

Барыспыз дедік...

Тау барысымыз дедік...

Қар барысымыз дедік...

Бірақ біздер тышқан аулағаннан басқаны білмедік!

Билікке жеткендердің күні туды!

Олар бәрін сатылымға шығарды!

Қатын-баламызды сатқанымыз аздай жердің өзін де сатып жібердік-ау!

Бұлай жүре берсек ертең аяқ басар жер қалмайды-ау!..

Бүкіл қазақ журтын жылытуға Қарағандының бір шахтасы жетеді!

Бүкіл қазақ баласын асырауға Қызылорданың бір платформасы жетеді!

Қостанай алқабы турғанда қазақ баласы ешқашанда бір үзім нан сурап, алақан жаймайды...

Кім кінәлі?

Әрине, маңызды сауал!

Одан да маңыздырағы не істеуіміз керек десен сауал!

Олай болса?..

Бөлісейік...

Билікпен...

Бизнеспен...

Қалтасында көк тиыны жоқ адам қалай күн көрудің қамын ойлайды!

Қалтасының қызуы бар адам айналасының қамын ойлайды!

Айдаһар мың бір жумыртқа салады!

Жарып мың бір айдаһар шығады!

Оның жан-жағының бәрі - айдаһарлар!

Біз де айдаһармыз!

Болмасақ боламыз!

Өйткені айдаһармен тек айдаһар сөйлесе алады!

Тек біздің жұмыртқамыздан көкектің жарып шығатыны түсініксіз!

Жұмыртқамызға ие болайық!

***23.12.2022.***

## АЙЫР КӨМЕЙ ӘУЛИЕ

Бұл бір жұртты елең еткізген жаңалық еді.

Бұқар бабамызға өз атындағы ауданда ескерткіші ашылды.

Қазақтың арғы-бергі тарихында қазақ баласының басынан құс ұшырмаған қырықтан астам хан өткен екен. Олардың ішінде қырық жыл хандық құрғандары бар. Бұқардың өзі бір басынан тоғызын өткізіпті.Ұлы жырау соның бірін де күстаналамайды.

Сол хандардан ел санасында қалғаны Абылайхан хан.

Қазақ тарихында аузын айға білеген ақындар да аз болмаған. Солардан ел санасында қалғаны Абай ақын.

Қазақ тарихында елінің ертеңіне сәуегейлік жасаған жыраулар да жыртып айырылады. Солардың ішінде ел санасында қалғаны Бұқар жырау.

Қазақ баласы ділін осыларға қарап түзеген.

Оларға ешқандай анықтауыш, айқындауыштың керегі жоқ. Олардың есімдері аталған жерде олар кімдер деген сауалдар айтылмайды. Өйткені қазақ баласына олардың есімін бесіктен бастап сіңіреді. Солардай болуға тәрбиелейді. Кенесары, Ыбырай,





Шоқан сондай тұлғалар. Оларда текесім, ру болмайды. Олар қазақ баласына ортақ тұлғалар.

Қазірде қазақ санасын текесімсіз жұлдыздар жаулап жатыр. Ерік, Берік, Бүркіт, Жолбарыс, Линда, Сайд...

Бұлар тексіздер. Кемі некесіз туғандар. Өз әкелерін білмейтін. Бұлар бүгінгі күннің Сусаниндері.

Бұқар есімі ешнәрсеге мұқтаж емес. Бұқар десе жеткілікті. Алайда көрмесімізден, білмесімізден жазбай келеміз. Жай ғана Бұқар деп айта алмайтын дәрежеге келдік. Бұқар айтылған жерде жырау сөзін қосып айтатын болдық. Ақын сөзін қосып айтатын болдық. Сарай ақыны деп те айтушылық бар. Абылайханның ақылшысы дейтін болыппыз. Қазір Бұқар батыр дейтін болыппыз.

Мемлекет қайраткері деп әспеттедік. Мәжіліс депутаты дегенге дейін бардық. Мұның өзі біздің әлі де болса тәуелсіздіктің балалық ауруынан айға қоймағанымызды көрсетсе керек.

Бұқарды би деп жаттық. Рас біздерге билік сөзі жетпеді. Алайда оның би болғанына күмәнсіз сенеміз. Оны Абылайханның рупоры дедік. Оған да сенеміз. Ханға қасқайып қарсы тұрып сөз айтқан екеу болса, біреуі Бұқар, жалғыз болса өзі!

Бәрі де артық етпейді. Бәрібір ол анықтауыштарымыздың бірі де Бұқардың тарихымыздағы орнын анықтап бермейді.

Олар ұлт мақтаныштары.

Бұқарға қаратып айтар болсақ ұлт жаршысы.

Бұл дүниеде қазақ деген халық барлығын, оларды хандар басқарғанын, билерінің үкім айтқандарын, бейбіт өмір суретінін, Алтайдан Алатауға, Сарыарқадан Атырауға дейінгі алапты алып жатқандығын, сол елдің ертеңінің бұлыңғыр

екендігін, сол қазақ халқының басына күн туғанда тортадай ұйып, көршілес жатқан аюына да, аждаһасына да алдырмай келе жатқандығын, көсем аттайын адамзаттың ұлы көшінде қазақ деген көсем халықтың келе жатқандығын паш етеді.

Бұқар мұрасы мұрағаты жоқ қазақ халқы мемлекеттігінің басты құжаты. Қазақ даласының он бесінші-он жетінші ғасырлардағы тарихы осы Бұқар баба туындыларында жатыр.

Бұқарға деген құрметіміз кемшін деп ешкім де айта алмайды. Шүкіршілік, баба атында аудан бар. Бұқар атында елімізде ең үлкен көше бар. Қарағанды қаласындағы Бұқар жырау көшесінің жобалық ұзындығы 32 шақырым екен. Бұл ТМД еліндегі ең ұзын көшелердің бірі.

Беттен басатынымыз ескерткіштері еді. Әуелі біреуі шошаң етіп Қарағандының вокзалы алаңынан бой көтерген. Сервантестің қожанасыршалыс кейіпкерлеріне ұқсап тұратын. Бүйіріндегі жазуына қарамасаң оның кім кендігін айту мүмкін емес еді. Өйткені ол кімге ұқсаса да Бұқарға ұқсамайтын.

Билік басындағылар бір күні қалың жұртқа орынын сипатқан. Тұғыр біраз уақыт бос тұрды. Соңынан жерін тегістеп тынды. Бір күні қарағандылықтар шу ете қалды.

Енді Бұқар ескерткіші қала әкімдігінің алдынан қойылатын болды. Ел аузында жыбыр-жыбыр сөз жүрді. Біреу бабамыз әкім болмаған сынды еді-ау деп күмілжіді. Енді біреу кемі уәзір болған деп кегжиді. Не керек, ақыры ескерткіш айтқандағыдай қала әкімдігі алдынан бой түзеді. Онда да қалың жамиғат жиналған. Ескерткіштің шымылдығын түсіргенде ел көзімен жер шұқылап кеткен. Ел бір қолында таспиғы, екінші қолында контрабасы бар ерекше жұмбақ жанды көріп тұр еді.





Басындағы мұрағына қарағанда, әрине, хан түқымы. Қолындағы контрабасына қарағанда сал-серілердің бірі ме дегендейсің?!

Ал таспиғына қарап диуаналардың бірі шығар деп көңіліңді демдейсің.

Алайда оның беттасында Бұқар жырау деген жазу да тұр еді...

Тәуірі Баянауладағысы.

Бабамыздың өзін болмаса елесін көруге болатын еді. Шерағаң айтпақшы бір кемшін дүние еді. Соның орнын бабамыздың осы мүсіні толтырғандай. Жаңадан ешкім де ештеңе ойлап тапқан жоқ. Бұл жолы да сол Бұқар. Қуаныштысы басындағы мұрағы жоқ. Контрабастан да құтылыппыз. Ең бастысы басымыздағы жүрген бабамызға, миымыздағы жүрген бабамызға ұқсап тұрғаны еді. Әйтеуір тарихи тұлғаларымыздың тас мүсіндерінде сомдық жетіспеуші еді.Соның орайын Бейбіт Ермекұлы бауырымыз келтірген екен.

Бір үлкен істі жапырып тастағандаймын. Көз алдымнан Бұқар бабамның тас мүсіні кетпейді. Тілек тілеп тұрған сынды.

«Бірінші тілек тілеңіз...»

Менің патша көңілім айтады.

Бұл тас Бұқардың орны Ақорда еді ғой деп...

Беу, ұмытып барады екем ғой, ас болған соң Құран оқылады ғой. Бұл жолы да оқылды. Бұқар бабамызға бағыштап облысымыздың бас имамы Өмірзақ қажы Бекқожатегі бастаған имамдарымыз Қатым Құран түсірді.

«Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа...»

***20.09.2014.***

# АҚАДЫРДА ЖҮР ӘНЕ...

Ауырдым екен деп таза жатып қалмайсың ғой. Бір жерлерге бару керек болады. Сондай бару өткен жылдың қараша қарында түсті. Көптен бері Ақадырыма бармаған едім. Жатырқап қалыппын.

Көліктен саудырап түсіп жатырмыз. Ішімізде кім жоқ дейсіз. Бәрі бар. Академигі де, жазушысы да, ақыны да, жорналшысы да...

Өз қызығымыз өзімізде дейтіндей топпыз.

Тосушылар қарасы бізден көп болмаса аз емес.

Амандық-саулықтан кейін үй иесі төрге бастады. Есіктен кіріп бара жатып сыртқа көз тастағам. Көзіме жұпыны киінген бір азамат түссін. Ол біздің соңымыздан неге ермеді деген сауал қамаласын мені. Әрине, жауап таппадым.

Бірақ сол жігіт көз алдымда тұрып алсын. Шырамытатын сындымын. Дөп баса алмадым. Қырлы стақанды тартып алған біреулер болды ғой дедім де қойдым.

Ал іште думандаттық. Көптен бері жүздеспегендіктен ақтарылып жатырмыз. Бәрін тәжтажалға жауып жатырмыз...

Үй иесі - кәдімгі жазушы ағамыз Өмір Кәріпұлы.

Негізгі барысымыз аяулы ағамызға сәлем беру. Жорта айтып барғанымыз - сүйгін айту. Өйткені ағамыз төрт жасар серкені күздікке атып ұрған.

Обалы нешік, серкесі сере қазы берген екен.

Соны бәленбай жігіт отырып тауыса алмадық. Анығы жегізбеді. Дегенмен де біраз жерге бардық. Өмір ағамыз үлкендігіне салып, бүйрек майын асатты.

Сорпасын бір бөлек, езбе құртын бір бөлек әкелді. Өйткені құрты ешкінікі екен.





Шай да ешкі сүтімен демделіп келді.

Алғаш қысылғанымыз рас. Өмкең бәйбішесін берген. Ал Дархан еніміз әлі бас құра қоймаған еді. Есесіне кенже қызы қылып алған немеренің үлкені Гүлнұр бар еді.

Гүлнұр бар да бәрі орнында еді.

Ең бастысы жүдеушілік жоқ еді. Жақында бір кітабым кеп қалады деп екі алақанын уқалап отырды.

Кәмел ағамыз да ескі әңгімелердің тиегін ағытты. Серік ағамыз болса өз өлеңдерін оқымай өзгелердің өлеңін оқысын. Қойлыбай еніміз қазақтың қара өлеңіне жүйріктігін көрсетті. Нұрхан бауырымыз да қазақ шежіресіне мәтіби екендігін байқатты. Осы топырақтың тумасы ретінде Аңғар еніміз де біраз жайттан хабар берді. Ал Қайрат бауырымыз осы топырақтың жаратылысы болғандықтан елді барынша жетеледі де отырды...

Сол жетекпен күннің қалай кешкіргенін де білмей қалдық.

Серік ағаның Ақадыр топырағына аяғының тимегеніне тура ширек ғасыр болып қалыпты.

Сол жолы осы Ақадырдағы менің үйімде тура осы қарашада сүйгін айтысып, әңгіме-дүкен құрған едік.

Үшеуміз. Ортамызда кәдімгі Мағау Сембай бауырымыз бар. Басымыз көптен бері қосылмағандықтан әңгімеміз ұзады. Сағат тілі түнгі үштен ауған шақ. Сонан есік қағылсын...

Содан рұқсат сұрап, жақсы ағаларға сәлем берейін деп, жолымнан қап кеп тұрмын десін шақырусыз қонағымыз.

Мен оны танып тұрмын. Осындағы Ардақ Бекжан деген бауырымыз. Свет Оразаев ағасына ұқсап ақын болсам деп талпынып жүрген еніміз болатын.

Түнгі үште адам бейсауат жүрмес болар.

Мағау баладан жөн-жосығын сұрады.

- Свет ағаның үйінен келе жатырмын, - десін Ардақ.

- Арақ іштіңдер ме?..

- Негізі өлең оқыдық...

Мұны естіп Серік ағамыз ашылсын.

- Кімдерді оқыдыңдар?

- Робертті...Андрейді...Өзіміздің Құлтөлеу ағамызды... Ғазиз, Ғалым ағаларымызды... Айтақын ағамызды...Төрехан ағамызды... Серік ағамызды...

- Серігің қай Серік? Тұрғынбеков пе?

- Ақсұңқарұлы...

Ақын ағамыз риясыз күліп алды.

- Ал бір өлең оқышы...

- Но чем внимательней, твердыня Notre Dame,
Я изучал твои чудовищные ребра,
Тем чаще думал я: из тяжести недоброй
И я когда-нибудь прекрасное создам...

- И-и, мынау, Иосип сойқан ғой, Нотердамы...

Тағы бір өлең оқышы...

- Останься пеной, Афродита,
И слово в музыку вернись,
И сердце сердца устыдись,
С первоосновой жизни слито!

- Ал Роберттен оқышы!..

- Ждать тебя, быть с тобой
Мне всегде хочется.
Говорят, что дюбовь
Первая кончится...

-Бауырым, сен қазақтың Роберті болдың ғой!..

Сераған Ардаққа дән разы болсын!

Ардақтың тұтықпасы бар еді. Өлеңді кекештеніп оқығанда тура Роберт ақыннан аумай қалар ма?!

- Қазақ акындарынан оқышы...





- Көңіліне осынау тұрақ ұнап,
Айналаға көз салып ұзағырақ,
Ақ боранға кеудесін қарсы тосып,
Ақадырда жүр әне бір аруақ...

Ардақ өлеңін әрі қарай жалғай алмады.

Біз де үнсіз қалдық. Әңгіменің кім жөнінде екендігін біліп тұрмыз.

- Әр жағын оқымай-ақ қой, - деді Серік аға.

Тұрып-тұрып:

- Арағы таусылып қалды... - десін.

Ал біздің дастарқанымыз сол құрғырдан қайысып тұр еді.

- О, ару, абыржыма, есің кірсін,
Сені тек Серік...

- Болады, - деді Мағау бауырымыз, - қайтайық, таңертең жұмыс...

-Жақсы ағалар, Сіздер кімдер боласыздар?..

- Айттық ғой. Мен - Мағау деген қазақ боламын. Мына ағаң айтып отырған Серік Ақсұңқар ағаң...

- Қалжың болар...Қортық адамның қай жерінде өлең тұрады. Олай деп айтпаңыздаршы. Ұят болады...

Ал Сіз болсаңыз боларсыз... Қағаз шимайламай күреске түскенде талай машина алатын едіңіз...

Күліп жатырмыз.

Кетуге айналды. Жолазықтарын салып беріп жатырмыз.

Шығып бара жатып Ардақ iнiмiз Серік шарап ішкен стақанды сұрап алды.

- Кім біледі, - деп кояды - Ақсұңқар болса Ақсұңқар шығар...

- Жұғысты болсын...

Серағамыз амалсыздан бетін сипады.

- Свет ағаға айтсам нанбайды ғой, - деп қойды.

- Бос ыдыс ұстауға болмайды, - деп Секең

жолазықты Ардаққа ұстатып қоя берді, - Светағаңмен бөліс...

Оған да, міне, тура жиырма төрт жыл болыпты.

Гүлнұр қызымызға рахмет. Ешкі құртын, ешкі сүтін, ешкі етін салып беріп жатты.

Өмір ағалармен қоштасып, көлігімізге мініп жатқанбыз. Кенет мен әлгі жігітті байқап қалдым. Баяғысынша шеткерірек тұр екен.

Кенет мен оның дауысын ести қалайын. Жел сол жақтан еді. Бірін естіп, бірін естімеймін...

- Ақ боранға кеудесін қарсы тосып,

Ақадырда жүр әне бір аруақ...

Сол! Сол еді!

Мен оны көзбен емес,бүкіл болмысыммен жазбай таныдым.

Бұл - Свет Оразай еді!

Свет ақын өзінің жаназасын тірі кезінде өзі шығарып кеткен. Осы өлеңімен...

Мен тағы да еріксіз Свет ағамды еске алдым.

Жергілікті «Ақадыр таңы» газеті жабылып қалған. Басқа тұрсын Шет аудандық газеті жұмысқа алмады. Мен онда облыстық мәслихаттың депутаты едім. Свет ағаның облыс әкімі Кәмелтин Ескендірұлының қабылдауына себепкер болдым.

Алпыс жылдығымды атап өтсем деген себеппен барған еді. Өтетініне сенімді еді. Өйткені Кәмелтин інісі найман атасынан ғой, оны айтасыз аудан әкімі Кәкімжан Сарханов ағамыз да найман болатын...

- Елуімде бір жинақ шығардым, алпысымда тағы бір жинақ шығаратын болдым, - деп қуанып жүрді.

Расында да, ағамыздың елу жылдығының бар ауыртпалығын өзім көтерген едім. Ол кезде аудандық басылымдардың редакторымын. Оның үстіне депутатпын. Қолда күш бар еді. Тіпті, «Өлеңім-өзім» деген жинағының шығуына да өзім жүгірдім.





Алайда ақынның алпыс жылдығы тойланбай қалды.

Бұл ақынға ауыр соққы болып тиді. Тіпті, бір итаяқ мінгізетін шығар деп дәмеленіп жүр еді...

Ақадырдың жаймабазары Свет ағаның екінші үйі болды. Үйіне сыймағанда базарға шығып кететін. Сонда барып өлең оқиды. Сонда барып шарап ішеді.

Бір күні өзін сыйлайды. Бір күні өзі өзгелерді сыйлайды.

Қалай дегенде ол кісіде ақша болып тұрды. Кітабының қалмақысын алады. Топтамаларының қаламақысын алады.

Ал кейінде жатып қалды. Негізгі қорегі - ақаң...

Ақшасы тасып бара жатқан жоқ, әрине. Өкпесі ағарған. Түрмеде отырғанында темекінің орнына теректің күлін тартқан...

Ақшатаудың тубдиспансеріне де салған едім. Олардан да қайран болмады. Оның жалғыз емі - арақ деді...

Сол ағамыздың кейінгі өмірі жоқшылықта өтті.

Сол жердегі Қалижан, Тәбен, Болат, Айбол, Аманбол, Мұрат Жадай сынды тағы да басқа інілері барынша қарасып тұрды.

Алдымен арақ пен темекіге ақшасы жетпей жүрді. Соңынан тамақтан да таршылық көре бастады. Күнара записка алатын болдық.

Екі жүз грамм вермишель беріп жіберші деген...

темекілік қаражатпен қарасшы деген...

жарты литр жартылық беріп жіберші деген...

Бір күні үйге Ардақ келді. Свет ағадан записка алып. Тізімде арақ жоқ екен. Бұл қалай деп ойланып, Ардақтан жөнін сұрадым.

– Таусылып қалмасын деп су қосып ішіп отыр... – деді.



ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ "ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 38888

Жаным шығып кете жаздасын. Тазасынан екі жартылық беріп жібердім...

Менің көргенім сол Ардақ еді...

Ардақ Бекжан еніміз еді...

Ішкені анық. Біздің шығуымызды күтіп сыртта алты сағат тосқан.

Ішке неге кірмеді екен деймін. Өткен жолғыдай жақсы ағаларына неге сәлем бермеді екен деймін... Айта берсем сауал көп...

Ақын дүниеден озғанда бір найман іздеп келмеді дейді. Дос санаған жақындары да қара көрсетпеді. Ілияс топырағында туып, Сәкен топырағында дүние салды.

Ақадырлықтар ақындарына барынша құрмет көрсетті. Қара жерге де өздері тапсырды, қырқын, жылын да өздері берді. Ақыреттік үйлерін де өздері көтерді.

Бүгінде дұғаларынан тастамай отыр деп естимін...

Жақында Айбол еніміз хабарласты. Ақадырға барып, Свет ағаның басына құран оқып қайтсақ деп. Нақ сол жолы денсаушылық болған жоқ. Бара алмадым.

Кейін естісем, Айбол бастаған бауырларым, тай сойып кәдімгідей Қатым Құран түсіріпті. Кетеуі кете бастаған мазарын ретке келтіріпті.

Сауап ойлаған бауырларға қалай разылығыңды білдірмейсің?!

Мың жаса, Айбол бауыр!

Сол топтың ішінде Нәзір Қосубаев еніміз болды ма екен деп ойланам. Өйткені ол да Свет ағаның оқырманы еді. Ол да қарасып тұрды.

Кейінде оның назары Ардаққа да түскен.

Ірі теміржол дистанциясын басқаратын еніміз Ардақты өзіне жұмысқа алып еді.





Кейін шығып қалды деп естігем.

Одан қайта жұмысқа тұрды деп естідім...

Енді...

Мына жүрісіне қарағанда тағы да шығып қалған болды ғой...

Шамасы Сенатта отырған Рысқали Әбдікеров ағасы да естімеген болар. Шет ауданының әкімі болып жүргенде Ардақтың жыр жинағын шығартып беріп еді.

Өмір Кәріп ағамыз бастап Свет аға құрметіне бір көше алып беріп еді.

Сол көшеде құдайдың құтты күнінде Ардақ ақын өлең оқып тұрады дейді.

Айналайын, Бір Жаратушы саған Светағаның өлеңін берсе берсін, бірақ жолын бермесін!

Сенің өлеңді көшеде емес, сахнда оқығаныңды көруге нәсіп етсін!

Ақадырға ақын жанды әкім барды. Азамат Әбілдин деген. Ол да сауап ойлаған жандардың қатарынан еді.

Сені соған сеніп тапсырып отырған жайымыз бар...

Сені қашанда Светаға рухы қолдап жүрсін!..

***

Ақадырдың көшесінде ақын кетіп барады.
Бір қарасам Свет Оразайға ұқсайды...
Бір қарасам Ардақ Бекжанға ұқсайды...

***03.01.2023.***

PS:

Өмір ағаның өткен жолы айтқан «Белес» деген кітабы қолымызға тиді. Неге екендігін қайдам Свет ағаның сілемдерін іздейтін сияқтымын...

## АҚЫН КЕТІП БАРАДЫ...

### Реквием

**Мен - ақынмын!**
**Мені өлеңнен айырды!**
**Мен есесін**
**Өрт жырыммен қайырдым!**

***Назым Хикмет.***

Бүгін Кереку көз ілген жоқ...
Ақын кетіп барады...
Қайырылмай...
Қарт Кереку қара жамылған...
Керекудің күні бүгін күркірер болар...
Арман ақынның өзіне ұқсап...

Арман күркіреп жыр оқығанда Керекудің көшесі жабылып қалушы еді!

Өйткені оның оқитын жырлары азаттық жырлары еді...

Оның да жырларынан Моабит иісі шығады...

Көктің иісі деп білсек керек еді.

Сол азаттық жырларынан жұпар иісі шығады...

Ол елдің бәрін шағып тастауға шақырған жоқ.

Ол жалынды жырларымен жұртының ертеңін бекемдеуге шақырды!

Кешегі күн болса ол Смольныйда телефонның құлағын бұрап отыратын-ақ сермер еді.

Ол сонысынан соңғы тынысына дейін айныған жоқ. Бәлшебек болып өтіп барады...

Бүгін мен де қасиетті Керекудің топырағын басуым керек еді.

Бір уыс топырағымды бұйыртуым керек еді.





Жол тартпады.

Тағы да үйде қамалып отырмын.

Шама жетсе күркіреп жыр оқуым керек еді...

Ал мен күркілдеп жөтеліп отырмын...

Қазір мүтіл Кереку сап түзеп қатарда тұр!

Сол саптың алдыңғы қатарында тұруым керек еді!

Бүгін ақынның соңғы жаназа намазы!

Оны оның оқырмандары оқиды!

Осынау үш күн бойы қолыма қалам ала алмадым!

Арман Қани Жаңа Қазақстанның тұлғасы еді!

Жаңа Қазақстанның мінбері еді!

Соған орай үш күн бойы күттім!

Президентіміздің жедел көңіл айту хатын...

Әлде кешігіп жатыр ма екен...

Солай деп ойлаймын...

Арманмен алдында ұялық арқылы хабарласып тұрғам. Бір тілдескенімізде қазақтың коды қасқыр екен десін!

Содан Арман бауыр ауруханаға түспей тұрып «Тәңірқұт» кітабымды жібергемін.

Ауруханадан шыққан күні Бақыт келінмен хабарласқам.

Тимеген екен.

Кейін тағы хабарласқам.

Ұялық ұстай қоятындай хәлден кеткен екен...

Кәмел Жүніс ағамыз хабарласқан...

Ол кісі де жөтеліп тұр екен...

Өмір Кәріп ағамда да денсаушылық болмай тұр...

Оралбек Жүніс бауырымда да денсаушылық жоқ...

Бүгін Керекуде жоқшылардың басқосуы өтіп жатыр!

Жоқтарын іздейді!

Жоқтарын айтысады!

Сол жоқтың басы - Арман Қани бауырымыз болмақ!

Бүгін Керекуде Арман бауырдың жария садақасы өтеді!

Құдай өзі кешірсін, онда алдымен Ғалым Жайлыбай бауырымыз бастаған, Жұмағали Қоғабай, Қайролла Қажен, Жарқынбек Амантайұлы тіреген ақындар күркіреп жыр оқитын болады!

Біздің де бір ауыз сөзіміз бар еді...

Ол осы садақада айтылатын сөз деп ойлаймын!

Тірісінде көрсете алмаған құрметімізді көрсетейік!

Халық батыры Арман Қаниды «Халық қаһарманы» атағына ұсынайық!

Қалғаны бола жатар...

Қарағандыдан да жаңбыр иісі шығады...

Керекудегі жаңбырдың сүлгіні болар...

***04.09.2022.***

# АН-2

Кеше жақсы көретін інілерімнің бірі хабарласты.

- Ағатай-ау, неге үнсіз жатырсыз?.. - деп.

- Мен араласа қоятындай не жұмыс болып қалды? - деймін қарсы сауалдап.

- Әнуар iнiңiз бен Майра қарындасыңыз елдiң арасын ашуға айналды. Ұлытау облысы аталғаннан берi ФБ-де Арғын мен Найман көрiспейтiндей шабысып жатыр...

Жел сөз болар деп араласуды артық санайын. Өйткені оны басымыздан өткергенбіз. Жезқазғанды Қарағандыға қосқанға қарсы болғандардың бірі мен едім. Болмаған соң жаңа Балқаш облысын құру жөнінде бастама да көтеріп едім. Бұл сөзімнің өтпейтінін білдім, әрине.

Менікі қияңқылық еді. Қазақ Жезқазған мен





Шалақазақ Қарағандыға бір шөңкеден ас ішкізу менің миыма сол тұста симаушы еді.

Мәслихаттардың біріккен сессиясында мен мәслихаттың қазақша сөйлеуін талап етіп, олай болмаса сессия жұмысын тастап кетемін деп облыс әкімі Есенбаевқа қарсы тұрып, Қарағанды облыстық мәслихатының тілін қазақша шығардым.

Сонда сессия жарты сағат бойы жұмысын тоқтатып еді-ау...

Мен Қарағандыға Жезқазғанның дала демократиясын алып келіп едім-ау...

Біріккен сессияда облыстық мәслихаттың хатшысын сайлағанбыз. Сонда қарағандылықтар кандидат қылып Досмағамбетовты ұсынып еді.

Сөз жоқ, Сұлтан Қапарұлы лайықты кандидатура болатын. Ал мен балама кандидат ұсынған едім...

Бұл ұсынысым, әрине, демократиямызды меңзегендік еді...

Қарағандының орыс шовинизіміне сол біздің қазақ ұлтшылдығымыз қарсы тұра алды!

Ал менің ойымда сол сәтте Жезқазған облыстық мәслихатының сессиялары орала берген.

Біздер сессияға тақиямен келуші едік...

Біздер қазақшамызға орыс сөзін қоспаушы едік...

Сессияда есеп берген облыстық ішкі істер басқармасының бастығы генерал Жамановтың есебіне қанағаттанарлық деген бағаны әзер бергеніміз есімде...

Бір сөзбен айтқанда біздер халық депутаты болуға тырыстық.

Ал мұндағылар орыс депутаты болуға тырысады екен.

Содан да біздің жұлдыздарымыз қарсы болды...

Ақыры, Әбдікеровтың хатшылығы кезінде сессия таза қазақ тілінде жүрді!

Осыған қарап қазіргі сессиямыздың тілі қазақша болар деп ойлаймын.

Қош, сонымен Қарағандыға қосылдық.

Арғын баласы бізді сыртқа тепкен жоқ. Бізге қызмет ұсынып-ақ бақты. Біз енді орыс Арғынды қазақылыққа бейімдей бастадық.

Бүгінгі Қарағандының кез келген саласында Жезқазғанның қолтаңбасы тұр деп білем!

Бүгінгі қазақша сөйлеген Арғын баласының әр жағынан Найманымды көремін!

Қазақ мемлекетін кім құрды десе, «Қазақ хандығы» киносының салдары болуы керек, ел Керей мен Жәнібек құрды дейтін болыпты.

Жоқ, мың мәрте жоқ!

Қазақ хандығын құрған - Арғын баласы!

Арғын ағасын тіреп Найман інісі көтерілген!

Біздің АН (АН-2) болатын себебіміз осы!

Керей мен Уақ бізден кейін келген!

Қоңырат пен Қыпшақ соңынан келген!

Біздің Алты Алаш болатын себебіміз осы!

Арғын мен Найман ешқашанда айырылсу көжесін ішпеген!

Ендеше Арғын Найман інісіне енші беріп жатыр.

Бұл бөліністі солай қабылдауымыз керек деп білем.

Қарағанды аталған жерде міндетті түрде Жезқазған аталады.

Бұрын да солай еді.

Қазір де солай.

Ертең де солай болады деп ойлаймын.

Ендеше артық сөзге бармайық!

Біріміздің бетімізді біріміз тырнамайық!

Біздің бетімізді басқалар тырнап біткен...

Сонда олар не көрді дейсіз ғой?..





Найманның бетін тырнағанда әр жағынан Арғын көрінген!

Арғынның бетін тырнағанда Найман көрінген!

Менің бетімді алда-жалда тырнар болса менен де Найман көрінер еді...

Сол айтып отырған Омаров Әнуарларыңыз маған бауыр болады. Қаламдас бауырым, рухтас бауырым...

Майра Әбдірахманова қарындасым да тап сондай бауырым! Қарасам айналамның бәрі Найман бауырлар екен.

Керемет кірпияз ақынымыз Базар Мамыр найман еді. Опат болғанда Нұраның жағасынан бір уыс топырақ алып Нарынға барып қосып, сүйегіне түскен едім. Қашанда қамқорлығына алып жүрген Оралхан Бөкей ағам да найман еді. Қазақтың Екінші Ғабидені - Ғабиден Құлахмет інім опат болғанда сонау Шолпанға барып мейрамсуын ішкізіп едім... Ол да найман болатын...

Қолынан қаламын түсірмей келе жатқан, қаламы қарымды Төлеш Асан інім де кішіаға баласы...

Қарағандыда Кәмелтин Ескендірұлымен бірігіп жұмыс жасадық. Ол кісі - әкім найман еді. Тағы бір әкім найман ағамыз - Кәкімжан Сарханов ағамызбен Шет ауданында ағалы-інілідей араластық...

Қарағандыдағы тағы бір физик найман Әшімтай Жәмпейісовпен күнде болмаса да күнара құлақтасып тұрамыз. Күні кеше ғана «Сарыарқаның кесенелері» кітабының тұсаукесерінде модератор болдым. Нағыз найман іздесе жетіп жатыр еді ғой...

Демек мені найман көргені ғой...

Ұлытау облыс болды дегенде қуанғанымызды айтпаңыз. Ұлытаудағы Ахат інім Құрмансейіт сүйінші сұрап жатты! Жезқазғандағы Сара Смағұлова қарындасым мен Ғазиз Ештанай інім ат атап жатты. Оу, біздер найман емес едік ғой...

Бекзат Алтынбеков əніме де оңай тимеді-ау деп ойлаймын...Жезқазғандықтар оны найман деп, қарағандылықтар оны арғын деп біледі...

Ол інімнің ФБ-дегі жазбасын көріп өзім де кәдімгідей қысылайын.

Бүгін тағы да бес-алты інім хабарласты. Бір ауызыңыз бар еді ғой деп. Әлгінде ғана Арман Әлменбет інім ФБ-ге шығып, Төрехан көкелеп жатыр...

Биыл жазда жер түбі - Бұлантыға барып батыр бабаларымызға ескерткіш қойдық. Бұл қазақ баласы үшін Ұлы Отан соғысы болатын. Бұлантыдан өтсе әр жағында ұлт ұясы Ұлытау тұр еді.

Сол қырғында кім қырылды?

Тағы сол Арғын мен Найман қосындары...

Өйткені жер солардікі еді!

Өйткені ел солардікі еді!

Ендеше бізді не түлен түртіп отыр?

Жеріміз аман.

Еліміз аман.

Сол жер, сол ел өзгерген жоқ.

Ендеше біз неге өзгеруіміз керек?

Жетпей жатқан болар...

Қайбір кемістіктер болар...

Оның бәрі уақытша нәрсе...

Жетпегенін бір Жаратушының өзі жеткізеді!

Жаңа облыстың Ұлытау атауынан бір нышан көремін...

Бүгін облыс орталығы болып жатыр...

Ертең?..

Патшаларымыздың инагурациясының сонда өтетініне сенемін!

Жаңа ұлысымыз құтты болсын!

***19.04.2022.***





# АРҒЫН... КІСІ ЕТІН ЖЕГЕН АРҒЫН

**(Политпортрет. Годы бедствия (Наубет)**

Арқадан шыққанда 100000 болатын...
Шетке жеткенде 10000 болды...
Көкшетеңізге жеткенде 1000 болды...
Жетісуға жеткенде 100 болды...
Олардың ішінде әйел баласы жоқ еді...
Олардың ішінде бала жоқ еді...
Олардың ішінде кәрі-құртаң жоқ еді...
Жұрт шу ете қалды...
Жеп қойған деп...
Әу баста бәрі болған!
Бала да!
Шаға да!
Кәрі де!
Құртаң да!

***27.05.2021.***

# АРҒЫН БОЛЫП АЛАЙЫН...

Қасқыр туралы, қасқыр өмір туралы тура 50 беттік мақала жаздым. «Тәңірқұт» деген. Сонда адам болмай аң болсам кім болар едім деп ойландым. Аң патшасы арыстан да болғым келген жоқ. Жойдасын жолбарыс та болғым келген жоқ.

Қасқыр болғым келді. Оның өзінде көк бөрісі...

Содан не болды дейсіз ғой. Тазарып шықтым.

Қасқыр қазақтың коды!

Ол біздің Елтаңбамызда тұруы керек еді!..

Мүмкін солай болар да... Біз көрмесек те кейінгі балаларымыз көреді деп ойлаймын...

Сонан сол екпінмен ит туралы жазайын. Тағы да 50 беттік жазба. «Ақбақай» деп аталады. Қазақтың Аханына - Ақселеу ағамның рухына бағыштадым.

Жалпы, менің өмірім қызық. Ақындардың әйел баласына, болмаса досына, болмаса бала маһаббатына арнап жазған өлеңдері болушы еді.

Шамасы мен де сол ақындық болмысымнан ажырай қоймағанбын-ау деп ойлаймын. Мен де ақындар сынды арнаймын. Жыр емес алайда. Әңгіме...

«Айбөкен» деген әңгімем Оралхан Бөкей ағама арналған. Ағамыз ол әңгімемді оқып кетті.

«Аңсар» деген һикаятым Болат Дүйсембаев досыма арналған. Марқұм ол да оқыды.

«Итбегі» деген һикаятым Тұяқ Ысқаққа арналған.

Тұяқ марқұм өз өмірін айтып мені жылатып еді. Кейін осы һикаятыммен өзін жылаттым...

Енді, міне, «Ақбақай» жазбамды Ахаңа арнап отырмын. Дұрысырағы Ахаңның рухына арнап отырмын.

Ахаң менің өзі туралы жазатынымды білді. Сондықтан да тісінің арасынан біраз әңгіме айтты.

Содан ит болғым келді. Иттен адал мақұлықат жоқ болар! Аузындағысын иесіне берген бұл неткен болмыс!

Ахаңның болмысы солай еді-ау!..

Сонан тағы да елу беттік таза этнографиялық жазба жазайын. Қой туралы еді...

Менің енді қой болғым келген. Ол пейішін тастап келді ғой. Адам баласы құрмалдыққа барғанда құрбандық болып келді ғой!

Ахаң - Құрмалдық еді!





Қой да қазақ баласының ұлттық коды!

Ол да біздің мемлекеттік рәміздерден өз көрінісін табу керек деп білем!

Сонан...

ҚарЛАГ алып кетті...

Байқайсыздар ма? Мен ылғи да «Қазақ болғым келеді» деп жазамын. Қазақ болу қолымнан келмей-ақ жатыр!

Ахаң да қазақ болам деген!

Тіпті, қазақы дәретіне дейін түзетті!

Қазақ болып дүниеге келгені анық.

Қазақ болып өткені де анық.

Біздер үшін, әрине...

Ал өзі...

Әй, қайдам!

Ондай сөз аузынан шықпай кетті ғой...

Қазақ болғанда мен Арғын боламын!

Тіпті, менің Арий гун болғым келеді!

Арғын бола алмай жүріп мен қайдан Арий гун болмақпын!

Біреулерге ұнар, біреулерге ұнамас, біздер қызылбастардың заманында көшелі жұрт болып отырған елміз!

Арабтардың да, түріктердің де, қызылбастардың да, қыл ақыры қытайдың ішінде де проарғындар толып жүр.

Оны бүгінде көретін көз қалған жоқ!

Оны тек мимен ғана көруге болар!

Ал ми баста ғана болады!

Сол бас бізде жоқ!

Қазіргі арғындарды айтып отырмын...

Біз мойынбыз!..

Мойынның жалғасымыз!..

Әлі күнге дейін қайтып бас бола алмай келеміз!..

Біздің басымызды кім шабақтамады!

Бәрі, бәрі...

Неге?..

Мұның жауабын осы жазбамды түгел оқып шыққан соң аласыз!..

Әріге бармай-ақ беріден-ақ қайталық...

Кәуір патшадан бері Арғынды шабақтау, Арғынның басын шабақтау бір тыйылған емес. Қолдан жасалған нәубеттердің барлығы да Арғын үшін жасалған. Қазақ даласына аштық жіберілгенде ол Сарыарқаны келіп тапты. Жеті өзені жоқ Арқа қазағы қырылмағанда кім қырылмақ?

Одан бұрын колхоздастыру дегені шығып, Арғын баласын аттан түсірді. Есек мінуге арланған арғын баласы солайша Жаяу Мұса болып шыға келді!

Сонан туған жерінен айырып, итжеккенге жер аударды.

Сарыарқаны Арғындардан тазарту бір сонымен тоқтап қалған жоқ!

37-нің зұлматы тағы да Арғыннан басталған.

Оның ішінде Арғынның Қуандық және Қаракесек аталарын жоспарлы түрде қыру әбден ойластырылды. Сүйіндік атасын да іліктірді...

Дәл осы аталардың ортасынан ойып тұрып атақты тозақ оты - ҚарЛАГ-ты салды!

Оған мал қораға қамағандай қылып Арғын баласын топырлатты!

Оқыған бір де бір Арғын баласы қалмады!

Жетпістен асқан Арғынның шалдарын да қырып бітті!

Өйткені олар өздерінің сөзіне мыңды ұйытқан Ақсақалдар еді!

Арғын баласының барша ұста, бәдізші, бітікші, етікші т.б. өнері асқан уланын қынадай қырды...





Сөйтіп Арғын баласы бассыз қалды!

Сөйтіп Арғынның жаңа ұрпағы өсіп шықты!

Бассыз ұрпағы!

Мойын ұрпағы!

Мойынның жалғасы ұрпағы!

ҚарЛАГ - бұл Арғын баласының Бухенвальді!

Серік Ақсұңқарұлын барша қазақ баласы білсе керек.

Қазақтың басты ақыны деп жүр.

Біреулердің шамына тимей-ақ беріден қайтайын...

Серік Ақсұңқарұлы Арғынның басты ақыны!

Сол ақынымыз не істеп жүр?..

Соны сұраған жандар бар ма екен?..

Әй, қайдам!..

Ал жауап берушілер ше?

Кім жауап береді - Бас жоқ қой!..

Бұл қызыл өкімет мені де қудалаған.

Совет өкіметін неге жақсы көрмейсің деп.

Мен оны қалай жақсы көруім керек? Өзгелер көрмесе де қызыл өкіметтің менің Арғын бабаларымның басынан келді мұнара тұрғызғанын клеткаммен - зәузаттық жадыммен көрдім!

Кенесары бабамыздың басын іздегелі екі ғасыр өтіп барады...

Арғын балаларының басын қанша ғасыр іздер екенбіз???

Сол Серік ақынды өзімше Арғын болып іздеп барғам!

Сонан өзімнің әлі Мойын екенімді, Мойынның жалғасы екендігімді көрдім!

Құсқаламды Серік ақынды көрем бе деп барсам шошай күрек ұстаған Серік құрылысшыны көрдім! Екі жыл болыпты. Үй салып жатқанына...

Тоқтар Әубәкір ағамыз депутаттыққа түскенде дауысымызды қимай қалып едік. Сонан ағамыз Қызылордадан өтті!

Басы жоқ елдің дауысы да болмайды екен ғой...

Кейін елге келгенде ит қосқанымызды қалай жасырамыз?

Басы бар жұрттың істейтін ісі емес еді ғой!

Сол ағамыздың бір атаулы тойын қол қысқалығынан өткізе алмай жер болғанымыз бар. Әйтпесе бір миллион қаракесек баласы бір теңгеден жинаса да бір миллион жиналатын еді ғой!

Осының барлығы бастың жоқтығынан!

Басы бар адам күрек ұстаған адамға қалам ұстатпайды!

Ал қалам ұстаған адамға күрек ұстатып қойсақ мұнымыз қалай болады?

Бұл бастың шаруасы емес!

Бұл мойынның шаруасы!

Серік ағама Бас болып барып едім...

Мойын болып оралдым!..

Баспын дейтін Арғын баласы бар ма өзі?..

Сонымен Арғын болу қолымнан келмей тұр!

Енді Қаракесек бола алсам жарар еді...

Ең құрығанда Керней болып қала алсам сүйегім риза болар еді-ау...

Сүйінбай Аронұлы айтқан:

«Керней Қаракесектің кіндігі» деп.

Мұқаң Үйсінмін айқайлап өтіп еді...

Менің де айқайлағым келеді...

Арғынмын деп!..

Қаракесекпін деп!..

Кернеймін деп!..

***15.05.2021.***





# АРУАҚПЕН ОЙНАМАЙДЫ

Сонымен шекараны аттап өттік!

Аруақтардың шекарасын!

Шабуыл басталғалы не заман!

Оңынан...

Солынан...

Тігінен...

Көлденеңінен...

Ашық...

Жабық...

Мұнымызды қанша жерден бүркемелегенімізбен екі күннің бірінде алдымыздан шығып жатты.

Аузынан аруағы түспейтін қазақ баласы сол аруақ аталатын жерде тілін тістейтін хәлге келді...

Мешіт жақтан ширк деген сөз шықты.

Бара-бара күшейді.

Бара-бара мұны Алламызға серік қосу деді.

Енді бәрін қойып аузыңа Аруақты алма деп отыр!

Мұны мүптиіміз айтты деп бір соқтық...

Айтпады деп бір соқтық...

Тіпті, сөзден һәрекетке көше бастадық...

Сол һәрекетіміз өзіміздің Қарқаралымыздан шығып жатыр...

Бауырларымыз айтады...

Бейіт салмайық (соқпайық) деп!

Бір нәрсенің басын ашып алайық.

Біз қазақпыз!

Жоқтықта жүруіміз мүмкін...

Аштықта жүруіміз мүмкін...

Бірақ бейіті жоқ қазақ болмаған!

Бүгінде мешітті Құдай үйі деп айтушылар шықты.

Мешітке Құдайымыз керек болмаса Құдайға мешіттің еш қажеті жоқ болар...

Ал бейіт дегеніміз бұл Аруақтың үйі!

Аруақтың үйі бейіт жөнінде жоғарыдағыдай айта алмаймыз.

Өйткені адам баласының тірідегі үйі - тамы болса, өлідегі үйі - бейіті.

Мешітке қаратып бұлай айтар болсақ онда аруақтарымызды мешітте жерлеген болар едік.

Бейіт - қазақ баласының өлілерге көрсететін құрметінің индикаторы.

Сен әкеңе бейіт соқпадың ба -...

Сен ешкім де емессің!

Сен - нөлсің!

Ең құрығанда сен басын қарайтуың керек!

Шамаң жетпей жатса аманаттауың керек!

Егер баласының шамасы жетпей жатса басқа қарындастары бар!

Егер олардың шамасы жетпей жатса аталастары, ағайындары бар!

Ешкімі жоқ болса онда қайманалардың өздері соғады!

Қазақтық деген осы!

Сондықтан қазақтың кез келген баласы көмусіз қаламын деп еш уайым жеген емес.

Кейінгі екі ғасырда қазақ баласының көрмегені жоқ.

Қашқын да болды...

Босқын да болды...

Күштеп туған топырағынан айырды...

Зорлап итжеккенге айдады...

Содан да балаларымыз жоқшы болып жүр!

Тауып жатса туған топырағына қосып жатыр...

Содан да балаларымыз бейіт соғып жатыр...

Бабаларының басын тапса болды!

Соғады бейітті!





Оған ешкім де кедергі бола алмайды!

Ешқандай да пәтуа...

Ешқандай да бұйрық-қаулы...

Қазақ баласы ондай замандардың талайын бастан өткерген...

Күні кеше ғана емес пе еді...

Колбин деген сойқанның сондай қаулы шығарғаны...

Сөйтсек Колбин соққан қазақ баласынан құрылыс материалы деп кірпішті қызғанған екен ғой. Алайда онысы “Тұрғын үй-91» бағадарламасын орындауға «қол ұшын» берді деп айта алмаған болар едім...

Кірпішке қараған қазақ баласы жоқ...

Бейіттерді енді таспен өріп шығаруды жүзеге асырдық!

Сол тастан өрген бейіттеріміздің кірпіштен салған үйлерімізден соқталылау көрінетіні де жасырын емес еді.

Бейіт бұл қазақ баласының қамал қорғаны!

Бейіт бұл бабаларымыздың кейінгі ұрпағына қалдырған мұрасы!

Бізде болған...

Көр ашу, көр қазу уақиғалары...

Солардың оңғаны болмады!

Олардың түп-тұқияндарымен құрығандары болды...

- Аруақ атты!..- дейтін мұндайда үлкендеріміз.

Қазақ даласындағы үлкенді-кішілі соғыстардың барлығы осы бейіт бұзудан басталған.

Бәріне көнген қазақ баласы тап осыған келгенде көне алмаған!

- Аруақ!.. - деп атқа қонған.

***

Қазақ баласының наным-түсінігі елде жоқ түсінік.

Қазақ баласы Тәңіріні де мойындайды...

Қазақ баласы Құдайды да мойындайды...

Қазақ баласы Алланы да мойындайды...

Мұнан басқа...

Қазақ баласы Жаратушы бар деп біледі...

Ием бар деп біледі...

Жаратқан бар деп біледі!..

Осы түсінігімізге қарап-ақ бізді діннен шығарып жіберуге болады!

Шығарып та жатыр!

Алайда онымыздан кәпір болып кеткен бауырларымызды көріп отырғанымыз жоқ...

Қазақ баласы өз түсінігінде ешқашанда өздерін Құдайға, болмаса Тәңіріге, болмаса Аллаға жақындатуға тырыспаған!

Аралық қашықтықты ұстанған!

Неге?

Өйткені оларды танып-білу мүмкін емес деп білген!

Сондықтан да оларды барынша қасиеттеген!

Мұндай қашықтықты аруақтар бойынша да ұстанған!

Алайда оларға жақындауға барынша ұмтылған!

Өзі емес өзгелер арқылы!

Баласы әкесі арқылы!

Олай болса бала қашанда әке алдында жауапкершілікте болады!

Соның бастысы өлім-жітімге қатысты жоралғылар!

Сол жоралғыларды аяғынан шығарғанда ғана Аруақ аруаққа айналады!

Соның бастылары...





Қашанда, қай жағдайда да адамның өлімге дайын болуы - жорыққа шыққанда, болмаса айлық алыс сапарларға шыққанда әулет қорымынан бір уыс топырақтың болуы...

Қандай жағдайда болсын мәйітті әулет қорымына жеткізу...

Марқұмның соңғы сәтінде ел-жұртымен бақұлдасуына, арыздасуына, өсиет қалдыруына мүмкіншілік жасау...

Қайтқан күнінен үш күн бойы шілдехана күзетінің болуы... (Клиникалық өлім еместігіне көз жеткізу)

Марқұмға мейрам суын ішкізу...(Сүйекке түсу)

Жаназасын шығармай тұрып қонағасын беру...

Бұл енді тірінің дәмі. Марқұм әлі өлген жоқ.

Ескеретін нәрсе қонағасы қашанда үшінші күнінде берілген.

Одан кейін ол жаназасы шығарылып, марқұмға айналады...

Үші беріледі, жетісі беріледі, қырқы беріледі...

Ең соңында жылы беріледі...

Сонда ғана марқұм аруаққа айналады!

Жоқ айналмайды!

Жылы берілгенде баласы міндетті түрде тергеледі!

Тіріні тірі тергейтін болады.

Сұраудың үлкені...

- Әкеңнің басын қарайттың ба? - деп сұралады.

Марқұмның ақыреттік үйі көтерілмесе ешқандай да ас берілмеген!

Бейітің жоқ па - сен ешкім де емессің!

Тірі де емессің!...

Өлі де емессің!..

Міне, сонда қаймана қазақ жетеді!

- Аруақ! - деп күркірейді.

Аруақ шақырылған жерде қазақ баласы жата алмайды...

Арғы күнінде қабірден бейіт өсіп бара жатар еді...

Басқа жағдайда бала Сүлдерге айналады!

Бұл бір пәлендей қарғыс, болмаса теріс бата, болмаса бәддұғас емес...

Бұл халықтың наласы!

Ондай жандарды халық сыбырға бергісіз қылып:

- Тірі аруақ!... - дер еді.

Олай болса сұрауға дайын болайық!

* * *

Қазақ баласы күнделікті өмірінде Құдай есімін аузына ала бермеген. Онысының басты себебі - қазақы құдайшылығы!

Қазіргі айтып жүргеніміздей шүкіршілігіміз!

Бабаларымыз Құдай ауылын мазалауды артық санаған. Қандай жағдайда болсын.

Есесіне бабаларына жүгінген!

Аруақ шақырған!

Аруақ деген қазақ баласының қисабы түгел болған. Сондықтан да қазақ баласының батасында аруақтарымыз алдыңғы орында тұрған.

Бір шикіөкпеге зар болғанда бейіт жағалап кеткен.

Аруақ орнына барып мәдет тілеген...

Және кішкентайлы болған!

Сол шаранасын дүниеге әкелерде қиналыс тапқан.

Мұндай жағдайда Ұмай Аналары мәдетке келген!

Бибәтима Аналары күш берген!

Сондай мәдеттің арқасында өздері де дін аман қалған!

Дені сау сәбиді де өмірге әкелген!

Өмір болған соң бәрі бола береді. Оның ішінде өмірге қауіптілігі бар жағдаяттар өтіп жатады.

Сондай жағдайдың бірі - сәбидің тұрмауы.

Мұндай жағдайда ондай шаранаға қыз баланың есімін берген!





Болмай қойған жағдайда сәбилеріне аруаққа шыққан бабаларының есімін қойған!

Сол сәбилер тұрған!

Өйткені аруаққа шыққан бабалары алқаған!

Сондықтан да төршежірелерімізде бабаларымыз есімінің қайталануы көрініп қалса басқадай себебі жоқ деп білгеніміз жөн.

Ант бергенде де бабаларымыз аруаққа шыққан бабаларының есімін аузына алып тұрып берген!

Серттескенде де аруақты бабаларына жүгінген!

Сондықтан да ант бұзу, болмаса сертте тұрмау қазақ баласы үшін үлкен күнә саналған!

Қазақ баласының бұл наным-сенімен басқа жұрт шеберлікпен пайдалана білген.

41-ші жылы Мәскеу жау құрсауында қалғанда Ставка оны қорғауды орыс баласына тапсырмай қазақ баласына тапсырды!

Неге?

Мұрт көсем кейбіреулер ойлап жүргендей «кездейсоқ» адам емес. Оны атеист деп жазғыруымыздың да артық нәрсе деп білгеніміз жөн. Ең құрығанда оның семинарист екенін жадымызда ұстайық. Демек оның параллель әлемінен хабары бар деген сөз.

Олай болса...

Кобо да білген!

Қазақ баласының осы күнге қалай жеткенін!

Аруақ еді жеткізген!

Аруақ - қазақ баласының қамал қорғаны еді!

Аруақ деп қазақ баласы атқа қонғанда олардың әрқайсы жау көзіне мың болып көрінді!

Оның алдындағы Патша-Құдай да білген!

Білгендерін екеуі екі түрлі қолданған...

Қазақ баласының Аруағын әлсірету

мақсатында Патша құдай Далаға указной молдаларын жіберді.

Олар өздерінің Патшаларын Құдай дәргейіне көтерді!

Оның салдарын әлі тартып келеміз!

Сондықтан Нұрсұлтан жездемізді Құдай деп аспандатқанымыз негізсіз емес еді...

Ал Кобо қазақ Аруағын мүтіл Ресейдің қамал қорғанына айналдыруды ойластырды және онысына жетті!

Питерде Щостаковичтің жетінші симфониясы ойналса Мәскеу аспанында қазақ баласының есімі аруаққа шыққан батырлары атойлады!..

Бөгенбайлап, Қабанбайлап, Байқозылап, Жарылғаптап, Жидебайлап, Сеңкібайлап, Райымбектеп, Наурызбайлап, Малайсарылап шапқан қазақ сарбаздары зеңбіректеріңізден де қаһарлы еді.

Жау жүрегі жарылып өліп жатты!

Мәскеу солай қорғалған!

Ал Берлинді алған әлгі айтып отырған Кобомыздың бауыры Кантария мен қайдағы бір Егоров емес, қазақ Рақымжан Қошқарбаев еді!

Арғын Темештің баласы еді!

Рас болса Мейрамдап шапқан дейді!

Кешегі аруаққа шыққан Сатай батырдың ұрпағы еді!

Олай болса Мәскеуді алып қалған қазақ баласының Аруағы еді!

Олай болса Берлинді алған да қазақ баласының Аруағы!

Енді келіп аруақты ауыздарыңа алма деп жатыр...

Бейіт салма деп жатыр...

Мұнан өткен қорлық сірәда болмас!

Бұл бабаларымызға тіл тигізу деген сөз!





Бұл тыныш жатқан аруақтарды ояту деген сөз!

Ал бұл өте қауіпті!

Аруақтар оянса қазақ баласы жата алмайды!

Тапап өтеді!

Ешқандай заң-зәкөн, ешқандай пәтуа, ешқандай табу кедергі бола алмайды!

Оның мысалын алыстан іздеп керегі жоқ!

Кешегі қаңтар қырғынында елді алып қалған өкімет, болмаса мүптият, болмаса ОДКБ емес!..

Аруақтарымыз алып қалған!

Ішкі аруағын сыртқа алып шыққан батыр ұландарымыз!

Мола...

Бұл бүгінде қазақ баласының қолданысынан шығып бара жатқан сөз. Ешқандай архаизмге келмейді!

Дұрысырағы пассив сөзіміз...

Астана атауын өзгерткенімізде біраз дау-дамай болды.

Қаланың Целиноград атауын Ақмолаға өзгерткенде ешқандай да жария дау-дамай болмады.

Дау-дамай сол Ақмола атауын Астана атауына өзгерткенде шығып, кеңірдек керіскеніміз жасырын емес.

Содан қойшы, «Ақ мол» деген пәтуеге келгендей болдық.

Біздің жармақтығымыз сол тұста осы атауымызбен ерекше көрінді.

Өйткені біздер мола сөзінен қаштық!

Тіпті, мола сөзін орысшаласақ бізді түсінбей қалады деп қызарақтадық...

Ал сол орыстарыңыз заманында ешқандай да

қызарақтамай Ақмола атауын бекітіп-ақ жібермеді ме?!

Сол тұста біреудің есінде қалған, біреуімізде қалмаған осы Ақмола атауына қатысты әпенділеу мысал ел құлағында жүрді.

Жазушы ағамыз Жүсіп Алтайбаевты ЦК шақырып алып, жаңа қызмет ұсынса керек.

Ақтөбеге бар дейді.

Бармаймын дейді.

Ақмолаға бар дейді.

Бармаймын дейді.

Неге деп сұрайды хатшы.

Төбеге бармағанда молаға барамын ба дейді жазушы ағамыз.

Сөйтіп, ағамыз осы екі ауыз сөзімен орнында қалыпты.

Жазушымыз не айтты, хатшымыз не түсінді. Оны пайымдаған жан болмады.

Сол пайымы бізге қалғандай-ау...

Қазақ баласы қашанда бейітті қыратты жерге салған.

Турасын айтсақ төбеге салған.

Аяқ астынан жоғары болсын дегендік...

«Ел төресіз болмас, жер төбесіз болмас» қатардағы мақал-мәтелдеріміз баршылық. Бұл мақалымыздың әу басқы нұсқасы «жер төбесіз болмас, ел төресіз болмас» еді. Кейіндеу жүргізіп жатқан саясатымызға орай төбені екінші орынға сырғыттық.

Олай болса төбеміз жай ғана төбе, болмаса қырат емес екен. Онда да казақтық сакральдық жатыр. Өйткені онда аруағымыз жатыр. Бір атаның, болмаса бір әулеттің, болмаса бір рудың үрім бұтағы болып бейіт соққан.

Ал қазақтың бейіті тұрған жерде өмір бар!

Төбелі жерде су бар, мал бар!





Ең бастысы мұндай төбелер қазақ баласының қамал қорғаны!

Қаруылтөбелері!..

Ал моламыздың жайы бейітімізге қарағанда күрделірек, оның сакральдық сипаты да анығырақ...

Өйткені моламыз бабаларымыз түсінігінде бақсылардың, балгер-құшнаштардың, дуаналарымыздың, көріпкелдеріміздің еншісі.

Таза қазақы тілмен айтсақ жай адам молада жата алмайды!

Моланың санаты бейіттен әлдеқайда жоғары!

Өйткені моладағылар қашанда көкке жақын тұрды.

Біз оларды түсінуге қауқарсыз едік.

Содан барып шаман атадық...

Бақсы атадық...

Олар тірісінде ел ішіне сыймады.

Оқшау өмір сүрді...

Аулақта жалғыздықты таңдады...

Олар ел ішіне барып өздерінің таным-пайымдарын тықпаламады...

Ал келгендерді күтіп алып, қолдарынан келген көмегін аямады.

Тірісінде саяқ өмір сүрген олар бақилыққа озған соң да алдыңғыларға қосылмады.

Оларға арнап бөлек там салды!

Ол тамдарын мола деп әспеттеді!

Моланың қабірстан, болмаса қорым болуы мүмкін емес еді...

Онда жалғыз ғана адам жатты!

Және ол молалар ақ түсті болып жұтынып тұратын.

Бейіттен қол жаймай өтуге бар қазақ моладан аттап өте алмайтын.

Соған орай жолдан бұрылып тәу етер еді.

Қазақ баласының танымында молалар жалғыздықтың нышаны!

Және моланың бәсі қашанда бейіттен жоғары болып келген!

Ондай молаларды өнер туындысы деуге келеді.

Өйткені бақсыларымыз молаларын өздері көтерген!

Бейіттегі жанның кім екендігінің білінуі мүмкін бола бермейді.

Ал моладағы бақсыны барша жұрт білген!

Қазақ баласының түсінігінде бақсы аруақ пен жаратушының (Тәңірі, Құдай) арасындағы аралық санат.

Олай болса...

Өлгеннің жаманы жоқ!

Қазақ баласы ешқандай кітапсыз-ақ өлімге дайындалған!

Сол дайындығының басқы атрибуттары - бейіт (мола)!

Бейіт (мола) - бұл қазақ баласының кейінгі ұрпағына қалдырған мұрасы.

Олай болса соңғы қазақ қалғанша бейіт те жасай береді!

Мола да салынады!..

* * *

Кімге қалай, мен қазіргі дінге қатысты ұстанымызды жақтай алмаймын. Оны қаңтар оқиғасы көрсетті. Дін бізді қорғамайды, анығырағы бізді қорғай алмайды. Керек десеңіз ұстанып отырған дініміз қазақ баласының идеологиясы да бола алмайды. Өйткені қазіргі мұсылманшылығымыз бізді тәуелділікке шақырады, құлдық қамытынан шығармайды.





Бізді құтқаратын нәрсе ата-бабаларымыздың ұстанымы - әдет-ғұрпы!

Әдет-ғұрпымыз мемлекеттік деңгейде идеологиялық темірқазығымызға айналғанда ғана қазақ баласы ұлт ретінде жаһандық көшке ілесе алады. Басқа жағдайда бәрі де бос сөз болып қалады.

Қазақ баласының тәуелсіздігі екі үлкен әлемнен тұрады. Сырт тәуелсіздігі мен іш тәуелсіздігінен...

Бабаларымыз сырт тәуелсіздігін бергенімен ешуақытта іш тәуелсіздігін бермеген!

Сондықтан да қилы тараптан біздің іш тәуелсіздігімізге шабуыл жасалып жатыр. Одан қорғанудың бір-ақ жолы бар. Ол - ата-бабаларымыздың ұстанымына адал болуымыз.

* * *

Сүлдер/і...

Медицинаның айналасындағы жұрт қазір бұл лексемді скелет сөзінің баламасы ретінде қолданып жүр.

Жалпы, бұл лексемнің атау тұлғадағы қолданысы қызық. Соған орай әуелі осы сөзіміздің дұрысы қайсы деп тілтанушыларымыз сүлдер мен сүлдері сөздерін қатар алып шығады.

Ал мәдениеттанушыларымыз бұған әкеп сүлде сөзін қосақтайды.

Бұл лексемдерден біздің қашуымыздың жөні жоқ деп білем. Ерте ме, кеш пе - біздер бұл лексемдермен тоқайласатын едік. Соған өмірдің өзі әкеліп отыр.

Мұнымен айналысатын құрылымдар бізде жеткілікті. Соның түпкі нәтижесі жоқ. Содан барып біз сынды дилетанттар киліпес нәрсеге килігіп жатады.

Қазіргі уақыт ырғалып-жырғалғанды күтпейді. Әсіресе, жарылысты саладағы жағдайлар баршамызды ойландырса керек.

Қаңтар уақиғасында мүптиятымыз бұғып қалды. Керек десеңіз орыс-украйн соғысына деген өз позициясын да білдірген жоқ.

Мешіт салу деген әуезеге айналды. Қалталы дүмшелер ойларына келгенін істеп жатыр. Салған мешіттерін көрсеңіз жылағыңыз келеді. Дәрет орындарын әлі күнге дейін сыртқа шығармай келеді. Мешіттегі имамдар бөлмесіне кіргендер білер болар бұл жайтты.

Бұл қазақы мұсылманшылығымызға келмейді.

Мешіт болған соң оның асханасы мен мәйітханасының болғаны абзал, әрине. Алайда оны ескеріп жатқан әлгі қалталы құрылысшыларымыз жоқ.

Қазір мешіттеріміз ауылдық жерлерге де барды.

Тіпті, қос-қостан бой көтеріп жатқандары бар.

Алайда оған барып жатқан жандар қарасы сұйықтау.

Барса асханасына ғана барады...

Осыдан кейін ойлануға тура келеді...

Мүптият не қарап отыр деген сауал да көлденеңдейді...

Бұл жазбамыз мүптиятты қаралау, болмаса асыл дінімізге көлеңке түсіру емес, керісінше қорғау деп қабылдағанымыз жөн болар еді.

Ақты ақ, қараны қара деп айту уақытында тұрмыз!

Әлжеліні ашып қалсаңыз алақан жайып тұрған мешіт салушыларды көреміз...

Медіресе салып жатырмыз деп жатқан роликтерді





ашсаңыз онда да алақан жайып тұрған ұстазды көресіз...

Осыдан кейін де елге бірнәрсе дейміз бе?!

«НұрОтанымыз» праймериз жасап, «Аманатқа» айналды. Қорыққан жоқ. Кеткен кемістерін ашық мойындады. Өздерін биік мінберлерден сынаған біраз бауырларды қатарына алды. Өздері жетелеп жүріп мәжілісмен жасады.

Қазір солар қайрат жасап жатыр...

Баршамызға сондай бір жаңару керек!

Бізде екі жамағат жоқ.

Мешітке барып жүргендер де солар...

Бейіт салып жатқандар да солар...

Осыдан бір отыз жыл бұрын олар үйіндегісін мешітке тасып еді-ау...

Енді не болып қалды?!

Болғаны сол - бейіттер (мазарлар, кесенелер, сағаналар, т.б.) салып жатыр. Салғанда да аспандатып салып жатыр.

Мешіті қайсы, бейіті қайсы...айыра алмай жатамыз...

Бұл ненің белгісі?!

Бәрі де оралады!

Аруақтар да...

Топырағына оралып жатыр!

Қабанбай баба мазарын аспандатып салып тастадық. Онда батыр бабамыздың сүйегі жоқ ғой деушілер шықты.

Сонда аруақ шақырып жатырмыз ғой деген бір жан табылмады!

Міне, осы топтағы бауырларымызды сүлдерге қоссақ та болады.

Кейінгі толқынның көргені сүлдердің екі легі.

Алғашқысы қазақ баласының тарихында ақтабан

шұбырындыдан кем соққан жоқ. Бұл Арқадағы, қазақ даласындағы ашаршылық жылдары еді.

Сөйтіп жүріп те бабаларымыз әу басқы ұстанымынан таймады.

Белден көтеріп бейіт соқпаса да белден қазып жерледі!

Кейіндеу оған да мұршалары келмеді.

Өйткені жұрт жаппай сүлдеріге айнала бастады.

Қазақ баласы ойлаудан қалды.

Қалғаны рефлексі еді.

Оның өзі төртаяқтылардың рефлексінен аспады.

Қайткенде қарынды тойдырудың қарекетіне көшті.

Өйткені олар сүлдері еді!..

Басқаша емір сүрудің жолы жоқ еді...

Сөйтіп жүріп те Әбіл мен Қабыл бабаларының тәжікесін естерінен шығармады.

Біреулері өліп қалғандай болса беттерін жабуды ұмытпады...

Басқаға шамалары келмеді...

Бұлар сүлдері еді...

Ал сүлдер?..

Бұлар қазақтығы тұрсын адамдық кейпінен ажырай бастады...

Мына әлем оларға қарын және тамақ болып ғана көрінді!

Содан барып олар өзәлпеттестерін қорек қылды...

Бала, әйел, еркек деп қарамады...

Ең соңында олар өздерін...

Өздері...

Қорек қылды...

Бұлар сүлдер еді...

Бейіт салудың қажеті болмай қалды...

Олар хайуанға айналған болатын...

Ал хайуандарға бейіт соғылмаған!..

Енді...





Осының бәрін бүгінгі күнімізге әкелейікші...

Біздер әзір сүлдері санатында тұрмыз!

Бейіт салмаймыз...

Жай бетін ғана жабамыз...

Бұлай жүре берсек сүлдер ауылы да алыс емес-ау...

Сүлдері мен сүлдердің аражігін айырғандай болдық...

Бұлардың қайсы болсын қорқынышты...

Әзірге сүлдері ауылына аяқ басып отырмыз...

Бейіт салудан бас тартып жатырмыз!

Бірақ біріміздің бетімізді біріміз жауып жатырмыз...

Сүлдеріміздің әр жағынан сүлдердің құлағы қылтиып тұр...

Сол күн келгенде көресінді көретін боламыз...

Моласыз қаламыз...

Бейітсіз қаламыз...

Кесенесіз қаламыз...

Сағанасыз қаламыз...

Ешкім де көмекке келмейді...

Аруақ шақыратын өзекті жан болмайды...

Ең соңында...

Көмусіз қаламыз!

Мен де...

Сіз де...

Ол да...

Имамыз да...

Мүптиіміз де...

Сөйтіп...

Қазақ баласы бұл дүнеден көшеді...

Ал...

Бейіттеріміз, кесенелеріміз, молаларымыз, сағаналарымыз қалады!

* * *

Менің араб болғым келмейді.

Бірақ мені арабтандырып жатқандар қарасы барған сайын қоюлана түсуде.

Ал менің араб болғым келмейді!

Ішкі сволышым айтады...

Болғанда қандай... боласың деп!..

Сен осы арабтар арқылы жебірейлендің деп!..

Жебірейі несі дерсіз?..

Қалай десек те біздер жебірейленіп үлгеріппіз!

Жан-жағыңызға қараңызшы...

Жебірей ортасында өмір сүріп жатқаныңызды байқайсыз ба?

Адам, Ыдырыс (Енох), Салық (Салиһ),Ибраһим (Авраам), Ысмайыл (Измаил), Ысқақ (Исаак), Мұса (Моисей), Дәуіт (Давид)...

Ұзын саны -25.

Бұлар Құран Кәрімде кездесетін пайғамбарымыздың есімдері...

Соң пайғамбарымыз Мұхаммедтің есімі бес рет қайталанады екен...

Алғашқы пайғамбарымыздың есімі 25 рет қайталанады екен...

Ал Мұса мен һарун пайғамбарларымыздың есімдері 136 мәрте қайталанады екен...

Және бұл пайғамбарларымыздың толық тізімі емес...

Және бұл пайғамбарларымыздың барлығы да мұсылмандар...

Тәурат (Тора) Мұса пайғамбарымызға түскен...

Забур (Псалтирь) Дәуіт пайғамбарымызға түскен...

Інжіл (Библия) Иса пайғамбарымызға түскен...

Құран (Коран) Мұхаммед пайғамбарымызға түскен...





Мұнан басқа Ибраһим пайғамбармызға парақшалар түскен...

Осы Құранда жүрген пайғамбарларымыз қасиетті кітаптан түсіп, біздің ортамызда жүр. Қазір екі қазақтың бірі Мұса, болмаса Сүлеймен, болмаса Ибраһим...

Жұрттың бәрі жебірейленген дерсіз. Ол да бар,әрине...

Қазір орысы қайсы, жебірейі қайсы - айыра алмайсыз...

Немісі қайсы, жебірейі қайсы - айыру мүмкін болмай қалған...

Неміс те, орыс та жебірей жұртын қырып-ақ бақты. Асты, атты, өртеді...

Бәрібір бұл жұрт мұнан құрып кеткен жоқ...

Барған жұртына сіңіп кетті дерсіз...

Ол да бар, әрине...

Бірақ олар жебірей ғой!

Олардың ішкі рухы еменнің иір бұтағындай!

Қашанда өзін тауып жатады...

Бірін бірі іздеп жатады...

Қай жебірей қайда жүр - бәрінің тізімі қолдарында жүреді!

Бір жебірейдің тырнағы қанап қалсыншы - қалған жебірей шулап қоя береді!

Өліп қалған тілдерін тірілтті!

Өліп қалған әліпбиін тірілтті!

Бүгінде сол жебірейіміз өздеріне қайтып жатыр!

Текесімдерін жаппай жебірей тіліне аударып алып жатыр!

Мұндай жайт басқа жұрттардан да көрініс беруде.

Жақұттар да төлқұжаттарын өзгертіп жатыр...

Өздеріне қайтып жатыр...

Біздер ше?..

Өзбектенген қазағымыз қаншама?..

Орыстанған қазағымыз қаншама?..

Қытай қазақтанып жатқанда қандастарымыз мызғымай тұр...

Қытайланып жатыр!..

Өйткені қытай қытайды ғана жарылқайды!

Қазағымыз ше?

Өзге жұртты жарылқап жатыр!

Украинада орыс жағында соғысып жатқан қазағымыз қаншама?

Сирияда орыс жағында соғысып жатқан қазақтарымыз қаншама?

Ауғанстанда пүштін жағында соғысып жатқандар да қазағымыз...

Дін жолында соғысып жатқан қандастарымыздың қисабы жоқ!

Солардың бәрін қайтаруымыз керек!

Өз дініне!

Өз тіліне!

Өз діліне!

Қазақ та кем емес жебірейден!

Қазақ та мықты!

Дініне!

Тіліне!

Діліне!

Жебірей ақылды халық.

Қазақты да ешкім ақыл жағынан кемсіте алмайды!

Жебірейдің ақылы қашанда айлаға бастайды!

Олар қалай жеуді біледі!

Өзгенің есебінен!

Біздікілер ше?

Жебірейдің өзінен асып кеттік!

Жегенде өзімізді жеп жатырмыз!

Жемқор қазақтан жемқор Қазақстанға айналдық!

Жебірей болған жақсы, әрине!





Қазақ болған одан гөрі жақсырақ!

Олай болса:

- Әлей болсын!

Қазақ пен жебірейді жақындастырып тұрған не екенін білесіз бе?

Тура осы сөз!

Әлей сөзі!

Қайран Ахаң!..

Қайран Ақселеу аға!..

Барша мұсылман жұрты қабылдаған сәлемдесу жосығы...

...Ассалаумағалейкумнен бас тартып еді!

Оның орнына ...

...Армысызды алып келіп еді!

Неге?

Арабтың ассалаумағалейкумының әр жағынан жебірейдің шаломалейкумының құлағы қылтыиып тұрған жоқ па?

Біздің сәлем деп жүрген сөзіміз біздің төл сөзіміз емес!

Арабтікі!

Салам!..

Жебірейдікі!

Шалом!..

Шаломалейкум!..

Әлейкум!..

Әлей!..

Басқасы да бола жатар...

Тап қазір осы әлейден құтылуымыз керек!

Бізге жебірейдің нұры жаумай-ақ қойсын!

Өздерін жарылқап алсын!

Сонда қазақ баласы қалайша есендеспек?

Арма!

Арма, қазақ!

Арма, Қазақстан!

* * *

Өлі риза болмай, тірі байымайды!

Мұны Мұқаң жазып кеткен.

Керемет сөз!

Қазақ баласының барша болмыс-бітімі осы төрт сөзде тұр!

Бүгін де бұл сөзден бас тартып отырғанымыз жоқ!

Әрі-беріден соң күнде айтылмаса да міндетті түрде жұма күні айтылады!

Соған орай айтылу түрлемесі де көбейіп тұр...

Өлі жебемей, тірі байымайды...

Өлі ескерілмей, тірі байымайды...

Өлі алқамай, тірі байымайды...

Мұнан байқайтынымыз бұл керемет сөзімізді қолайымызға қарай құбылтып қолданады екенбіз...

Мұнымыздан ұлттық болмысымызға зарар келмесе болар еді...

Өкінішке қарай...олай дей алмай отырған жайымыз бар!

Мола дегеніміз бейіт дегеніміз...

Бейіт дегеніміз үй дегеніміз.

Арабтарда да бар, олар бәйіт дейді. Аудармасы - үй деген сөз.

Олай болса әсірединшілдеріміздің бұл сөзге жармасуы да тегін емес.

Олай болса олар да өз қолайларына қарай қолдана алады.

Қолданғанда қалай қолданады?

Өлі ескеру үшін, өлі жебеу үшін, өлі алқау үшін не істеу керек?

Не істегені несі?...

Құран оқу керек!

Дұға бағыштау керек!





Расында да мұнан артық қандай құрмет керек?!

Содан да қазақ даласында Құран үзілмей тұр!

Содан да қазақ баласы Құран оқып жатыр...

Тілі келсін... келмесін...

Тәжуиті келсін... келмесін...

Жаттап алған екі-үш сүресі болады...

Соларын судыратады да жатады...

Содан да қазақ баласы мешіттен шықпай отыр...

Анығырағы мешіттің асханасынан...

Өйткені онда аруақтарға бағыштап садақалар беріліп жатады...

Садақа дегеніміз бұл аруақтарға бағышталып берілген үлкенді-кішілі астарымыз...

Қонағасында да мешіттің асханасында жиналамыз, жетісінде де, қырқында да, жылында да...

Одан кейін бес жыл болды деп, он жыл болды деп, жиырма жыл болды деп ағайын-жамағайын басын тағы қосамыз...

Солайынша мешіттің асханасынан шықпаймыз...

Бізбен бірге молдамыз да отырады...

Имамыздан бастап...

Және жай отырмайды...

Елдің сөзін тиып, өздерінің уағызын айтады...

Баяғы сол қазақ баласына қатысы жоқ араби уағыздар...

Және ол уағыздарына ауызақы дәметеді...

Және онысын алады...

Осының барлығын зерделесек - үлкен ысырап!

Алайда олар үшін бұл ысырап емес, садақа!

Ал бейіт салу бұл барып тұрған ысырап!

Қайран, Мұқаң...

Біздің осыншама ысырапшыл екенімізді білгенде бұлай деп жазбас еді-ау деп ойлайсың...

Мұқаңнан бұрын да айтушылар болған...
Қазақтың Аханы да жазып кеткен...
Өлі жарымай, тірі байымайды деп!
Міне, керемет сөзіміз!
Дұрысы осы!
Ал Мұқаң саясиландырған!
Сонымен өлі қалай жариды?
Бұл сауалдардың сауалы!
Өлінің басы қарайғанда!
Өліге қақырайтып тұрып бейіт соққанда!
Басына құлпытас орнатқанда!
Тірі қалай байиды?
Бұл да сауалдардың сауалы!
Өлінің басын қарайтқанда!
Қақырайтып тұрып ақыреттік үйін (бейіт) соққанда!
Олай болса...
Қазақ болып қалайық!
Бабаларымыздың аманатына адал болайық!

* * *

Өлі-тіріміз...
Дәстүрімізге ендей бастады...
Оның ішінде құдалық жоралғымызда...
Өлі-тіріміз қазір құдалық кәдесіне берік енген!
Бұрындары қой әкелгенін білеміз.
Қазір хатқапқа салып қаражатын беріп жүр.
Бәрі жақсы-ау...
Бірақ оның ар жағында емеурін жатыр... »
Өлі жарысын деген!
Тойға барып Құран оқып отырғанымыз қалай болар екен?!





* * *

Біз де қазір көпей шалдар қатарынан кеткенбіз!
Біз де қазір бата қайырамыз!
Менің берер батамның дәнегін кейінгі екі жолға сыйдыруға тырысамын!
Ол жолымыз...

* * *

Өлі жарысын!
Тірі байысын!

***24.06.2023.***

# АРУАҚ ШАҚЫРДЫҚ...

Қашан, қашан, кейінде аруақ жөнінде жиі айтып, жиі жазатын болдық. Айтуы айтқанымызбен, жазуы жазғанымызбен аруақ шақыруға дәтіміздің жете қоймағанын мойындауымыз керек.

Осыған дейін үш жүзге бөлініп келген қазақ баласы бүгінде сиырдың бүйрегіндей іріп кеткен.

Дінімізге қарай сәлепит болып, уақабит болып, құранит болып, ахменит болып...

Партиямызға қарай «аманат» болып, «ақжол» болып, «ауыл» болып...

Тілімізге қарай орыс болып, қазақ болып, өзбек болып, қарақалпақ болып, моңғол болып, қытай болып, ботқа болып...

Сөйткен қазақ баласының басын ештеңе де біріктіре алмай келеді. Дүние-мүкамал де, жасыл доллар да...

Дін де, тіл де, діл де...

Кейінгі он жылдықта Арқа жкртының жоғалтып алған бір баласы бар - Аманкелді Дінұлы.

Есімі алысқа кеткен ағамыз.

Бізде жазықсыздан жазықтыға ұшырау кебі бар. Ханының сөзін сөйлеген қарашасы жазықты, байдың асын ішкен кедей жазықты, аламанға қосылған тай жазықты...

Бұл кепке ағамыз да ұшырады...

Ағамыз баршылықта өмір сүрді. Жұрттың да қолын соған жеткізем деп тырбанды, үлкен әрекеттерге барды.

Жоқ-жітіктерге сүйеусін болды!

Алайда ол кісі де жазықты болып қалды.

Өйткені ол кісінің баласы жазықсыздан жазықты болып қалды!

Сол жазықсыз бауырымызға биліктің пәрменімен он екі жылды арқалатып жібердік.

Ол - Аманкелді ағамыздың баласы Талғат Аманкелдіұлы!

Ел осы інімізді түсінбейді.

Елбасыдан «ел» сияқты кешірім сұрай салса түк те жоқ еді.

Он екі жыл тұрсын он екі күн де отырмас еді!

Алайда отыр!

Сегіз жыл болды!

Қамақта...

Ішпей-жемей...

Аманкелді ағамыз да отыр.

Үйқамақта...

Ішпей-жемей...

Осы жерде менің есіме осыдан тоғыз жыл бұрынғы бір жайт еріксіз оралады.

Тәуір ағаларымыздың бірі Ұзақбай Қараманов көкеміз тамам елдің көзінше:

- Талғат баламыз Елбасымыздың бірінші досы, - деп жар салған еді.





Бұл Аманкелді ағамыздың жетпіс жылдық мерейтойында айтылған сөз.

Бұл Талғаттың експоның президенті болған кезі.

Талғатымыз президент болып шыға келгенде көпшілігіміздің іштен тынғанымыз жасырын емес. Өзгені білмеймін, өзім қуана қоймағам. Аман болса болғаны деп аузымызға ие болғанбыз...

Енді келіп...

Не болып қалды екен дейсіз?

Түк те болған жоқ!

Талғат жемеді!

Өзгеге де жегізбеді!

Бірақ қоғам жемқор еді ғой!

Елбасымыздың жинап берген командасы сатты да жіберді.

Талғат арқылы олар Елбасының өзін де сатқан еді...

Бірақ Талғат сатпады!

Өзін сатқан Елбасыны да сатпады!

Оны Елбасымызды жемқор деп айтуға азаматтығы жібермеді!

Бұлай айтуға ешкімнің дәті бармас еді!

Онда біздер болашағы жоқ қоғам болып шыға келер едік!

Өйткені жемқорда ағайын-туыс, дос-жора... дегендер болмайды. Керісінше Машкевич, Ким, Шодиев... деген өзге ұлт өкілдері біздің жарылқаушымыз болып шыға келді...

Есесіне...

Жемір қоғам, жегі қоғам Талғат Аманкелдіұлын жемқор қылып жариялады!

Ал Талғат мойындамады...

Бір тиынын да...

Аманкелді жай адам емес. Қазақ қоғамы мойындаған саясаткер адам. «Отан» тізгінін жайдан-жай ұстамаса керек...

Ол кездегі «Отан» дұрыс еді ғой...

«Отанның» іруі «НұрОтаннан» басталады...

Аманкелді ағамыздың өз алдына партия құру мүмкіншілігі бар еді...

Алайда құрмады!

Өйткені оның алдында Талғат баласы тұр еді!

Ол жолын баласына беруді ұйғарған!

Ендігі оның саясаты - құрылысы еді!

Бұл ағамыз үлкен саясаттан кетті деген сөз емес еді!

Ағамыздың сегіз жыл бойы тым-тырыс жатуы соны көрсетеді!

Ал оның бүгінгі Аруақ шақырып, аруаққа шыққан бабаларымызға берген асы соны көрсетеді!

Бар нәрсе жоғалмайды. Тартылған көлдер оралады, шөлдер желекке оранады, шөккен төбелер тауға айналады...

Сонымен аруақ шақырылды!

Бірауызды болайық деді жиналған жұрт!

Қазақ қоғамының көсегесін көгертейік деді!

Бұл құдайыда қазақ баласының көзі түгел болды!

Бұл құдайыға қазақ қоғамының жақсысы мен жайсаңы жиналды!

Құдайыда солар бірауызды болды!

Алдағы уақытта да бірге боламыз деп ойлаймын!

- Аруақ!..

***28.10.2023.***





# АСПАННАН МЕДАЛЬ ЖАУМАЙДЫ

Бүгінде барша қазақ баласы көзін жерден көтере алмай тұр.

Жерден көзін алмайтындай ештеңесін жоғалтқан жоқ.

Түртіп қалсаң жылап қоя берейін деп тұр...

Өйткені...

Олардың артқан үміті ақталмай жатыр...

Бүгінгі рингтегі жағдайды көріп таң-тамаша қалдық. Қарсы келгенді тас-талқан қылып ұтатын күрзі жұдырықты бөрікөздеріміз қайда?

Осы біздер спорт түрін жаңылыстырып алған жоқпыз ба?

Рингке боксшыларымыздың орнына палуандарымыз шығып кеткен жоқ па? Әлде...

Үміт артқан Баландинімізге не болды?

Бұлардың барлығы да Токиоға алтын үшін бара жатырмыз деген сияқты еді. Әлде маған да құлақ кемістігі келіп қалды ма?

Соған қарамастан ел қуанып жатыр. Көлік сыйлап жатыр. Әйтеуір бір қуаныш...

Әлде мен...

Біреуіміз алтын алып әлгі құлақ «кемістігімнен» алтынды естімей қалдым ба десем...

- Алтынға бергісіз қола! - деп шулап жатыр.

Қашаннан бері қоламыз алтынның дәргейіне барып қалып еді?..

Бар пәлені төрешілерге жауып бапкерлеріміз елді алдаусыратуға көшті. Жорналшы бауырларымыз да оларға кектене қалып жатыр...

Лондон олимпиадасын ұмыта қоймаған болармыз!

Жалпыкомандалық есепте 12-ші орында тұдық!

Алтын бойынша жапондардың өзімен иық теңестіріп тұрдық!

7 алтын алдық!

Ал қазір 47-ші орында тұрмыз...

Осы жерде екі үлкен сауал туындайды.

Біріншісі кім кінәлі деген сауал...

2012 жылғыны анық айта алам!

Ол - Талғат Аманкелдіұлы Ермегия!

Екіншісі не істеу керек деген сауал!

Осындайда сауал бола ма?

Талғат Аманкелдіұлын түрмеден шығару керек...

***28.07.2012.***

# АТШАБАР БАСТАЛДЫ

Кейінде бір жаман әдет шықты. Не нәрсе болсын бәрін бәсекеге айналдырып жіберетін болдық. Біреу тойына мың адам шақырса, ертеңінде бір мың бір адам шақырып жатамыз.

Осында бір той болды. Кісісі көп екен. Сонан той иесі Атасуға шақырған. Ол жақтағы тойханаға бәрі сияды деп. Кейін естідік, әлгі азамат елді тойға шақырып әуре болмапты. Көшеге дауыстағышы бар көлік шығарып, елді бәленбай күні той өтеді деп бір-ақ шақырған ғой.

Сол кепті киген жайымыз бар. Жақында бір ағамыз келді алдымызға. Зекен Әліш деген азамат. Жоғары білімді, салауатты, көшелі жан. Тірлігін ұсақ деп айта алмайсыз. Құжаттарын шығара бастады. Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, мемлекет қайраткері Орынбек Бековке көше атауын сұраған екен. Өтінішін орынсыз дей алмайсыз. Алайда билік басындағылар





өзін шаруалы қылып қоя берген. Өмірбаянын жазып әкел деп. Суретін тауып әкел деп. Қайтыс болғанына бес жыл өтті деген анықтама әкел деп. Ең соңында осының барлығын мақала қылып жаз деген...

Күлеміз бе?! Жылаймыз ба?!

Мынау Егіндібұлақ жақта Өсібай деген атаулы мектеп бар. Әлде отыз, әлде қырық оқушы қалған. Әйтеуір, оқушысынан мұғалімі көп. Соған Жайлан Смағұлдың есімін сұраған екен. Сұраулары орынсыз емес. Жайлан аға жөнінде кезінде жазғанбыз да. Заңға томпақ келіп тұрған ештеңесі жоқ. Алайда осы мектептің ертеңгі күні қалай болар екен деп ойлаған жан бар ма екен. Ел ол ауылдан кетіп жатыр. Оның үстіне өзінің жап-жақсы Өсібай деген тарихи атауы бар ғой.

Мынау Жаңаарқа жақта Ақтау мектебіне Еңбек Ерінің есімін беруді сұраған екен. Көп ұзамай тағы бір сұрау түседі. Бұрынғы мектеп директорының есімін беру туралы. Екеуі де белгілі адамдар, тұлғалар. Оларды бір атқа мінгестіргеніміз қалай болар екен?! Уау, әрі-беріден кейін Ақтауымыз кімге жазықты болып қалды екен. Ол тарихи атау емес пе еді?!

Ақадыр бұрын аудан болып тұрғанда жергілікті Төменгі Қайрақты мектебіне Сұхибек Әбдірахимовтың есімін беру жөнінде алаөкпе болып едік.

Сұхаң ұзақ жылдар Шет, Ақадыр мектептерінде директор болып өткен адам. Атақты алашордашы Ахмет мұғалімнің баласы. Жергілікті өлке тарихын зерделеуге зор үлес қосқан тұлға.

Жақында сол мектепке Хасен Сәрінжіповтың есімін беру жөнінде тағы бір өтініш түскен екен. Бұл қалай дейік?!

Хасен әкеміз де белгілі тұлға. Еңбек Қызыл Тулы орденді ұстаз. Сол Қайрақты мектебінде істеген. Сұханның қол астында. Олар тірі тұрса өмірі мінгеспес еді. Біреуі жол берер еді.

Мінгестіріп жүрген өзіміз. Уау, осы біздің көлденең бермейтініміз қалай? Аттың да, арбаның да амандығын неге ойламаймыз?!

Қазір жер-жердің бәрінде осындай кеп бар. Рулық бөліністі қойғанда ағайындықтан шығысып жатыр. Елдің барлығы жақ, топ болып бөлініп алған.

Көшесі лайық па, мектебі жабылып қалмай ма, клубы құлап қалмай ма - онда жұмыс жоқ.

Көшеден шығады. Қарағандыда Ленин атында көше бар. Соның атауын аға буынның қорғаштауымен өзгерте алмап едік. Соны қазір бөлшектеп жатырмыз. Бір-екі орамы Ғ. Мұстафин атында, тағы сондай орамы Төлепов атында. Тағы сондай бір атау берсек Ленин жарықтыққа түк те қалмайды. Мұнымыз жөн-ақ болсын. Керісінше бір тұлғаның есімімен екі-үш көшенің аталуы үйреншікті нәрсе.

Бұдан шығатын қорытынды біреу. Көшелерді реттеу керек болады.

Ертеректе көшелерді кісі атымен атау болмапты. Цифрлармен белгілесе керек. Ондай дәстүр қазір де бар. Бәленбайыншы шағынаудан, орам деген сынды.

Көше атауына кісі есімін берген соң дұрыс атайық. Қазақ баласына ортақ тұлғаларды ұмытпайық.

Қарағандының басты көшелерінің бірі - Бұқар жырау даңғылы. Бұқар бабамыз жалғыз болған жоқ қой. Сол заманның басқа да тау тұлғалары





неге ұмытылады? Абылай ханға, Үйсін Төлеге, Алшын Әйтекеге, Қаздауысты Қазыбекке неге сондай көше бұйыртпаймыз?! Қанжығалы қарт Бөгенбайға, Қаракерей Қабанбайға, Бәсентин Малайсарыға, Уақ Баянға көше қалмай тұр ма?!

Әлде оларға руларына қарап аймақтарынан көше береміз бе? Малайсарыға Керекуден, Бөгенбайға Ерейменнен...

Сонан барып өз арыстарымызға неге көшпейміз?! Қарашор Сеңкібайға, Көкбөрі Жарылғапқа, Тобықты Қарамендеге, Тарақты Байғозыға, Сүйіндік Олжабайға, Әлтеке Жидебайға, Сайдалы Ниязға, Кәрсен Таңыбайға, Қоныштағай Сазанбайға...

Қаныш Сәтбаев атында қала да бар, көше де бар, ескерткіш те бар. Дәл сондай қазақ баласына еңбегі сіңген Кәрім Мыңбаевқа түк те жоқ. Мәнымыз қалай?! Қазақ алашордашыларына неге ілтипат білдірмейміз? Қарқаралы петициясына қатысқан тұлғаларымыз неге қағаз бетінде қалуы тиіс?!

Қарағандының ашылуы Апақ Байжанов есімімен байланысты. Ол кісіге неге көше берілмеген? Қарағандының нөмірі бірінші шахтері әрі-беріден кейін сол кісі емес пе?

Жалпы, қазір Қарағанды шахтерлер қаласы емес. Жастар қаласы. Қарағандының логотипі шахта емес, суыр болуы керек. Ендеше шахтаға қатысты Вестюбильная, Молотобойная, Банная сынды баянсыз көшелерді қаладан аластау керек болады.

Елдімекен атауына жарияланған мораторий алынғаннан бері жұрт алашапқын. Жоғарыдай себеппен тесікөкпе болуға айналған. Басты себебі

жұртта ақпарат жоқ. Алдымен өзінде, сонсоң ауданға, соңынан облысқа шабылады. Олардың ешқайсы да өз бетімен көше бере алмайды. Әркім сұрау сала алады. Оны ешкімнің қайтаруға қақысы жоқ. Сол сұрау салулардың бәрі түптің түбінде облыстық мәслихатқа келіп түседі. Онда жұмысшы комиссиясы бар. Соның елегінен өтеді. Тұрақты комиссияда қаралады. Сонсоң ғана барып сессияның назарына ұсынылады. Сессияда бекіген соң ғана республикалық ономастикалық комиссияға жіберіледі.

Ендеше екпінімізді басайық. Сабырға келейік.

Жармассақ қазақы ділiндегі атауларға жармасайық. Сарыарқаның қазақ баласының кіндігі екендігін ұмытпайық. Олай болса Қарағандыға Алатау, Қаратау, Алтай, Атырау, Сарыарқа сынды көше атаулары жарасады. Қаланы сұлуландыра түседі. Мазмұнын арттыра түседі.

Көшенің жыры мұнымен бітпейді. Сол көшеде толып жатқан инфрақұрылымдар бар. Солардың да атауына ықтиятты болайық. «Қарқаралы» деген монша атауына қалай қарайсыз?! «Қаракесек» деген дүңгіршік атауы ше?

Осында бір «Арарат» деген мейрамхана бар. Соның бауыры «Тигран» да осы Қарағандыда. Ол аздайын «Айастаны» тағы бар. Бұл не? Біз қай елде, қай қалада тұрып жатырмыз?!

Жә, болар. Ең бастысы қазақ атауымен аталған көшеде келе жатып баламыз мына кісі кім еді деп жүрмесін?!

Өзімізден ұялмасақ та, баламыздың алдындағы ұятымыздан ұялайық.

***21.01.2021.***





# АХАҢ...
# СӨЗДІҢ БАСЫ ДА - АХАҢ, СОҢЫ ДА - АХАҢ

Қазақ тілі кері кетіп барады, енді бірер жылдан кейін ұмытылады, қазақ тілінде сөйлейтін жан қалмайтын болады, әлі қазақ тілін арнайы сөздікпен оқитын боламыз сынды байбаламдар бүгінгі күнде жеткілікті.

Бұл байбаламға қосылатын жеріміз де, қосылмайтын жеріміз де бар.

Тіл қалай дегенде қоғамдық, әлеуметтік санат. Қоғам қашанда даму үстінде болады. Ендеше тіл де қандай кедергіге ұшырамасын дамитын болады. Белгілі бір жерде белгілі бір топ жергілікті тілмен бірге бірнеше тілде сөйлейтін болады. Бұл топ әлеуетті болғандықтан қашанда салыстырып отырады. Оның ішінде, әрине, тіл де бар. Ендеше бұл топ ырықсыз түрде жергілікті тілді алға апарушы болып табылады.

Екінші топты аралық топ деп атауға болады. Бұл топ алдыңғысына да қосылып кетпейді, негізгі топтан да қара үзбейді.

Үшінші топ қашандағыдай өз қалпын сақтайды.

Біздің тілдік алтын қорымыз, алтын қайнарымыз осы үшінші топ.

Бұл топ қазақ баласына Мәшекеңді, Ахаңды, Әлиағаңды - алыптар тобын берді. Қазақ тілі өлмей келе жатса осындай алыптардың еңбегі.

Бұл қазақ баласын өлтірмей келе жатқан өзегі. Ағзаның сырт бейнесінің өзгеруі маңызды емес, іш өзегінің аман болуы маңызды.

Біз өзімізді қашанда осы іш өзегіміз арқылы іздейміз.

Мұндай ізденіс қашанда ұлттануға бастайды.

Қазіргі барша қазақ баласының оқып жатқан басты пәні - қазақтану пәні. Бұл пәнмен тек ғана қазақ баласы емес, басқа ұлт өкілдері де шұғылдануда. Үлкен саясатта ұлттану бұл өте маңызды. Сондықтан да оған барынша мән беріледі, орасан қаржы құяды.

Қазіргі таңда қазақ баласының саны артты деп санымызды шапаттап жүрміз. Қуанарлық-ақ жайт. Тереңірек үңілсек көп жайттың басы ашылар еді. Ненің есебінен көбейіп жатырмыз деген заңды сауал туады. Сауалымыз орынды деп есептеймін. Кімнің емес, ненің есебінен?

Кейінгі кезде ресми емес демографиялық зерттеулер жүріп жатыр. Бұған біреуіміз қарсы болып жатсақ, екіншіміз жақтап әлекпіз.

Соның бірі белгілі ғалым Баян Рақышев ағамыздың зерттеуі.

Ол зерттеу бойынша арғын атасы біздің еліміздегі ең көп санды тайпа екен. Азды-мазды артық-кемі бола жатар, осы зерттеу әрқайсымызды ойландырса керек-ті. Өйткені негізінен Сарыарқаны жайлайтын Арғын атасының табиғи көбеюінің негізі жоқ болатын.

Бұл өндірісті өлке. Бұл орыстанған өлке. Мәтүшкелеріміз қазір бір баладан аспай отыр. Ат басындай алтын берсең де бармайды. Әрі-беріден кейін өзің тап деп кергиді. Осының себебін кім айырып бере алады?

Қазақтанушы ғана айта алады.

Ақселеу Сейдімбек айтып кеткен.

Неге Үйсін, болмаса Дулат емес?

Қолдан Арғын жасау оңай.

Бар жетімекті жинайды. Түрі қазаққа келе ме? Қарайды, келмесе келтіреді. Сонсоң оқытады. Әуелі оның қазақ екенін болмысына сіңдіреді. Одан оның





Арғын екенін тәжіктейді. Одан кейінгісі белгілі. Қуандық, Сүйіндік... деп жіліктеп әкетеді.

Осындай саясаттың арқасында қазақ баласы көбейіп жатқан жоқ па? Сіздің қауашағыңызға осындай ой келмей ме?

Кейінгі уақытта қазақ даласындағы этникалық қазақтың көбейе бастауы ойландырмай ма? Оның ішінде Сарыарқада...

Бұл қазақтардың іші - жөңге, сырты - арғын екендігі бізге іш жидыруы керек!

Бұл әңгімені әрі қарай тереңдетпей-ақ қоялық. Мәшекең айтпақшы адасып кетерміз.

Тап осы мысалымызбен-ақ қазақтану қазақ баласына керек пе деген сауалды шешкен-ақ сияқтымыз.

Қазақтануда ұсақ-түйек деген мәселе болмауы керек. Сөзбен тану, әуенмен тану түсінікті, мұнан сырт іс-әрекетіміз бар...

Жақсы көрейік, жаман көрейік-бабаларымыздан қалған насыбай атушылық бар. Оны сатуға, таратуға бізде заңды түрде тыйым салынған. Алайда бізде шахта болғандықтан ол заңыңыз жүре қоймайды.

Қарағанды шахталарының маңайынан жүріп көріңізші. Насыбай сатып жүргендерді көрер едіңіз. Оның ішінде Бәткен насыбайының нарқы жоғары болар ма?!. Енді соны ығыстырып жатыр. Қазақ насыбайы. Қылшаны өртеп жасаған насыбайы.

Осы насыбайсыз Ахаңды да көз алдыңа елестету қиын.

Қазір шахтерлердің баршасы болмаса да біразы Ахаңша ататын болып жүр.

Қайран, Ахаң, насыбайды саусағының оясына салып атушы еді ғой!..

Міне, қазақтанушылығымыз осыдан көрінеді.

Біздер қазір қазақтанудың үш толқынын бастан өткеріп жатырмыз. Қазақтанудың басында, әрине, Мәшекең тұр.

Одан кейін Әлиханның ерекше тұрпаттағы, еуропаланған концепциясы тұр.

Одан кейін, әрине, қазақтың Ақселеу Сейдімбегі...

Ол саналы түрде бәрінен бас тартты. Жанына серік етіп қазақтануды ғана алып қалды.

Ахаң прозадан соқасын суырғанда не айтарымызды білмей қалғанбыз.

- Қазақ прозасы ойсырап қалды ғой, бір шыңға көтеріп тастайтын едіңіз ғой, - деп жатырмын...

- Прозаны мен тастап бара жатқаным жоқ. Проза мені тастап бара жатыр. Ит жөнінде жазған ағаларыңның барша шығармаларын қарап шықшы. Бірде біреуінен иттің арланын, қаншығын, болмаса күшігінің қазақша атауын таба алмайсың. Сөйтіп тұрып та ағаларымыз ит жөнінде талай роман, повесті беріп тастады...

Не деп жауап берерімді білмегем.

- Классик екеніңді көрейін, екі бет ит туралы жазып берші...

Қайран, Аха, менің ит туралы елу бет жазбамды оқымай кеттіңіз-ау...

Қазір Ахаңтану туралы айқай көп!

Дұрыс айқай!

Көмек сұрағанда айқайлаушы едік ғой...

Ахаңнан жәрдем сұрайық. Көзі кеткенімен том-том дүниесі қалды.

Қазақ баласының endігі ғасырлық азығы сол жазбалар болмақ.

***07.09.2021.***





# ӘБДІҚҰЛ

**Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі 2022 жылғы 14-15 қыркүйек күндері Ақордада өтеді**

**Әлемдік және Дәстүрлі Діндер Лидерлерінің Сьезі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекет басшысы және қоғамда діннің өсіп отырған рөлін толық шамада сезінетін саясаткер ретінде әлемдік және дәстүрлі діндер форумын Қазақстан Республикасының бас қаласы - Астана қаласында өткізуді ұсынды. Осындай іс-шаралардың ұйымдастырушы ретінде жетекші діндер мен конфессия өкілдері тарапынан ғана бұндай ұсыныс түсетін еді. Конфессияаралық келісссөздерді орнатуға бағытталған осындай іс-шаралардың бірі Италияның Ассизи қаласында 1986 жылдың қазан айында және 2002 жылғы қаңтарда әлем діндері мен конфессиялары өкілдерінің кездесуі ғана болатын.**

**Қазақстан Президентінің ойы бойынша бір бірі туралы жалпы аспектілер мен дәл мәліметтер негізінде құрылған әлем және дәстүрлі дін лидерлері арасындағы келіссөз өзара ынтымақтастық үшін кең болашаққа жол ашып, біздің заманымыздың зомбылық, фанатизм, экстремизм және терроризм сияқты теріс көріністерді болдырмауға септігін тигізеді.**

**Уикипедиядан.**

Мен ол кісіні бірден жақтырдым. Кәдімгі қазақтың шалымды шалдарыынң бірі еді. Ұстараның жүзіндей лыпып тұр. Қай тақырыпқа сөз қозғасаң да қағып алады. Қашанда өзін кішірейтіп сөйлейтіні таза мені өзіне қаратқан.

Ол заманда да елдің бәрі бірдей қара шежіреге түсе алмайтын. Өзімізді қойып өзгелерді тәпсірлегенде тайпалаған жорғадай ұзап кете барады.

Әнге де бар екен. Қиқулатып жібермесе де айқай әндерге де мәтіби болып шықты. Сөз сұрамайтынын да бірден байқадым.Құр төгілдіріп отыр. Өзінікі қайсы, өзгелердікі қайсы - айыру мүмкін еместей көрінген. Сөйтсем ол кісі мені «бәрін біледіге» балап отыр екен. Екі бетімнің оты шықсын...

Білсем Кремльді айқайға бөлеген Майасар ақынның баласы екен. Болса болар деймін. Ағып тұр...

Сөйтіп мидай қазынаға жолығайын. Содан бастап біздер жанқұрдастарға айналдық.

Реті келгенде есімінің неге Әбдіқұл екендігін сұрайын.

- Аман жүрсін деп қоя салған ғой...

Әр жағын қазбалауға дәтім шыдамады.

Құлы түсінікті.

Әбдісі ше?

Ол да құл деген сөз. Құл сөзінің арапшасы...

Бұл мені қатты ойландырсын. Іштей қазақта да «құлға да құл керек» деген сөз бар еді» еді деп қоям...

Басқа әбділерден сұрасаң «Құран сөзі» дегеннен аса қоймайды. Ал бұл сөз менімен әлі жасасып келеді. Тығырыққа тірелгенде қазақтың «өліп құтыласың» деген сөзі бар еді. Ойымда сол сөз тұрады...

Алдыңғыларын айтпай-ақ қояйын, кейінгі отыз жылда әбділер бой бермей барады. Әбділердің





қатары өршіп тұр. Әбдір, Әбдірахман, Әбдіпайыз, Әбдіжаппар, Әбдіхан, Әбдібек, Әбдірайыс, Әбдімұса, Әбдішәріп...

Ішім сезеді. Бұл әбділердің қайдан келіп жатқандығын.

Ашығын айтқанда намазхан жүрген жерде сол әбділердің бірі жүреді. Өйткені олардың күндіз-түні еститіндері сол - әбділер...

Өздерінің әбді болғаны аздай-ақ енді балаларын әбді қылып жатыр, немерелерін әбді қылып жатыр...

Кешегі қазақтың абыз шалдары «адам туып құл болмайды, жүріп құл болады» деуші еді. Бабаларымыздың сол сөзі құлағымызға жеткенімен, жарғағымыздан өтпеген сынды...

Олай болса...

Қазір дінсіз қазақ баласын табу қиын. Еріксіз кіресің. Өйткені есіктерін айқара ашып тастады. Мешіті, храмы, соборы, шіркеуі, пагодасы, кирхасы, костелі, синагогасы... - бәрінің есігі ашық...

Тіпті, тұқияндарымен кіріп кеткен түтіндер де баршылық. Ері - пагодада, жамалы - кирхада, баласы - храмда... Бұларды отбасы деуге аузым бара қоймайды. Ауыз бірлігі болмаған соң ел бірлігі жөнінде сөз қозғап керегі де жоқ па деймін.

Осының барлығын істеп отырған өзіміз.

Екі шумақ өлеңді жаттай алмайтын баланың құранға келгенде мүдірмейтінін қайтерсің. Олардың жарысы ай сайын өтеді...

Ал өлең оқу жарысын естідіңіз бе?

Мүшәйра деген бар. Түкірігіне шашалып ақындар өлең оқиды.

Музыканттар нотасыз ыңылдамайды. Бұлар да солай. Қолдарындағы қағаздарына жатып алады...

Содан да барып өлеңде от жоқ.

Бұларда, әрине, құл бол деген өлең жоқ. Алайда құл болма деген де өлең жоқ.

Мұхамеджан бастаған біраз ақынымыз мешітке баяғыда-ақ кіріп алған. Айнұр бастаған бір топ қарындасымыз да азан шақырып жатпаса да, сол жақта жүргенін көз көріп отыр.

Шаршы топта жолы болмаған күрзі жұдырықты жігіттеріміз де сонда тіреп отыр.

Шырылдақ әншілеріміз де сол босағада жүр.

Ендігі қалғаны жазушыларымыз. Бұлар қозғалса не болады?

Онда мешіттеріміздің атауын өзгерту керек болар...

Қазақ жұртында құрылыс әлі дүрілдеп тұр.

Оның ішінде мешіт құрылысы.

Қайыршы мешіттер құрылысы...

Құрылысы басталмай жатып, есеп ашып, қайыр сұрап жатады. Фейсбукті ашып қалсаңыз сондай құрылыстардан көз сүрінеді.

Іштей мектеп салмады-ау, ең құрығанда балабақша салса болар еді деп ішіңіз күйіп тұрады.

Тоқсаныншы жылдардағы мешіттердің жөні бір басқа еді. Аузы-мұрнынан шығып жатушы еді. Қазір жан бармайды. Менің туған ауылымда екі деңгейлі мешіт салынып жатыр. Соған қуанып отырған мен жоқ. Өйткені ауылда не намазхан, не молда жоқ...

Сонда бұлардың қай жері «Құдайдың үйі»?..

Әрі-беріден кейін еш мұқтаждығы жоқ құдайға » «үй» не керек?..

Абай бабамыздың жаратпаған сиезі болушы еді.

Сол сиезі бізге де жеткен.

Аузы-мұрындары қисаймай діншілдердің сиезі дейді...





Сол сиезі құрғыры неге екендігін қайдам бізде өтеді...

Неге?..

Менің ішкі своылышым айтады:

- Бұл Құлдардың сиезі! - деп.

Өздері құл болған соң өзгелерге де құл бол деп айтпағанда олар не айтады?

Көп тілді ел едік...

Көп ділді ел едік...

Енді көп дінді ел болғалы жатырмыз...

Салынып жатқан костел, кирха, пагодамыз соны көрсетеді...

Серік Ахметовтың әкім болып тұрған кезі екен. Содан қазақстандық миллиардер жөйіт келіп, жер сұрапты.

- Оны қайтесің? - демей ме Әкім.

- Синагога саламын, - депті Жөйіт.

- Оған кім барады? - деп таң қалыпты Әкім.

- Сен не бітіріп отырсың? - депті Жөйіт.

Мұнан өткен астамшылық болмас.

Енді біраз тұрсақ олардың санының мешіттерімізден асып түсетін түрі бар...

Олай болса - ерте ме, кеш пе бізде де бір Ватикан бой көтеретін болады!

Сөйтіп елдің Папасына жармаспайтын боламыз!

Біздің өз Папамыз болады!

Және ол Қазақ болады!

Ол бізге арап, болмаса парсы бол демейді!

Құл бол дейді!

Мұнымызға аруақ десең ширк деп аттан қосатын бауырларымыз не дер екен?..

Жақында ғана Астанамызда отыз мың құлдық мешіт ашылды. Оның ашылу салтанатына

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев та қатысты. Және құл болыңдар деп нығарлап айтты!

Бұл бізге ештеңе ұқтырмай ма?!

Бұл құлдың ғана аузынан шығатын сөз ғой!..

Сол сөзді айтуға Папа келе жатыр...

Басқасы келе жатыр...

Нұрсұлтан жездемізге сол мешіт керек пе еді?..

- Әрине! - дейді ішкі сволышым...

Өйткені...

Бір иіс шығады...

Нобель сыйлығының иісі...

Елбасымыз әлі үмітті...

Горбачев КСРО-ны құлатып алған!

Бізде құлатып керегі жоқ...

Нұрсұлтаннан кейін Қазақстанымыз өз аяғынан әзер тұр!

Бір түрт жетпей тұр!...

Сол түрт осы жетінші сиезіміз болып жүрмесін!

Президентіміз ше?!.

Кешегі қанды қаңтардағы уәхабит, сәлафит, ахмениттердің сап түзеп тұрған қатарының ештеңе ұқтырмағаны ма?!

Олай болса мұны да тоқтатып тастайық!

Ахаңның тойын тоқтаттық ғой...

Өз қызын қатын еткен елдер діні Ахаңымыздың тойынан әулие емес болар...

Оян, Қазақ!

Оян, Елбасы!

Оян, Президент!

***06.09.2022.***





# ӘРКІМНІҢ БАР ТАЛАСЫ ...

Қазіргі қазақ баласы тумай жатып тарихқа байланып отыр.

Кәнігі тарихшыларымыз қазақ тарихын 450 жылмен шектеген соң-ақ кеңестік замандағыдай бүкілхалықтық құрылыс сынды бүкілхалықтық тарих жазу басталды.

Газет қиындысымен қаруланған тарихшылардың жаңа тұрпаттағы өкілдері шықты. Өзің жазбаған тарихты өзгенің жазатыны белгілі. Сондықтан тарих айдынында өзің малшылап жүріп өзіңдей малшылап жүргенге не дерсің?!

Энциклопедия де тарих. Ел тарихы, жер тарихы, өңір тарихы.

Шет ауданының энциклопедиясы шықты дегенге елең ете қоймағам. Өйткені Шет өңірі тарихының қатпарлы екендігі әлімсақтан аян. Сондықтан да бұл өңірдің күні бүгінге дейін жазылған демей-ақ қоялық, қағазға түскен баяны жоқ. Әргі тарихтан саумалап тартсақ Сарыарқаға арғындар ақтабан шұбырындыдан кейін келген дейді. Шет өңірінің тарихын зерттеген адам алқакөл сұламаға дейін де арғындардың осы өңірді мекендегенін қиналмай-ақ дәлелдеп шығар еді.

Сөйткен Сарыарқаны тарихшыларымыздың оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс деп жіліктеп тастағанына не айтарсыз?!

Өңіріміздің қашанда азаттық ордасы болғаны белгілі. Осы өңірде талай жойқын соғыстар өткен. Соның куәсіндей жер атаулары қалған.

Бұл өңір ұлттық рухтың алтын көпіріндей Орта жүзді Ұлы жүзбен жалғастырып тұрды. Жиырмасыншы жылдардағы Шет бұлғағы соның жарқын көрінісі болса керек.

Бір ғана шеттік алашордашылардың ұзын саны жиырмаға жетіп жығылады.

Бұл өңірден қажылардың көптеп шығуының да басқа себебі болмаса керек. Сәрсенбай, Тәти қажы бабаларымыз қажылыққа жеті рет жүрген дейді. Қазақтың алғашқы ұшақ конструкторы Шеттің тумасы десең осы не айтып отыр деп бетіңе ажырая қарайтындар бар.

Күн көсемді ататын эсер Каплан мынау Ортауда отырған десек не айтар едіңіз?!.

Тағы да сол Лениннің Разливтегі баламен түскен суретіндегі Матвей Мондо есімді балақанның кейінде айдалып келіп, Ақшатау кенішінде еңбек етіп, сонда бақилыққа озғанын көзіміз көрді.

Сол тарихты жазу бірер күннің еншісі емес. Түбірлі зерттеу қажет болады, барды айналысқа түсіру үшін жылдар керек.

Осыдан бірер жыл бұрын Көкбөрі Жарылғап батырды кім біліп еді?!

Осыдан бір бес жыл бұрын Дияқажының мұрасынан тұқыл жоқ деп аузымызды құрғақ шөппен сүрткенімізді қайда қоямыз.

Сөйткен ақынның бірқатар дастандары мен өлеңдері өз алдына кітап болып ел қолына тиді. Сол кітапта қаншама ел тарихы жатыр.

Бесата десең шам шақырады.

Бесата тайпалар одақтастығы.

Шет өңірі сол Бесатаның (Әлтеке, Сарым, Қоныштағай, Кәрсен, Керней) жері. Шет сөзінің кейін шыққаны белгілі.

Бесатаны ойлап тауып жүрген Кәмел ағамыз емес. Ол тарихи атау.

Осы Бесата атауының өзінде талай тарих жатыр. Оны мұрағатта отырып қағаз қараған білер...

Мұны неге айтып отырмын?!





Менің білетінім Шет өңірінің тарихын түбегейлеуге бүгінгі ұрпақтың ғұмырының жетпейтіндігі.Бұл өңірдің тасқа түсер тарихы кемі жиырма шақты кітапты құрайды деп ойлаймын. Өйткені бір ғана Керней атасына қатысты менің жазбаларымның өзі жүз баспа табақтан асып кетті. Олай болса Шет өңірінің құнарлы тарихын жазып шығуға кемі бес жүз баспа табақ керек болады. Мұндай еңбекті ғылыми институттың атқаратыны белгілі.Ондай жақсы күннің жуық күнде алдымыздан шығатынына көз жетпейді.Сондықтан тарих шіркінге әркімнің таласы бар деп білем.

Шет ауданы энциклопедиясының шыққанын естісем де әлі өзім көрген жоқпын. Сондықтан ол жөнінде түбегейлі әңгіме қозғау менің тарапымнан ерсі болар еді. Алайда Шет аудандық «Шет шұғыласы» газетіне шыққан Кәмел Жүністегі ағамыздың «Аты дардай шалажансар туынды» деген мақаласы қолыма еріксіз қалам алғызды (Мақаланы интернет арқылы оқып шықтым).

Мақала уытты болғанымен барынша жанашырлықпен жазылған екен. Кәмекеңді түсінуге болады. Туған өлкеңнің тарихы алдыңнан күйелеш болып шығып тұрса қалайша шалқайып тұрарсың. Сол шерлі тарихты тасқа ынта-шынтасымен түсіріп жүрген ағамыздың жүрегінің тоқтап калмағанына шүкір дейсің.

Осыдан біраз бұрын бір ағамыз қоңырау шалды. Осы біздің өңірде о әрпі қолданылмай ма деп. Неге деп сұрасам Шет ауданы энциклопедиясында о әрпі жоқ дейді. Бәлкім, уытты қалжыңы болар, бәлкім шалажансар дүние деп астарлағаны болар.Осыдан кейін-ақ бар мән-жайды түсінгендей болғам. Одан кейін де талай қоңырау түскен. Бір суретте үш адамның бейнесі тұр дейді...Енді бірі өзімді өзім

танымадым дейді...Сорақысы бірер суреттердің орыны ауысыпты...

Энциклопедияға әркімнің тісі бата бермейді. Өйткені оның қалыптасқан өзіндік жазу стилі бар, көпсөзділікті көтермейді, барынша ақпараттықты талап етеді. Мақала сұрамайды, мәтін сұрайды. Және мұндай еңбекке міндетті түрде авторлар тобы тартылады.

Бұл еңбекте соның бірі жоқ. Мақалада айтылғандай энциклопедияның алғашқы электрондық нұсқасын жергілікті өлкетанушы-журналист бауырымыз Серғазы Қабылдаұлы 2009 жылғы 25 қаңтарда баспаға әкеліп тапсырды. Бұл кезде мен «ҚазАҚПАРАТ» баспасының директоры болатынмын. Ұмытпасам материал 14 кеглмен терілген 110 бет келіп түскен. Үлкен форматты жиырманың үстінде түрлі-түсті суреттері болды. Ұсақ суреттердің ұзын саны есімде қалмапты. Менің көргенім редакция алқасында бас редактор болып менің аты-жөнімнің тұрғандығы еді. Жиырма баспатабақ энциклопедияның болмайтындығы белгілі. Сонымен не керек, өлімнен ұят күшті деп қалғанын өзім «толтыруға» кірісейін. Оған тұп-тура тоғыз айымды жұмсайын. Енді аталмыш форматтағы беттің саны 230-ға жеткен. Оның үстіне өзімнің жиып-терген 464 суретімді қоса тапсырдым. Рас, кейбір суреттердің сапасы онша емес еді. Егер менің нұсқам өткендей жағдай болса онда кітаптың беті қазіргідей 170 емес, 350-дің үстіне шығар еді.

Кейін елдің айтуымен білсем суреттердің форматы бір ізге түспепті, оларға фотошоп жасалмапты. Ал 2010 жылғы 1 маусымнан бастап мен баспаның директорлығынан кетіп, өз жөнімді тапқанмын. Қалғаны маған мәлімсіз.

Кітаптың редакциялық алқасы болғандықтан сол





тізбеге кіргендердің пікірлері, қол қоюлары міндетті еді. Бас редактордан кейін кітапқа тапсырыс беруші қол қоюы керек. Басқаларды қайдам, менің өзім қол қойған жоқпын. Бұл жағынан менің хабарым жоқ.

Айтпақшы, кітапқа қанша ақша төленді деген сұраушылар да болды. Оның жасырын ештеңесі жоқ. 2008 жылы баспаның есепшотына 3(үш) миллион теңге аударылған. Бұл ақша көп пе, аз ба?

Ол кезде мұндай сомаға жөні түзу кітап шығаруға болатын. Алайда кітаптың мәтіні баспаға екі жылдан кейін барып тапсырылғанын жоғарыда айтып өттік. Жалпы, жөні түзу кітап қанша тұрады деген сауал көп. Ашығын айтар болсақ арзаны жоқ. Мемлекеттік тапсырыспен түсетін таралымы 2 мың данадан аспайтын 20 баспатабақ кітаптардың кемі 1200 (бір миллион екі жүз мың) теңгені құрайтынын айта кетейін.

Енді біреуі кемі джип мінген шығарсың деп қыжыртады. Ниеттеріне рахмет жерлестердің. Кезінде «Керней шежіресін» шығарғанымда «ұшақ» мінгізгендер болып еді. Шын мәнінде өзім жазған шежіре кітабының 50 данасын ғана тегін алғанмын. Бар-жоғы сол. Ал бұл жолы оған да жете алмаған жайым бар.

Тарихпен сен шұғылданбасаң сенімен тарих шұғылданады деген қағида бар. Тасқа түскеннің бәрі тарих емес. Замана саясатына қарай бірді бірге соғу, біреуді екіншісіне айдап салу сынды мұрағаттық жәдігерлердің ел қолында жүргені жасырын емес. Соған қарап қорытынды жасау тәуелсіздік буынан ұзамаған балалық ауруымыз болады.

Бұл кітапты да сол ауруымыздың бір көрінісі деп қабылдадым.

***12.10.2013.***

# БАТПАҚТАҒЫ АРБА

Жаратылыс математикадан тұрады дейді.

Оның негізінде, әрине, арифметика жатыр.

Арифметикамыз біткен жерден шексіздік басталады.

Алайда әлгі миллионды алмайтын Перельманымыз шексіздіктің өзі математика дейді.

Олай болса өмірімізді математикамен өрнектеуге әбден болады екен.

Жалпы түсінікте математикамыз сан...

Санның да жаман-жақсысы болады дейді.

Әсіресе, жұрт он үш пен төрт сандарынан сырт тұрғанды жөн көреді.

Әрине, мұның бізге - қазағымызға еш қатысы жоқ болса керек...

Сан біткен жерден бізде - мидай дала басталады.

Елдің айтатын шексіздігі осы...

Өзге жұртты қойып өзімізге оралсақ біздегі санның жаманы жоқ.

Әсіресе, алғашқы үш санның орыны өзгеше...

Бір дегеніміз - һақ!

Оған ешкімнің таласы жоқ!

Екі дегеніміз жұптық!

Оған да ешкімнің таласы бола қоймас.

Ал үш дегеніміз алдыңғы екеудің шылауында жүрсе керек.

Осы үшеуі жүрген жерде бәрі бар.

Қазақ баласының ел болып отырғанының өзі осы үштік түзілімде!

Үш жүзіміз болмаса қазақ елі де болмас еді!

Мұнымыздың рулық түзілімге еш қатысы жоқ.

Бұл басқару жүйесі!

Көршіміз де осындай бөліністе отыр - ұлыорыс, белорыс, азорыс...





Мұндай түзілімдер кім-кімде болсын жеткілікті...

Бұл түзілімнің жаһандық аясы бізді қатты ойлантса керек...

Сөз жоқ, оның басында Қытай тұр!

Ерте ме, кеш пе - ол өз орынын алады!

Одан кейінгі - алпауытымыз - АҚШ!

Одан кейін - Ресей!

Әлемдік деңгейдегі басты ойыншыларымыз - осылар!

Қалғаны осылардың шылауында!

Оның ішінде біз де бармыз!

Сонда біз нешіншіміз?

Әлемде екі жүздің үстінде жұрт бар десек соның алғашқы үштігінде де, соңғы үштігінде де емеспіз.

Демек ортасындамыз.

Ортаның да ортасы бар ғой.

Біздің ортамыз қай орта?!

Үштік, әрине!

Бұрынғы билік те, соңғы билік те соған ұмтылды.

Елбасымыз онысын көпвекторлық деп бүркемеледі.

Үштікке кірмеген күннің өзінде Қытай мен Ресей ықпалынан алыстау әрекеті еді бұл.

Үлкен саясатта біздің ел Ресейге қосақталды. Мұнда да үштік құрылым сақталды. Қазақ жұртының алдында Беларусь тұрды.

Мұның да екі жағы болды. Біз бұл одақта нық тұрдық. Екі аяғымызбен бірдей.

Бұл бізге аз еді.

Елбасымыз сыртқы саясатта кәнігі сардарлық танытты. Біз Ресей одағынан екінші аяғымызды көтере алдық. Алайда қайда басарымызды әлі шеше алмай келеміз.

Көтерген аяғымызды нық қойсақ онда екінші аяғымызды да Ресей батпағынан суырып алар едік.

Бұл тұрғыда біздер Мұса пайғамбардың жағдайындамыз. Ол қырық жыл бойы жұртын қаталатып шөлде адасып жүрді. Алайда Жаратушының көмегімен жұртын ұшпаққа шығарды.

Бізде де сол адасу бар.

Бұл жағынан Елбасымыз сұңғылалық танытты. Адам ойына кірмейтін қияли одақтар құруға мұрындық болды. ЕАЭС, ОДКБ сынды одақтар құруға мұрындық болды. Солайынша Елбасымыз өзі ғана «адасып» қоймай өзгелерді де адастырды.

Енді біз бірінші болмасақ та кемі екінші тұрдық.

Еуропа бұл одақты бұрынғы Варшава келісімінің жаңа көрінісі деп қабылдады.

Бұл одақ теріскей көршілерімізге тыныс алу үшін ауадай қажет еді. Ел қорғанысында бір тобы жаппай қаруланып жатқанда екінші тобы бәрін сатып, жемқорлыққа белшесінен батып жатты.

Біздерге де керегі осы еді. Біз де ескі каруларымызды сатып бітірдік... Өкініштісі түскен қаржыға жаңасын сатып алмадық. Әркімнің қалтасында кетті...

Еліміздегі әскери қоймалардағы жарылыстың осындай себептері бар еді. Сол топ қылмыстарының орнын жабу үшін әскери қоймаларға бірінен кейін бірі от қойып жатты...

Тіпті, одақ ішіндегі Армения-Әзербайжан, Тәжікстан-Қырғызстан тәжікелеріне де қарамады. Тіпті, бұл алаптағы діни негіздегі алауыздыққа да өздіктерінен араласа қоймады. Бұлар үш әріптің бақылауында еді. Кейінгі уақиғалар көрсеткендей бұлардың өздерін де дін біржолата шырмап алып еді...





«Қазақстан діні» қаңтар оқиғасын қолдап шықты...

«Ресей діні» спецоперацияны қолдап шықты...

Бұл екі операцияның екеуі кімнің кім екенін көрсетіп берді!..

Осы жерде есімізге еріксіз Теміртаудағы тамыз оқиғасы түседі...

Сол «оқиғаға» Қап тауынан, Омбыдан, Барнауылдан 1,4 мың десант тартылды. 10000 әскери оқ шығын болды. Ал оққа ұшқандар саны 16 адам деп көрсетілді. Сонда қалған оқпен бөтелке атқан ба?

Қаңтар оқиғасында да осы жайт қайталанды.

Ресейден екі мың төңірегінде десант түсірілді.

225 адам оққа ұшты...

Сонда бір адамды жүз адам атқан болып шығады ғой...

Қалай десек те бұл да бір мәлімсіз дерек...

Шын мәнінде олар ОДКБ әскерилері еді.

Ал ОДКБ тек қорғаныс үшін құрылған болатын.

Мұның өзі ОДКБ-ның шынайы бет пердесін шешіп берді. Демек бұл одақ қорғанып ғана қоймай қарсы шабуылға да шығады деген сөз!

Олай болса аталмыш одақтың спецоперацияға тартылуы әбден мүмкін.

«Оқиғаның» екеуінде де оқ атуға бұйрық берілді.

Алайда жағдай екі түрлі болатын...

Сорақысы кейінгісіне өзіміздің діндарларымыз қатысты...

Мұнан кейін де еліміз Ресейдің шылауында кетпеді.

Қаңтар оқиғасы Президентіміздің кім екендігін көрсетті!

Қаңтар оқиғасында оқ атуға бұйрық берген Президентіміз еді..

Жағдай соған мәжбүрледі...

Солайынша ол елді кім басқарып отырғандығын көрсетті!

Оған дейін елді Елбасы мен Президентіміз басқарып келген еді...

Қаңтар оқиғасымен тәуелсіздігіміздің бір дәуірі тарих қойнауына кірді...

Елбасымызбен...

Енді еліміздің жаңа дәуірі басталды...

Президентімізбен!

Оны «Жаңа Қазақстан» деп күлтелеп те үлгердік...

Оралымсыздау атау болғанымен елімізде күрделі өзгерістер жүріп жатыр...

Мынау Қарағандыда құс фабрикасы бар. Соның қалдық шаруашылығы бар. Онда себеттен өтіп кеткен жұмыртқалар мен бірге балапандар да мыңдап өріп жүреді. Бұл десертке жиналмайтын жыртқыш құстар, сірә, жер бетінде жоқ-ау...

Биылғы осы «балапан дастарқанына» құс атаулы шілде айынан бастап үйіріле бастады. Қайдан келетінін кім білген - бүркіт атаулы аз емес еді. Қарақұс қанша болса, қарға атаулы олардан бір кем түспеді-ау...Осындағы бағандардың босы бос болмайтын...

Осы дастарқаннан бүркіттер мен қарғалардың соғысын көруге болар еді. Қарғалар бүркіттің үстіне шығып алып, төбесін шұқи бастайды. Сонда бүркіт шырқау көкке көтерілер еді. Тынысы тарылған қарғалар сонда өздері түсіп қалар еді...

Қазіргі жағдайымыз соған ұқсайды. Елбасы кадрлары солай орындарын босатып жатыр...

Осының бәрін істеп жатқан Президентіміз!

Елбасының атына қала берген де...

Астананың бұрынғы атауын қайтарған да...

Өйткені жағдай солай еді...





Сол жағдайды одан әрі ушықтырмау керек еді...

Чаушескудей қабырғаға тұрғыз деді жініккен жұрт...

Шын мәнінде Елбасыны адастырған айналасы еді...

Президентіміздің өзі сол «айналадан» шыққан еді...

Ал ол «айнала» Елбасымызды Шапыраштының Елбасысы қылды!..

Елбасымыздың қалған қазаққа уақыты қалмады...

Президентіміздің қазіргі іс-әрекеті жүрегімізге сенім ұялатады. Өйткені ол қазақ баласының Президенті болуға ұмтылуда!

Үнемі қазақ баласының мүддесін алға шығаруда!

Петербор саммиті соны көрсетті!

Путиннің көзін бақырайтып қойып Ресей саясатын қолдамайтынын ашық айтты. Бұрынды-соңды орыс патшасына ешкім де бұлай ашық айта алмаған-ды...

Мұнысымен Президентіміз, әрине, айырылсу көжесін ішкен жоқ.

Бұл үлкен саясат еді...

Өйткені Ресейді тұралатқан санкцияның лебі бізді де шарпи бастаған...

Содан саяси ойын басталды.

Ердоған мен Перезидентіміздің кездесуі жиіледі...

Си патша ковидтен кейінгі шет ел сапарын бізден бастады...

Сэр Блэр жұртқа көрінбей келіп кетті...

Астанадағы діндер саммитіне Папа келді...

Есесіне Патриарх келмеді...

Путин бастаған ТМД жиынына Жапаров бармай қалды...

«Орталық Азия-Ресей» саммитінде Рахмонов Путиннен ОА елдеріне құрметпен қарауды талап етті...

Осының барлығы Президентіміздің Петербор саммитіндегі сөзінен кейін ғана мүмкін болды!

Ең бастысы Президентіміз «НұрОтан» партиясы қатарынан шықты!

Бұл партиямыз атауын өзгерткенімен өзегін еш өзгерткісі жоқ!

Қалған партияларымыз да сол кепештің күйінде!

Жабылып жүріп орталарынан бір үміткер ұсына алмады!

Әттең, әттең, әттеген-ай...

Сол қатардан енді Әшімбаев шықса ғой!..

Сол қатардан енді Қошанов шықса ғой!..

Президентіміз Елбасы ықпалынан шықты!

Сол ықпалдан барша қазақ баласы шықса ғой!

Сөз жоқ, Қасымжомарт Тоқаев біздің Президентіміз!

Алдағы сайлауда да бәрін тапап өтеді!

Ешқандай «Аманатсыз», «Ақжолсыз»...

Бұл сайлаудың халыққа қажеті жоқ та болар...

Алайда әлемдік қауымдастық алдында бұл сайлаудың мәні зор!

Демократиялық жолды ұстанған елде Президент мұрагерлікпен келмейді...

Президентіміз қазір шапқылап жүр...

Сайлаудың шаруасымен емес!

Елді тығырықтан қалай алып шығамын деп!

Ресейден алыстай түстік...

Қытайға да ентелеп тұрғанымыз жоқ...

Бір анық нәрсе Еуропаға жақындай түстік...

Жер түбінде деген АҚШ та тереземізді қағып тұр...





Бір анық нәрсе біздің арбамыз батпақтап келеді...

Неге?

Менің есіме аққу, шортан, шаян түсе береді...

Бізді сол батпақтан өгіз, болмаса басқа бір күш шығармайды!

Президентіміз бастаған қазақ баласы шығарады!

Сол мойынтұрыққа қазақ болып жегілейік!

***25.10.22.***

# БАТЫР КЕТІП БАРАДЫ...

**Реквием**

***Кеше керекулік бауырым Жарқынбек Амантайұлы хабарласып, Арман ақынның үзеңгі жолдасы, қазақ баласыныц батыр ұланы Қайролла Мүбарақұлының опат болғанын жеткізген еді.***

***Көңіліміз жақын дос едік. Артында қалған соң бір ауыз сөзімді айтайын деп қолға қалам алған едім...***

Бүгін тағы да Кереку көгі күркіреді.

Оны біреу білді, біреу білмеді.

Қыркүйек ауғанда бұл не күркір деп оған мойын бұрар жұрт жоқ еді.

Ел жінігіп жатқан!

Головкиніміз жеңілсе де жеңді деп!..

Гена батыр деп!..

Қаһарман деп!..

Еңбек Ері атағын берейік деп!..

Халық Қаһарманы атағын берейік деп!..

Бәрі жөн-ау...

Тек кәрі бүркіттің тышқаншыл келетінін ескермей жаттық-ау...

Гена менің жерлесім, талай рет кездестік де, сұхбат та құрдық. Сөз жоқ, қазақпын деп атойлап тұрған жігіт! Шаршы алаңға қазақ шапанымен шығуының өзі неге тұрады?!

Бұл шоу еді. Гена өзінің жеңілетінін біліп тұрып, күрзі қолғабын киді...

Көнге қырық миллион доллар тігілген еді...

Ол тек нокаутқа түсіп қалмауды ойлады...

Осыдан кейін де әлгі сөзімізде тұрамыз ба?

Ал өз еліміздегі нағыз батырдың жаны қиналып жатқан...

Генамыздан кем соқпайтын батыр еді...

Күрзі жұдырығымен талайды жайпап өткен...

Үш-төрт жігіттен тайсалмай қарсы тұрушы еді!

Мыңға қарсы жүрген жігітек еді!

Ол осының барлығын қазағы үшін істеді!

Қазағына тіл тигізгеннің ешқайсысын да аямады!

Тіпті... туған қазағы болса да!

Ол - Гена емес еді!..

Ол көнге басын тікті!

Қазағының ертеңі үшін!

Ол бұл жолда жалғыз болмады. Қазақтың тағы бір баһадүр ұлы Арман Бақтанұлымен қатар тұрды!

Кереку қалай айтсақ та қазақы жер емес!

Содан да тынышсыз жер!

Төрде отырған қазақ баласын көрмей төрге өңмендеген жұрт көп...

Соларға мен бармын деп деп қарсы келген нағыз жалаңтөстің өзі!

Бәрі де Бір Жаратушының қолында ғой...

Әйтеуір бір себебі табылып...туған топырағында қалған жайы бар...





Әйтпесе бұларға қарсы атақты 58-ші статьямен іс қозғалған!

Кемі Колымада жиырма бес жыл алтын шайып жүрер ме еді...әлде Сібірдің орманында қалған өмірін ағаш аралап өткізер ме еді...

Анығы сүйегі қайтпайтын еді...

Күні кеше ғана Арман бауырды қара жерге бердік. Сол жолға, міне, Қайролла бауыр Мүбәрақұлы да түсіп отыр...

Араға тіпті қырық күн де түспепті-ау...

Бұлардың атойы сонау 69-шы жылы басталған!

Қазіргі он бес-он алты жастағы ботатірсектер мұрындарының кәкісіне ие бола алмай жүрсе - бұлар қызыл өкіметтен ақырып тұрып теңдік сұрады!

Қазақ тілімізде білім алуымызға мүмкіндік бер деді!

Ол үшін балабақша, бөбекжай салып, мектеп ашыңдар деді...

Жасөспірімдердің бұл тілегін естіген билік оларды өз өтініштерімен мектептен шығарып, қара жұмыс істеуге мәжбүрледі. Біреуі шойынжолда, біреуі шахтада істеді...

Талайлы тағдыр олардың басын бірде қосып, бірде айырды. Алайда олар бәрібір бірін-бірі тауып жүрді...

Өйткені олардың жүрегі қазағым деп соғушы еді.

Олар барлық саналы ғұмырын осы жолға арнады.

Бұлар ақындар еді!

Бұлар мінбер-ақындар еді!

Күркіреп өлең оқыды, жалындап сөз сөйледі...

Қайролла бауырымыз кейін өлкетанушы, шежіреші болып халқына танылды...Туған жер тарихын зерделеген жұрт Қайролла бауырды табушы еді.

Бұлар құрған «Жас ұлан» ұйымы әлі де өмір сүріп

жатыр. Әсіресе кейінгі ширек ғасырда оның атауы әрбір қазақ баласына жақындай түсті.

Өйткені бұлар ақталған еді!

Бұлардың батыр ғұмырлары енді ғана басталған еді!

Өкініштісі шолақ шықты...

Сөз жоқ, берейік құрметті атағымызды Генамызға!

Еңбек Ері атағын...

Халық Қаһарманы атағын...

Қазақтың Махамбет ақыны Арман Қанидан кейін...

Қазақтың Исатай берені Қайролла Қаженнен кейін...

Ертең Қайролла бауырдың жаназасы...

Сапқа тұруға жол тартпады.

Бір уыс топырағым осы жазбам болды.

***19.09.2022.***

# БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН ДАУЫС БЕРЕМІН!

Соғыстың оңғаны жоқ...

Өйткені онда жасампаздық жоқ...

Өйткені онда жеңімпаздық жоқ...

Идет война священная...

Бұл Лебед-Кумач пен Александровтың атақты , әнінің бір жолы ғана... Соғыстың қандай екендігін осы бір жол арқылы білуге болатын сынды!

Бұл әнді бей-жай тыңдау мүмкін емес!

Оны бүкіл болмысыңмен сезінесің...

Бұл кешегі КСРО-ны қанды ауыртпалықта орнынан көтерген ән!





Ал бүгінгі ресейліктер соғыстан қашып жатыр...

Сол қашқын-пысқандардың panaлағаны біздің еліміз болып отыр...

Жаһандық соғыстар ресейліктердің қатысуынсыз өткен емес!

Олардың спецоперацияда көрінуі әркімді ойландырса керек...

Мұны әскери қақтығыс деушілер бар...

Бұл ешқандай да қақтығыс емес, бұл кәдімгі соғыс...

Оған екі жағы да дайындалған!

Жылдар бойы!

Оның бастауына 2014 жылды алатын болсақ кемі сегіз жыл өтіпті. Және жалғасып жатыр...

Ал екінші жаһандық соғыстың бес жылға созылғаны белгілі.

Ресей ең әуелі өзімен өзі соғысты...

Бұл соғысқа Варшава келісімшартындағы мемлекеттерге сатылған барлық қару тартылды.

Одан кейін Еуродақ мемлекеттеріне сатылған қарулар бой көрсетті...

Одан кейін Украинаның өзімен соғыссын...

Украина қанша жерден үлкен мемлекет болып көрінгенмен Ресей алдында бәсі төмен елдің бірі. Оның қауқары ұзаққа созылмады...

Славян халқы бірін бірі славян даласында қырғынға ұшыратып жатыр...

Басты себеп...

Шекара!

Жау шекарасы жақындады деген желеу!..

Мұнан кейін НАТО-ға кіргізіңдер деп отырған Украинаны түсінуге болар...

Ал Украина Ресей үшін керек!

Ол Ресейдің буферлік аймағы!

Алда-жалда Ресей мен НАТО соғысар болса ол соғыс осы аймақта өтеді!

Сол соғыс басталып кетті!

Және буферлік аймақта өтіп жатыр...

Сонымен Украина даласы сынақ алаңына айналды!

Кімде қандай қару бар - соның бәрі Украина даласына тартылып жатыр!

Біздер бұл соғысқа тікелей қатысып отырған жоқпыз!

Алайда онда соғысып жатқан қазақ бауырларымыз баршылық!

Қазақ баласы қазақ баласымен соғысып жатыр...

Мұндай жайттың бізде де қайталануы әбден мүмкін!

Оның алғышарттары баяғыда жасалған!

Ресейлік ДНР, ЛНР-дің көрінісі бізде де бар!

Біздегі ПНР, ЦНР, УНР-лер, әрине, бір күнде пайда болған жоқ!

Украинадағы ресейлік референдум бізде өтер болса жер көлемі жағынан біздер бесінші ондыққа өтіп кетуіміз ғажап емес!

Олай болса...

Әрине, қарулану керек!

Анау-мынау емес, қауқарлы қару керек!

Оны осы спецоперация көрсетіп отыр!

Ал ол қару бізде болған!

Атом бомбасы...

Содан айдың аманында айырылып отырмыз!..

Сондай қаруы бар Терiскей Кореямыз АҚШ-тың өзін аузына қаратып отыр!

Біздің Украинамен кіндігіміз бір-ау... шамасы...

Украина да өз еркімен атом бомбасынан бас тартқан!

Басыңнан шыбын ұшырмаймыз деген соң...

Ондай кепілдікті берген АҚШ еді...





Ондай кепілдікті берген РФ еді...

Енді не болды?

Ендеше бізге де ойлануға тура келеді!

Бізге де ондай кепілдік берілген...

Бірақ оның мерзімі айтылмаған екен...

Бүгін болмаса ертең оның күшінің жойылуы әбден мүмкін-ау...

Басқа басқа, тап 2014 жылы Нұрсұлтан көкеміз өзінің қандай әрекетке барғанын білді!

Негізгі ойыншылар кепілінің түкке жарамайтынын білді!

Содан арпалыссын...

Әрине, Ресеймен соғыса алмайды...

Қабаған итке сүйек тастаған бабаларымыз...

Елбасымыз сол жолды таңдады!

Ресейді қатыстырып нешетүрлі одақтар құруға мұрындық болды.

Өз еркімен барып теңгеміз рубльге байланды...

Сөйтіп бұрынғы асыраушылық кепемізді қайтып кидік.

Мәңгі доспыз дегенді Мәскеу айтушы еді, енді Астанамыз айтатын болды...

Жай айтпай алаулатып-жалаулатып айтатын болдық...

Достығымыздың мәңгіліктігі соншама - орыс тілін ана тілімізбен қатар қойдық!

Елбасымыздың орыс тілін үйреніңдер деп кіжінгенін ұмыта қоймаған болармыз...

Бұл дәрменсіздіктен шыққан сөз!

Оны біреуіміз түсіндік, біреуіміз түсінбедік...

Ең бастысы елімізде тыныштық бар еді...

Сондай себеппен Қазақстан халықтары ассамблеясын да құрдық!

Осының бірде біреуінің қазақ баласына пайдасы жоқ еді!

Оны, әрине, Елбасымыз да білді!

Амал жоқтықтан барды...

Елбасымыздың қазақ баласы алдындағы басты қылмысы - атом қаруын беріп жіберуі болды!

Елбасымыздың қазақ баласы алдындағы басты еңбегі соғыс өртін алыстата алғаны еді!

Қазақ жұртын мираскеріне осы жағдайда қалдырған еді...

Тоқаев та Назарбаевтың білгенін білді!

Ресеймен соғыспас бұрын ол ең алдымен Назарбаевтың өзімен «соғысуы» керек еді...

Бір мемлекет, екі президент ақылға қонбайтын шаруа еді...

Соның ретін келтірді!

Ол да кейін шегінді...

Бір қадам алға басу үшін екі қадам шегінуге тура келді...

«Қаралы қаңтар» Тоқаевты жаңа деңгейге алып шықты!

Мұның өзі қазақ баласы үшін соғыстың сырттан емес, іштен шығу мүмкіндігін көрсетті!

Тоқаевты оқ атуға бұйрық берді деп күстаналап жатырмыз...

Бұйрық бермегенде не болар еді?!

Бұйрық берсе ол қазақ баласын ат деп бұйрық берген жоқ!

Қазақ баласын қарауылға алғанды ат деп бұйрық берді!

Олай болса...

Тоқаевтың жағдайы Назарбаевтың жағдайынан да ауыр!

Назарбаев алға бір қадам басу үшін екі қадам шегінген болатын...

Ал Тоқаев үш қадам шегінуге мәжбүр болып отыр...





Қазақ баласы ешқашанда тыншу көрмеген халықтардың бірі. Оның жағырпаиялық орналасуы солай...

Сондықтан да қашанда соғыс жағдайындағы халықпыз...

Аюды дос ел деп айта алмаймыз...

Айдаһарды дос ел деп отырған қазақ баласы жоқ...

Бұғы бауырларды да дос деп айтуға ауыз бармайды...

Осы жағдайда қазақ баласы не істеу керек?

Көкбөрі ұрпағы болып қалуымыз керек...

Аю келді екен деп қасқыр даласынан кетіп қалмайды ғой...

Ендеше сол үшеуімен де, басқасымен де бір тәрелкеден ас ішуге тура келеді!

Соғыс өртін әзірге солай ғана ұзартуға болады!

Тоқаев Назарбаев емес!

Осында бір бауырымыз әлжеліде «Әлі Назарбаевпен жылап көрісеміз!» деп жазды.

Тура сөз!

Өйткені Тоқаев қазақ баласын заң аясында өмір сүруге жетелеп барады...

Соғыс ерте ме, кеш пе - бітеді...

Бейбітшілікпен!

Бейбітшілік үшін соғысу - бұл біздің қолымыз емес!

Тоқаев сайлауға сол үшін бара жатыр!

Ендеше дауыс берейік!

Жүрек қалауымызбен!

**18.11.2022.**
**Қарағанды.**

PS: Бұл жазбаға ешкім де тапсырыс берген жоқ!

# БЕСІНШІ ДӨҢГЕЛЕК

Елімізде күйіп тұрған мәселе аз емес...

Алайда қазір алдағы сайлауымыз екпіндеп тұр!

Күн өткен сайын оның да қарқыны үдей түсуде.

Әсіресе Президент төңірегіндегі топтың қарқыны ересен.

Қор дей ме-ау,штаб дей ме-ау, топ дей ме-ау,әйтеуір көшіп жүр. Бұлардың көші сыған таборларының көшінен де қайым. Бүгін Қарағандыдан көрсең ертеңінде Ақтауда жүреді.

Ол топта кімдер жоқ дейсің?! Бәрі жүр. Солардың ішінен Тоқтар ағамды көріп кәдімгідей қапаланып қалам. Тоқаңнан басқа адам табылмады ма деп?!

Өйткені батыр адам аңғал келеді. Артық-кем сөйлеп қалады...

Бұл, бәлкім, басқаға жарасар. Ал Тоқаңа...

Тоқаңа сөз кезегі тиіп жатқанда көк жәшікті сөндіре қоям. Болмаса Дәурен írіміз айтпақшы арнасын аударып жіберем...

Одан, әрине, өзгеріп жатқан ештеңе жоқ. Алайда Тоқаңның ел алдындағы беделінің мысқалдап емес, батпандап түсіп жатқанын мүтіл болмысыммен сезінем.

Тоқаң мұнысымен өз беделін түсіріп қоймай Президентіміздің де беделін түсіріп жатыр ғой. Соны айтар жанның болмауы қалай?! Соншама топтың ішінен тура сөзді айтар біреудің табылмағанына?!

Алтын адам дейді...

Тоқаң шынымен шын ниетімен айтып та тұрған болар...

Алайда халық деген бар ғой...Екеу тұрсын бір сиыр да сатып ала алмай отырған...

Ал! Иландырып көр оларды!





Бұл да түк емес!

Бүгінде:

- Кімің бар? - деп айтушылар көбейді.

Есіңе еріксіз бабаларымыздың «Хан біреу болады, қасымы қырық болады» дейтін даналығы түседі.

Ханның шешпейтін мәселесі болмайды. Өйткені қасында қырық қасымы бар ғой. «Ханда қырық адамның ақылы бар» деп осыдан айтады.

Сол қырқымыз қайда?!

Сайлауға солар неге түспейді?!

Кімің бар деп неге біздер оларға көлеңке түсіреміз?!

Бұл сөзді кеше де айтқанбыз...

- Кімің бар? - деп.

Елбасымыздың дәуірінде...

Серікболсын ағамыз кімнен кем еді!

Әкежан ағамыз ше?

Кәкімбек көкеміз ше?

Ұмытпасақ Дариға бастаған тағы бір үлкен топ Елбасылықтан үміткер еді ғой...

Жоқ болса, Қасымжомартымыз қайдан келді?

Аспаннан түспеген шығар!

Ендігі сөзіміз мынау...

Қалай түсінуіміз керек?

Не қазақтың әйелдері шетінен қысыр ма?!

Болмаса олардың алтын құрсағын басқасымен айырбастап жіберген бе?!

Сенатымызды басқарып отырған Әшімбаевмыз кім?

Мәулен ініміздің Сағат көкеміздің баласы екенін білеміз.

Одан басқа?!

Ол еліміздегі екінші адам ғой!

Ол айтып отырған қырық қасымның бірі емес пе?!

Әлде шатысып отырмын ба?

Тағы бір қасымды айтайын.

Ерлан Қошанов!

Ол еліміздегі үшінші адам!

Бәлкім, тағы да шатысып отырған болармын...

Сөйткен Ерлан бауырымыз алаөкпе боп әлгі көп шуылдақтың ішінде жүр...

Бұл сайлауда алаөкпе болар жайымыз жоқ деп білем!

Тоқаев бауырымыз тапап өтеді!

Тоқаев жарнамаға зәру адам емес!

Қаңтар оқиғасынан кейін!

Кімді қайдам - мен екі Тоқаевты білемін!

Бірі қаңтарға дейінгі...

Екіншісі қаңтардан кейінгі...

Менің Тоқаевым осы екіншісі!

Мен бұған дейін ешкімге дауыс бермеппін...

Брежневке де...

Қонаевқа да...

Назарбаевқа да...

Бұл жолы да бермеймін.

Тоқаевқа!

Өйткені менің дауысыма ешкім де ділгір емес!

Дегенмен дауыс берем!

Нұрлан Әуесбаевқа!

Әрине, бұл сайлау Нұрланның сайлауы емес!

Соған қарамастан Нұрлан бауырға дауысымды беремін!

Өйткені ол партия атынан түсіп отыр!

Бәлкім, айтып отырған қырық қасымның бірі осы Нұрлан ініміз болар!

Мәселе Тоқаевта емес!

Мәселе айналасында!

Кешегі Ұлықтау құрылтайында бәрі жамырай





Тоқаевты мақтады. Олар Назарбаев заманында да солай жамыраған.

Перуашев пен Бекболатымыз еңкілдеп жылап та берген...

Соған жол берген - айналасы!

Биыл Ұлықтауда жаңбыр себелегеннен әрі аспай тұр еді. Оның да ретін әлгі айналасы келтірді.

Орден мен медаль жауып берсін...

Кеше Президентімізге күмәнмен қарағанбыз...

Мебель дедік...

Шкаф дедік...

Елбасымыздың көлеңкесі дедік...

Енді ше?!

Елбасымызды жолда қалдырды!

Оған Елбасымызды кінәлаудың жөні жоқ!

МГИМО бітірмегенін білеміз!

Облыс тұрсын совхоз басқармағанын да білеміз!

Ендеше Елбасымызға кешіріммен қарайық!

Жұрт Перзидентіміздің кейінгі Жолдауынан көп нәрсе күтті!

Оның бастысы - Қаңтар шындығы еді!

Айтылмады...

Елдің күткені дебат еді!

Сонда айтыла ма деп...

Ол да болмайын деп тұр...

Көліктің айналмайтын дөңгелегі болады.

Бесінші дөңгелек!

«На всякий случай»... деп алып жүреді...

Сол случай келгенде әлгі дөңгелектің құны аспандап шыға келеді!

Олай болса Президент қасына қасымдар барсын!

Жә, ұзап барамыз...

Осымен қайырылайық.

Айдаһардың тілін табу үшін кемі жыланның тілін білуің керек!

Аюдың тілін табу үшін Алматы, болмаса Астана көшесін бір айналып шығу жеткіліксіз!

Пілдің тілін білу деген сөз -пілмен суретке түсу деген сөз емес!

Есектің тілін білу деген - есекке міну деген сөз емес!

Ол ешқашан қасына қотармашы алған емес!

Және біреуге қотармашы болған емес!

Ол ООН-да істегенде аюмен аюша, итпен итше, пілмен пілше, айдаһармен айдаһарша, қолтырауынмен қолтырауынша тілдесті!

Ортаға кісі салмады!

Ендеше Қасымжомарт бауырымыз қасқырша да тілдесе алады!

Ал қасқыр жұрты - Біз боламыз!

Қайыр!

***08.11.2022.***

# БОҚТЫ КӨТЕРІЛІСІ: ҚАРАҚШЫЛАРЫ КІМ? БАСЫМАШЫЛАРЫ КІМ?

Біздің төл тарихымызды жаза бастағанымызға отыз жылдың жүзі болыпты. Оның өзінде кәсіби тарихшылар емес, тарих маңын төңіректегендер жазып жатыр. Бұл топқа өлкетанушыларды, шежірешілерді, жазушыларды, жорналшыларды жатқызуға болар. Бүгінгі күн тұрғысынан алғанда, еңсемізді тіктеген отыз жылымыз аз уақыт емес.

Келген жерімізден алды-артымызға көз жүгіртсек, біраз шаруа тындырған сындымыз. Бажайлай түссек, түк бітірмеген болып шығамыз.





Себеп жеткілікті. Бұған дейін біздің тарихымызды басқа жұрт жазып келген. Өзіміздің жазғымыз бар. Бірақ, біздің тарих жазу машығымыз жоқ, бар болса, онымыздан ажырап қалғанбыз. Сонан да біздің төл тарихымызда сусаниншілдік белең алып тұр. Басқасын қойғанда, әлі күнге дейін Кенесары хан мен Оспан батырдың соғыстарына баға бере алмай келеміз. Төл тарихымызды ашып қарасақ, жоңғарлардан басқа ешкіммен соғыспаппыз. Шын мәнінде, соғыстан көз ашпаған елдердің бірі біз емес пе едік? Кез келген қарулы қақтығыс катаклизмге бастайды. Сондай катаклизмдер қазақ даласында күні кешеге дейін толастамай келді. Оның ұзын санын да білмейміз. Мыңнан асыпты десе де селт етпейміз, мыңға тақау десе де мақаулығымыздан жазбаймыз.

Абыралы көтерілісі, Созақ көтерілісі десе естігенімізді білдіріп, басымызды көтереміз. Ал Тоқырауын көтерілісі, Шет көтерілісі, болмаса Боқты көтерілісі десе, солардың бірі шығар деп тон пішіп, сүлесоқтығымыздан таймаймыз.

Айтып отырған Боқты көтерілісіміз сонау жиырмасыншы жылдардың соңы мен отызыншы жылдардың басында өткен. Айналдырған сол үш жылда қазақ даласында төрт жүзге тақау көтеріліс болыпты. Бұл - ресми деректердің сілемі. Олай дейтініміз, сондай талай көтеріліс, толқулар қағаз бетіне түспей қалған. Түссе, тұмшаланған. Шекелеріне «Мәңгі құпия» деген гриф қойылған. Сол гриф әлі алынбай келеді.

Жақында ғана сол көтерілістердің энциклопедиясы шықты. Академиялық энциклопедия. Содан іздегендерімізді таба алмадық. Оны айтасыз, өзіміздің Тоқырауын (Ақтоғай) көтерілісі туралы бір ауыз сөз таппадық. Осыдан кейін не айтуға болады?

Сөз қылып отырған Боқты көтерілісі туралы да тапқан дерегіміз шамалы. Ақпарат кеңістігін шарлап та тұщымды дүниеге жолықпадық.

Бір қарағанда бар сияқты, бір қарасаңыз жоқ сияқты. Бар болатыны С.Нығметжановтың, Ю.Поповтың, Ж.Алпысбаеваның көңілге қонымды жазбалары бар. Қалғанының бәрі - жақсылы-жаманды көшірмелері. Қайсысын ашып қарасақта, шаруалар көтерілісі деген жазбаны көресіз.

Сол-ақ екен көз алдыңызда қолдарына айыр, аша ұстаған жүдеу жандар тұра қалады. Мынау Ресей фильмдерінде сондай әйелі-еркегі аралас тобырлар жүруші еді. Соның елесі ме деп қаласыз.

Сонымен, Боқты көтерілісі дегеніміз не? Оның мәртебесі қандай болмақ? Шаруалар көтерілісі ме?

Ең алдымен, бұлар сай-саладан, қырдан-ойдан жиналған тобыр емес. Бір аймақтың, болмаса, өңірдің тұрғындары. Демек, бұлар бір-бірімен туыс жандар. Қан туыстығы - қандай көтерілістің болсын, ішкі қуатын арттыратын факторлардың бірі. Шаруалар көтерілісі дейін десек, көтеріліс басшыларының барлығы да сол кездегі сауатты, көзі ашық, ел тізгінін ұстаған бақуатты азаматтар. Оның үстіне шиті мылтық, берденке, винтовка, гранаталары болған.Өздеріне жоқ каруды өзгелерден тартып алған. Демек, осы бас көтерулеріне алдын ала дайындалған. Көтерілісшілер сапына советтік қызыл аппаратта қызметте болған, кейін сенімсіздік көрсетіліп жұмыстарынан тайдырылған партократтар да тартылған. Түрлі себептермен қазақ даласына жер аударылған орыс қашқындары да осы топты тапқан. Олар көтерілісшілерді соғыс тактикасына дағдыландырған, қару соғуға қатысқан. Және айнымай аяғына дейін тұрған.





1931 жылғы 8 майда ашылған №02157 істің айыптау қорытындысында былай деп жазылған: «1931 жылы наурыздың ортасында мүлкінен айрылған атайынды байлар Серіков Әбді, Әшкер, Мұқаш, Ыбырай және олардың балалары ауылда коллективтендіру тәрізді саяси шаруашылық науқанын жүргізу, тап ретінде байлар мен құлақтарды жою кезінде Қазақстанда Кеңес үкіметі құлайды деген өсек таратып, Қу және Қарқаралы аудандарының территориясында құрамында 500 - 600 адамы бар контрреволюциялық банда ұйымдастырған. Олар біраз ауыл кеңестерін, колхоздарды, коммунистерді, қару-жарақты басып алып, Кеңес үкіметін құлатып, байлардың үкіметін құруды мақсат еткен». Бұл көтеріліс басқа өңірлермен байланыс орнатып, жаушы ұстаған. Ол аз десек, көтерілісшілердің штабы болған. Көтерілісшілердің құрылтайы шақырылып, оның мақсаты, жоспары дәйектелген. Демек, бұл шаруалар көтерілісі емес.

Көтеріліс бір күнде бірнеше жерден бас көтерген. Оның құпиялығы сонша, советтік жаншу аппараты алғаш бетте дәрменсіздік танытқан. Көрші аудандардың чекистерінен көмек сұрауға мәжбүр болған.

Олай болса бұл көтеріліс - халықтық көтеріліс!

Қызыл кепеу, милиция өздерінің дәрменсіздігін бүркемелеу мақсатымен бұларға қарақшылар деп қара таңба басқан.

Дұрысы, қызыл таңба!

Өйткені, оларды қалың бұқараға бөжекей етіп көрсетіп, банда деген!

Кісі өлтіруші, тонаушы, зорлықшы топ ретінде тергеусіз, сотсыз атып тастап отырған.

Көтерілісті басуға Семей губерниясының үш ауданының әскери отрядтары тартылған.

В.Михайлов «Ұлы жұт жылнамасы» кітабында былай дейді: «В городе около 300 человек заключенных последние дни абсолютно ничего не получают и живут на передачах, если кому носят. В домзаке цинга, обострение туберкулеза, цинга в детдомах».

Бұл 1931-1932 жылдардағы Қарқаралыдағы жағдай. Өздері нан тауып жей алмай отырып, осыншама адамды қамақта ұстаулары қалай? Бұлар кісі өлтіруші, болмаса ұры-қары емес, бұлар банда-бүлікшілер еді. Бүлікшілердің атылғандары атылып, аман қалғандары еді бұлар. Бұл үштіктің үкімі шыққанымен, жергілікті үкімет сол үкімдерін өздері орындай алмай жатқан түрі болатын.

Боқты көтерілісін зерттеу базасы жеткілікті. Қанша адам атылды, қаншасы итжеккенге айдалды? Бәрі белгілі.

Қағаз бетіне түспеген белгісіз тұстары да жетерлік. Олай болса, кез келген дерекке жітілікпен қарау керек болады. Осы жерде мынадай бір деректі айта кетейік.

Тоқсаныншы жылдардың аяғында белгілі жорналшы Серікбай Алпысов «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде «Қамбарлар көтерілісі» деген көлемді мақала жариялады. Соған орай, редакцияға хабарласушылар көп болды. Сол келушілердің бірі Боқты көтерілісін басуға айырпланның қатысқанын айтып еді. Мұндай әңгімені белгілі жазушы, өлкетанушы Кәмел Жүністегі ағамыз да айтады. Ағамыздың айтуы бойынша бұл әңгімені әкесі Ыбыш Жүнісов айтқан екен. Ал, Ыбыш әкеміз үлкен кызметтер атқарған адам. Ақтоғай, Шет аудандарының аудандық газеттерінде редактор





болып қызмет істеген. Көптеген танымдық мәні бар жазбалар қалдырған.

Белгілі өлкетанушы Ю.Попов өзінің «Бахтинские страницы» зерттеуінде қарқаралылық чекист Никита Зиновьевич Червовпен кездесуінде былай деп жазады: «Был дан приказ: с бандитами вести переговоры, предлагать прекратить борьбу и сдаться местным властям. Как правило, уговоры не действовали. Все заканчивалось перестрелками. Помню, погиб в одной из них земляк Алексей Бедрин. Для доставки оружия выбрали площадку под самолёт. Прилетел У-2 и нагнал страх на противника, который действовал отчаянно и дерзко. Были попытки прорваться в город, на окраинах постреливали. Потом, собрав солидные силы, мы начали наступление на Бокты».

Айырпланның Қарқаралыға келген жылын доп басып айта алмасақ та, жиырмасыншы жылдардың ортасында болғаны анық. Өйткені, айтып отырған Қарқаралыда айырплан жасаушы семейлік татар мен ақшатаулық қазақ жөніндегі деректер бар. Уақыты келгенде оны да жазатынымызға сенімдіміз. Ең қызығы, сол айырпланды «Қараның қолмергендері атып түсірген көрінеді».

Мұны да айтып отырған Кәмел ағамыз. Мұндай деректің айналысқа түсуі мүмкін емес, әрине. Қайдағы бір «қараңғы қазақ» аспандағы айырпланды атып түсірді деген сұмдық емес пе?!

Шам алып түсер болсақ, бұл деректің де ұшығына шығуға болар деп ойлаймыз.

Боқты көтерілісіне қатысушыларды бандалар деп қоймай, басмашылар деп те қаралаған. Бұл деректің де өмір сүру құқы бар. Көтеріліс басылған соң жаншу операциясының қатыгездікпен өткені

белгілі. Көтерілісшілердің әйелдерін жаяу-жалпылап Балқашқа айдаған. Солардың көбісі барар жеріне жетпеген.

Көтерілісшілердің бір тобының чекистердің құрығынан сытылып кеткені белгілі. Бір тобы Ресейге бет түзесе, енді бір тобы Балқаш арқылы Ферғана жазығына шыққан. Басмашы деп жүргеніміз осылар.

Байқасақ, жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы көтеріліс орталығының бірі Қарқаралы болғанын көреміз. Ел білетін Шұбартау, Абыралы, Боқты көтерілістеріне Тоқырауын, Шет қырғынын қосыңыз.

Сол кездегі Қарқаралы дуанының аумағы Еуропаның үш-төрт мемлекетін өзіне сыйдыра алатын. Мұнда үш жыл бойы халық толқуы үздіксіз жүрді. Қызыл әскермен соғысты. Бір-екі күн емес, апталап, айлап соғысты. Соғысқа пулеметті айтпағанның өзінде айырплан қатысқан... Жан алып, жан берiскен шайқастар жүрді. Сонда бұл толқуды не деуіміз керек? Шаруалар көтерілісі ме?! Сол көтерілістердің бәрі де жеңілді. Неге? Қызыл әскердің мықтылығынан ба? Жоқ! Тағы да жоқ! Жоқ!

Бүлікшілер қылша мойындарын қылыш астына өздері төседі. Өйткені, оларға қарсы қызыл өкімет топтап айдап қазақтарды салды, ауылдастарын салды, руластарын салды, бала-шағасын салды...

Боқты көтерілісі кейбір тарихшыларымыз айтып жүргендей, тобырлардың көтерілісі емес, бұл - кәдімгідей барынша құпия ұйымдастырылып, басқасын айтпағанда, орыс-қазағы араласып, қолдарына қару алып, саяси талаптар қойған халық наразылығы, халық көтерілісі.

Сол бабалардың ерлігін тарих бетінде, ұрпақ есінде мәңгі есте қалдыру мақсатында «Боқты көтерілісі» атты қоғамдық қор ашылып отыр. Қор





жақын арада Боқты көтерілісі өткен жерге обелиск орнатып, көтеріліске қатысты деректерді айналысқа кіргізу мақсатын қойған жайы бар.

Маусымның 28-де аруақты бабаларына бағыштап ас бермекші. Соған орай Боқты көтерілісіне қатысты деректер болса, мына нөмірлер бойынша хабарласуға болады: Қордың тең төрағалары: Аманжол Нұрбеков (87017732243), Мұрат Талюкенов (87025110788).

***06.04.2019.***

# БҰЛ - ХИЖРА ЕМЕС!

**(Қарағанды өңірінде босушылық қалай пайда болды?)**

Ел бүгінде босушылықтың сілемдерін іздеп ит әуре. Бұл сөзді орыстың откочевка деген сөзінің аудармасы,болмаса баламасы ретінде алып отырмын. Әзірше бұл сөз қазір босқын болып қолданылып жүр. Негізі жоғарыдағы екі сөзден басқа баламалыққа сұранып тұрған тағы бір сөз бар, ол - шұбыру сөзі. Өзіміздің сингармонизм заңымызға салсақ бұл сөздерді босушылық, шұбырынды деп алатын боламыз.

Қарағандымыз сол босушылықтың, шұбырындылықтың сынақ алаңы іспетті. Аштыққа байланысты босу, табиғи апаттармен байланысты босу, күштеп көшіруге байланысты босу, кәмпескеге байланысты босу қашанда Арқада, оның ішінде Қарағанды өңірінде бұрында болып тұрған.

Соның ең қасіреттісі қолдан жасалған босу еді.

Алтын Орда заманынан бері бабаларымыз ту тіккен жерге көз тіккен аю көршіміз қазақ даласын

күшпен, қару-жарақпен ала алмаған соң қилы құйтырқыға барды.

Соның ең бастысы қазақ баласына өз жерін өз еркімен босатуға мәжбүрлеу еді. Арқадан Қарағандыны салу, сол Қарағанды арқылы Теміртау сынды алып комбинатты дүниеге келтірудің астарында осындай зұлым, астамшыл терең саясат жатыр еді.

Қазақ баласының өндіріске жоқ екендігі белгілі. Олай болса қазақ ұлтының осы осалдығын барынша пайдаланып, алға қойған мақсаттарына жетуге әбден болады.

Ол үшін Арқадан алып өндіріс орталығын ашу керек. Оған Одақтың түпкір-түпкірінен мыңдаған жұмысшы тартылуы керек. Оның ішінде орыс ұлтының үлес салмағы жергілікті тұрғындардың үлесінен артуы керек еді.

Қарағанды осындай саясаттың өнімі!

Қарағанды осы саясаттың түпкі өнімі!

Бұл саясат күні-кешегіге дейін келді.

Қарағанды отызыншы жылдары кәдімгідей дүрілдеп тұрды. Ел нәпақаларын осы қаладан тауып жатты. Аштық жылдарында осы өңірдің барша қазақтары Қарағандыға ағылды.

Өкінішке қарай қала қыр қазағын қабылдамады. Жұрт қайта кері шұбырды. Ал Қарағандыда сол тұста жұмысшы қолы жетпей жатты. Қажетті төрт мың жұмысшыны сонау Украинадан алдырды...

Қарағандыда қолдан босқын жасау осылай бой көрсетті!

Іле ҚарЛАГ-ын да әкеліп салды. ГУЛАГ-тың бір бөлімшесі ретінде бой көтерген бұл лагерьге 110000 гектар жер бөлінді. Осыншама жер ешқандай лагерьге берілмеген болатын.





ҚарЛАГ дүниеге 1930 жылы 13 мамырда келді...

Содан ел тәуелсіздігіне дейін келді.

Әуелде бұл лагерь «Қазақ еңбекпен түзеу лагері» атанды. Одақта лагерь жетуші еді. Алайда солардың бірде біреуіне мұндай ұлт атауы берілген емес. Орталық бұл қателіктерін өздері байқап, жедел түрде ҚарЛАГ-ке алмастырды.

Қарлаг аумағы терісекейінен түстікке дейінгі 300 шақырым, шығыстан батысқа дейінгі 200 шақырым алапты алып жатты. Оған қоса осы аумақтан сыртқары лагерьден 350 шақырым жерде Ақмола және 650 шақырым жерде Балқаш бөлімшелері құрылды.

Лагерь Мәскеуден басқарылды!

Бір сөзбен айтқанда мемлекет ішінен мемлекет құрылды!

ҚарЛАГ деген мемлекет!

Оның өз өкіметі, қару-жарағы, көлік-құралдары, поштасы мен телеграфы болды. Көптеген бөлімшелері бірыңғай шаруашылық тетікпен байланыстырылды. Олардың өзіндік мемлекеттік жоспары болды.

Жергілікті басқару органдарының оларға ешқандай ықпалы болмады.

Лагерь аумағын тұрғылықты халықтан босату аса қатыгездікпен жүргізілді. Жергілікті халықты мәжбүрлеп көшірді.

Халық босуға ұшырады!

Бұл - ішкі депортация еді!

Қазақтарды тұрған жерінен айырып, Қарағандының маңына шоғырландырды. Қазақ баласы осылайша босуға ұшырады!

Бұл өңірді қазақтың Арғын тайпасының Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек аталары жайлайтын. Соларды

жылы орнынан қозғады. Қақаған қыс ішінде. Зорлықпенен Қуандық атасын үшке, Қаракесек атасын төртке, Сүйіндік атасын екіге бөліп тастады. Сөйтіп, қаны бір туғандар айдың аманында бір-бірінен ажырап жатты.

Ал басқа ұлттарды, оның ішінде немістер мен орыстарды, украиндарды Қарағандының құнарлы аймақтары Тельман, Осакаров және Нұра аудандарына қоныстандырды. Сөйтіп, бұл аудандар біржолата орыстануға бет алды.

Шет және Жаңаарқа аудандарының біраз аймағы ҚарЛАГ-қа кірді. Осы өңірдің Ақой, Бұрма, Қызылтау, Ортау, Көктіңкөлі, Өспен, Жарық елді мекендері ҚарЛАГ бөлімшелеріне айналдырылды. Олардың атауларын санмен алмастырды. Ал ондағы тұрғындарды шөлге қарай ығыстырды. Ел Бетпақдалаға ауып кетті.

Осы өңірдегі бай-құлақтардың тәргіленген малы ҚарЛАГ иелігіне берілді.

Ал бос қалған жерлерді тұтқындармен толтырды. Олар лагерьдің бүкіл аумағына орналастырылды.

Босуға көнбеген қазақтарды халық жауы деген жалаға іліктірді. Қолдан статья тауып, ҚарЛАГ-қа отырғызды.

Сөйтіп, Қарағанды өңірін қазақтардан босату саясаты үш сатыдан тұрды. Біріншісі - босушылыққа ұшырату.

Екіншісі - босушылыққа ұшырамағандарды ҚарЛАГ-ке отырғызу.

Үшіншісі - осы репрессияға ұшырағандардың отбасын екінші мәрте босушылыққа ұшырату.

Босушылықтың бұл толқыны негізінен Ресей жеріне ауды.





Бұл лагерьде барлығы төрт мыңның үстінде адам отырды. Соның сексен пайызы қазақтар еді. Негізінен бұлар жоғарыда келтірілген қуандық, қаракесек, сүйіндік балалары еді.

Қарағанды өңірі босушылыққа осылай ұшыраған еді...

Орыс «бауырларымыз» күні бүгінге дейін мұны откочевка деп келеді.

Бұл -көш деген сөз...

Бұл -- хижра деген сөз...

Өкініштісі бұл хижра емес!

Сенбесеңіз басынан бастап қайта оқыңыз...

***20.10.2021.***

# БҮГІН ДЕ СОЛ ЫБЫРАЙМЫЗ

Араға ғасыр уақыт түскенімен өзгергеніміз еш байқалмайды. Сол - баяғы Ыбыраймыз!

Үш адам болса болды - ұжым болып шыға келеміз. Ұжым болған соң оның басшысы болады. Басшы болғанда - Президент!

Ана қоғамның президенті, мына қоғамның президенті, ана қордың президенті, мына қордың президенті...

Мұның бірде біреуі бізде сайлаусыз өтпейді. Содан да сүрініп, қабынып жүргеніміз...

Баяғыда нәлог жинаушылар болушы еді, сүйек-саяқ жинаушылар болушы еді.

Біз де солардан қалыс қалар түріміз жоқ. Жаяу-жалпылай, болмаса атарбамен ел ішінде жүре береміз. Біздің жинайтынымыз - дауыс!

Кешегі шалдардан гөрі біздер бақыттырақ болсақ керек. Өйткені біздің дауысымыз өзімізде!

Онымен не істейтінімізді өзіміз білеміз!

Керек пе - сатамыз, керек пе - сыйлай саламыз...

Ал билік оны тегін алғысы келеді. Және алып та жатыр...

Партия дегендері бар. Баяғы қызыл партиялар құрыған. Оның орнын ұшпаққа шығарамыз деген «Отан», «Ақжол», «Асар», «Рухания»т.б. партиялар басты. Атаулары айқайлап тұрғанымен олардың ешқайсында адами келбет болмай тұр...

КСРО-ны құлатқан басқа емес, нақ компарияның өзі!

Кейін білінгеніндей бұл партиямыз нағыз жемқорлар партиясы болып шықты!

Біздің «Отанымыз» да, басқасы да сондай партиялар. Әуелі «Отан» болды, одан кейін «НұрОтан» болды, одан кейін «Аманат» болып отыр...

Қуғын-сүргін көрген партиялар атауларын өзгертіп жатушы еді...Ал біздің партиямызға қандай нәубет келді екен дейсіз?!

Қайта өзгелерді қуғын-сүргінге ұшыратып отырған партиямыз емес пе?!

Алма ағашы жемісінің алысқа түспейтініндей бұл да жемқор партия болып шықты. Партия мүшелерінің бәрі бірдей жемқор деуден аулақпыз, алайда жайын жемқорлардың барлығының осы партия мүшесі болуы қалай?!

Қой ұрлап жегенге бес жыл, сиыр сойып алғандарға он жыл беріп жатырмыз. Ал олардың бостандықта жүрулері қалай?!

Тіпті, оларды баяғыдай мырзақамауға да алмай отырмыз ғой...

Осыдан кейін қандай «Әділетті Қазақстан» жөнінде әңгіме қозғауға болады?!





Әділетті қоғам жөніндегі әңгіме кеше, бүгін пайда болған жоқ. Атам заманнан келе жатқан әңгіме. Және бұл қияли әңгіме...

Өйткені бірдей жаратылған жаратылыс жоқ!

Олай болса заңның өзі шартты нәрсе. Адамдардың ойлап тапқаны!

Олай болса ешқандай да әділетті қоғам болмайды.

Біздің басты заң кітабымыз - Атазаңымыз!

Ол жөнінде әңгіме айта бастасаң елдің иығы селкілдеп тұрады. Өйткені біздің заңымыз құбылып тұрады. Керек пе - түзейміз, керек пе - күзейміз...

Қазір ол жөнінде тек Атазаңымыз күні ғана айтамыз! Басқа күнде айтушы да, тыңдаушы да ыңғайсызданамыз... Ши шығарып аламыз ба деп...

Өйткені ол заңымыздың өзегінде қазақылық болмысымыз жоқ!

Білушілер прансоздың Атазаңына ұқсайды дейді...

Анығы сол - кімдікі болса да біздікі емес!

Бұл заңымыз бойынша да біздің өз дауысымыз бар!

Сол дауысымызды өзіміз сезіне бермейміз!

Жемқорларымыз тек ақша қымқырады десеңіздер - адасасыздар.

Біздікілер дауысты да қымқырады!

Әсіресе сайлауларда! Оның ішінде Президент сайлауында!

Президентіміз биылғы сайлауға түсетінін мәлім етті!

Сол-ақ екен басталды!

Адам Ыбырайлар партия Ыбырайға айналып қоя берді. Қарапайым халық күнделікті нан тауып жеу қарекетінен айнымайды.

Ал айтып отырған партияларымыз Президентімізге дауыс беріңіздер деп қылғынады.

Халық болса құлақтап қалған...

Бұл партиялардың өз кандидаттары қайда деп таңырқайды!

Президентіміз еш партияньщ қатарында жоқ еді ғой деп таңданыс білдіреді!

Бұл жолы Президентіміз халықтың өзіне салмақ салды!

Басқалары ше?

Басқаларын көпшілік тани да бермейді!

Біреуі жуан жұдырығымен ауа осқылап, екіншісі сол жұдырықпен сүйек шағып, үшіншісі ат тізгіндеп ел көзіне ілінгендей болды.

Бұл сайлауға елдің дайын еместігі айқайлап-ақ тұр!

Сайлауға түсем дегендер сайлау алды дайындығын баяғыда-ақ бастаған!

Президентіміздің дайындығы сондай дайындық!

Қалғандарінікі қосақ аралық...

Біздің өзгерген ештеңеміз жоқ! Сол баяғы - Ыбыраймыз!

Тоқтар ағамның дауыс жинап жүргенін қалай түсінуге болады?!

Тасмағанбетов бауырымның дауыс жинап жүргенін қалай түсінуге болады?!

Сол бауырларым түссінші сайлауға!..

Дауысымды ойланбастан берер едім!

* * *

Дауыс берейік!

Жүрек қалауымызбен!

***16.11.2022.***





# БІЗ БІРГЕМІЗ

Тәжустың Қытайдан шыққаны белгілі. Өткен жылдың желтоқсанында төрткүл дүние дүр сілкініп Қытайға одырая қарады. Өйткені қансу жұрты оның алдында елді шошқа тұмауымен, оның алдында құс тұмауымен шошындырған. Білетіндер жарқанаттан дейді, оны жылан жеген дейді. Ал жылан болса қансудың сүйсініп жейтін асы!

Қансумен ірге бөлмеген елміз. Төрт ай жүріп келгеніне қарағанда шынымен жыланмен байланысты болса керек. Ал Еуропаға, оның ішінде Италия мен Испанияға тарап жатқаны жарқанаттан жұққаны болса керек.

Жан тәтті екен. Әшейінде топ, тобыр, түрлі одақ болып бірігіп жататын жұрт оңашалана қалды. Қытайға қол ұшын берген жан болмады. Ресей де өзі алысып жатыр.

Қансу жұрты он күнде жиырма мың орынды аурухана салып тастады. Өз есебінен жаңылмайтын өзағам да бес күнде он мың орынды аурухана соғып, айды аспанға шығарды.

Бізге де соқсақ болар еді. Оның ішінде алты ай қысы бар Арқа жерінде. Нұраның бойында тұрып шақшаңызды шығарып, таңқ етіп түшкірсеңіз Есілдің қазағы жалп ете түсер еді. Соған қарамастан әлі бейқам жүрміз.

Отан соғысын қайдам, Ұлы Отан соғысында да бұлай болмаған. Мектебі, моншасы, шаштаразысы істеп тұрған. Онда да қырылған, мұнда да қырылып жатырмыз. Олай болса мұнымыз қып-қызыл соғыс, мылтықсыз майдан. Олай болса мұнымен қауіпсіздік кеңесіміз шұғылдануы керек

еді. Онда Елбасымыз отыр ғой деп сенімді едік. Алайда Елбасымызды бізден гөрі коммунизм елесіне айналған Еуразиялық экономикалық одақтың ертеңі алаңдатып отырған жайы бар.

Бірден шекарамызды жабуымыз керек еді. Теріскей Корей елі тәжустің не екенін білмейді дейді. Өйткені шекарасы жабық. Моңғол жұрты да солай. Олар еліндегі барша қансуды шығарып жіберді де шекарасын тарс жауып алды.

Баяғыда тәуелсіздігімізді алғанымызда да осылай болған. Тарап жатқан Одақтың ең соңында қалғанбыз. Одақтың барша қағаз рублі бізде айналды. «Жарыл қазақтың» миллионер емесі жоқ еді. Ол да бір дәурен екен-ау?! Есесіне жылан жалағандай дүкендеріміз бос тұрды. Сол бейқамдығымыз тағы да қайталанды. Ел шекараларын жауып алды. Бізден қауіптеніп. Біз болсақ әлі жүрміз шекарамызға ие бола алмай. Карантин жариялағанымызға жарты айдың жүзі болды. Ал бізге қашқан-пысқандар әлі кіріп жатыр.

Президентіміздің де қолы босамай жатыр. «Қалаулымды» жабам деп қызылтанау болып жатқан жайы бар. Әрине, бұл да керек нәрсе. Алайда онымен ертеректеу шұғылданғанда абыройы одан да әрмен болар еді.

«Нұр Отанымыз» мұндайда тарап жатушы еді. Бұл жолы мәлімсіз демалысқа кетті.

Парламент карантин де отыр.

Сырт қараған адамға Сервантестің кейіпкерлері бізде жүрген сияқты...

Сонда?.. Бізбен кім шұғылданады?

Санитарлар, еден жуушылар...

Негізі, әрине, дәрігерлер. Алайда оларды





отыз жыл бойы жалақыдан қысып келеміз. Қазір олардың көпшілігі барахолка сөресінің әр жағында тұр. Барының өзіне сенімсіздікпен қараймыз. Өйткені бүгінде бізде дәрігер дипломы сатылады. Тіпті, бұл салада дипломның да онша қажеті де жоқ-ау деп қаласыз. Әйтпесе, министрі экономист болар ма еді?

Бүгінде бұл салаға жауап беріп отырған адамды көрмейміз. Денминіміз Біртанов сияқты еді, алайда тәжус туралы сөйлеп тұрған Абаевты ғана көретін болып жүрміз.Кейінгі бір хабарында жұртшылықтан кешірім сұрап жатты. Әрине, кешіреміз. Өйткені ол маман емес ғой.

Қайран, бабалар?! «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деп осындайдан айтады екен ғой.

Жалпы, осы денминімізді қайта қарау керек сияқты-ау...

Бәлкім, шұғыл түрде елімізде жаңа министрлік құру керек болар. Емші-құшнаш министрлігі деген. Қазіргі жұрт балтыры сыздаса дәрігер іздемейді. Құшнаштар өздері тауып алады. Оларға сенсек қолдарынан келмейтіндері жоқ. Қазір солар президентімізге сөз салып жатыр-мыс. Біз емдейік деген.

Олар жай емші-құшнаш емес, олар көріпкел!

Оны көзіміз көріп отыр. Бас санитар дәрігеріміз бізге тәжус пәленбай күні келеді деп еді - келді. Айтқан күнінде.

Бас дәрігеріміз тәжуспен ауыратындар саны жақын маңда үш жарым мыңға жетеді деп сәуегейлік айтып жатыр. Оған да сенеміз.

Жалпы, біздің елді Вангалар елі десе де болады.

# БІЗДІҢ АТЛАНТИДАМЫЗ

**Бұланты...**

**Бұл өзін қазақпын деп санайтын әрбір ұланның бір бүйірінде жүретін сөз!**

**Қазақтың Отан соғысы осы Бұлантыда өткен!**

**Қазақтың ұраноты осы Бұлантыда жағылған!**

**Өйткені таяқ тастам жерде қазақ баласының ұлт ұясы Ұлытауы тұр!**

**Сол от қырық күн бойы жанып тұрды дейді ел аузындағы тарих!**

**Сол отқа кеудесінде жаны бар әрбір қазақ баласы ағылды дейді ел аузындағы тарих!**

**Сол от Білеутіде де жағылған...**

**Сол от Қарасүйірде де жағылған...**

**Сол от Үйтаста да жағылған...**

**Сол от Қалмаққырғанда да жағылған...**

**Ұранот осылайша Ұлытау алабында төрт жыл бойы жанып тұрды...**

**Біреу білген, біреу білмеген, біреу білуге тырысып жатқан бұл не тарих?!**

**Тарқатамыз...**

## I
## АЛАҢ ДА АЛАҢ, АЛАҢ ЖҰРТ...

Шұбартеңіз...

Бұланты...

Білеуті...

Аңырақай...

Итішпестің Алакөлі...

Бұл қазақтың әрбір баласының жатқа білуге тиісті тарихи атаулары. Бұл атаулар «Әліппемізге» кірмесе





де «Ана тілімізге» кіруге тиісті атаулар. Өкініштісі бұлар мектеп оқулықтарына сығалап болса да кіруге тиісті кірмей қалған атаулар...

Тәуелсіз елміз деп кеуде қағып келе жатқанымызға отыз жылдың жүзі айналыпты. Осы жылдар ішінде кейінгі өскелең ұрпақ құлағына осы қасиетті атауларды сіңістіре алмаған екенбіз.

Бұл атаулардың қасиетті тәуелсіз сөзімен тікелей қатысы бар.

Тәуелсіз Қазақстан деген бетте санамызда осы сөздер жаңғырып тұруға тиіс еді...

Бұланты жөнінде елге әңгіме айтып көріңіз. Жыға тани алмай жатады. Әйтеуір естіген екен... деп шүкіршілік айтасыз. Олардың әңгіме ауанына қарасаңыз Бұланты қазақ жерінде емес, басқа бір елдің жерінде өткен шайқас сынды...

Әйтеуір бір селқостық бар!

Қазақ баласына керек емес селқостық!

Сол Бұланты өзені қайда десеңіз:

- Қалмақ жерінде болар...- дейді күмілжіп.

Бұл жерде ешкімді де жазғырайық деп отырғанымыз жоқ. Алайда мына жауаптың жүректі қозғайтын жауап екендігін несіне жасырайық.

Мұның өзі біздің зәузаттық жадымыздың, тарихи сапамыздың шалажансар жатқанын көрсетеді.

Бұланты бұл - Ұлытау деген сөз!

Бұланты бұл - Сарыарқа деген сөз!

Сарыарқа бұл - қазақтың жүрегі деген сөз!

Ұлытау Бұлантыдан таяқ тастам жерде!

Ендеше бұл шайқас Ұлытау үшін шайқас!

Ұлт ұясы үшін шайқас!

Русия үшін Мәскеу қандай болса Қазақия үшін Ұлытау да сондай!

Асырып айтсақ бұл қазақтың бар болу шайқасы!

Сондықтан да қазақ қосындары Бұлантыда тұрып алды!

Жарты қарыс шегінбеді!

Өйткені артында ұлт ұясы Ұлытауы тұр еді!

Бұланты өзені бойындағы шайқасты ресми түрде 1727 жылдың көктемінде өтті деп келеміз. Кейбір дерек көздерінде 1728 жылы деп те көрсетіледі. Ал Білеуті шайқасы 1729 жылы өтті деп жүрміз. Мұнан басқа Үйтас, Қарасүйір шайқастары да өткен...

Бұл жерлердің барлығы да Ұлытаудың қамал қорған жерлері!

Сондықтан да мұндағы шайқастар жойкын еді!

Бұл алаптағы алапат шайқастар көріп отырғанымыздай 1727-1730 жылдары өткен.

Демек соғыс төрт жыл бойы жүрген!

Ендеше бұл Отан соғысымен бірдей деген сөз!

Бұл Отан соғысы!

Қазақ баласы үшін!

## II
## ОТАН СОҒЫСЫ

Басқа жұрттың тарихын қарасақ көзіміз сүрінеді. Соғыс атауларынан. Бұл атауларда келер ұрпағымыз ұлт қырғынын ұмытпасын деген астар жатыр...

Кімнің жау, кімнің дос екендігін осы атаулар аркылы-ақ жазбай тануға болады.

Бес ғасыр бойы соғыстан көз ашпаған бізде неге екендігі белгісіз ондай атаулар жоқтың қасы. Болса шайқас, болса мәлімсіз жорық, болса көтеріліс, болса ұрыс...

Тіпті, Патшалық Ресеймен бел түріп, он





жыл соғысқан Кенесары соғысын да «Кенесары қозғалысы» деп жүрміз.

Әріге бармай-ақ, бергісін алайықшы...

«Отан соғысы», «Ұлы Отан соғысы», «Испан соғысы», «Полтава шайқасы», «Синай соғысы», «Ауған соғысы»...

Бұл соғыстардың қай-қайсында болсын біздің бабаларымыздың қатысы бар.

Тіпті, біздің бабаларымыздың Сена өзенінде ат суарып тұрған бейнелері де бар. Сонда олар онда не істеп жүр?

Мәскеу түбінде шайқасқандардың қазақ екендігіне сеніңіз. Брест қамалын қорғағандар да қазақтар. Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіс туын тіккен де қазақ!..

Осының барлығын өз тарихымыз деп оқып жатырмыз, окытып жатырмыз. Ал өзіміздің ұлттық тарихмыз жөнінде неге жақ ашпаймыз? Біздің жауымыз бір ғана жоңғар болған ба? Тіпті доспыз деп отырған қырғызбен де шабыстық той. Сонда қалай болғаны? Біздер қысық көздермен, кәуірлермен, алласы аузынан түспеген араптармен, құдайшылығын алға салатын қызылбастармен дос болғанымыз ба? Не, біздің ауғандармен, қашқарлармен соғысқанымыз өтірік пе?

Не, біздің әлі күнге дейін орыстармен, жөңгелермен сотыс жағдайында отыртанымыз өтірік пе?

Қазіргі Русия жерінің Оралдан бергі жері біздікі емес пе?

Не, біз ол жерімізді сыйлай салдық па?

Түп Тарбағатайдың екіге бөлінгені ешкімді ойландырмай ма? Алтайдың арты жағында да бауырларымыздың отырғаны қаперімізде жүрмей ме?

Корей екіге бөлінді, ветнам екіге бөлінді деп лағынет айтып жатамыз.

Қазақ баласының төртке бөлінгенін көрмей отырмыз ба?

Бір кездері қазақ баласының төрт жүз мың қол шығарғанын неге мақтан тұтпаймыз?

Қасым қозғалғанда төрт жүз мың қолмен қозғалған.

Бұл қырық мың түмен деген сөз ғой. Мұндай қол қаһандардың өздерінде болмаған. Есім жорыққа екі жүз мың қолман шыққан.

Қазақ даланың бабаларымызға қорғау оңай болмаған. Сондықтан да ат үстінде өткен бабаларымыз қаншама?!.

Жау алыста емес еді. Көршілеріміз еді...

Олар қазақ баласын қалай ыдыратса айтып отырған жоңғарларымызды да солай ыдыратты. Ақырында жоңғар жұрты тарих сахнасынан кетіп, қалмақ деген атаумен жұқанасы қалды.

Қазақтың діндарлығы алдында араптарың жіп есе алмай қалады.

Қазақ баласы ешқашанда қызын басқа жұртқа ұзатпаған. Өзі де басқа жұрттан келін түсірмеген. Оның өзінде тоқалдыққа алған. Ешқандай жұрттың қызы қазаққа бәйбіше болып түспеген! Алайда біздің мамаларымыздың қалмақ болып келетіні қалай?

Олай болса біздің бабаларымыз жоңғарлармен неге жүз жылдықтар бойы соғыс жүргізген? Жоңғарлардың қазақ жерінде өз жеріндей соғысатыны қалай? Олардың да табан тіреп соғысатынын қалай түсінуіміз керек? Олардың қазақ жерінде қасық қаны қалғанша соғысатынын қалай қабылдауымыз керек?





Бәлкім, біздің жеріміз деп жүрген пұшпағымыз жоңғарлардың жері болар?!.

Міне, гәп қайда?..

Бір кездері Сарыарқаның жазиралы даласында қалмақ пен қазақ қатар отырған. Төскейде малы, төсекте басы қосылған. Қазақ баласы не ішсе соны ішкен, қазақ баласының тонын олардың да иығынан көруге болатын. Тіпті, дәрет алуы да бірдей-тін. Сонда?..

Діні ғана бөлек еді. Әйтпесе, қалмақ түрік баласы. Оның ішінде бізге жақын болар ма? Қазыбек пен Қонтайшының қотармашысыз сөйлесетіні жадымыздан шықпаған болар? Әрі-беріден кейін Қонтайшының шор екендігін де білсек керек.

Олай болса жоңғардың (қалмақтың) да қазақ даласына таласы бар еді.

Олар да Сарыарқаны өз жерім деп білді...

Олар да Ұлытауды өз жерім деп білді...

Әйтпесе қазақтың сайын даласындағы Сарыарқа үшін, Ұлытау үшін өкінбей соғыспас еді...

Қазақ пен жоңғар (қалмақ) арасындағы жүзжылдық соғыстар осылай пайда болған!

Кімнің кім екендігін осы Бұланты соғысы көрсетті!

Сарыарқаның кімнің жері екендігін осы Бұланты соғысы көрсетті!

Ұлытаудың кімнің жері екендігін осы Бұланты соғысы көрсетті!

Олай болса бұл қазақ баласы үшін Отан соғысы болып табылады!

Олай болса Бұлантыға ескерткіш қою керек!

Кемі Ұлытаудың биіктігіндей!

III

# ҚАЗАҚ АТЛАНТИДАЛАРЫ

Қазақ баласының жоғы көп...

Бізде бәрі жоқ...

Қыл ақыры төлтарихымыз да жоқ...

Тіпті, сол жоғымызды түгендейтін жоқшымыз да болмай тұр-ау...

Тарихшыларымыз жоқ емес - бар. Тіпті, сыңсып отыр. Институттарда, лабораторияларда, аудиторияларда, кітапханаларда, мұрағаттарда... Мұрындарынан шаншылып жұмыс істеп отыр...

Бірақ олар біздің жоғымызды түгендеп отырған жоқ.

Түгендей қоятындай уақыттары да жоқ...

Төлтарихымызды орнықтырайық деп қақсап келе жатқанымызға да отыз жыл болыпты. Бұл бетімізбен жүре берсек бізге тағы бір отыз жыл керек-ау...

Қазір не көп - жоба көп. Тарихқа қатыстысы да жетерлік. Қыруар қаржы бөлінген.

Біздің тарихшыларымыз тарихпен емес, сол қаржыны игерумен шұғылданып жатыр.

Әлем мұрағаттарынан қазақ баласына қатысты барша жәдігерлерді жинап алдық. Ал сол жәдігерлеріміз қашан сөйлейді?!

Бүгін, ертең сөйлей қояды деп айту қиын. Басқасын қойғанда бізде шағатайша білетін кәсіби маманымыз да жоқ.

Кейінгі балаларға сана бер дегеннен басқа лаж қалмаған секілді.

Есесіне қазір екінің бірі тарихшы...

Екінің бірі археолог...

Бізге бұл санат та керек, әрине.





Алайда қолдан тарих жасап алмаймыз ба деген қауіп те бар!

Бұған уақыттың өзі итермелеп отырған жайы бар.

Қазіргі қазақ баласының Мәскеу уақытымен жүргісі жоқ!

Сондықтан да адасушылықтың болуы заңды!

Соның салдарын іздесеңіз алдыңыздан жамырап шығады.

Шыңғысханды қазақ қылып қойдық!

Бір кездері найман деп жүр едік, енді адай деп жүріп жатырмыз. Тіпті, қаһанның моласын қазақ жерінен іздеуге көштік.

Сібір ханы Көшімді білсек керек. Арғын ішінде сыңсыған Көшім деген ата бар. Сол ата балалары кеуделерін қағып шыға келді. Көшім ханның ұрпағымыз деп. Неге екендігі белгісіз қазір ондай сөз бәсеңсіді...

Бұлардың бәрі де арзымайтын нәрселер...

Ел Атлантиданы іздеп әуре.

Біздің де өз Атлантидаларымыз жеткілікті.

Солардың бір парасы Бұлантыға қатысты.

Кейінге дейін жұрт Бұлантының қайда екендігін де білмеді. Оның да толып жатқан себебі жеткілікті. Ал басты себебі тағы сол орыс ағайындардың жүргізіп келген саясатымен байланысты.

Орыстардың кейінгі жүзжылдықтар бойы жүргізген қарусыз соғысының бірі - қазақ баласының санасын тазалау еді.

Соның жарқын көрінісін осы Бұланты мен Білеутілерден көруге болады.

Қазіргі жағырапиялық картамызды қанша жерден парақтасаңыз да не Бұланты, не Білеуті, не Қарасүйір атауларын таппайсыз.

Өйткені ол атауларды өзгертіп жіберген. Қазақ баласы өзінің түбін білмесін деп. Білсе де сапырылысып іздеп жүрсін деп. Осының бәрін істеп отырған теріскей көршіміз. Біздер сол кепке ұшыраған халықпыз.

Жоқшы көбейген сайын жоғалған заттың табылу ықтималдығы артады. Біздің қазіргі өліарамыз осы жағдайда тұр.

Жоқ, Бұлантымыз бар екен.

Жоқ, Білеутіміз бар екен.

Жоқ, Қарасүйіріміз бар екен.

Ертеректегі карталарда.

Жо-жоқ, бұлар біздің қазіргі карталарымызда да бар.

Бұланты атауы Байқоңыр деп тұр...

Білеуті атауы Қарсақбай деп тұр...

Қарасүйір атауы Қарасуыр деп тұр...

Жергілікті жұрт Білеуті өзенін екі түрлі атайды. Бірде Қарсақбай өзені десе, енді бірде Қалмақырған деп жатады.

Ескі карталарда Қарасуыр деп берілген шатқалды қазір жұрт қарасиыр деп атап кеткен. Ал көшпенді қазақта ол тұста сиыр малының болмағаны белгілі. Олай болса Қарасуыр болса керек.

Бірақ маған бір ой келіп тұр. Суырдың ұрғашысын сүйір дейді. Қарасиыр деп атап жүрген жұрт Қарасүйір атауын солайша бұрмалап алмады ма деп. Сингармонизм заңына сүйінсек бұл атау Қарасүйір, болу керек.

***07.11.08.37.***





# ЕЛ ҚОРҒАНЫ ҚАЗЫБЕК

Өзгеден сөз сұрамаған.

Өзгеге сөз қалдырмаған.

Ел мен елді елдестірген.

Жұрт пен жұртты селместірген.

Қаздауысты Қазыбек заманында қазақ баласы қамсыз жүрген заман болған.

Қазақ баласының есесі кетіп бара жатқан жерде қамшысын ортаға салған.

Қытайдың боғдыханымен де, жоңғардың қонтайшысымен де, орыстың патшасымен де қазақ тілінде елдескен. Жауласу қауқары бола тұра елдестіктен аспаған.

Қазақ даласының иесіз қалған заманы өткен.

Қазақ хантауының иесіз тұрған заманы болған.

Сол тұста әлгі хантауына ұлтандар өлермендікпен ұмтылған.

Ол зәузаттық жадының құлы еді. Ол жад бойынша хантауы қазақ баласының басын біріктіретін құты еді.

Ол қазақ баласының басын біріктіретін киесі еді.

Қазақ даласы үшке бөлініп кеткенде ұшы қиырсыз жерге, қисапсыз елге, мөлшерсіз мүкәмалға ие болып қалған. Соған қарамастан ол бірігуге жанталасты. Қазақ баласының ертеңі бірлікте деп білді.

Қара бола тұрып ханның сөзін сөйлеген.

Қарашасы бола тұра хандыққа ұмтылмаған.

Күткен күн келген.

Хан Абылай болып!

Хантауына Абылай отырды!

Ол Абылай арқылы қазақ елінің бірлігіне жетті.

Сол елі тарих елегіне тағы да түсіп кеткен.

Сонда да қазақ баласы еленіп кеткен жоқ.

Содан беріде қазақ баласы бірігуге жанталасып келеді.

Қазыбек бабамыз осыдан 350 жыл бұрын дүниеге келген екен. Қазақ баласының басын қосуға себепкер болып. Ұлт қорғаны болып ғасыр жасады.

Қалған ғұмыры ел қорғаны болып өтіп жатыр.

Ол бүгінде ел корғаны!

Ұлт ретінде аман қалған қазақ баласы ел ретінде жойылып кету алдында тұрған.

Құтқарушы болып Нұрсұлтан келген!

Кешегі Абылай отырған хантауында Нұрсұлтан отыр!

Қазағы біріккен елдің қалған жұртын біріктіремін деп.

Бүкіл қазақстандықтарды Қазақ туының астына жинаймын деп.

Қазыбек баба тойы ел көлемінде аталып өтпек.

Қазақстандықтардың бірігу тойы болып.

Той құтты болсын, қазақ баласы!

# ЕР ТАҢЫБАЙ

Бүгінгі таңда қазақ батырлары жөнінде әңгіме қозғар болсақ ең алдымен жоңғар шабыншылығындағы батырларымыз еске түседі. Бұған қарасақ бабаларымыз жоңғарлардан басқаларымен соғыспаған ба деген сауал көлденеңдейді. Жасыратын ештеңесі жоқ, бабаларымыз қазіргі шекарасындағы барша көршілерімен үлкенді-кішілі соғыстарға барған. Біреулерінде жер қосып алса, біреулерінде сонша жерлерінен айырылған.

Осы үлкенді-кішілі соғыстардың баршасы басқа жұрттардағыдай қағаз бетіне, не өлең





жолдарына түсе бермеген. Түсе қалған жағдай болса оның өзін құндақтаулы ұстаған. Өйткені өзгенің тарихы олар үшін көк тиын. Оларға тиімдісі біздің мәңгүрттігіміз. Ал сол құндақтаулы тарихты қажеті бар кезде там-тұмдап шығарып отырады. Өйткені мұрағаттық жәдігерлердің өзі бүгінде үлкен идеологиялык қару болып саналады. Сол қаруға ұмтылғанымызбен әзірге уысымызға түсе қоймай тұр.

Тәуелділік қамытын киген жұрттың басы да, соңы да емеспіз. Заманында олар да біздің бабаларымыздың дәргейіне жығылған. Бір күн өңін берген замана бір күн сырт қараған. Бұл жайтты бүгінде өз алдында ел болып ұйысып отырған барша ұлыстар мен ел-жұрттар бастан өткерген. Оның ішінде қазақ жұртының басынан кешпегені жоқ. Басқа басқа, қазақ топырағында да дін соғыстары өткен.

Ал негізінен соғыстың барлығы жер үшін болған. Олай болса ойланатын мәселе баршылық болып шығады.

Өйткені қазақтың жері әу бастан ұланғайыр болатын. Сонша алапты ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғады десек ойда басқа да сауалдар тұрады. Соның ең бастысы қазақтың сайын даласында қанша қазақ тұрды деген сауал. Біреулер төрт жүз мыңға дейін әскер шығара алған дейді. Анық нәрсе, қанша қолы болса да қазақ жұрты өз жерін өзі қорғай алғаны.

Үнемі тоқтаусыз соғыс болмаған. Ол заманда көп жағдай ауа райына байланысты болатын. Соғысты қашан бастап, қашан қоюды елдің көші-қоны шешкен. Осыған орай хан кеңесіне бақсы, жаурыншы, жұлдызшылар да қатысып отырған.

Қандай жағдай болсын жерді қорғау керек болады. Соған орай жеке батырлар да аз болмаған. Жеке батырлар қол жинап жатпаған. Жеке шауып, соғысты бастап жіберген. Сол жеке батырлар мыңға қарсы шапқан. Ондай жеке батырларын шашбаулап, ер деп көтермелеген. Ер Қосай, Ер Наймантай батырлар сондай батырлар қатарынан.

Бұл қатарға біздер Ер Таңыбайды да қосар едік.

Ер Таңыбай Арғынның Кәрсен бұтағынан. Тәуке заманында жасаған. Жоғарыда келтірген Ер Наймантаймен түйдей құрдас екен. Ер Наймантай Тарақты Байқозы батырдың әкесі болады. Сөз ішінде айта кетелік Байқозы да жеке батырлар сапынан.

Келер жылы Ер Таңыбайдың туғанына үш жүз елу жыл болады. Соған орай ұрпақтары сауын айтып, қазақ баласының басын қоспақшы. Батыр бабалары туралы ел аузында жүрген әпсана-аңыздарды жинап, өз алдына жинақ етіп шығармақшы. Таңыбай атасының төр шежіресін түзбекші.

Біздің бұл жазбамыз сол ортақ қазынамызға қосар үлесіміз болмақ.

Кәрсен атасының шешелерінің атымен үш бибі, бес бәтима болып бөлінетіні белгілі. Бибі бәйбіше балалары да, бәтима тоқал балалары. Кейінгілерін қосамжарлатып бес назар деп жатады. Сол бесеудің бірі - Бекназар.

Кәрсен атасынан есімдері еліне кеңінен мәлім болған тұлғалар көптеп шыққан. Соның ішінде Тарақты Байғозы батырдың әкесі Наймантай батырмен бармақдос болған Таңыбай батырдың орыны ерекше тұр. Ол кісінің сүйегі Түркістанға қойылған. Оны бастап апарушы аталасы Жарылғап батыр дейді. Қараменде би апарып қойған деген де әңгіме бар. Алайда қисыны





алдыңғысы болар. Өйткені ол тұста Дадан Тобықтысы мен Кәрсен-Керней арасы жерге байланысты көбең болатын.

Осы атадан шығып ел тізгінін ұстаған Бегәлі әулие, Есберген, Көпбай, Сарбас болыстардың елді ұйыстырудағы ақылмандықтары ел ішінде ұмытылмаған. Еліне қорған болған Райымқұл, Боранқұл есімдері де ел жадынан шыққан емес. Қыздарбек, Мақаш, Әбди, Әбікен сынды күйшілер шертпе күйдің тұтастай өзіндік мектептерін қалыптастырды.

Ершіман, Беркімбайдың Ақаны, Шекмара, Қарсыбек, Тарпаң сынды бай - бағыландар аталастарын жаяу жүргізбеді.

Осы атаның аузын айға білеген Жұматай, Қайдар, Шамырхан, Әйнекбай,Сәрінжіп, Исабек, Мақыжан, Тұңғышбек сынды ақындарының шығармалары бүгінгі күнге жетті.

Бәтима шешеміз Тәңірімберді әкемізден Алданазар, Бабаназар, Бекназар, Ерназар, Құлназар есімді бес бала көреді. Бұл бесеуін ел ішінде Бесназар атайды.

Бесназардың біреуі Бекназардан Таңыбай. Таңыбай ағасымен таласа туған, таңы айырылғанша жау қуған інісі Жаңыбайдың да атағы алысқа кеткен. Таңыбай мен Жаңыбайдың заманында Кәрсен атасының ұпайы түгел болған.

Сөйткен ағалы-інілі батырлардың өз ішінде түйткілдері болыпты. Соның ісінгені Таңыбайдың кіндігінен бала болмапты. Әулие-әмбиелердің басына барып, жалбарынғандарымен бір шикіөкпе жеткізбей-ақ қояды. Желсөз шығып, желбуаз әңгіменің өрбитіні бұл кезде батырдың жасы пайғамбар жасына шыққан екен.

Қосағы есті адам екен, Жаңыбайдың бір баласын асырап алуға ақыл қосыпты. Оны білмейтіндей Таңыбай батыр ма, бәрі бір жаратқанның қолында деп тоқал да алмапты.

Таңыбайдың бар өмірі ат үстінде өткен ғой. Содан бір жорықтан оралып, бас көтерместен күні бойы ұйқы сойыпты дейді. Мұндайда батыр үш күн аяқ серіппестен ұйқы сояды екен. Соған орай ел батырды мазалай қоймапты, күнделікті шаруаларымен айналысыпты.

Сол түні батыр жайсыз ұйықтап шығыпты. Жайсыз ұйықтағанда жайсыз түс көріпті. Түсінде Айқасқасы теріс шауыпты. Тапырақтап шабатыны соншалық жаяу қуып жалдан алған екен. Сонда жал жидіп түсіп, қолына қараса Айқасқаның тоқпақтай кекілі қалыпты дейді.

Ояна келсе інісі қолынан ұстап отыр екен. Қолын тартып алып, сілкіп қалғанда терісі Жаңыбайдың қолында қалыпты. Содан тысқа ата жөнелген ғой. Іздегені, әрине, Қасқасы ғой. Сөйтсе, Айқасқасы Жаңыбайдың баласының тақымында жүр екен.

Батыр бұған қатты назаланыпты. Жау қашырарым еді ғой деп.

Айқасқа батырдың жау қашырар есік пен төрдей қылқұйрығы екен. Өзінен басқа жан мінбейді дейді.

Ағасының баласына кейігені Жаңыбайдың да жанына батса керек.

- Қу бас қып қойған Құдайыңнан көр, - деп шамырқаныпты.

Бәрін көтерген батыр інісінің осы сөзін көтере алмапты.

- Үйді жық, ірге аударамыз, - депті қосарына.

Сол түні батыр тағы да түс көрді дейді. Түсінде аян беріпті. Атжетеріңде бақаныңды көтерерсің





депті. Түс түлкінің боғы деп үйді жығар жықпастан Болаттауды бетке алды дейді.

Дәл сол түні Наймантай да түс көріпті, түсінде Таңыбайды көріпті.

Жауға жарақтанып, жалғыз аттанып барады дейді. Астындағы Айқасқасы қияс тартып барады дейді...

Қой, батырымыз опат болып жүрер деп Наймантай да жолға жиналды дейді. Астындағы қасқасын тоқтатпасам да, батырдың өзін тоқтатармын деп Айсаласына қамшы басты дейді.

Жаһан далада келе жатса Айсаласы тезек тастапты. Шауып келе жатқан жылқы жарықтық тезек тастамаушы еді деп, ат басын іркіп, теңін аударыпты.

Содан кеш түсіп, шам жамырапты. Ит абалап, жылқы оқыраныпты. Ат дүбірі білініп Наймантай батыр желбегей сыртқа шығыпты.

Сілейі бар батыр Таңыбай досын жазбай таныпты. Алдынан шығып ассалаумағалейкум дегенде сәлемнен үлкен еместігін еске ұстап Таңыбай батыр еріксіз ат басын іркіпті. Атжетер жерде бақаныңды көтер деген аяны еске түсіп аттан түсіпті.

Сол бетте Наймантай батыр қолтығындағы жасырын ұстаған кездігін алып, Айқасқаны жарып жіберді. Сол жер күні кешеге дейін Айқасқа аталыпты. Кейінде жанындағы бұлағына байланысты Қасқабұлақ атаныпты.

Батырлар бұл жарықтық шау тартқанда басымызды алшақтатпай қоссын деп қолдарын Қасқаның қанына салыпты. Саптарын кездік суырып бармақтасыпты. Сөйтіп пайғамбар жастарына шыққанда батырлар бармақтастар атаныпты.

Содан Наймантай батыр саусағының қанын саулатып тұрып қол жайыпты.

- Жаңыбайдың көптігі Айқасқаның төбелігіндей болсын, Таңыбайдың көптігі Айқасқаның түгіндей болсын, талбесігімізді бір жерден берген жаратушымыз жербесігімізді де бір жерден қылсын - деп.

Наймантай сілесі үзілмеген аталарымыздың бірі ғой. Айтқаны айдай келіпті. Өзі бас болып көптен бері көздеп жүрген бір емшекті қатар емген Сұлу, Мәдине деген екі қызды қатар түсіріпті. Ер Таңыбайдың ұрпақтары осы екі анамыздан тарайды.

Ал қайбір шежірешілеріміз бұл екі анамызды Машай бабамыздың тоқалдары деген әңгімені айтады. Қисыны сол алдыңғысы болса керек.

Қазір Таңыбай бабамызға қатысты жазбалар пайда бола бастады. Тарихи жазбалар болмағандыктан ойдан, қырдан құраған дүмбілез жазбаларын шындық деп ұсынушылар шықты. Олардың арасында доктор, одан қалды академик атақтары барлар да аз кездеспейді. Солардың жазбасына қарасақ біздің Таңыбай бабамыз анау, мынау емес бес мың қолды басқарған екен. Мұндай деректі наймантайтанушылар да айтады. Жер мұғдарын бажайласақ бұл Болаттаудың алдыңғы алқабы. Мұндай алқаптар Арқада жүздеп саналады. Ондай алқаптардың әрқайсында түмен тұра берсе қазақ баласының саны жетпейді ғой. Ендеше бұл бос сөз болып шығады. Бұл әсірелеуден басқа ештеңе емес.

Тәуке ханның заманы қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман. Олай болса тыныш заман. Ендеше соншама әскердің қажеттігі де жоқ.

Қайталап айтамыз Таңыбайдың да, Наймантайдың да аттары жеке батырлығымен шыққан.





Ертеректе Наймантай есімі аталған жерде Таңыбай есімі қатар аталушы еді. Бүгінде мұндай әңгіме айтушылардың қатары айтарлықтай сиреді. Тосып айтушылар түгіл қосып айтушыларға зар болып қалдық. Дегенмен қос батырды жанастырып тәпсірлеушілер әлі үзіле қойған жоқ. Солардың қатарында Өмір Кәріп ағамызды айтар едік. Ағамыз «Дала сыры» кітабында бабаларымыздың бір ерлігін былайша жырлайды.

Дүние диірмен тасы шыр айналған,
Жеткізбес еш пендеге құмай жалған.
Ата қоныс кең байтақ дала үшін,
Бір шайқас осы маңда былай болған.
Деп бастап оқиғаны шежіре шал,
Құлақта жүр әлі күн-айтқаны бар.
«Қалмақтармен бір шайқас өткен екен,
Болған ғой бабамызға Алла өзі жар.
Таңыбай қартайса да атқа мінген,
Қалмаған үйде омалып бас қамымен.
Байқозы, Жарылғап пен Сеңкібай бар,
Шерулеп жауға аттанған достарымен.
Қалмақтар шайқас салған табан тіреп,
Қанқұйлы қасақы жау кеткен үдеп.
Таңыбай жас батырша ұрыс салып,
Садақты үстін -үстін тартты шіреп.
Жау жағының батыры омақасты.
Жебесінен батырдың ажал тапты.
Қазақ қолы үдеді Абылайлап,
« Иә, сәт!» десті қосын, қалмақ қашты.
Сол ұрыста қалмақтар быкпырт болған,
Қазақ қолы ортайып о да қалған.
Қалмақтың суша ағып қара қаны,
Қанды көбік бұрқырап өзен толған.
Таңыбай сол шайқаста жараланған,

Дəл көздеп өшіккен жау садақ тартқан.
Жебесін батыр шапшаң жібергенде,
Қалмақтың сұр мергені «болған талқан».
Улы жебе батырды меңдеп алды.
Дəм таусылып мəңгілік тыным алды.
Жаманқұл қайтарында өсиет қып,
Жерле деп көрсетіпті осы маңды.
«Қаны тамған əкемнің топыраққа,
Қалайын бір белгі боп атырапта.
«Жаманқұлдың басы» деп айта жүрсін,
Дегені құлақта жүр біздің жақта».
Кəрия осылай деп айтып датын,
Бір сығып алатын ет көздің жасын.
Аңыздың бір ұштығы бізге жетіп,
Келтіріп қиыстырдым сөздің нəшін.
Талай тарих айтылмай желге кетті,
Өксік боп көкіректе көрге кетті.
Ештен де кеш жақсы деп долбарладым,
Өзімше қиыстырдым бұл бір кепті.

Өмір Кəріп ағамыз Тарақты атасының кəнігі шежірешісі, айтып отырған Наймантай бабамыз ұрпақтарының бірі.

Сонымен əңгімеміздің ұшығына да жеттік-ау дейміз.

Таңыбай батыр аға батырларымыздың бірі. Жеке батыр. Сауын айтып, қол жинап жатпаған. Мыңға қарсы жалғыз шаба берген.

Ал Наймантай бабамыздың айтқаны қата болмайды. Бабаларымыз Түркістанда қатар жатыр.

Сөз ішінде айта кетелік, Түркістанның бір көшесі Таңыбай бабамыздың атымен аталады.

***01.11.21.***





# ЕСЕКМОНША

Бұл тақырып Ахаң айтпақшы шынымен кісі өліміне апаратын тақырып («вопрос смерти и жизни»)...

Мен соған барып отырмын. Неге?

Алаш арыстары қазақ баласын оятуға талпынды. Сол жолда өздерін пида етті.

Бұл жолда олар өздеріне Алаш идеясын ту етті! Сол жолда ақ болып, қызыл болып, бəлшебек болып, меншебек болып, алаш болып өліп кетті.

Сөйткен Сəкенді сатқын деп жатыр! Бір кісі үндемейді.

Қазақтың барша қаласында үлкенді-кішілі Сəкен бабамыздың ескерткіштері бар.

Бауырым!..

Сен соған бардың ба? Бетіне тура қарай алдың ба?

Сен кешу сұрадың ба?

Ең құрығанда өзгелер үшін.

Міне, мəселе қайда?

Сен білесің бе?

Сəкенге дейін баршамыз қырғыз-қайсақ болып келдік!

Сөйткен Сəкенді əйкəпір қылып отырмыз...

Сəкен жөнінде кітаптар жазамыз, энциклопедея шығарамыз, диссертациялар қорғаймыз...

Киносын көріп есімнен тана жаздағым. Қанша іздесем де таппағам. Сөйтсем ол кісі өкшесі көтерілген қатын-қалаштардың юбкесінің ішінде жүр екен ғой.

Есекті моншаға кіргізіп жіберсең өзінің əнші екендігін сезінеді...

Бізге де сондай бір есекмонша керек болып тұр-ау...

Тура осы сөзді Тұрарға да, Міржақыпқа да, Нәзірге де, басқаларына да қаратып айтуға болады!

Сәбит Мұқанов жөнінде де осыны айтар едім.

Сәбит Мұқанов қазақтың бесігі еді ғой.

Қазақтың ноқталы баласының барлығы осы мектептен өткен. Бір қолымен бесік тербесе, екінші қолында Сәбиттің кітабы болған.

Қазақтың нөмірі бірінші жазушысы Сәбит Мұқанов!

Қазақ баласының кейінгі екі толқынының әкесі де, шешесі де осы Сәбит Мұқанов!

Осыны айтатын адам бар ма? Жоқ па?

Осында Мұрат Перзадаев деген ағамыз бар. Бүкіл өмірі шахтамен, көмірмен байланысты. Қарағанды деген ол - Қарағандыуголь! Ағамыз соны басқарды. Сол ағамызға көпшіліктің қолы жете бермейтін. Қазиттен, болмаса теледидардан көріп қалар ек. Сонда орысша сайрап тұрар еді.

Соған қарап...

Мен қателескен екенмін...

Жақында бір сапарда бірге болдық.

Сапарда төртжарым сағат болдық.

Жол бойы қазақша сөйлестік.

Бір де бір орыс сөзін қоспай!

Не туралы дейсіз ғой!

Киік туралы!

Ақбөкен туралы!

Ал сіз сол ақбөкен, болмаса киік жөнінде төрт ауыз сөз айта аласыз ба?

Қайтарда бірге қайттық!

Тағы да төрт жарым сағат жүрдік.

Әңгіме не жөнінде дейсіз ғой?

Арғын жөнінде!





Мен өзімді Арғын санайтынмын!

Сөйтсем нағыз Арғын Мұрат ағамыз екен!

Өзіме лекция оқыды!

Арғын туралы!

Төртжарым сағат бойы...

Ал сен Арғын жөнінде төрт ауыз сөз айта аласың ба?

Сөйткен ағам қоштасарда:

- Өзің сынды тағы бір-екі-үш інім болар ма еді? -деді.

Олай болса мен жалғыз емеспін.

Арғын жөнінде маған тағы бір адам лекция оқыды.

Нұрғожа Шиняев ағамыз. Шыр еткен топырағы түркіменнен, түркімендегі қазақ топырағынан.

Бір қызығы ол ағамыз да не жазушы, не ақын, не тарихшы емес еді.

Ол кісі заңгер еді!

Жамбылда, Ақтөбеде, Атырауда, т.б. өңірлерде сот төрағасы болып істеген!

Осының бәрін несіне жазып отырмын?

Арғын тақырыбына оқырманым дайын емес екен!

Ол үшін ешкімді жазғырарым жоқ!

Мен Арғын деген жазуы бар қағаз көрсем кемі жоғары көтеріп қоямын!

Ал Арғын десең ел шу ете қалады...

Рушылдық...

Трайболизм...

Жік салу...

Бір жақсы көретін інім осыны шынымен сіз жаздыңыңыз ба дейді...

Түк түсінбедік деп тағы бір бауырым жазады...

Білгіш болсаң ананы айтшы, болмаса мынаны айтшы деушілер де бар...

Құрметті Оқырманым!

Мен кеше, болмаса бүгін Арғын болып отырғаным жоқ!

Бұл ешқандай да рушылдықтың әңгімесі емес. Бұл елдіктің әңгімесі. Біршама сәуле түсірейін деген ниетпен ел білетін тарихтан сөз қозғадым.

Ал Арғынның тарихы қатпарлы тарих!

Тіршілік болып жатса оны да айтамыз.

Сіз болып, біз болып өз тарихымызды өзіміз жазатын боламыз!

Құрметті Оқырманым!

Кометке ғайбат сөз жазбауыңызды өтінемін. Өйткені Сіз мені танымайсыз. Сіздің тақырыбыңыз емес пе - қалыс қалыңыз!

Мен сахнаға 20 жасымда шықтым. Ақын болып! Сонау ЖенПИ-ден мені іздеп қыздар келетін. Хат деген тонналап болмаса да килограмдап жететін.

Сол 20 жасымда жертөледе отырдым. Біреуді зорлағам жоқ, біреудің қатынына барғам жоқ, қоймаға түскем жоқ, банк үптегем жоқ, сиыр ұрлап, сойып алғам жоқ...

Соның барлығы қазақ боламын дегенім үшін!

Мен ақсаусақ емеспін!

Мен шахтада кәдімгідей жұмыс істеген адаммын. Арқамда детонит жүрді, шақырымдап шынтемір айырбастадым, вагондап кен тиедім...

Мен ешкімге де керек емес бір дипломның соңында салпақтап он екі жыл жүрдім. Соған қарамастан мен Жезқазған және Қарағанды облыстық мәслихаттарының депутаты да болдым.

Кейінде Жезқазған облысы тарап Қарағандыға қосылды. Мәслихаттардың бірлескен сессиясы болды. Сол сессияны облыс әкімі Мәжит Есенбаев орыс тілінде ашты.





Мен облыс әкімінен мемлекеттік тілде сөйлеуін талап еттім. Сөйтіп сессия өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Содан бастап Қарағанды облыстық мәслихаты қазақ тілінде сөйлейтін болды!

Осында мені мақау көріп жатқандар бар екен. Мен алғаш Қазполиттің автоматика және есептегіш техникалар факультетінде оқыған адаммын. Ол тұста оған блатпен, ақшамаен түсу мүмкін болмайтын. Онда тек медалистер оқитын.

Ең қиын логикалық ойындардың бірі тоғызқұмалақтан Қазақстан халықтары спартакиадасында күміс жүлдегерімін. Осы тоғызқұмалақтан Қарағанды облыстық командасын жаттықтырдым. Халықаралық Нольд атындағы жарыстың бас жүлдесін алдым.

Кейінде қазақ баласының қара есеп үлгілерін жинап жарыққа шығардым. Аудандық газетте редактор болдым, баспада директор болдым. Мен де аспаннан түскен жоқпын. Араласқан адамым болды. Жайықпен, Оралханмен, Қалиханмен, Рымқұлмен, Ақселеумен, Дидахметпен, Өмірмен, Кәмелмен, Базармен, Фариза... аға-апаларыммен араластым.

Менің мектебім - Айтбай Нәрешев, Фатима Кенжебаева, Мұрат Смағұлов, Ебіней Бекетов, Задан Жұмағалиев, т.б. болды.

Осыдан кейін де мені мақау көресіздер ме?

Осыдан кейін де менен рушылдық іздейсіздер ме?

Айтпақшы жоғарыдағы Мұрат ағамыз қыпшақ екен. Ал Нұрғожа ағамыз адай болады.

Мен дүниеге келген жер Шет ауданы деп аталады. Бұрынғы атауы Бесата елі. Шынымен бес ата тұрады. Өздерін туысқан санайтын сол бес ата күні кешеге дейін қалай туысатынын білмеді. Соны туыстырып

бердім. Осы аталардың кере қарыс шежіре кітаптарын жаздым. Мұным да рушылдық па?

Сен мені білгіш депсің. Сөз астарын түсінемін. Алайда мен шынымен білемін.

Сұрақ қоясың ба? Қой. Нақты болсын! Мыс: иттің қаншығын не дейді, арланын не дейді, күшігін не дейді. Енді осы сұрақты өзіңе қой!

Өзіңнің қазақтығыңды осыған қарап бағалай аларсың деп ойлаймын.

Мүмкін сен менің сұрағыма жауап берерсің.

Хан келсе де қазақтың жылқы малын пышаққа жықпайтыны қалай?

Бұл сұрапыл сауал!

Мұның жауабы одан да өткен сұрапыл!

Жауап бере алсаң, әрине.

Рахмет, маған қорған болып жатқан ағайындар да бар екен.

Мен өзімді өзім қорғай алмасам ондай сөз жазбаймын ғой.

Сонымен бізге де бір есекмонша керек.

Егер сен менің осы жазбамды бір рет оқысаң, қайтып тағы бір оқитыныңа сенемін.

Өйткені Арғын болу оңай емес!

Қазақтың құлағы әлі бітеу!

Ояна алмай жатыр...

Қазақтың көзінің орыны ғана қалған.

Сол көзді ашуға себеп бола ма деп Арғын тақырыбын көтеріп жатырмын.

Ал Арғын тақырыбы сен ойлағандай асүй мен боқүйдің арасындағы тақырып емес. Бұл көз ісіп,тіс сынатын тақырып!

***31.05.21.***





# ЖАЗУ

Мына жазбам осыдан екі ай бұрын жазылған екен. Басқа жазбаларым киіп кетіп жатып қалған жайы бар. Әлі де болса өзінің қанын-сөлін жоғалтпаған сынды. Соған орай оқырман назарына ұсынып отырмын. Әрине, «для благонамеренного читателя»...

* * *

Тәңірімнің менің маңдайыма жазғаны жазу екен. Мен жазуды ғана білемін. Жазу мені ұшпаққа шығармады. Тіпті күн көрісіме жарамаған күндері де аз болмады.

Алайда жазу менің стихиям еді. Мен Бальзак емеспін, Мұқанов та емеспін. Алайда кемі бір жүз кітапты жайымен жазған шығармын.Өзімнің бір кітабымды шығару үшін елдің үш-төрт кітабын жазуыма тура келді.

Негізі күнкөріс деген керемет нәрсе! Сенбейсіз бе? Онда айтайын бір жылдары айына бір кітаптан жазып отырдым. Бір аптада бір кітап жазған күндерім де болды.

Мен әуелі оқуды үйрендім. Көзбен оқыдым. Сонсоң миыммен. Мәтіннің артында жасырын тұрған мәтінді мен солай игердім. Сонан мен де құпиялап жазуға ұмтылдым. Игердім бе? Айта алмаймын...

Сонан...

Кейінгі екі-үш айда «звездаға» айналдым. Телефон құлағынан түспеймін. Мазалаушылар көп...

Бәрі де қазақтың екінші Аханы - Ақселеу Сейдімбектен басталған. Сол Ахаң жөніндегі кітабымды бір айға жеткізбей бітіріп тастадым.

Бұл кітабым маңайындағы әңгіме көп. Бұрын қайда жүргенсің дейді.

Сол кітаптың тақырыбы өте күрделі еді. Атазаң, жер, Елбасы, Президент, Нұр, ЕСЕП, Жаратушы, көш, Ұстаз, Мәңгілік ел, т.б

Бұлардың барлығы да табу тақырыптар. Бұл отқа өз еркіңмен барып түсу деген сөз. Өйткені кез-келген статьямен тартып жіберуге болатын. Мұным үшін биліктің басымнан сипай қоймайтынын жақсы түсінемін. Алайда менің қарсы тұрар иммунитетім жеткілікті деп білемін. Бір ай уақыт берсе Ахаң жөнінде тағы бір кітап жазып тастауыма болады.

Алайда әр нәрсенің уақыты болады. Ахаң жөнінде ащы шындықты айту әлі ертерек екен. Оған Оқырман дайын еместігін көрсетті.

Ерте ме, кеш пе екінші кітапты да жазатыныма сенімдімін...

Елді дүрліктірген тағы екі мәселені көтердім.

ҚарЛАГ пен Арғын тақырыбы...

Өкінішке қарай Оқырманым тағы да дайын болмай шықты!

Жақсы көресіз бе, жаман көресіз бе ҚарЛАГ деген бұл АрғынЛАГ!

Мұнымен мен емес, кәсіби тарихшылар айналысуы керек еді!

Ал олар не дейді?

Онда қазақтар емес, сырттан келгендер отырды дейді!..

Жылайсыз ба, еңірейсіз бе?

Қызыл өкіметтің әу басқы саясаты Қарағанды өңірін (Сарыарқа деп ұғыңыз) тап сол қазақтардан (арғындардан) тазарту еді.

Лагерь салмастан бұрын ондағы жергілікті тұрғындарды (арғындарды) тұрған жерінен айырды, оларды күштеп көшіріп жіберді, сөйтіп арғын баласы





босқынға айналды! Оның орнына ішкі Ресейден мыңдаған қағылған-соғылғандар ағылды.

ҚарЛАГ ГУЛАГ емес еді! Онда тірі қалу мүмкіндігі бар еді. Ал тірі қалғандар кері қайтпады! Ол аз болса дәл жанынан Теміртауды әкеліп салды. Оларын комсомолдық құрылыс деп бүркемелеген болды. Оған да қағылған-соғылғандар ағылды.

Теміртауда қырғын болғанын кім біліп жатыр. Сол қырғынды басуға әскер кіргізілді. 10 мың әскери патрон шығын болыпты. Ресми дерек үш адам шығын болды дейді. Сонда қалған оқтармен бөтелке атқан ба?

Шет деген аудан бар. Тынышсыз аудан. Онда өздерінің лагері болды - ШетЛАГ!

1931 жылдың апрель, май айларында ШетЛАГ-та 480 адам отырды! Олардың 99,99 пайызы қазақтар (арғын қаракесектер) еді. Мұншама адамға жуынды тауып беру оңай емес еді...

Әр жағы түсінікті болар деп ойлаймын. Олардың санын қысқартты.

Сотсыз...

Тергеусіз...

Мен бүгін «Кісі етін жеген Арғын» деген пост жаздым. Соған менің Оқырмандарым арзымайтын кометтер жазыпты. Баяғы рушылдық маңайынан шыға алмаған.

Қаланың баласы сүттің ішінде май жатқанынан мақұрым. Басымызда сондай бір жайт тұр.

Сонда оны қалай оқу керек еді?

Мимен, әрине!

Қасқыр иттен жаралған жоқ, әрине! Алайда иттұқымдас дейміз! Мұнан қасқырдың болмысы өзгермесе керек!

Арғын да қасқыр сынды!

Қасқыр ешқашанда бір-бірін жемеген!

Өзінен өлгендер болса оларды міндетті түрде көміп кеткен!

Арғындар да тура сол кепті бастан кешті...

Ашаршылыққа балалар, әйелдер, кәрі-құтаңдар шыдамады.

Тірі қалғандар олардың бетін жауып отырды!

Олай болса Арғын ешқашанда кісі етін жемеген!

Ал ондай оқиғалар болып жатса ол Арғын емес!

Сонымен Арғын, АрғынЛАГ, ШетЛАГ, т.б. Ахаң айтпақшы «вопросы жизни и смерти» тақырыптарын арнайы таңдап алған жоқпын. Іштегі шемен ғой...

Одан құтылудың жолы - сыртқа шығару!

Бұл Арғындықтан қашу емес!

Бұл менің Арғын болып қалуым!

***27.05.21.***

# ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ 55 ЖЫЛЫ...

Жалғыздықтың жүз жылы...

Осындай атаулы Г. Маркестің романы бар. Өкініштісі, бұл шығарма қазақ оқырманының қолына «Жүз жылдық жалғыздық» деген сақауланған атаумен тиді.

Мәселе атауында емес шығар.

Ондағы кейіпкер сол жалғыздығымен бақытты.

Жалғыздықтың тұтас ғасырын өткізбесе де жартысын басынан өткерген өзекті жандар бізде де бар. Олар да өздерін бақыттымыз демесе де, бақытсызбыз деп отырған жоқ.

Білушілер болса ол кісіні жазбай таныр еді.

Шынында да Софиян Сматай ағамызды жұрт біледі. Ол кісінің шетелдік оқырманы да ырғын.





Ол кісіміз кешегі Одақтың тастабанын теңселткен жазушымыз.

Оның «Елім-ай» - ын оқыған өзбек, ноғай, қырғыз балалары есінеп, қазақ баласы көзін тырнамалаған.

Бұл Одақтағы сол кездегі рухты шығармалардың шоқтықтысы еді.

Ол шығармасы, міне, жарты ғасыр бойы қазақ баласының рухани азығы болып келеді.

Қазақтығымыздан ажырап жатқан мына заманымызда сол шығарманы жыл сайын басса да болар еді. Өкініштісі, тәуелсіздік жылдарында ағамыздың «Елім-айы» тұрсын басқа да шығармалары мемлекет тапсырысымен жарық та көрмеген екен.

«Елім-ай» ғасырлардан ғасырға кететін шығарма. Соңғы қазақ қалғанша оқылатын шығарма.

Бекмахановтан кейін қазақ баласына керек тарихты ешбір тарихшы жаза алмады. Сол бауырларды қалам қайраткерлері алмастырып келеді. Бұл қатарға, әрине, Молдағалиев, Есенберлин, Мағауин, Кекілбаев сынды алыптар тобын жатқызар едік. Осы қатардың жуан ортасында Сматай да тұр!

Алпысыншы жылдардың соңында «Елім-айымен» Софы ағамыз елдің бәрін аузына қаратты. Осы кенеулі дүниесімен жазықсыздан жазықты болып шыға келді.

Мұны оқып Мәскеу тыжырынды. Ерте ме, кеш пе - бұл шығарманың қазақ баласын шиырықтыратынын білді. Білді де «қара тізімге» алды.

Қазақ баласы қара танысымен соны жастанды. Біздер сол ұрпақтың жалғасымыз. Сол ұрпақ аяулы ағаларының есімін ұлықтағысы келеді. Сол ұрпақ ағаларына «Халық қаһарманы» атағын қолай көреді, беріп те қойған. Ал билік болса Еңбек Ерін де бергісі жоқ...

Содан да ағамыз қатулы...

Жұрт ағамызды түсінуі керек. Софы ағамыз сұрап отырған жоқ. Ол кісі табиғатынан сұраншақ адам емес!

Талап етіп отыр!

Билік «Халық жазушысы» атағын берді.

Бұл осыдан кемі ширек ғасыр берілуге тиісті атақ еді. Көлденең көк аттылар килігіп шегеріп тастаған...

Ол кісінің жазығы - «Елімай-ды» дүниеге әкелгені...

Ақтап алайық Ағамызды!

Төрге шығарайық Ағамызды!

Ол кісіге деген оқырман құрметі кеміген емес.

Билік те құрметін түзесе екен дейміз!..

***02.10.2023.***

# ЖЕР ӨСЕДІ ЕКЕН...

Қайран бабалар...

Жер өспейді деп өсиеттеді-ау біздерге!

Бәлкім, біздер бабаларымыздың бұл өсиетін дұрыс түсінбей жүрген болармыз.

Солай сынды...

Өйткені көршілеріміздің жерлері өсіп жатыр. Жай өспей, минуттап, сағаттап, апталап, айлап өсіп жатыр.

Бұл жолы бірден төрт өңірге өсті.

Оның әрі қарай өсетіні тағы байқалады...

Әзірге Ресейдің батыс пұшпағы өсіп жатыр...

Шығыс жағы да өседі-мыс деген әңгімелер де борап жатыр...

Бұлай дегенде біздің жерден басқа жер көріп тұрғаным жоқ...





Биылғы сентябрь бізге оңай тимейін деп тұр-ау...

Алдымен Қостанай алабынан шыққан өрт Арқаны иектеген дала өртіне айналды...

Сол даламыздан әлі күнге ыс иісі кете қойған жоқ...

Енді, міне, қазақ даласында Ресейден қашқын-пысқындар жол бермей жатыр...

Сентябрьдің 21-нен бері Ресейден 700 мың, енді бір деректе бір миллионға жуық адам қашқан екен. Соның 200 мыңы бізге келіпті.

Бұған дейінгі санкцияларға байланысты тап сол Ресейден келгендер саны айтылмайды.

Алдыңғысы бар, кейінгісі бар, егер әкім, орнығып жатса жарты миллионнан асып жығылады-ау... Өйткені соңдарынан бала-шағасы да шұбырады ғой...

Және өздері қайда келуді біледі.

Орал, Ақтөбе, Қостанай, Қызылжар, Алматы, Астана, Павлодар өңірлері кәдімгідей аққұлақтанып қалды...

Олардың құлағы Қарағандымыздан да көріне бастады...

Қашқан-пысқандардың сорасы ағып, мұрындарына ие бола алмай жатушы еді, бұлар болса мәз-мейрам...

Қазақ баласы ешкімге де мұндай құрмет көрсетпеген болар!

Мұндай құрметті кешегі Қытайдан, Моңғолиядан, Түркиядан келген бауырларымыз да көрген жоқ!

Керек десеңіз Өзбекстан мен Қарақалпақстаннан, Түркіменстаннан келіп жатқан бауырларымызға көрсетілмей жатыр...

Соның салдарынан кері көшушілер де шығып жатыр!

Ал мына келушілердің кері көшуі неғайбыл-ау?!

Өйткені олар біздегідей құрметті өз елдерінен көрген жоқ!

Біздікілер оларды қымыз-бауырсақпен қарсы алды!

Жылы пәтерлерге кіргізді!

Әлгі айлап, жылдап ала алмай жүрген ИИН-ді екі-үш күнде алып жатыр.

Тіпті, жұмысқа кіріп алғандары қаншама?!

Сонымен айтып отырған бұл тобымыз, бұл тобырымыз кімдер?

Бұл біздер үшін өте маңызды болса керек...

Оларды кімдер деп түсінуіміз керек?

Әзірге олардың мәртебесі айтылмай отыр...

Ресейліктер қашқындар деп жұқартып жатыр, одан да гөрі нақтырақ айтушылар бар.

Әскерден жалтарушылар деп...

Осы сөз бізді ойландырмай отыр...

Біздікілер де қашқындар деп мүләйімсіп отыр...

Осы қорқынышты!

Шын мәнінде олар сатқындар!

Отанын қорғаудан бас тартқан сатқын емей кім болады!

Өз Отанын сатқан олар бізді де сатады!

Ресей арнайы заң қабылдады.

Ол заң бойынша енді олар қылмыскерлер!

Олар енді Ресейіне қайта алмайды!

Қайтса оларды бері салғанда Магадан күтіп тұр!

Сондықтан олар бұл соғыста Ресейдің жеңілуін тілейді!

Жеңілген жағдайда ғана олар қайта алады!

Басқа жағдайда - жоқ!

Сондықтан Ресей билігі өздерінің аққұлақтарына сене алмай отыр... Үш күнде Киевті алмақшы болған





аққұлақтар бүгінде не айтарларын білмей отыр. Өйткені соғыс Ресей жеріне келді!

Бұл енді ешқандай да арнайы операция емес!

Бұл кәдімгі соғыс!

41-шы жылы Мәскеуді қорғауға қазақтар, басқа да бұратана халықтар алынып еді...

Бұл жолы да солай болып тұр!

Соғысқа сол баяғы - аз ұлттар - қазақтар, тыбалар, жақұттар... алынып жатыр...

Ал өздері болса қашып жатыр...

Бұл - үлкен саясат!

Ең алдымен аз ұлттардан арылып жатыр!

Бұраттар, тыбалар, қалмақтар Моңғолияға қашып жатыр.

Қалғандарын аққұлақ билігі қырғынға салып жатыр!

Бұл не деген сөз!

Бұл жер босайды деген сөз!

Бұл жер өседі деген сөз!

Моңғол билігі өз қандастарын құшақтарын айқара ашып барынша көмектесіп жатыр. Бәрі көшіп келсе де қайыр деп отыр...

Олар болса босқындар деп танып отыр!

Моңғол жағдайында бұл шын сөз!

Біздің жағдайда ше?

Ресми билік болмаса да Ресейдегі қандастарымызды шақырушылар бізде де аз болған жоқ. Алайда олардың бізге пысқырғаны болмады. Олар ешқайда да қашпады. Қолдарына берген бентобкаларын алып ың-шыңсыз, Ресейдің елұранын шырқап кете барды.

Сондай бейнебаяндар әлжеліде толып жүр. Соның бірінде қандас бауырымызға мынадай сауал қойылған екен:

- Ресей мен Қазақстан соғысып қалса не істейсің?..

- Әрине, Ресейімді қолдаймын!..

Ол мұны еш ойланбастан айтты.

Қорқыныштың үлкені осы!

Онда қазақтық ештеңе жоқ еді!

Сондай сауал Қазақстанды жайлап жатқан аққұлаққа да қойылған екен.

Ол да еш ойланбай айтып тқр. Оның да жауабы әлгіндей екен...

Олай болса...

Көршілерімізбен әлдеқандай жағдай болса қазақ баласы амалсыздан бауырына қару көтеретін болады!

Қазақ қазаққа қарсы жүреді!

Қайран, хан Қасым баба!

Сенің осы күнге дейін адастырмай алып келген қасқа жолың адырам қалады деп кім ойлаған?!

Қасым бабаға дейінгі хандықтарымыз осылай күйреген!

Бүгінде қазақ баласының басында осы жайт тұр!

Түк білмегенсіп, көрмегенсігенімізбен бәріміз де ең құрығанда сезіп отырмыз.

Орыстың қазақ болмайтынын!

Қазақтың орыс бола алмайтынын!

Бұл да түк емес...

Қазақтың қазақ болып қалғысы жоқ!

Содан жеріміз босап жатыр...

Ел Түркияға, Кипрге, Дубайға көшіп жатыр...

Сол босаған жерге басқалар көшіп келіп жатыр...

Украинадағы ЛНР, ДНР-лер бізде де толып жатыр. Қазір тіпті ашық айта бастады...

ПНР деген республика ойландырмай ма?

Бұл өзіміздің Керекуіміз ғой...

УНР ше? ЦНР ше?..





Ертең бізде де референдум өтіп жүрмей ме?!

Осыдан кейін де жер өспейді деп қасарысамыз ба?

Өскенде қандай, осылай жүре берсек оны да өз көзімізбен көретін боламыз!

Әлі күнге дейін Қазақстанымыз әлемде жер көлемі бойынша тоғызыншы орындамыз деп күпінеміз. Бұлай жүре берсек...

Артынан санағанда тоғызыншы орында қалсақ жарар еді...

***05.10.2022.***

# ИТ ТЕ АЙҒА ҚАРАП ҰЛИДЫ...

Кеше «Жібек жолы» арнасынан иттің тазы мен төбет тұқымдары жөнінде хабар көрдім. Хабарға атынан ат үріккендей біраз бауырларымыз қатысты. Алайда өзін қойшымын деп жүрген Алмасбек Садырбайдан басқа ешкімді жүздей алмадым. Тіпті, жүргізушісін де түстей алмадым.

Осы ит тұқымдарымен айналысатын біреу естіп, біреу естімеген «Қансонар» атты қауымдастық та бар екен. Айтуларынша күндіз-түні жұмыс істеп жатқанға ұқсайды. Оның өзін кинолог бауырымыз басқарады екен.

Итпен кинолог емес, итбегілер айналысса керек еді ғой деп қоямыз.

Синолог балам айтады, хайуанаттар дүниесінде ұлттық реңк болады деп. Оны өзім де ойлап қоюшы едім. Жаңылыспасам керек.

Түркіменнің алабайын көргенде есіме міндетті түрде тақиясын алшита киген түркімен тұрады. Тайғанды көріп айырқалпақты қырғыз бауырдан айналып тұрасың.

Ал өзіміздің тазымыз бен төбетімізге келгенде көзімізді аяқ ұшына түсіретініміз қалай?!

Кім қалай десе де ит қазақ баласы үшін құр жай үй жануары емес, ұлттық құндылық!

Сондықтан да осынау тұжырым әр қазақ баласының зердесінде жүрсе дейсің. Ит қазақ баласының ұғымында тазы мен төбет ғана емес, ол ең алдымен - бөрібасар, ол ең алдымен - барақ, ол ең алдымен - боркөз (бөрікөз)...

Ол ең алдымен - ұшар!..

Итбегілер ұшарды білсе керек - иттің жүйрігі!

Ұшар дегеніміз қанатты итіміз!

Қанатты қасқырымыз - құныс!

Қанатты тұлпарымыз - пырақ!

Қазақ қорымдарын қазғанда әманда осы жануарлар сүйектерінің шығуы тегін емес!

Осыдан кейін бұл жануарларды ұлттық құндылығымыз демей көріңіз?!

Сол құндылығымыздың тініне, өзегіне жете алмай келеміз. Бабаларымыз бізден кейін қандай ұрпақ келер екен деп күмәнмен қарағандай итті жеті қазынаның бірі ден шегелеп кеткен.

Соны айтуы айтамыз да әрі қарай ой жүгіртпейміз.

Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласының жан қорғанышы!

Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласыынң тән қорғанышы!

Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласының қамал қорғаны!

Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласының Қытай қорғаны!

Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласының асыраушысы!





Қазақтың талай ойдым ауылдары осы иттің арқасында ашаршылықтан аман қалған.

Ит сол табиғатынан әлі ажырай қойған жоқ...

Күні кеше ғана итке кәдімгідей зарплата төлеген. Ондай зарплатаны жер қазғандардың өздері де алмаушы еді.

Ит адам жанының арашашысы дегенге сеніңіз. Күрделі оталардың барлығы да ең алдымен итке жасалған.

Жә, осы жерден тізгін тартайық. Сонымен ит тұқымын сақтауға 1,4 млрд.теңге қаржы бөлініп отыр екен. Аз сома емес. Жалпы, итке қаратып айтсақ көп те емес.

Көк жәшіктен көрген талқылауды санамнан өткізсем әңгіме әлгі қыруар соманы игеру жөнінде болып жатқан сынды. Шынымен өңеш керетін жағдай-ақ екен.

Ит болғанда әңгіме тазы мен төбет, олардың тұқымын қалай сақтау керектігі туралы екен. Олай болса ең әуелі тазы мен төбеттің мәртебесі айқындалуы керек. Бір-ақ мысал келтірейік.

Кешегі есті құлақ шалдар Арқадағы тазының сабалақ түрін айтушы еді. Тазының бұл түрі әдетте жүндес келген. Өйткені қыс Арқада кемі алты ай жатады. Кешегі хан Абылайдың сабалақ аталуының астырында осындай мән жатыр.

Тазының сол тұқымын орнықтыруға қаражат бөлінген бе? Бөлінбесе қайтпек керек?..

Ит тұқымын асылдандырумен кім шұғылдану керек?

Қазір экологтарымыз бен кинологтарымыз шұғылданып жатыр екен. Бұлай жүре берсек мұнымен жұмысын тастап геологтарымыз да шұғылдана алады екен.

«Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деп жатамыз. Сол «қасапшымыз» дәл осы жерге керек!

Қасқыр айға қарап ұлиды!

Ай астындағы қасқырлар бірігейік деп ұлиды...

Ит те айға қарап ұлиды!..

Кімге қаратып бірігейік деп ұлиды екен?..

Есіңізде жүрсін, ит иесін іздегенде ұлиды...

Өйткені оның ең жақын жаратылысы сіз бен біздерміз...

***21.12.2022.***

# КРЕМНИЙ СИНДРОМЫ...

Менің қазіргі ең сүйікті ісім оқырман іздеу мен кітап жазу болып қалды.

Бір кітабымыз әне-міне шыққалы жатыр. Бір кітабымды енді ғана бітірдім. Біраз дем алсам да болар еді. Жоқ, болмады. Тағы бір кітапты бастадым. Арқаның соңғы абыздарының бірі - Есберген бабамыз туралы.

Бұл бабамыз Құнанбайдың замандасы, Құнанбай қамшы тастаған жерге бұл бабамыз да қамшысын тастаған.

- Сөйле, Есберген!.. - дегенде Құныкеңнің өзін адастырып кетеді екен.

Кешегі дуан сайлауында Құныкеңе Көпбайды қарсы салушы осы Есберген мен Бәйсейіт.

Олай болса Есбергеннің оңай болмағаны.

Сол Есберген бабамыз жөніндегі кітабымыздың алғы сөзімен оқырмандарымен бөліскенді жөн көрдім.

Өйткені әңгіме жер туралы болып тұр.





* * *

Біздің тарихымыз бай тарих, алайда кітабымыз жұқалаң. Мектепте оқығанымызда жұқа еді, университетте де қалыңдай қоймады. Бұл әрбір саналы қазақ баласының санасында жүретін, жылдар тоғысында жар ұрған толқындай атой салып, көп жылдар бойы көрінбей қоятын ақжал толқынды көз алдыңа келтіреді.

Тарихты жеке адамдар жасайды дейді. Мысалы толып жатыр.

Тарихты халық жасайды дейді. Мысалы толып жатыр.

Осы қағидатты өзімізге аударып алғанымызда неге тұтыға береміз.

Кешегі күнге дейін қағазға түскен тарихқа сендік. Оның әрбір сөзі тұрсын, қарпіне имандай сендік.

Қаріпте де тарих тұнып тұрғанын Олжас Сүлейменов ағамыздың атақты «АзиЯ» шығармасынан кейін барып бірақ білдік. Әңгіме «Игорь жасағы туралы жыр» туралы болатын.

Сол-ақ екен қаны басына, сідігі бетіне шыққан орыс ағайынның әлемді аузына қаратқан академиктері өре түрегелді. Тарихтан хабары жоқ басбұзарды күндеге отырғызуды талап етті.

Одан бері де жарты ғасыр уақыт өтіпті. Осы уақыт ішінде бірде бір адам айтып отырған жырымыздан докторлық тұрсын кандидаттық та қорғамапты. Олай болса ойлануға тура келеді.

Жазба тарих дегеннің өзі жай айтарға ғана тарих екендігіне де көз жетіп отыр. Оған жоғарыдағы мысалымыз дәлел.

Өркениет жұртында «двойной стандарт» деген ұғым бар. Бұл философиялық санат бойынша басқасын қойғанда еркектің өзіне еркек, болмаса

еркек емес деп қарау, әйел затының өзіне әйел деп, болмаса әйел емес деп қарау талап етіледі. Бұл стандартты кез келген оқиғаға, уақиғаға, болмаса құбылысқа қаратып қолдануға болады.

Өркениет жұртының жазба тарихында да осындай стандарт бар. Біріншісі өздері үшін, екіншісі басқалар үшін. Осыдан барып қарпі бар деп жүрген жұрттың құпия тарихтары, шежірелері, жазбалары пайда болған.

Біздің тарихымыз сол жазбаларда, жылнамаларда, шежірелерде құндақтаулы жатыр. Оны оқи қоятындай дәрежеге келе алмай жатқанымызды мойындауымыз керек. Олар тұрсын «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қыруар қаржы шығарып, қолымызға әзер түсірген шағатай тілінде жазылған әдебиеттерді жиып алып, оқи алмай отырғанымызды несіне жасырамыз.

Советтік қазақ тарихшыларымыз наубайхана, болмаса ет комбинаты бастауыш партия ұйымы тарихының шылауында кетті. Олардың алды академик аталып жатса, соңы институт басқарды. Тарих институтын.

Міне, қызыл өкіметтің бізге ұсынған тарихы!

Қазіргі өкіметіміздің де жетістіріп жатқаны шамалы. Жаңа тарих дегенді шығарып алды. Онысына енді ғана отыз жыл толып жатыр.

Бұл «жаңа тарихтың» концепциясы бойынша мына сайын даламызда мемлекеттік құрылым болмаған.

Бұған не айтуға болады?

Айтудың өзі қорқынышты...

Отыз жылдан бұрын ел болмаған екенбіз, шекарамыз болмапты, жеріміз болмапты, қойменен қой болып жайылып жүріппіз...

Осыдан кейін тарих туралы, кәсіби тарихшыларымыз жөнінде не айтуға болады?!





Ешкімге де Олжас бол, орыс тарихын қопарып таста деп отырғанымыз жоқ, өз тарихымыздан сөйлеңдерші дегіміз келеді.

Біздің тарихымыз орыс көршіміздің тарихынан тереңірек екендігін менің алпыс екі тамырыммен тарап жатқан қанымдағы зәузаттық жадым айтады.

Әлемдегі үлкенді-кішілі қақтығыстардың барлығы да жердей шыққан. Мал да жеткен, жан да жеткен, қатын да жеткен...

Жетпегені жер. Енді жағырапиялық картаға көз салыңыз. Қазақ жұртының жері көзге ұрып тұр. Оны көру үшін лупа іздеп, болмаса көзгілдірік киіп керегі жоқ. Қазақстан деген жазуын өшіріп тастасаң да айқайлап тұр. Қазақиямын деп.

Жердің жау шақыратыны белгілі. Оның ішінде жері үлкеннің жауы да үлкен болатыны, көп болатыны түсінікті. Бос жерінің көптігі көршілерімізге ұйқы бермейтіні мұрныңды қолға ұстағандай аян нәрсе.

Ендеше біздер қаптаған жауларымыздың ортасында отырмыз.

Мәңгілік ел, мәңгілік достық деп қызыл тілдің көпірмесімен соғысты әрі апарып тастағанымызбен ол біздің көлеңкеміздей соңымыздан еріп жүр. Қазақ жұртындағы өзге жұрттардың барлығының да тарихи отандары бар. Ендеше олар біздің елде не істеп жүр? Ойландырмай ма?

Ұйғырдың жер сұрағаны аздай, немістің де бізден жер сұрағанын ұмытып қалдық па?

Осыны көретін көз, екшейтін санамыз қайда?

Әлі күнге дейін саналық соғысымыздан шыға алмай келеміз.Әлі күнге дейін бабаларымыз жоңғарлармен соғысты деп келеміз. Онымызды Отан соғысы деп айтайық деген өзеуремендер де табылып жатыр.

Сонда біздің бабаларымыз прансөздармен, алмандармен, шведтермен, парсылармен, қансулармен, орыстармен,араптармен соғыспаған ба?

Кеше ғана Ұлы Отан соғысы деген соғыстағы жеңістің құрметіне Қызыл алаңда әскери шеру өтті. Оған Елбасымыз да, Президентіміз де бармады. Кәдімгідей бір жақсылықтың нышаны болар деп қуанып қалған жайымыз бар. Әлде шақыру болмады ма?

Барып келіп тамашалауға пұлымыз жетпесе де, құдайға шүкір, ешкім де құлағымызды кесіп алған жоқ, сол құлағымызбен бәрін естідік. Естідік те тіксіндік.

Сонда орыс патшасы не айтты?

Оның сөзіне сенсек фашизмді жеңген бір-ақ ел екен. Ол ел, әрине, орыс жұрты. Бұл соғысқа американдар, ағылшындар, қазақтар, басқа да жұрттар қатыспаған сынды.

Мұнан былайғы уақытта орыстың досы орыс ғана деді. Бұл қуантады қазақ баласын. Жетпіс жыл бойы бізді кіші досымыз деп келіп, қансуға ауып түскен жоқ па? Соларды өздеріне «мәңгі дос» қылды.

Мұнан былайғы уақытта орыс мүддесін қорғаймыз деп шегелеп тұрып, ашық айтты. Бұл не деген сөз?

Басымызға қара бұлт үйіріліп жатыр деген сөз.

Біздегі орыс орманына қарап ұлитын жұрт аз емес. Оларға енді өзіміздің сары қазақтарымызды қосыңыз!..

Бұл үлкен саясат. Көршілеріміз бізді кашанда соғыс ойына салып келеді. Және ешқашанда шығарғысы жоқ. Ең құрығанда іштей қырқысып жатсын деген саясат.

Ал ең бастысы қазақтың жері қазақтың жері емес екен. Бұл жерлер қазаққа сыйлыққа берілген жерлер екен!





Мұндай әңгімені бұрын да естігенбіз. Тіпті, ол жерлерді бізге Ленин берген дегенді қолдайтын тарихшыларымыз қарасы да қалың.

Лениннің беріп ғана қоймай, алғанын неге айтпаймыз?

Және алған жерінің берген жеріне барабар екендігін неге айтпаймыз?

Әлде Орал тауынан бергі жердің қазақ жері екендігіне көзіміз жетпей отыр ма? Сібір жөнінде де осыны айтар едік.

Бір кездері қазақ жері қазіргі жерінен екі еседей көп еді!

Соншама жерді бабаларымыз жаудан қорғай алды. Бабалар өмірінің ат үстінде өткендігін осыдан кейін де түсінбейміз бе?!

Қазір елдің көмейінде осыншама жерді қорғауымыз мүмкін бе деген сауал жүр.

Біздің алдымыздағы бабаларымыз қалай қорғады екен деген сауал туындамай ма? Демек қорғауға болады деген сөз.

Қалай?

Бұған, әрине, бір сөзбен жауап беру қиын.

Дегенмен жауап бар.

Бұрынғы бабаларымыз өздерін ос ұланғайыр жердің иесі санаған. Сол кісілердің қазіргі ұрпағы сол жерден көшіп жатыр. Кәдімгідей көшіп жатыр. Түркияға кетіп жатқандар әулеті айтарлықтай. Жақында ғана қандастарымыздың Кипрден үш мың үй сатып алғанын естіп, талып түсе жаздағаным бар.

Ресейдің Думасында отырғандар қазір теріскей облыстардағы жерімізді қайтарыңдар деп оқтын-оқтын ашық айтып жатыр. Сол орыстардың бір түнде Батыстағы Құрманғазы ауылын қақ жарып, шекара тартып, бауырларымызды өзенсіз қалдырғаны ештеңге үйретпей ме?!

Ал жөңгілеріміз әлден-ақ біздің жерімізге ентелей кіре бастады. Кейінгі жылдардың өзінде олар бізден, туған қырғыз бауырларымыздан және бізге шет емес тәжік жұртынан он екі мың шаршы шақырым жерді бауырына басыпты.

Мына жердің иесі болған! Олар біздің қарапайым ғана бабаларымыз. Олар өздерінің күздеуі, қыстауы, көктеуі, жайлауы болғанда ғана өздерін жер иелеріміз деп білген.

Және оларын көрінген жерге сала бермеген.

Қазіргі ауылдар неге құрып кетті?

Орыстың, қызылдың аяр саясатынан құрып кетті дерсіз. Ол да бар,әрине. Бастысы бабаларымыз суы жоқ жерге там салмақ тұрсын мола да салмаған.

Олай болса өз жерімізге бабаларымыздың көзімен қарайық.

Біздің жерімізді сырттан біреулер келіп қорғап бермейді.

Туысқан ағайындар келіп қорғайды деу кешегінің ертегісі. Олар алдымен өз жерлерін қорғап алсын.

Қазір басқа түскен пәлелерден жерімізді сатып құтылып жатырмыз. Ертең жат қолына кеткен сол жерлерімізді қайтып сатып ала аламыз ба?

Сондай себеппен жерсіз қаңғып жүрген жұрттар баршылық. Солардың кебін кигіміз келмесе қазірден бастап жерімізге ие болайық.

Жерді тауар деушілік адасушылық.

Өйткені біздің жерімізде ата-бабаларымыздың қаны жатыр.

Өйткені біздің жерімізде ата-бабаларымыздың рухы жатыр.

Ал рухын сатқан жұрт ешқашанда ел болып жарытпаған!

Біздің қазіргі екпініміз қатты. Біздің қолымыздан





сатудан басқа ештеңе келмей жатыр. Жердің астын сатып біттік. Ел балшықтан бала жасай алмай жатқанда көгенкөздеріміздің барлығын шетелге асырып үлгердік. Енді қыз белгісін сату деген әуезе шығып жатыр.

Жер сатуға тағы бір бес жылға мораторий жарияладық. Ол да көп уақыт емес. Ертең-бүрсікүні жетіп келеді. Тағы да сату жөнінде әңгіме қозғалады. Сонда қазіргідей тағы да қарсы тұра аламыз ба?

Әй, қайдам!

Олай болса ертең бұл жерге тіріміздің өзі сыйыса алмайтын болады. Мола салудың қажеттігі болмай қалады.

Өйткені біздің сүйегімізді отқа жағудан басқа амалы қалмайтын болады!

Күлімізді суға ағыза қоятындай не Инд, не Ганг сияқты өзендеріміз де жоқ!

Олай болса қазірден бастап крематорий сала бастағанымыз жөн!

***11.05.2021.***

# ҚАБИ

Есік алдындағы арқалықта отырған екі әйелдің сампылдары сұйылған сын-ды барып-барып басылған.

- Бір қаншық екі байлы болам деп бетпақтанып жатқан көрінеді... - деді біреуі.

Екіншісі алая қарағанымен үндемеді.

Ол да естігенін жай ғана қыстыра салды:

- Қаншықтар партиясын құрайын деп жатыр...

Бұл жолы алғашқысындай емес, біріншісі бөжекейлене қалды:

- Жап аузыңды...

- Е, не болып қалыпты?

- Бұл сөзің үшін мілисаға түсуің мүмкін...

Екіншісі кәдімгідей ойланып қалған. Өйткені түрме салып жатырмыз дегенді көк жәшіктен өз құлағымен естіген...

Болса болар деді іштей...

Отыз екі тісі қышырланып отырған жұрт жетерлік. Ауыздарын аша алмай отыр.

Ашса әлгіндей...

Қамап қояды...

Әлде қадап қояды...

Қадағанда салпыншықтар да...

Олардың түймедейі де, танадайы да бар, дөңгелегі де бар, қиықтысы да бар...

Бұлар өкіметтің «ауыз жабарға» берерлері.

Одан қалды әр мекеменің де өз салпыншықтары жеткілікті...

Одан қалды ел біле қоймайтын, салпыншықтар үлестіретін арнайы ұйымдар да бар. Тіпті, олардың халықаралық мәртебесі барлығын қайтерсің?!

Билік ұйымдастыратын жиналыстарға барсаңыз соларды көрер едіңіз. Кеуделеріндегі салпыншықтардан көз сүрінеді.

Кеудесіне ота жасатып жүрген Брежневіңіз жолда қалған.

Айтып отырған салпыншығымыз белден де төмен түсіп балаққа барып қалған.

Одан қалды атауларынан ат үріккедей қилы атақтар бар...

Қазақстанның Құрметті азаматы деген атақ қандай?

Керемет, әрине. Өкіметтің Еңбек Ерінен осыңыз қайырлы көрінері анық...





Алайда мұндай атақты өкімет беріп отырған жоқ.

Әлгіндей ұйымдар...

Біреу атын естіген, біреу естімеген...

Ғажабы сол. Оны өзіңіз сатып аласыз.

Әрине, елдің бәрі оны сатып ала алмайды.

Өйткені ол да қомақты қаржыны қажетсінеді...

О, ғажап-ай, ол да жай беріле салмайды. Екі жылда бір рет берілетінін қайтерсің...

Осындай жайттар әр жерден төбе көрсетіп жатқанын несіне жасырамыз?

Қазір «Қазақтың абызы» деген де атақ бар екен.

Оныңыз да оңай емес дейді. Үш жылда бір беріледі екен. Тәуелсіздік күні қарсаңында...

Енді, міне, елімізде би институты жанданып жатыр екен...

Мен тұратын үйдің жанында облыстық сотымыз орналасқан. Әрі-бері өткенде көріп жүреміз. Алдында үш ақсақалымыз орналасқан. Анығырағы үш би...

Қазыбек...

Төле...

Әйтеке...

Былайша жаман емес. Жарасымды да.

Алайда кейде ойланып қаламын.

Бұлардың сотқа қатысы қанша деп...

Бұлар би болса Қазыбек бабамыздың мұрақпен тұратыны қалай деп тағы да қиғаштаймын...

Төле биге қарасам сот алдында тұрғаннан гөрі мешіт алдында тұрғаны жөн сынды...

Өйткені ол бабамыз шалма оранған...

Ал Әйтеке бабамызды қазақ иисі шығатын жердің бәріне қоюға болатын сынды.

Өйткені ол бабамыз қашанда бөрікті келеді...

Содан ойыма қай-жайдағы оралсын. Осыдан біраз жыл бұрын осы Қарағандыда Қазыбек бабамызға

ескерткіш ашылсын... Сонда жер-көк соттан көрінбей қалсын...

Тіпті ішінде Бас соты да жүрді...

Сонда ойлап едім...

Осы біздер бірнәрсені шатыстырып алғанымыз жоқ па деп...

Өйткені би басқа да, сот басқа ғой...

Сотымыздың Магадан айдап жіберуі мүмкін...

Ал би болса «барып көрші ауылға тұрсын» дер еді...

Билер институтының қайтып келгеніне біраз болыпты. Ресми түрде заңдастарылыпты да. Керек десеңіз жер-жерде филиалдары да істеп тұр екен.

Білмей жүрген өзіміз. Солар Шымқалада құрылтайларын шақырыпты.

Аймақтардан тоғыз өкіл қатысқан сол құрылтайда Бас би сайланыпты.

Онысы кім екен десем өзіміздің Жәлел Омар бауырымыз екен!

Мен бұл бауырымды абайтанушы, дінтанушы, пәлсапашы деп білуші едім...

Ал былайғы жұрт оны шоумен, коуш деп біледі екен...

Әлжеліні ашып қалсам жұрт жапатармағай Жәлелді бас салыпты.

Ал Жәлелдің өзі не дейді демеймін бе?!

Сөйтсем Жәлелім:

- Өздері сайлап жатыр, - деп қарап тұр.

Былай қарасаң бейкүнә жауап. Расымен, Жәлелдің жазығы қанша? Аталмыш партия ма, ұйым ба - оның есебінде тұрмайды екен. Жәлелдің мені сайлаңыздар деп айтпағаны және анық.

Олай болса...

Күні кеше ғана Президентіміздің Қарағанды





жұртшылығымен кездесуі болды. Елді мазалаған жайт Президенттің қай партиядан түсетіні еді.

Өйткені Президент еш партияда жоқ еді ғой...

Сол-ақ екен басталды. Атаулары өзгерген «Аманат», Халық партиясы, Перуашевтің партиясы ұсынды да жіберді.

Сонда не болғаны?..

Өздерінде іліп алар адамның болмағаны ма?!

Ендеше соңымыздан ер деп несіне жарапазандап жүр?

Бастары жоқ бұл не қылған партиялар?

Бұл жерде де Президентімізді жазғырамыз ба?

Жазғырсақ өзімізді жазғырайық.

Өйткені әлгі қилы атақтарды ойлап тауып, заңдастырып жүрген өзіміз ғой.

Бірінші Президентімізді өз соқпағынан шығарған да өзіміз...

Жарылдық-ай... жарылдық-ай...

Жарылдық та таптық...

Елбасы деген атауды!

Енді біраз жүргенде ол атаудан жеріп, жаңасын ойлап табар ма едік?!

Ендеше Басби деген түк емес!

Президенттердің Президенті Елбасы болды!

Хандардың Ханы - Қаһан!

Билердің Биі - Қаби!

Қабиіміз кім болар екен!

Күшен қазақ, күшен!..

Ал ішкі сволышым «жап аузыңды» деп тұр...

Шамасы маған да біреулер салпыншағын ма, атағын ба - берейін деп жатыр-ау...

***07.10.2022.***

# ҚАЗАҚИЯ

## I.
## КІМ КІНӘЛІ?

Бүгінгі баланы кінәлаймыз...

Дым сызбайды деп...

Оған себеп көп...

Бәрін білсе де бүгінгі ұрпақ Сталинді білмейді, Лениннің суретін ұсынсаң бұл шал кім дейді, Хрущевтен де хабары жоқ ... Керек десеңіз кешегі Кеңесті қақыратқан Горбачтың өзін де тұстей алмайды. Бұлар кім деп сұрасаң желкесін қасып қоя береді...

Бұлардың барлығы да мемлекет басқарғандар, оның ішінде Русия (КСРО) сынды алып империяны басқарғандар. Бұлардан төрткүл дүние ығып тұрды.

Бұлар ешкімді де аямады. Қалтасынан бір уыс масақ шыққанды қабырғаға қойды. Шөңге түбіндегі қаймақ жалағанды Сібірге айдады...

Қазақ, қырғыз...жұрттары ғана емес орыстың өзі оңбай теперіш көрді.

Ленин шалдан бастап оңбаған орыс жұртының түбіне осы көсемдер жетті. Коммунизмге орыс тілімен жетеміз деп бұратана елді тілінен айырды. Біз біртұтас совет ұлты боламыз деп аралас некені дәріптеді. Сөйтіп Русия жерінде қара орыс қарасы артты.

Міне, осылай совет халқы деген жаңа ұлт қалыптасып жатты. Ұлы Қазан төңкерісінің жетпіс жылдығында Андропов совет халқының қалыптасқанын жар салып жариялады.

Бұлардың барлығының ұлты төлқұжаттарында орыс деп көрсетілді.





Алайда бұлардың ішінде таза орысы жоқ еді. Сондықтан да бұлардың жаны ашымады. Орысына да, басқасына да.

Совет халқымыз деп жарияласа да бұл көсемдер төлқұжатындағы көрсетілген ұлтын өзгертпеді.

Бұлар ұлтты ұшпаққа шығарады деген көсемдер болатын. Алайда олар нақ сол Русияны су түбіне жіберді.

Өйткені олар орыс емес еді...

Өйткені олар совет емес еді...

Сөйткен Русия құлап, бүгінде қауқарсыз Ресей болып отыр!

Ресейдің түбіне жеткен отансыздық!

Ресейде отырған жүз отыз ұлт-ұлыс та оны отаным деп отырған жоқ. Олай болса Ресей тағы да құлайды. Қашан Московия болғанша құлай береді...

Ал сол күн көсемдердің ұрпақтары қайда, қалай тұрып жатыр деген заңды сауал туады.

Сталинның немересінің АҚШ-та тұратынан хабардар болсақ керек. Таздың баласы да сол АҚШ-та тұрды. Берияның баласы Испанияны сағалады. Андроповтың да, Сусловтың да немересі сол АҚШ-тан пана тапты...

Осының бәрі нені көрсетеді?..

КСРО алып империя еді!

Атом қарулары болды!

Солай бола тұра бар жоғы жетпіс-ақ жыл өмір сүрді...

Біздің Қазақстанымыз да оңай емес, әрине!

Әйтпесе отыз жыл өмір сүрер ме едік! ?

Біздің де атом қаруымыз болды!

Біздің де өз жеріміз жетеді!

Біз де жанығып жатырмыз!

Қазақстандық деген ұлтты қалыптастырамыз деп...

Содан ұшпаққа шыққанымыз шамалы-ау осы...

Тәуелсіздік алғанға дейін әлемдегі елу елдің ішінде едік.

Бүгінде әйтеуір сол тізімде барлығымыз ғана білініп отыр...

Бұлай жүре берсек бір күні бұл тізімнен де шығып қалатын түріміз бар.

Міне, қызық!..

Қазақ жерінен қазақ балалары кетіп жатыр...

Ешкім оларға кет деп жатқан жоқ.

Есесіне қазақстандықтар отырған орнынан қозғалмай отыр.

Әртістеріміздің барлығы дерлік Түркияға көшіп алған. Биылдың өзінде Кипрге үш мың жерлесіміз қоныс теуіп үлгеріпті.

Басқа басқа, Елбасымыздың да бала-шағалары жер-жаһанға орнығып үлгере алмай жатыр.

Күндердің күнінде қазақ жерінде қазақ баласы қалмайтын болады.

Жо-жоқ, ескерткіштер қалады. Алып ескерткіштер. Ғарыштан көрінетін.

Елбасының...

Президенттің...

Хатшының...

Қалады, әрине!

Қазақ жерінде қазақстандық деген ұлт қалатын болады!

Қайран, Қазақия!..

***15.07.2021.***





**II.**

# НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қазақ қоғамы жарылыс алдында тұр.

Қалайық, қаламайық, ерте ме, кеш пе - ол бәрібір өтеді...

Бізді күпті ететіні сол жарылысымыздың нәтижесі...

Өйткені кез келген жарылыс үлкен құрбандықтар алып келеді.

Соның кейіндегі көрінісі - қаңтар уақиғасы!

Оның жалғасы болуы мүмкін бе?

Әрине!

Міндетті түрде!

Өйткені біздер соғыс жағдайындағы мемлекетпіз!

Біздегі соғыс барлық деңгейде жүріп жатыр!

Қазір біздің бәріміз де сарбазбыз!

Ешкім айтпаса да үлкен соғыстың қайдан келетінін біліп отырмыз!

Олар бізден жүз есе, мың есе қуатты!

Олар өте қауіпті!

Ол да түк емес...

Олардан да қауіптірек жау бар!

Олар - өзіміздегі түрі қазақ бауырларымыз!

Олар - көрші елдерде отырған түрі қазақ бауырларымыз!

Ертең беті әрі болғыр соғыс бала қалған жағдайда қазақ баласы қазақ баласына қарсы жүретін болады!

Өзіміздегі түрі қазақ бауырларымыз өзімізді қарауыл ұшына алатын болады!

Қаңтар уақиғасы соны көрсетіп отыр!

Елдің дал болып отырғаны...

Ақиқатын күткен еді...

Биліктен...

Мүптияттан...

Әзірге тырс етпей отыр!..

Соған қарағанда осылардың өздері де сау сиырдың боғы емес-ау дегенге алып келеді.

Кім кімге сенеді?

Бір нәрсе айқын...

Халық билікке сенбей отыр...

Мүптиятқа да сенбейді...

Бұлар қарашасына қорған бола алмады, болмайды да...

Сонда...

Қазіргі тұрып жатқан аспан тіреген зәулім үйлеріміз, мешіттеріміз, медіреселеріміз - бәрі, бәрі біздің моламызға айналады!

Аман қалғандарымыз ешқандай да мешіт, болмаса медіресе салмайтын боламыз...

Ешқандай да бейіт, болмаса мола салмайтын боламыз...

Біздер үй соғатын боламыз!

Қамал қорғанымыз бола алатын!

Бәлкім, ол киіз үйіміз болар...

Бәлкім, оның лашық та болуы мүмкін...

Ең бастысы оның қамал қорғандығы!

Оған жетудің бір-ақ амалы бар!

Қазақстандағы казақ - қазақ, Ресейдегі қазақ - қазақ. Қытайдағы қазақ - қазақ, Өзбекстандағы қазақ - қазақ болғанда!

Қазақтығы ұйқыға кеткен бауырларымыз оянғанда!

Қазақстанымыз ұлттық мемлекет болғанда ғана!

Қазақы мұсылманшылығымызға оралғанда ғана!

Біздің қазақтығымыз барлық ұстанымыздан көрініп тұруы керек!

Жеген тағамыздан!





Киген киімізден!

Жүріс-тұрысымыздан!

Сөйлеген сөзімізден!

Үлкенге деген құрметімізден!

Кішіге деген ілтипатымыздан!

Қыл ақыры дәретті қалай сындырғанымыздан!

* * *

Сонда ғана Қазақиямызға ораламыз!

***08.06.2023.***

# ҚАЗАҚСТАН: Күнгей ҚАЗАҚСТАН... Теріскей ҚАЗАҚСТАН...

Бүгінгі Қазақстанды түсінуден қалдық.

- Қай Қазақстан? - деп қарап тұрамыз.

Біздің Қазақстаннан басқа тағы бір Қазақстан бардай...

Өйткені «Жаңа Қазақстан» деп айтушылық белең алып тұр...

Өйткені «Әділетті Қазақстан» деп айтушылық өңмеңдеп тұр...

Ал менің көз алдымда жағырапиялық картамыз тұрады...

Содан өз түсінігімдегі Қазақстанымды таба алмаймын...

Өйткені ескі айдай туралып кеткен...

Әлі де тураймыз деп отырғандар жеткілікті...

- Қазақстанды бөлшектеуден оңай нәрсе жоқ. Түртіп қалсаң үшке бөлінейін деп тұр... - деді жанығып.

Әйтеуір, жүз деген жоқ...

Губерния деді...

Бұл - Ресейдің Вангасы Жириновский еді.

Тура осылай деді.

Және онысы шындықтан алыс та емес еді.

Ел Жириновскийді қума көреді. Шынтуайтында сол қумаңыздың айтқандары келіп жатыр.

Ол спецоперацияның да қашан басталатынын дәл айтты.

Қырымды да тура айтқан.

Донбастың да Ресейге соғыссыз қарайтынын қолмен қойғандай айтып берді...

Біз жөнінде айтып отырғаны анау...

Олай болса...

Кәдімгідей қауіп ойлап жүретін болғанбыз...

Сол қаупіміз шындыққа айнала жаздады.

5-ші қаңтар күні!..

2022 жылы!

Қазақстан бөліну алдында тұрған.

Оның белгілері сонау Қонаев заманынан біліне бастаған. Назарбаевтың өкімет басына келуімен бұл бөліністің сұлбасы тіпті айқындала түскен. Асылан Мусиннің мұнайлы өлкені басқаруы жаңа бір қуатты өңірдің пайда болғандығын көрсетіп берді. Имани дініміздің басқа діндердің осы өңірде кең өріс алуы ішкі бөлшектенуімізді жеделдете түсті.

Ал үшіншісін Мәскеуіміз баяғыда-ақ белгілеп берген.

Ол - Тың өлкесі еді.

Анау-мынау емес, бақандай бес облыс қарайтыи...

Жириновский айтқан сол түртпек Мұнайлы Өзенде басталып, үш күн ішінде Алмалы Алматыға да жеткен!..

Тапа талтүсте казақ баласы жау іздеп әлек болды да қалды.





Өйткені жиырма мың содырдың келгенін анау-мынау шенеунік емес, Тоқаевтың өзі хабарлады!

Шынтуайтында бұл хабарды Тоқаев емес, Совбездің басшысы Назарбаев хабарласа керек еді!

Бұл қалай десіп жатты жұрт...

Негізгі оқиғалар батыс пен күнгейде өрбіді де, теріскейдегі қазақтар бұлқынбақ тұрсын түсініп те үлгермеді.

Сексен алтыдағыдай телефон байланысы үзілді. Ғаламтордың үні өшті.

Енді не істемек?..

Жау іздеген жұрт бір-бірін жау көрді...

Бауыр бауырға қарсы жүрді!

Өйткені рупор сайрап тұрды.

Содырларда ұлт деген болмайды деп!

Содан бәрі де адыра қалсын...

Шапыраштı шапыраштыны турап салсын...

Адай да адайларын бауырым-ау демеді...

Ел іш тартты...

Не болып жатқанын өзіміз тұрсын шетелдіктердің өздері де бағамдай алмай қалды.

Сол вердикт әлі шықпай жатыр!

Араға жыл түссе де!

Бас прокурордың сөзі анау...

Оған салсақ бәріне Мәсімов кінәлі-мыс!

Қажыгелдинді аузына алмағанына шүкір...

Әбіләзовты аузына алмағанына шүкір...

Жақияновты аузына алмағанына шүкір...

Дикий Арман дейді ғой аузы қисайғырлар...

Ал ондай дикийлер бәрінен болмаса да әр ауылдан табылып қалады...

Сонда Дикий Арман Мәсімовтың замы болған ба?

Солай-ақ болсын.

Басқа замдары қайда?

Бірінші, екінші, үшінші дегендей...
Сол замдардың замдары қайда?..
Мәсімов Патша болудан үміткер еді дейді ғой...
Бізге ендігі қалғаны ұйғыр патша еді...
Басқа басқа, ең алдымен сол үміткердің басын әлгі Дикий Арманның өзі қағып тастар еді...
Қалай дегенде Арманымыз қазақ еді ғой...
Ол да қазағын бізден кем сүймесе керек...
Олай болса?..
Жаңаөзендегі бұлқынысты басуға ОДКБ әскері неге пайдаланылмады екен дейсіз....
Жоқ, пайдаланбады...
Арғынды пайдаланды...
Сөйтіп, арғындарды бөжекей қылып шығарды...
Кіші ағалардың өкпесі көлдей еді бауырларына...
Алайда бұйрық солай еді ғой!
Сонымен...
Патшалықтан кімнің дәмесі болды екен?..
Жауап, әрине бар!
Жауап беретін адам жоқ!
Қазақ баласын бөлшектеу бүгін-кеше басталған жоқ.
Ресей бізді қалай бөлшектеп жатса қансу жұрты да бізді солай бөлшектеп жатыр...
Олардың басты мақсаты қазақ жұртын бөлшектеп өздеріне қосып алу...
Ешқандай мылтық атпай-ақ...
Қазақ елі оттап жүргеніміздей рулардан емес, мемлекеттерден тұрады. Бұл жағынан келгенде қазақ елі федеративтік мемлекет.
Қыпшақ, Үйсін, Қоңырат, Қаңлы, Арғын, Найман, т.б. ру атаулары ғана емес, мемлекет атауы да. Олай болса қазақ елін үшке емес, кемінде бір жиырмаға бөлуге болады.
Ал әзірге екіге белсе де болады!





Күнгей Қазақстан деп!
Теріскей Қазақстан деп!
Оның мысалы жеткілікті...
Оңтүстік Корея...
Солтүстік Корея...
Оңтүстік Судан...
Солтүстік Судан...
Кезінде Вьетнам да екеу болған...
Бесінші қаңтардың басты мақсаты Қазақстаннан Күнгей өңірді бөліп алу еді!
Сөйтіп Қазақстан екіге бөлінетін еді...
Ескі Қазақстан деп...
Жаңа Қазақстан деп...
Күнгей Қазақстан деп...
Теріскей Қазақстан деп...
Міне, осыдан барып «содырлар» Ақордаға шабуыл жасамады!
Ақордада атымен мылтық дауысы шыққан жоқ!
Егер шынымен осылай болғанда, сөз жоқ, Назарбаев көкеміз Нобель сыйлығын алатын еді!
Горбач КСРО-ны ыдыратқаны үшін алып еді ғой...
Біреулер мешітке барып жатыр...
Біреулер Тағзым алаңына барып жатыр...
Ал мен Әлем Атласынан көз алмаймын!
Бар...
Менің Қазақстаным!
Біздің Қазақстанымыз!
Құдайға шүкір...
Жиырма да емес...
Үшеу де емес...
Екеу де емес...
Біреу!

***07.01.2023.***

# ҚАЗАҚТЫҢ АУРУЫ

Алжыған ғасырда алжулар көп болады. Оның ішінде жасына жетпей алжығандар өте қауіпті. Біздің қоғамымызда сондай бір алжу бар...

Сол алжудың көкесі - пыш-пыш...

Бұл енді, әрине, еркектердің пыш-пышы...

Ауылдағы қой соңында жүрген бауырларымыздан бастап өкімет басында отырған бауырларымызға дейінгі пыш-пыштардың бүгін, болмаса ертең тиыла қалатынына басқалар сенсе де мен сене қояр ма екенмін...

Ондай пышпыштардың қайдан шығатынынан да ел хабардар...

Бүгінде жұрт Мәлік Сапаровты білмейді...

Білуге тиісті едік...

Білмей жатсақ өкімет соны бізге білдіруге тиісті еді!..

...Не өздері білмейді...

Мәлік Сапаровтың кім екендігін...

...Не білдіруге құлықсыз...

Ел қорғанысы доктринасын жазған сол азамат болатын!

Елу жасына толмай жатып!..

Және елу жасына толмай жатып қаза болды...

Ал ол бауырымыз анау-мынау емес, генерал болатын, генерал болғанда Бас штабты басқарды, генерал лейтенанты еді!

Сол бауырымыз біраз жүре тұрғанда ешқандай да ұшағымыз Африка құрылығына сатылмайтын еді...

Қару-жарақ қоймаларымыз аспанға ұшпайтын еді...

Ешқандай да Арқанкерген оқиғалары болмайтын еді...

Әскерде ешкімді ешкім төмпештемейтін еді...





Қазіргі жұрт әскерге шақырған баласын соғысқа жіберіп жатқандай күңіреніп шығарып салады...

Неге?

Сол әскерден оралмай жатқандар көп...

Және кінәні өздеріне жабады ғой...

Осыдан кейін жұрт баласын әскерге қалай жібермекші...

Мен немеремді әскери оқуға бердім!

Немерем өз ықыласымен барды!

Менен өткен бақытты жан жоқ еді!

Сол тұста, әрине...

Сол немеремді оқудан өзім шығарып алдым...

Бұл нонсенс еді!

Мен үшін, әрине...

Менен өткен бақытсыз адам жоқ еді...

Қазір ше?!

Айта алмаймын...

Өйткені мен айтып отырған немеремнің МЕНІҢ өлтіріп алмадым ба деп уайымдаймын...

Жо-жоқ ол басқа оқуға түсті. Технар...

Менің одиссеям бір мұнымен бітсе жақсы ғой...

Менің кенже ұлым бар...

Синолог...

Менің білгенімнің бәрін біле қоймас. Бірақ біраз нәрсе біледі...

Ең бастысы ол да жазады!

Маған сол жетеді!

Мен бақытты едім!

Алайда мен оның жазғанын оқи алмаймын!

Ол қытайша жазады!..

Мен үшін мұнан асқан трагедия жоқ!

Қытай тілін қайтіп көгертем деп жүгіріп жүр...

Магистратурасынан әзер тоқтаттық...

Біржарым миллиард жөңгесі бар қытай тілі саған зәру емес деп...

Енді ол ұл не істеп жүр дейсіз ғой...

Бес тілді біледі... Және сол тілдерде сөйлейді, жазады, ән де салады... күй де тартады...

Түрік лицейін алтынға бітірген, ағылшын тілінін Чехияда өткен конкурста бірінші орын алған, өзіміздің универді қызылмен бітірген, Президенттік стипендиат болған..

Намаз оқиды...

Қазіргі тірлігі...

Араб және португал тілдерімен шұғылданып жатыр...

Арабын түсіндік дейік...

Құранды түп нұсқада оқығысы келеді делік...

Ал португалы ше?!

Өзінен сұрасам Мараканада торсидалар қатарында «Сантостың» ойынын көргім келеді дейді...

Не айтарсың?!

Сол балама қазақтың Ахаңы - Ақселеу Сейдімбекті сіңіргім келген!

Ол менің бар жазған-сызғанымды оқиды!

Оның ішінде Ахаң жөніндегі жазбаларымды да...

Орайы келгенде Ахаң жөніндегі көзқарасын сұрайын...

- Өз әлемінен шыға алмаған адам!.. - деп қарап тұр...

- Сіз де сондай адамсыз!.. - деп және қойып қалсын...

Менің жағдайым осыдан кейін жағдай болмай қалған...

Үлкен ұлым тоғызқұмалақшы еді. Бір адамнан кем ойнамаушы еді. Тіпті халықаралық турирде жеңімпаз да болды.

Соны Ахаңа айтайын.

Ағамыз кәдімгідей қуанып қалды.





- Ең құрығанда сиыр айдап келген шығар... - деді ағамыз.

Тоқсаныншы жылдар солай болатын. Жеңімпаздарға қой, торпақ атап жататын.

- Он мың теңге...

Ағамыз жақтырмады. Қабағын шытты. Сонан:

- Қабірін қазып жатыр екенбіз ғой... - десін...

Бұл мен үшін ауыр сөз еді...

Бірақ жауап қайтару да өте қиын еді. Сол тоғызқұмалағымыз әлі күнге көгере алмай келеді ғой...

Оны айтып отырған ұлым да көгертпеді.

Ойнамай кетті...

Үлкені Алматы да, кішісі Астанада тұрады.

Кеше қоңырау шалсын. Бүгін маған келмекші. Айтатын әңгімем көп сияқты еді. Енді не айтарымды да білмей отырмын.

Кеше оған Ахаңның неден қайтқанын айтайын.

- Ол кісінің ажалына себеп болған шежіре емес, ауруы... - десін.

Астанада жүр ғой, бірнәрсе естіген ғой деп:

- Қандай ауру? - деп сұрайын...

- Қазақ деген ауру! Қазақ болам деген ауру!..

Кәдімгідей не айтарымды білмей үнсіз қалайын...

- Сіз де сол аурумен ауырасыз... Бұл аурудың емі жоқ! Өйткені қазақ деген қоғам жоқ! Ешкімнің қазақ болғысы жоқ...

Содан ауырып жатырмын...

Мен үшін...

Бүгін - Ақселеу Сейдімбектің туған күні!..

Бүгін - Мәлік Сапаровтың туған күні!..

Мен олардың туған күндерін үш жүз алпыс және алты күн тойлаймын!

Өйткені қазақтың қазақтары солар...

***13.12.2022.***

# ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БАБАМЫЗДЫҢ СҮЙЕГІ ҚАЙДА?

«Туған жылы белгісіз. Өлген жылы белгісіз. Жатқан жылы белгісіз...»

Бұлай деп аса бір өкінішпен қазақтың біртуар ұлы Әбіш Кекілбай айтқан. Алшын Әйтеке би Бәйбекұлына қаратып.

Бүгінде нақты болмаса да аруақты Әйтеке бабамыздың туған және қайтқан жылдары белгілі. Жатқан жері де табылды.

Сол-ақ екен басталды. Бабаға деген ұрпақтың құрметі. Арнайы қор құрылды. Шардара қаласында ескерткіш мүсіні ашылды. Нұратада Әйтеке баба кешені бой көтерді.

Бүгінде Қазалы қаласында бабаның соқталы ескерткішін ашу бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Алматыда, Ақтауда, Ақтөбеде атаулы көшелері бар.

Әйтеке биді айтқанда көз алдыңда міндетті түрде қазақтың тағы екі биі тұрады. Бірі Үйсін Төле би болса, екіншісі Қаздауысты Қазыбек. Төле бидің басының Тәшкенде жатқаны белгілі. Ол жерді бүгінде Қарлығаш би басы деп жүр. Ол бабамыз да қазақ даласында ұлықтаудан кенде емес. Жақында ғана Қарағанды қаласында бабамыздың 350 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция де өтті.

Шүкіршілік, Қаздауысты Қазыбек бабамыздың туған жылы да, қайтқан жылы да белгілі.Күні кешеге дейін жатқан жерін де білуші едік. Қасиетті Түркістанда, Әзірет Әлі кешенінде жатыр деп келдік.

Бабамыздың сөреленген сүйегін қасиетті мекенге баласы Бекболат бидің апарғаны белгілі. Басында құлпытасы да болушы еді...





Осының барлығын неге өткен шақпен айтып отырмыз?

Еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында бодандық синдромынан құтылуға асықтық. Қазақ баласы қашандағыдай адастырмас рухын іздеген. Сол рухтың қасиетті мекені Әзірет Әлі кешені еді. Онда қазақтың ханы бар, қарашасы бар - талай марқасқалары жербесігін тапқан.

Елге ес берген рухтарымыздың тізбесі БАҚ беттерінде жарияланды. Өкініштісі ол тізбе шолақ еді. Сол тізбеде бабамыздың есімі бар болатын. Құлпытасы да көрсетілген еді.

1995 жылы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қайта жарақтау жұмыстарының жүргізілгені белгілі. Оны түрік ағайындардың «Иншат» компаниясының жүргізгені есте болар. Сол ағайындар асығыстық танытты. Бөлінген қаржыны игеру мақсатымен есін енді ғана жинап жатқан елдің алды-артына қарауына мұрсат бермеді. Екі арадағы келісімшартты көлденең тартып, өз дегендерін істеді. Соның салдарынан кесенеміз кешегі күніне де жете алмай қалды. Сорақысы қазақ руханияты одан әрі қайыршылана түсті. Өйткені күмбездегі араб қарпімен түсірілген жазулар майлы бояулардың астында қалып, ғайып болды. Майып болған нәзік сәулет өнерінің жәдігерлері жөнінде айтпай-ақ қоялық.

Аруақтар сүйегін жинау осы тұста басталады.

Оны қабірден шығарудың еуропалық тәсілі қолданады. Бұл тәсіл бойынша үлкен қысыммен жер астына цемент жіберіліп, мүрделер шығарылып отырған.

- Кесенеден шығарылған мүрделердің ұзын саны мыңнан асушы еді, - дейді сол кездегі Отырар мұражайының сектор меңгерушісі болып істеген Серік Ахмет.

Серік Ахмет бүгінде аталмыш мұражай директорының ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары болып істейді. Еліміздің әргі-бергі тарихына қатысты біршама еңбектің авторы. Бірқатар энциклопедия шығаруға қатысқан тарихшы-археолог.

Серік Зарапұлымен жақын танысудың мүмкіндігі кеншілер қаласында түсті. Осында Отырар мұражайының тұсаукесері өткен. Сонда өзінің біліктілігімен, кәсіби шеберлігімен елдің назарын өзіне аудартқан.

Арамыздағы әңгіме-дүкен желісі еріксіз қасиетті Түркістанға тіреле берген. Сол әңгімеде іш жиғызатындай желілер аз емес еді. Ендігі сөзді Серік Зарапұлының өзіне берейік:

- Барлығы 1995 жылы Абылайханның сүйегін зерттеуден басталған. Мен бұл жұмысқа қатардағы жұмысшы болып тартылдым. Ол тұста сектор меңгерушісі едім. Біз барып іспен танысайық. Рабиға Сұлтан Бегім кесенесінде жүзден астам арнайы жәшікке адам сүйектері жиналыпты. Оның көбісінің сүйектері сынып, жарылған екен. Бірден айтайық, бұл жұмысқа көмек қолын берген Қожа Ахмет Яссауи мұражайы мен Қазақ-Түрік университеті еді. Мұражай қызметкерлері өздері білетін сүйектерді қолмен қазып алған да, қайта жерлеген. Қалған мәйіттерді түріктер қысыммен жер үстіне шығарған. Абылайхан сүйегін арнайы шығарып алғаннан кейін, оған арнайы зерттеу жүргіздік. Оған өзімізден, шетелдерден көптеген белгілі ғалымдар қатысты. Ішіміз қан жылап жүріп қалған сүйекке иелік етуге қамдандық. Біреуді біреу керек қылмаған заман ғой. Үкімет те қол ұшын бере алмады. Үш жүзден астам асыл бабаларымның сүйегін мен өзімнің қолымнан өткердім. Өткергенде арулап, тазалап





арнайы жәшіктерге орналастырдым. Қазақшалап айтқанда екінші мәрте мейрамсуларын ішкіздім. Хан Абылайдың жайы белгілі ғой. Қайта жерледік. Төрткүл дүниеге сөйтіп елдігімізді бір паш еттік. Қалған сүйек сол жәшіктерде қалған болатын. Жақсы күн туғанда бір жайлы етерміз дегенбіз. Екі жылдан кейін ол сүйектерді жіліктеп (классификациялап) қайта жерледі. Өкіністісі, оларды арнайы, жеке-жеке емес, бір жерге көме салды...

Осы жерге келгенде менің де қолқам үзіліп түскендей болды. Бұл да бір қазақ руханиятындағы ақтаңдақ екен-ау деп мен тұрмын. Менің көкейімдегі сауалды Серік Зарапұлы да айтқызбай-ақ тап басып тқрды. Тілінің күрмелетін себебі де жеткілікті...

- Қаздауысты Қазыбек бабамыздың сүйегі белгілі болатын. Ондай белгілі сүйектер орыны бірнешеу еді. Алайда қазу барысында күтпеген жағдайға тап болдық. Атап айтқанда әлгіндей қабірден бір мәйіттің орнына төрт-бестен мәйіт шығып отырды. Осыдан кейін Қаздауысты Қазыбек бабамыздың сүйегін дөптеп көр. Қайталап айтам, сүйек бар, алайда бәрі араласып кеткен болатын. Солайынша мынау Қаздауысты Қазыбектікі деп сеніммен айту мүмкін болмай қалды...

Серік бауырым үшін енді өзім қиналайын. Өзін кінәлі сезінеді. Баба ұрпағының алдында. Тарих алдында. Өзін де, өзгелерді де ақтап алатындай олар қандай да бір қылмысқа барған жоқ. Алайда олар сол кездегі жағдайдың құрбаны еді-ау. Енді мен ышқынайын...

- Қаздауысты Қазыбек бабамыздың сүйегін табудың қандай мүмкіндігі қалды?

- Бәрін де қаражат шешеді. Үкімет тарапынан, басқадай үкіметтік емес ұйымдардан, болмаса жеке

тұлғалардан қолдау, демеушілік жасаған жағдайда жұмысты қайтып жандандырып, бабамыздың сүйегін арулап қоюға әбден болады.

Мұрын ұшына келген жанымыз енді болмаса ұшқалы тұрған. Көңілімізді демдегенде жазған мақаламыз осы болды.

Қарағанды сапарынан қайтып бара жатып Серік Зарапұлы жақсы күндерде кездесейік деп игі тілегін білдірген. Сол жақсы күннің ауылы алыстамаса екен.

***16.05.2013.***

# ҚАҢТАР КЕЛЕ ЖАТЫР...

Сонымен желтоқсан да өтіп барады...

Жүрген-тұрғаны білінбей!

Осы мерекеміздің мәртебесі қалай айтсақ та күңгірт-ау...

Ұлттық мейрамымыз ба?..

Мемлекеттік мейрамымыз ба?..

Қалай айтсақ та бұл біздің басты мейрамымыз!

Тәуелсіздік мерекесінен өткен мереке жоқ болар?!

Сол мерекеміз білінбей өтіп барады...

Кімге қайдам, маған білінгені қазақтың бұлбұл қызы - Бибігүл Төлегенованың 92 жасқа толғандығы! Мерейлік жас емес, сахнада ән айтатын жас емес. Алайда апайымыздың концертін ризашылықпен қабыл алдым! Мың жасасын, апайымыз!

Фарида Шәріпова апайымыздың да туған күні екен! Жер басып жүргендей болса тура сексен алты жасына толады екен. Ол апайымызды өмірін театрға арнаған деп білеміз! Апайымыздың туған күнін жыл сайын атап өтсек те еш артықшылығы жоқ!

Атаған соң аяғына дейін бару керек еді!





Бір-бір сом алтыннан ескерткіш қойғанда үкіметіміздің сүйкімі арта түсер еді-ау!

Ал тәуелсіздік мерекесін өз деңгейінде тойлап жатқан жұртты көрмедік!

Сөйтіп, онсыз да сүйкімі кетіп тұрған үкіметіміздің сүйкімі сына түсті...

Елдің күткені басқа еді!

Елдің күткені осы мерекеміздің мәртебесі еді!

Тәубе, оқиға дегеннен кеттік!

Тәубе, қозғалыс дегенге жеттік!

Шынтуайтында бұл көтеріліс еді ғой!

Кеше Елбасымыздың аузынан шықпап еді?

Соны Президентіміздің аузынан күткенбіз!

Шықпады...

Алда қаңтар келе жатыр...

Қаңтар «оқиғасы» келе жатыр...

Оның мәртебесі қалай болмақ?

Сол кездегі қауіпсіздік кеңесінің төрағасы Елбасымыздың шындығы қандай?

Сол кездегі ел басшысы Президентіміздің шындығы қандай?

Бұл шындық айтылмайынша еліміздің ертеңіне сену қиын!

Әрі-беріден кейін бұл өзі оқиға ма?..

Әлде уақиға ма?..

Мылтық аттық той...

Адам аттық той...

Өз қазағымызды аттық той...

Ал... әзірге...

Қазақпыз ғой, шүйгіндетіп соғымымызды қызықтап жатырмыз...

Сере шықты деп...

Кере шықты деп...

Табан шықты деп...

***18.12.2022***

# ҚарЛАГ-та ОРЫСТАР ОТЫРҒАН БА?

Алжыған ғасырдың алжыған шалының Аза күнінде тақырыпқа шығарған атауы осындай болды...

Жыласаңыз да осы...

Күлсеңіз де осы...

Бүгінде ЛАГ тақырыбына барушылар қарасы қоюланды. Айқайлатып-ақ тақырыптар қойып жатыр.

Соған селт етпеген жұртты көріп басы артық бірнәрсе айтып қалмадым ба деп қуыстанады екенсің...

Әйтпесе, Архипелаг ГУЛАГ-тың айқайы-шуы қандай болып еді?

Ресейдің өзінен пәлендей сыйлық алмай-ақ Нобель сыйлығын алып ұрмады ма?

Соны жазған Солженицынды әулие танып, аспанға атпады ма?

Соған қарамастан біздегілер жазып жатыр.

Ештеңе де дәм етпей...

Мен де жазып жатырмын...

Жазғанымды шығарып бермейтінін де білемін...

Алайда...

Мойындайық, мойындамайық ҚарЛАГ қазақ баласы үшін салынған ЛАГ.

Лагерьдің алғашқы атауы - «Қазақ еңбекпен түзету лагері» болатын.

Одан да анығырағы - АрғынЛАГ еді!..

Бүгінде базбіреулер мұнымызды артық санайды.

Рушылдыққа дейін апарады...

Ал ресми құжаттар біздің сөзімізді сөйлейді!

Мұнда отырған қазақтардың тоқсан пайызы осы Қарағанды өңірінің қазақтары!0





Олар - Арғындар еді...

Арғынның Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек балалары еді!

Мүлт кеткенін жасыру үшін Мәскеу алдымен лагерьдің қазақтық белгісін жоюды қолға алды.

Ең алдымен КСРО-ны мекендеп жатқан ауған жұрттар өкілдерін отырғызды. Олар - корейлер, қытайлар, дүнгендер еді...

Соңынан тау халықтарының өкілдерін отырғыза бастады.

Ел осы белгісіне қарап ҚарЛАГ-ты халықтар лагері деп білді.

Шын мәнінде айтып отырған ұлт өкілдерінің барлығы да Қарағанды өңірін мекендеушілер еді.

Зымиян саясат Арғын белгісін де тура осылай бүркемеледі.

Батыстан, Шығыстан, Түскейден отырғыза бастады.

Алайда бұл қазақтар да Қарағанды өңірінде тұрушылар еді.

Орыс баласының жәдігөй саясаты мұнымен тоқтап қалған жоқ.

Одан да әрі барды!

Енді олар «орыстардың» өздерін де отырғыза бастады.

Орыс болғанда олар Питердің, болмаса Мәскеудің орыстары емес еді.

Олар Қазақстанның орыстары еді!

Олар Қарағандының орыстары еді!

Олардың да соңғы тұрақтары - Қарағанды еді!

Және бұл орыстар сіз ойлап отырған орыстар емес еді!

Бұлар - өздерінің тегін жасырып, орыс тегін жамылған жебірей жұрты еді!

Жәдігөй саясат қашанда бүркемеленеді ғой...

Олар ондай «орыстарды» сонау қияндағы қазақ ауылдарынан тауып жатты!

Өйткені ол тұста орыс тілі қазақ ауылдарына жеткен болатын!

Ал ол пәннің оқытушылары - жебірейлер болып келетін...

Сонымен біз қойған сауалдың жауабын сіз де бере аласыз!

***30.05.2023.***

# ҚҰДАЙБЕРГЕН

Өзіме тартқан бір момыным бар. Тартынбай сөйлесеміз. Аралас-құраласқанымен отбасынан бөлек тұрады.

Бір күні әңгіме айтсын.

- Айым қаражат сұрады...

Айым деп отырғаны көзкөргені.

- Сонсоң?

- Бердім...

- Қанша?

- 200 мың...

- Сауапты іс екен. Рахметін айтқан болар...

- Жоқ...Бірақ айтты...

- Не айтты?

- Құдайым бар екен деп айтты. Несебемді сенің қолың арқылы беріп жатыр деп...

Содан былтырғы желтоқсанның соңы болатын. Момыным тағы әңгіме айтсын:

- Шынымен Құдай бар екен. Соғымға не жаратсам деп ойланып отырғам. Айым қоңырау шалсын. Ел соғым сойып жатыр. Балалар қызылсырап отыр...





деп. Содан шабылайын. Құдайдан шебер ешкім жоқ екен. Өзіме де, оларға да табыла кетті...

- Содан...

- Жоқ, рахметін айтқан жоқ...Бірақ айтарын тағы да айтты...

- Не айтты?

- Құдайым балалардың несебесін сенің қолың арқылы беріп жатыр деп...

Содан бері сенетін болдым...

Құдайдың беретініне...

Содан бері біреуге бірдеңе бердім деп айтпайтын болдым...

Қазір мұндай көрініс көп. Президент жолдау жолдайды... Премьер тапсырыс беріп жатады... Соның біреуі орындалсайшы?!

Сондай тапсырыстың бірін әлгінде ғана әлеуметтік желі арқылы көріп қалдым.

Ол да оңай адам емес. Қазіргі басбиіміз. Есебі қабиымыз! Өзіміздің Жәлеліміз... Жәлел Омар бауырымыз...

Сонымен қабиымыз қандай тапсырыс берді дейсіз ғой?

Бала тап дейді. Қыс па, жаз ба, ашсың ба, тоқсың ба, аурусың ба, саумысың, далада ма, қалада ма - қандай жағдайда болсын бала тап дейді!..

Бұл шынымен керемет тапсырыс еді. Соны Жәлел бауырдың аузынан естігенде неге екенін қайдам көз алдыма Нұрағам келе қалсын.

Нұрағамыздың көпбалалы аналармен кездесуіндегі сөзі күні бүгінге дейін құлағымда тұр...

Бала көтергенде менімен ақылдасып па едіңдер, баланы мен үшін таптыңдар ма, өздерің үшін таптыңдар демеп пе еді...

Ал Жәлел бауырдың сөзі қазақ баласының сөзі...

Қазақ елінің ертеңі үшін тап дейді!

Қандай керемет сөз!

Ол үшін...

Әрине, заманауи перзентханалар салуымыз керек болады...

Ол қолдан келеді!

Қоғамдық жұмыстан босату керек болады...

Ол да қолдан келеді!

Оларға ішкені алдында, ішпегені артында дейтін жағдай тудыруымыз керек болар...

Ол да қолдан келеді!

Алайда онымыз бала бола қояр ма екен?!

Бүгінде бұрынғы Алпысбай, Жетпісбай, Тоқсанбайдың әңгімесі ертегідей көрінеді. Бүгінде Қырықбай тұрсын Отызбайдың өзі жоқ!

Сөйте тұрып қойындасымызға бала тап деп айтуымыздың жөні қайсы?!

Демек әйел баласы өздігінен бала таба алмайды...

Күлге аунап тапса өздері біледі...

Ал біздің білеріміз қазіргі қазақ әйелі бала туа алмайды!

Бала таба алу жағдайы...

Оның мың бір себебі бар!

Соның бастысы - денсаушылық жоқ!

Бала табу денсаушылығы!

Ертеде бір жасамыс көршіміз болды. Керісінше қойындасы жасаң еді. Содан аса қызғаншақ еді. Содан сабап жататын. Содан ойлайтынбыз-ды... Әні, міні...айырылысады деп...

Жоқ, айырылыспайды. Ол аз болса бала туып жатар еді...

Өйткені ақсақалымыз қауқарлы еді!

Бала таптыру қауқары!

Сол қауқар кейінгі балаларда болмай тұр!..





Бүгін үйленіп, ертеңінде ажырасып жатса басқа себебі жоқ деп білем...

Олай болса Жәлел бауырымыздың бұл сөзі адресатын таппай отырған сөз болып шығады!

Бұл сөз еркекке айтылар сөз еді!

Бала таптыр деп!

Осы жерде ойыма бір әңгіме оралып отыр. Қытайдан келген бауырымыздың әңгімесі еді.

Бізге қатысты әңгіме!

Қалаға бара жатқан бауырымыз жөңге баласымен сапарлас болыпты. Кірген қаласының мейманханасына бірге түнепті. Бір қараса әлгі жөңге көзінің жасын сығып отыр дейді. Жөнін сұраса көзін төсегінен алмайды дейді.

- Не болды? - деп сұраса...

- Балам өліп қалды... - депті.

- Телеграмма келді ме? - депті аңқау бауырымыз.

Сөйтсе әлгі жөңге түсінде қыз-қырқын көріп, құтын жіберіп қойған ғой...

Бізге сол жөңгенің діні жетпей тұр-ау...

Олай болса жағдайды еркектерге жасалық. Еліміздің ертеңі құрсаққа түйнек байлатар еркектерге байланысты!

Еркек пен ер адам деген қабыспайтын түсініктер!

Еркекке жағдай жасамасақ ол да ертең құр ер адамға айналады!

Сонда баланы кім таптырады?

Арабтар ма, жөңгілер ме, зәңгілер ме?..

Мұнан арғы әңгімені қозғамай-ақ қоялық. Жазып отырған маған да жараспас, оқып отырған сізге де жараспас...

Анығы Құдай береді!

Содан да қазақ баласы арасында Құдайберген деген есім аз кездеспейді!

Сонымен...
Қауқарлы болайық!
Бала таптыруға!..
Бала табуға!..

***09.12.2022.***

# МӘҢГІЛІК БАЛАЛЫҚ

Кеңестік қызыл саясат мәңгілік аңсарын санамызға ерте құйды.

Ол алдымен қызыл көсемімізге байланысты еді. Өйткені күн көсемнің есімін барша бала атаулы балабақша табалдырығын аттамай тұрып-ақ білді.

- Володя, - деп аузыңды ашқанша:

- Ленин! - деп тақ ете қалар еді.

Ленин - жил,
Ленин - жив,
Ленин - будет жить!..

Бұл әлемдік пролетарлардың рупоры Вл. Маяковскийдің өлеңі болатын. Соны өз өлеңіміздей көрдік. Осы өлеңнен мықты өлең жоқтай көрдік.

Міне, қызық... Оны барша бала шырқайтын... Орыс баласы да, поляк баласы да, моңғол баласы да... Қызығы - біз сол балалардан осы өлеңді қызғанатынбыз-ды.

Бәлкім, күн көсемімізді қызғанған болармыз!..

Қалай дегенде күн көсеміміздің мәңгілігіне сендік!

Бала едік ғой...

Сенгіш едік ғой...

Одан кейін мәңгіліктер достыққа байланысты еді.

Қайда қарасаң да үш бала тұрар еді. Ақ, сары, қара... Кейіндеу қызыл бет бала қосылды...





Астына баттитып:

«Вечная дружба!» деп жазып қояр еді...

Содан келіп шырқайық:

- Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайындымыз бәріміз...

Одан кейін, әрине, мәңгілік алауға сендік!

Қызыл өкімет құласымен ол алауымыз да біржолата өшті...

Біздің биліктің ұрғаны бар...

Ғылым-сылымды...

Ұлттық академиясын құлыптап тастаған елде қайдан ғылым болсын...

Есесіне бізде ғалымдар көп еді...

Және шетінен академиктер еді...

Ұлттық ғылым академиясының мүшелерінен басқа да академиктер жыртылып айырылатын...

Жер бетінде қандай ғылым бар, соның барша академиясы бізде болды. Сол академиктердің барлығы дерлік қандастарымыз еді...

Осыдан барып біздің мәңгілік жөніндегі түсінігіміз түсініксіздікке барып соқты...

- Мәңгі елміз!.. - деді Елбасымыз.

Елбасың айтып тұрған соң қалай қарсы келерсің?! Болса болар деген сыңай таныттық...

Содан біздің елде Мәңгілік шеруі басталсын!

«Мәңгі ел» атаулы алып құрылыстар бой көтерді... Көше атаулары «Мәңгі ел» аталып жатты...

Тіпті, бір бауырымыз баласына «Мәңгіел» есімін берсін...

Қазір сол ботақан кәдімгідей өсіп қалды. Бір ретінде соны сұрайын.

- Мангал ма, жүр ғой мұрнының суына ие бола алмай...- дейді балалар.

Жер жүзіне ұлттық идеямыз деп жарапазандадық.

Бізді ұшпаққа шығарады деп жініктік...

Ал қарапайым халық болса ешқандай да мәңгілікті ойламады. Ойлауға мұршасы да жоқ еді...

Нан тауып жеу қарекетінен босамады...

Соған қарамастан бірезулігіміз қалмады...

- Автодержаваға айналдық! -деді Елбасымыз.

Өтірік дей алмадық. Қостанайда ма, әлде Таразда ма көлік құрастыруды қолға алдық. Кейін білгеніміздей оның ішіндегі ауасы ғана өзіміздікі екен. Қалғанының бәрі келімсектердікі болып шықты...

- Ғарыштық держава айналдық! - деді Елбасымыз.

Отандық «Қазсат-1» жасанды жерсерігі ұшырылды деп қылғындық. Кейін сол серігіміз өзімізді адастырып кетті. Алдыңғысы ізде деп тағы біреуін ұшырып едік - ол да хабарсыз кетті...

Мәңгілік аңсарымен талай жұрт тентіреген...

Мәңгілік ел аңсары адам жаратылысынан да бұрын пайда болған. Өйткені көктен түскен кітаптарда сондай аңсар айтылады...

Сол қатарда Қытай бар...

Сол қатарда Үндия бар...

Сол қатарда Ирания бар...

Ал бұл тізімде біздің ел атауы жоқ!

Біз бар тізімді Елбасымыз қайдан алды екен дегін, келеді...

Сонымен негізгі идеологиямыз - мәңгілік идеясы деп жүрміз!

Мәңгілік идеясымен өмір сүріп жатқанымызға біраз болды. Сол идеямызды орнықтыруда ештеңе де істелген жоқ десек те болады.

Елбасымыз айналасы мәңгілік ел деп шулап өтіп еді...

Президентіміз айналасы да одан ұзай қойған жоқ...





Билік алғашқы аңсарымызды бүркемелеуге көшті. Әділетті Қазақстан деп...

Әділет дегеніміз де салыстырмалы ұғым...

Көне тарих ешқашанда әділетті қоғамның болмағанын айтады...

Еліміздің ертеңін ойлаудан жасқанамын... Өйткені ешқандай да мәңгі Қазақстанды, әділетті Қазақстанды, жаңа Қазақстанды көре алмай тұрмын.

Сондықтан алғаусыз жүрек артқа қарағыштай береді.

Мәңгі Қазақиям артта қалып қойған сынды...

Әділетті Қазақиям артта қалып қойған сынды...

Жаңа Қазақиям артта қалып қойған сынды...

Адам баласы сатылап өседі - бала болады, өспірім болады, азамат болады, қартаяды. Әрі қарай...

Бала болады. Балалағына қайтып оралады...

Мына өмірге бала болып келген...

Мына өмірден бала болып өтеді...

Мәңгілік идеясы осы балалықта қалған сынды...

Өйткені ол бәріне сенеді!

Мен де соның бірімін...

Қалай алдасаңыздар да болады...

***17.11.2022*.**

# МЕНІҢ ДЕПУТАТЫМ

Кімдер ғана бұл сайлауға түспей жатыр.  
Жемқоры да...  
Заңқоры да...  
Ақыны да...  
Айтыскері де...  
Жұдырықшы да...  
Қазағы да...

Орысы да...

Күрді де...

Эвенкі де...

Бүгінде түгенбай өтсін деп айту қиын.

Оны да бастан өткергенбіз...

Заңгерлерді сайлаймыз деп полицай мемлекеті бола жаздадық...

Ақын-жазушыларды сайлаймыз деп барымташыларымыздың барлығын батыр қылып алдық...

«Түзу» сөйлейтіндерді сайлаймыз деп «нұр»-дан көз ашпадық.

Сөзіміздің алдына «нұр» қоспасақ аузымыздың дәмі кірмейтін болды.

Бір сөзбен айтқанда халықшыл халық депутатын көре алмадық!

Биліктің депутатын ғана көрдік!

Содан барып та біздің Атазаңымыз әншейін шоқпыт болып қалды!

Осының барлығы неден?

Мойынға жауапкершілік алмағандықтан!

Өз сөзімізге жауап бермейтіндігімізден!

Мәжілісіміздің өткен шақырылымы ел есінде Назарбаевпен қалды!

Көшені берейік, әуежайды берейік, университетті берейік, қаланы берейік...

Осы шақырылымның сахнадан кетуі дұрыс болды!

Енді болмағанда еліміздің атауын НұрҚазақстан деп атауға дайын отыр еді!

Жалпы, сайлау, депутаттар жөнінде айтуға менің моральдық құқым бар-ау деп ойлаймын. Жезқазған және Қарағанды облыстарының бірінші шақырылымының депутаты болдық.

Сонда өзің не бітірдің деп отырған боларсыздар...





Жезқазған облыстық мәслихатының сессиясына алғаш болып тақия киіп бардым...

Соңынан бәріміз де тақиялы депутаттар атандық!

Маған дейін ауыздарына қазақша әріп түспейтін Қарағанды облыстық мәслихатын қазақша сөйлеттім!..

Осым үшін, әрине, алатын сыбағамды алдым, әлі де алып келе жатырмын...

Мұным ішкі қарсылығымның сыртқа шығуы да болар, алайда мұным сайлаушыларым алдындағы жауапкершілігім болатын...

Мәжіліс пен мәслихатқа өтетін депутаттардың кемі 80 пайызы міндетті түрде биліктікі болатынын түсінеміз.

Бізге сол қалған 20 пайызы да жетеді...

Сол бауырларымыз бізге «будильник» болса екен дейміз...

Біздің соғыс жағдайында отырғанымызды қазір ешкім де жасыра алмаса керек.

Путин-кормич қазір «недружественные страны» деген сөзді тауып алды. Бұл қалыппен қарасақ біздің айналамыздағы жұрттың бәрі «недружественные»...

Бұл да түк емес...

Біздің өзіміз қазір «недружественные страны»-ға айналып отырмыз.

Оны айтып отырған басқа емес - Ресейіміздің өзі!

Бізді дербес мемлекет деп емес, өздерінің бір губерниясы деп қарайды!

Жарайды билігіміз айтпаса айтпай-ақ қойсын, депутаттарымызға айтуға болады ғой...

Қытай жөнінде жұмған аузымызды ашпайтынымыз қалай? Қытайдың жағырапиялық картасында Қазақия деген мемлкеттің жоқтығын несіне жасырамыз?..

Олай болса біз әлі соғыс жағдайында отырмыз...

Соны ашып айтатын уақыт жетті деп ойлаймын!

Біз соғысуға дайын отырумыз керек!

Өз жерімізді қорғау үшін!

Мемлекеттігімізді сақтау үшін!

Үш-ақ күнде аламыз деген Ресей Украинаны әлі ала алмай келеді.

Неге?

Өйткені Украина бұл «спецоперацияға» сонау 2014-тен дайындалды.

Ерте ме, кеш пе - бір соғысатынын білді...

Соған орай әрекет жасады...

Бәлкім, қару-жарағы жетпей жатқан болар...

Бәлкім, әскері жетпей жатқан болар...

Бірақ халқы соғысқа дайын болды!

Қаруы жоқ болса - тартып алады!

Сол «спецоперация» біздің де төбемізден» айналып жүр...

Бізге де дайын болуымыз керек!

Қырғыз бауырларымыздан біздің неміз кем?

Таспен-ақ билігін бес рет төңкеріп тастаған жоқ па?

Ел Арқадағы уық көтерілісін білер деп ойлаймын...

Бабаларымыз зеңбірекке қарсы уықпен ғана шыққан жоқ па?

Боқты көтерілісін де ел ұмытпақ емес!

Бабаларымыз бәлшебектің айырпланын білте мылтықпен атып түсірген жоқ па?!

Құдай сақтасын, ондай жағдай бола қалса бізге ешкім де көмектеспейді!

Қырғызымыз да...

Түрігіміз де...

АҚШ-ымыз да...

Асыл дініміз де...





Билігіміз де...

Босқа қырылып қаламыз деуі мүмкін...

Біздің ДНР-міз, біздің ЛНР-міз дайын тұр!

Хрущев борозда тартқан сонау 1954 жылдан бері күтіп отыр...

Референдумға сақадай сай тұр!

Қызылжарлықтардың қырық пайызының өз жерінен сыртқары кетуін немен түсіндіруге болады?

Ресейде Путиннің сөзін Жириновский жарықтық айтып отырды...

Қазір де олар жыртылып айырылады...

Никонов, Соловьев, Симонян, Кеосян...

Бізде ше?

Бізде басқасын айтпағанда осыларға жауап беретін адам жоқ!

Президентімізге разылық!

Солардың аузын екі-ақ ауыз сөзбен жапқан жоқ па?!

Екі күннен кейін дауысымызды береміз!

Одан кейін біздің дауысымыз Сіздерге ауысады!

Менің дауысым Сіздерге аманат!

Біздің дауысымыз Сіздерге аманат!

Аманатқа адал болайық!

* * *

Сонымен Ыбыраймыз ба, Ыбырай емеспіз бе деп отырған жайымыз бар... Ыбырай болсақ ыбырайлығымыз қаншалықты ыбырайлық?!

Қазақ баласында мақал-мәтелдің нешеме атасы бар...иағни мақалдардың да мақалдары бар!

Сондай мақалымыздың бірі - «Жалғыз шапқан ат жүйрік» деген мақалымыз!

Оны Президент сайлауында көрдік!

Мен Президент сайлауында Тоқаевтан басқа ешкімді көрмедім!

Мәжіліс және Мәслихат сайлауларында да солай болар ма екен деп ойлағам...

Онымның жөні бар еді...

Шораев түсіп жатыр еді...

Бапи түсіп жатыр еді...

Сәрсенбай түсіп жатыр еді...

Жасыратыны жоқ, кейбір округтерден 40-50 үміткер ұмтылыпты...

Үлкендеріміз күні кеше ғана бата бергенде «Нұрсұлтанның жолын берсін, Нұрсұлтан бол!» деп жатушы еді.

Бүгінде ақы төлеп айттыра алмайсың...

Депутат бол деп те айтпайтын болған...

Өйткені олардың дені мылқаулар болатын.

Ал «мылқау бол!» деп қалай айтарсың!

Кешегі үлкендеріміздің «Будильник бол!» деген баталары қалай екенін қайдам - маңып кетті...

Мәжілістері мен мәслихаттарына барған соң ұйқысоғарлар болып шыға келді...

Ал «ұйықсоғар бол!» деп қалай бата берерсің!?

Соған қарамастан елдің бәрінің депутат болғысы бар екен...

Неге?

Өз қорам аман болсын дегендік...

Бес-алты магазинім жұмыс істей берсе екен дегендік...

Заңды-заңсыз жинап алған мал-мүкамалының «амандығын» ойлағандық...

Оларда «Біз!» деген жоқ!

Оларда «Мен!» деген ғана бар!

Оларда «біздікі» деген жоқ!

Оларда «менікі» деген бар!

Ең қасыреттісі «мәжіліс» және «мәслихат» арқылы билікке жақындауға барынша ұмтылушылық!





Билік айтты!

Бітті!

Өздерінің депутат екендіктерін ұмытып қалады!

Бастарын шұлғи береді...

Солайынша «бас шұлғудан» Гинестің рекортар кітабына кірудің алдында тұрмыз...

Биліктің өзгерпейтіні жоқ!

Перуашевті айтшы...

- Тағы жылап жатыр ма? - деп қарсы сауал қояды.

Әлі көз жасын талай сықпайтынына қазір жан сенбейді...

Әшімбаевтарды алайықшы...

Үлкен Әшімбаевтың жүрегінде қазағы жүрді!

Бүгінде әр қазақ баласының жүрегінде Үлкен Әшімбаев - Сағат Әшімбаев жүр!

Ол ағамыз бар-жоғы қарапайым жазушы ғана болатын...

Кіші Әшімбаев еліміздегі екінші адам!

Соған қарамастан Үлкен Әшімбаевқа жете алмай келеді!

Бірінші адам болса да жете алмайды!

Неге?

Өйткені бүгінде халқым деу жеткіліксіз!

Бүгін қазағым деудің күні туып тұр!

Бүгінде бұрынғы қазақ жоқ!..

Жармақтанып барамыз!

Соғыс бола қалсыншы...

Жарты қазақ соғысамыз!

Жарты қазақ соғыспаймыз - түрмеде отырамыз!

Осыны айтатын, айта алатын адам ғана Мәжіліс пен Мәслихатқа барулары керек!

Олай болса тағы бір сайлау керек!

Бұл сайлау менің үмітімді ақтамады...

Өйткені дауысқа кімдер ғана түспеді?!

Және кімдер ғана өтпеді?!

Қайран Аймағамбетов?!.

Жұмыстан неге кетті десек...

Мұғалімдеріміз ұры болып шықты!

Олардың ұрлықтары жемқорларымыздан да асып түсті...

Олар дауысымызды ұрлады!

Олар келешегімізді ұрлады!

Аймағамбетов Аймағамбетов болып тұрғанда оларды сайлауға жолатпауға күш салды...

Бәрін күйелеп опа таппаспыз...

Өйткені өзіміз де соның ішінде жүрміз...

Күні кеше Қосановты әйкәпір қылып едік...

Енді жылап көрісерліктей болып отырмыз...

Дегенмен бірен-сарандар өтті!

Олар шын мәніндегі депутаттарымыз еді!

Солардың бірі - Мира Атамалқызы Махатшина!

Тайдың жемін жеп, аттың жұмысын істейтін жандар қатарынан!

Қара жермен кеме жүргізетіндер қатарынан...

Ол жөнінде біраз жаздым-ау деп ойлаймын...

Ендігі әңгіме...

Оған депутаттық неге керек деген әңгіме!

Расымен, оған неге керек болды екен?

Ең алдымен айтарым көптің ішінен шыққан бала!

Көпшіл бала!

Барымен бөлісетін бала!

Содан әлі күнге дейін бөлісіп келеді...

Ең құрығанда тіл көмегін береді.

Оны мұндай биікке көтеріп тұрғаны - алған білімі.

Бес оқу орынын тауысқан.

Және барлығы да депутатқа керек білімдер!

Және бұл қарындасымыз барынша ұлтшыл!

Қазақ баласының мүддесін бәрінен де жоғары қояды!





Барынша мемлекетшіл!

Ол бүгінде білдей бір мекеменің басшысы!

Бірақ ол қызметі оны өзгерте алған жоқ!

Кісі қызыға қоятындай қызмет те емес!

«Қарағанды су қоймалары» мекемесі...

Аяқтан боти етік, қолдан кереге күрек түспейтін қызмет...

Маған салса әйел баласының баратын жұмысы емес еді...

Алайда барды!

Біз аса қуана қойған жоқпыз!

Өзі де қуана қоймаған болар...

Өйткені онда бір де бір су маманы жоқ еді...

Қазір ондағылардың барлығы сушылар!

Сонан да аталмыш мекеме озғындап тұр!

Әзір екі облыстың су шаруашылығына не болып отыр!

Олардың бәрі иесіз нысандар болатын!

Ең сұмдығы олардан қауіп бар еді!

Соның барлығын ретке келтіріп жатыр!

Осының барлығына бірдей депутаттық мінбері себеп болды десек онымыз да асырып айтпағандымыз.

Қарағандымыз еліміздені ең лас қалалардың бірі. Соны тазартудағы суқоймашыларымыздың жұмысы ұшан-теңіз.

Ендеше депутаттық Мира Атамалқызына мекеме жұмысын жүргізу үшін әбден керек екен!

Онан кейін сайлаушыларының үмітін ақтауы керек!

Ақтағанда өз округінің ғана емес, басқа округтердің де сайлаушыларын қабылдай береді.

Депутат болған соң осылай болу керек!

Мен осы сайлауда Мира Атамалқызы үшін дауыс берген жоқпын.

Округім басқа болды.

Алайда оның депутат ретінде көргілері келгендер қарасы да аз болмай шықты.

Қазақша айтқанда шаппай келді...

Ол облыстық Мәслихаттың өткен шақырылымының депутаты болатын.

Не бітірді дерсіз?

Ол депутаттар арасындағы рейтинг бойынша бірінші тұрды!

Шын мәнінде, мен оны Мәжілістен көргім келген!

Аманшылық болып жаста оны да көрерміз деп ойлаймын...

***25.03.2023.***

# МЕНІҢ ҚҰДАЙЫМ...

- Құдай бізбен бірге!..

Терiскей көршіміз осылай жамырап отыр.

Және қосып қояды:

- Біздің ісіміз тура! Біз жеңеміз!- деп.

Солармен арпалысып жатқан украйн бауырлар да соны айтады...

Пұштіндердің оны айтып келе жатқанына кемі жарты ғасыр өткен болар...

Терiскей көршімізге қарсы екі соғысты өткеріп тастаған шешен бауырларымыз да мұны айтудан танған емес.

Қазір олар аю көршіміз жағында украйндарға қарсы соғыс салып жатыр.

Донбастағы окопта жатып сол бауырларымыз:

- Құдай бізге жақ деп!.. - деп бақырады...

- Аллау Акбар! - деп біреуі атып шықсын окопынан.





Келер сәт көлденеңінен түссін...

- Шаһид!.. - деп шуылдасып жатты окоптастары.

Бізде де оны айтушылар болған.

Сириядан қайтпаған бауырларымыз айтқан.

Иорданияда жүрген бауырларымыз айтады...

Соларды шаһид деп айтушылық бізде де бар.

Байқасақ мұны айтушылар аз емес...

Байқасақ мұны соғысып жатқан жұрт айтып жатыр...

Байқасақ мұны қолында қаруы бар жұрт айтады...

Бізде де айтылып қалады!

Керең болмасақ ...

Қаңтар оқиғасында естідік ғой...

- Аллау Акбарды!

Бірақ айтушы кім болды екен?!

Қандастарымыз ба?..

Жоқ, әлде діндестеріміз бе?..

Кім болса да, мейлі, әйтеуір бізге жат емес...

Алланы ауызға алып отыр ғой...

Алайда олардың бізді қарауыл ұшына алатыны қалай?!

Бәрімізге ортақ Құдай оларға жақ болғанда бізге неге жақ емес???

Әлде Құдайымыз бөлек пе?

Басқаны қайдам, менің өз Құдайым өзімде...

Білетінім Құдай деген жерде қалмайды!

Содан да тірі жүрміз!

Басқа біреудің Алласы бар!

Ал түлкінің...

Тәңірісі бар!

Содан да олар тірі жүр!

Қазір көк жәшігіміз пұштіндер тұрмысын жиі көрсетеді. Соғыстан азып-тозған жұрт деп...

Жүгіріп бара жатқан шегіртке мұрттай ұшсын. Келер сәт:

- Аллау Акбар! - деген дауыс шықсын.

Кішкентай пүштін екен.

Қолында рогатка...

Біз не істедік?

Ел қолында жүрген қару бізде жоқ!

Керек десеңіз рогат да жоқ!

Олай болса...

Шылапшын шығарғанша рогатка шығарайық!

Ең құрығанда бізді қарауылға алған көзге тигіземіз ғой...

- Аллау Акбар!..

***12.11.2022.***

# МОРОЗ

Орыс ағайынның осы мороз деген сөзінде ел сезіне бермейтін бір қасиет бар.

Еліктіріп беретін...

Жініктіріп беретін...

Ес-түстен айыратын...

Тоқтай алмайды-ау, тоқтай алмайды...

Кешегімен жұмысы жоқ, ертеңін де уайымдамайды...

Не болса да бүгін!

Ой, мороз!., десе-ақ бітті...

Дүниенің астаң-кестеңі шығады...

Қар түсіп жатыр ма, морозы жетіп жатыр ма - бәрібір...

Мороз десе-ақ болды орыс мәтүшкелері тайраңдап береді.

Мұжықтары брага бөшкелерінен табылады...

Алғаш мороз түскен күні-ақ моншаларын терлетіп, әлгі аюкәйіп топ мидай араласып жүре береді...





Біз де олардан қалысып жатқан жоқпыз-ау...

Ой, мороз... дегеннен-ақ ұршықша айнала жөнелеміз-ау...

Орыстың әкесі де, шешесі де сол - мороз...

Қашан қарасаң да мороз тосып жүреді!

Мороздың құдыреттілігі соншама - балалары әкесінен емес, осы мороздан сұрайды...

Ал ол құрғыры жылына бір-ақ рет келеді!

Әрине, әкесі емес, алайда әкесінің әкесіне келіңкірейді. Содан алдына Дед деген сөзді қосқан!

Содан да Дедмороз!

Дед Мороз!

Үлкен кісіден кейінгі құдыретті кісі осы кісі!

Берместі береді!

Сұрамасты береді!

Өрік те береді...

Дұрыстап сұрасаң көлік те береді!

Орыста болғанда көрші отырған бізде де мороз болу керек ғой...

Әрине, бар!

Орыстың Дедморозы жылдың аяғында келеді және ол кеткен соң Жаңа жылы басталады!

Ал бізде наурыздың 22-сі күні келеді!

Оларда - Дедемороз, бізде - Қызырата!

Тек, біздің Қызыратамыз сараңдау...

Бере қоймайды...

Жаны ашиды...

Сондықтан қазақ байғұс өзінің Қызыратасынан жеріп, орыстың Дедморозын жағалайды...

Содан да Дедмороз бізге жат емес!

Әлі ол өзіміздің Дедморозымызға айналады!

Әлден-ақ иығындағы шапаны, басындағы бөрігі көгере бастады...

Осыдан кейін өзіміздікі демей көр!

Әрі-беріден соң біздің Дедморозымыз орыстың Дедморозынан гөрі мықтырақ!

Мықтылығы сол - сұрамасыңды айттырмай береді!

Бүгін - қазанның 25-і!

Мереке, мереке болғанда мерекенің көкесі!

Тек, ақпанның 29-сы сынды келмей қалатыны болады...

Біздің Көк Дедморозымыз келді!

Алдында да келген!

Ұлықтауда құрылтай шақырғанымызда!

Бұл жолы қаппен, болмаса қанармен келген жоқ...

Составпен келді!

Состав толы салпыншақтар, сылдырмақтар, қатырмалар еді....

Орден деген сынды, медаль деген сынды, құрметті грамота деген сынды...

Түрлі атақтары жазылған қатырма қағаздары да жеткілікті еді...

Бәрі дұрыс-ау...

Тек жиі келе бастағаны іш жидырады...

Мейлі, тек жұртты ренжітпей кетсе болғаны ...

Алайда жұрттың бәрі бірдей емес ғой...

Ренжушілер де шығып жатыр...

Кіжінушілер де шығып жатыр...

Бұл қазақты түсініп болмас!

Өзіне емес, басқа біреуге бермеді деп кіжініп жатыр...

Басқа біреуі басқа емес - Олжасымыз еді!

Орыс әлемінің тас-талқанын «Азия»-сымен шығарған Олжас Омарұлы...

Басқа біреуі басқа емес - Шерағамыз еді!

Алдында ғана ағамыздың 90 жылдық мерейкешін атап өттік.

Қайталап айтамын - той емес, мерейкеш...





Оның өзінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері деп...

Бары, біткені осы!

Бұл Шерағаңның рухын асқақтату емес, қорлау ғой!

Сол тұста көкшапанды Дедморозымыз қайда жүрді екен???

Осы жолы Дедморозымыздың составпен келетінін білмесек те - сезіндік...

Алайда оның ішінде Шерағаңа байланған ештеңе жоқ болып шықты!

Содан да есті қазақ баласы жатып қалды!

Шерағамыздың мерейін асқақтады деген қаһарман атағымыз бір ағамыздың еншісінде кетті...

Ол ағамыздың орнында басқа біреу болғанда маған осы Еңбек Ері атағы да жарайды дер ме еді!

«Халық Қаһарманы» атағы - Қазақстан Республикасына сіңірген қайталанбас ерен еңбегі үшін, Отан қорғауда, азаматтардың өмірін қауіпсіздендіру барысында ерлік көрсеткені үшін, Қазақстанның бостандығы мен Тәуелсіздігі жолында аянбай күрескені үшін берілетін жоғарғы дәрежелі атақ.

Сөз жоқ, Қайырбек ағамыз Сүлейменов те әскери қайраткер, генерал-полковник, барша атақ та ол кісіге жарасымды!

Алайда генералдың да генералы бар ғой!

Тектері бір болғанымеп Қайрекең мен Олжекеңнің арасы жер мен көктей емес пе?!

Қайырбек ағамыз генерал болғанда Шерағамыз маршал ғой!

Бізде маршалдар болған!

Поэзия маршалы Сәбит Мұқановты ұмыта қоймаған болармыз?!

Шерағаң рух маршалы ғой!

Қайырбек ағамыз әлгі атағынан бас тартқанда нағыз маршалдардың маршалы болатын еді!

Әлжеліде бірқатар бауырларымыз Мұхтар Мағауин ағамызға да Еңбек Ері атағын сұрап жатыр...

Ұлықтауда Мұхтар Шаханов ағамызға Еңбек Ері атағы берілгенде үндемей қалғанбыз.

Бір есебі бар шығар деп...

Халық Қаһарманы атағын ыңғайлап отырған болар деп...

Нұрмұхан Оразбековке ше?

ГКЧП-ға қарсы шыққан жалғыз қазақ еді ғой!

Төңкеріс деп...

Ерлан Нұрғалиев ше?!

Ұмытып қалмаған болармыз...

Орманшы еді ғой!

Даланың еркесі - киігін қорғаймын деп қарауыл ұшында кетті ғой!

Арман Бақтанұлы ше?

Арман Керекудің көшесінде күркіреп жыр оқығанда көше атаулы жабылып қалушы еді...

Қайролла Мүбаракұлы ше?

Керекудің көшесіне шыққанда жұрт қақ жарылып алдымен соны өткізуші еді ғой...

Екеуі де қазағының ертеңі үшін КСРО-ның қасаң қағидасына қарсы шықты!

Бұлардың атойы сонау 69-шы жылдан басталған!

КСРО жағдайында ақырып тұрып теңдік сұрады!

Нұрғиса Атабайұлына кештеу болса да осы атақты бердік.

Шәмшіге неге қимай қалдық?

Еңбек Ерін қидық. Құрметтеген соң аяғына дейін құрметтейік!

Халық Қаһарманы атағын берейік!

Ескендір Өтегенұлының жазығы не еді?





«Атамекені» шырқалғанда есті қазақ орнынан көтеріліп қосыла кетуші еді ғой!

Мороз...

Орыс жұрты да күтіп отыр морозды. Украинадағы жағдайын түзеп аламыз ба деп. Керек десеңіз мороз Ресейдің әскери одақтасы!

Біз де күтіп отырмыз морозды...

Көк бөріктісін, көк шапандысын...

Халық сөзін айта ма деп!

Қаңтар қырғынында көк туымызды аман-есен алып шыққан бауырымыздың төсіне тиісті медальді қадай ма деп...

Медаль болғанда...

«Халық қаһарманы» медалі.

Біреу білген, біреу білмеген ол бауырымыздың аты-жөні - Берік Әбіш!..

***25.10.2022.***

# НЫСПЫҢЫЗ КІМ?

**«Пайғамбарымыздың сақабаларынан Сайд бин әл-Мусайибтің әкесі Хизи Расулулламен кездескенде:**

**- Атыңыз кім?- деп сұрайды.**

**- Хизи, - деп жауап береді ол.**

**(Хизи деген сөз қайғы деген мағынаны береді).**

**- Сіздің атыңыз Сәһіл болсын, - дейді.**

**(Сәһіл жеңілдік деген мағынаны береді).**

**- Жоқ, әкем қойған есімді өзгертпеймін, - дейді ол.**

**Солайынша Хизи өмірінің соңына дейін өз атымен қалды.**

**Кейін Хизидің ұлы Сайд:**

**- Әкем атын өзгертпеді, ал біз қайғыдан еш құтылмадық, - депті.**

* * *

Бұрынырақта ныспысы кім екен, ныспың кім деп жөн сұрасып жатушы еді.

Қазір есімің кім, болмаса атың кім деп туралайтын болдық. Осының құлаққа жағымды естілетіні - алдыңғы екеуі.

Орыстың бәрі Иван да, корейдің бәрі Ким?

Қазақ баласының осы «бәрісі» кім?

Шорт кесіп айтар болсақ бізде ондай жаппай таралған ныспы жоқ. Ал кең тараған есімдер жеткілікті.

Олардың арасында Мұхаммед пайғамбарымыз қатарындағы Махамбет, Махмұт, Ахмет,т.б. есімдерін айтқан болар едік.

Ал қазақы есімдерден Серік ныспысынан оқ оздырғаны жоқ.

Мұхаммеді түсінікті дейік, Серігі несі дерсіз?!

Жалғыздық құдайға жарасқан деген түсінік қазақ баласында әу бастан бар. Сондықтан тұңым жалғыз қалмасын, соңынан еретін серігі болсын, не болмаса серік ерді деп Серік қойған.

Осыған қарап-ақ қазақ баласының ат тергеуге жауапкершілікпен келетінін бірден аңдауға болады.

Қазақ түсінігінде ат тергеу үлкен жауапкершілік, керек десеңіз қоғамдық санат. Әркім өз білгенінше ат тергемеген. Есімді қоғамдасып тергеген. Керек десеңіз тергеушіні ат жіберіп алдырған.

Құдайға шет болып қалмайық деп...

Аруақтарға шет болып қалмайық деп...

Сәбиге есімді тумай жатып берушілік те болған. Ер бала есімді қыз баланы, болмаса қыз бала есімді





ер баланы кездестіріп жатсақ оның басқа себебі жоқ.

Сондай-ақ уақытша есімсіз жүретін балалар да болған. Ондай балаларды саңырау бала деген.

Баланың қырқына дейін тергеушісі ғайып болса, онда бала есімін сақаба Мұсайыптың сыбырымен әкесінің өзі сыбырлап қойған. Қайта тергегенде де сыбырдан аспаған. Өйткені өздерін күнаһар жақ деп есептеген.

Сөз ішінде айта кетелік, ертеректе қазіргідей сәби есімін әжелер болмаса анасы тергей алмаған. Есімді тек ер адамдар тергеген. Отау иелері тергеген.

Қазір бабалар есімін жаңғыртып қою әуезе болып барады. Оның ішінде жетінші атасының есімін беру озғындап тұр.

Оны да түсінуге болар. Рулы ел болып кетсінші деген ниет ғой.

Алайда екінші жағы да бар ғой. Елдің бәрі жетінші атасының есімін балаларына қоя берсе ұлттық шежіреміз не болады?!

Жалпы, қазақ баласының есімінде ақпараттық анық сипаттар көп болады.

Бабаларымыздың барынша ырымшыл болғанын жақсы білеміз. Соған орай көз тиеді, сөз тиеді деп жылбысқыларының есімін Шұлғаубай, Пимагүл, т.б. деп атағандары да болған.

Балалары тұрмағанда бөжекейдің көзін байлаймыз деп орыс есімін бергендер де болған. Бектұр (Виктор), Шодыр (Федор), т.б. есімдер солай пайда болған.

Бөжекей деп отырғандары баланы алып кетуші.

Балалары Қойшыбай, Жылқыбай, Құнанбай, Дөненбай болып жатса малсақ ортаны танимыз.

Вольфрам, Молибден, Зауыт болып жатса өндірісті ортаны бірден байқар едік.

Мәле, Вилор, Кісім (ВЛКСМ), Коммунар болып жатса бұл енді әкесі бәлшебек болмаса да кемі көменес деген сөз.

Мария, Изаура болып жатса - бұл енді мексикалық, бразилиялық сериалдардың салқыны деген сөз. Бұл енді тоқсаныншы жылдар...

Қазақ төлесімдерінің біразы, әрине, мұсылманашылығымызға да қатысты. Әмина, Бәтима, Әбду, Әбдір, Рақым, Медине, т.б. есімдеріміз соған куә.

Ел ішінде Бауыржан, Мәншүк, Әлия, Тоқтар есімді өскіндеріміз аз емес. Бұлар Бауыржандай батыр, Әлиядай ержүрек... болса екен деген ниеттен туған есімдер.

Кейінгі отыз жылда Елбасы культіне байланысты Нұрсұлтан есімді балаларымыз да баршылық...

Бүгінде ше?

Бағзы заманымыздан ештеңе де қалмаған. Ешкім де ат тергеп жатпайды, Ешкім де ат жіберіп тергеушіні алдырмайды. Ғаламторды қосады да қоя салады.

Біздің оқыған надандығымыздың көрініп қалатын жері осы - ат тергеу болып тұр.

Бұл қалай десең Құраннан алып қойдық дейді. Сонсоң еріксіз аузыңды жабасың.

Кейіннен көз жүгіртсең әлгі есімдердің ешқайсының да мұсылмандығымызға қатысы жоқтығы білінеді. Құр әншейін арап есімдері. Өзімізде бар есімдер.

Әделя (Ажар), Аршат (Қайыр), Аянат (Ақиқат), т.б. Осы есімдердің қазақ тіліндегі баламасынан несі артық деп еріксіз ойланасың...

Олардың түсінігінде бұлар елде жоқ есімдер. Осыдан бір ширек ғасыр бұрынғы Мәрия, Изаура





есімдерін қазір ешкім де іздемейді. Олай болса бұлар да өмір көшінің бір бұралаңында қалатын болады.

Кейбір бауырларымыз өз есімдерінен жеріп, өзгертіп жатқандары кездесіп жатыр. Оған не айтуға болады?

Ондайлар қазақ арасында болған. Әсіресе, мәжбүрлі жағдайларда мұндай оқыстықтар әсіре көп болған. Соғыстан қашқандар, халық жауларының ұрпақтары өздерінің текесімдерін өзгертіп ғана жан сақтаған. Нағашыларының жиендерін асырап алуы, ағайындардың бала алмасулары, баласызға бала болу, т.б жағдайлар болғанымен, оларды қайтып орнықтырудың мүмкіншілігі бар.

Олай болса бейәдеп есімдерін өзгертіп жатқандарға қол соққаннан басқа айтарымыз жоқ.

Өйткені әрбір адамның төлесімі оның ішкі қуатты қозғаушы күштерінің бірі.

Әлихан, болмаса Әлімхан есімді өрендер ешуақытта аузына боқауыз сөз алмас еді. Оған олардың сакральді есімдері жібермейді.

Есті қазақ ешқашанда ұрпағына пайғамбарымыздың есімін бермеген. Ауыр болады деп.

Қазір осы есімге қатысты тағы бір оқыстық жүр.

Анығырағы текесімге байланысты.

Өзіміз төлесімімізге әкеміздің, атамыздың есімдерін қосақтаймыз.

Бұл қоғамыздағы орныққан, әбден қалыптасқан үрдіс.

Алайда әкесі мен атасының есімдерінен безушілік бізде де бой көрсете бастады. Осынадай «некесіз» сәбилер қатарына әншілерімізді, ақындарымызды, т.б. өнер адамдарын айтар едік.

Бүркіт...

Сәбит...

Ал осы есімдерден не ұқтық?

Не қазақта Бүркіттер мен Сәбиттер аз ба еді?

Олай болса ойлануға тура келеді.

Бұл қатардағы есімдер бізде жоқ емес, бар.

Ыбырай, Шоқан, Абай, Шәкерім, т.б. сондай есімдер.

Қазір енді Абай Құнанбаев деп айтушылық (жазушылық) жол бермей тұр. Бұл айтып отырған оқыған надандығымыздың бір көрінісі.

Ат тергеуге жоғарыда айтқанымыздай бабаларымыз шікәмшілдікпен қараған.

Есімі дұрыс қойылмаса балаға да, тергеушіге де қауіп.

Осы кеп біздің Шөлкен бабамыздың да басына түсіпті. Жалғызы Қалиының соңынан қара ермей қойыпты. Обалы нешік, шешеміз баланы балағынан саулатыпты. Алайда ешқайсы мына жарық күнде бес күн тұрмаған. Содан шешеміз тағы да жерік болады. Дүниге сәби келгенде Шөлкен бабамыз немересінің құлағына Қайырберді деп айқайлайды. Одан кейін жыл аралатып келген атұстардың есімін Рақымберді қояды. Таймінер кенжесі Аллабердіні де көріп кетеді. Оның да есімін өзі тергейді.

Шариғат өкім еткен бір шындық осы жерден шығады.

Мұсылмандарға раббымыздың сипатымен атауға болмайды. Ал ол көркем сипаттың тоқсан тоғыз екені белгілі. Дүниеден өтерінде сол Шөлкен бабамыз айтқан екен:

- Басқа амалы болмады. Бұл балалар біздікі емес. Раббымдікі. Аттары солай тергелген. Тілдері кәмиллаға келгенде қайта тергеңдер. Пендесіне раббымның есімін алып жүру ауыр болады, - деп.





Расында да солай. Ұлық Пайғамбарымыз сапарға шыға қалса барған жерінің атауын, адамдарының атын сұрайды екен.

Егерде ол жағымсыз мағынада болса оны өзгертіп, басқа ат қойып отырған. Жоғарыдағы мысал мұсылмандардың анасы Айшадан келтірілген хадистен үзінді болатын.

Айтып айтпай не керек, сол төрт бала мына жарық дүниеде тұрды.

Қали дүниеден қайтып, шиеттей балаларға әмеңгерлік жолмен әкесінің немере бауыры Салғи әке болады. Бұл кісінің де ел ішіндегі беделі салмақты болған. Аяқтыға сөз бермеген, тілмар адам болған. Елінде Сақаң атанған.

Сақаң айтты деген әңгімелер ел ішінде әлі айтылып жүр. Сол Сақаң әкеміз ойланып жүреді. Шөлкен бабамыздың айтып кеткен аманаты бар. Қалай болар екен деп. Ақыры бір күні шешімге келеді.

Балалардың шегір көзді, қылаңын - Ноғай, қой көзді қоңырын - Қазақ деп қайта тергейді. Айтпақшы менің есімімді де осы Сақаң тергеген .

Сөйткен балалар тұрыпты. Қайырбердінің атын қайта тергеуге дәті шыдамаған. Бәрін Раббым көріп тұрады ғой.

Сақаң менің көрген адамым. Сол кісі айтып отырар еді:

- Раббым рақымшылық жасады, - деп.

Осы балалардың бәрі де сәмбі талдай жарыса өсті. Ішіндегі пысығы, іштісі Ноғай болды. Жастайынан тастағы жазуға үйір болды. Ауылдан да ол кезде оқығандар шыққан. Солардын арасында Ноғайдың аталасы, Өпеде оқыған Ғайса Тоқтарбек баласының есімі білініп тұрды. Сол «Ғалия» медресесінде

оқыған Дияқажы ауылда мектеп ашты. Ғайса Қали әкесімен айтақырда бірге асық атқан панадос болатын. Сол кісіге ілесіп жүріп Қарқаралыдағы оқуға табан іліктірген. Осында жүріп ширады. Осындағы ауылдастары, аталастары, кейін алашшыл болған Бодаубек Райымбек, Мұхамедкәрім Ахмет, Әбубәкір Құрман, мемлекет қайраткерлері болған Орынбек Бек, Рақымжан Мақаш, Сыдан Өтен және Жүсіп Алтайбайдың тәлім - тәрбиесін көрді. Оның ішінде Жүсекең жақын еді. Ол кісі өзінен он жас үлкен болатын. Сол кісінің ықпалымен қолына қалам ұстады. Алғашқы шимайларына сол кісі төрелік айтты. Жақсылардың ізіне түсіп рабфакты бітіріп алады. Қашақ болып жүріп 34-ші жылы совпарт мектебін де тауысады.

Қамақта қазақтың Мұхтары Әуезовпен бірге отырады. Кейін алашордашыларға іш тартты деген статьямен жиырма бес жыл арқалап, Магаданға айдалады.

Сол Ноғай әкеміз аман-есен елге оралды.

Сонда айтады екен:

- Менің жанымды алып қалған Рақымберді есімім, -деп.

Сөйтсе сондағы мұсылман жандар барымен бөліскен екен.

Менің текесімім Төрехан Әкімжанұлы Майбас...

Атам есімінің құлаққа онша жағымды естіле қоймайтыны жасырын емес.

Соған қарамастан мен үшін жаныма жақын есім осы - Майбас есімі.

Ал сіздің ныспыңыз кім?

***12.01.2023.***





# ОЛЖАС

Қазір тағы бір әуезе пайда болды. Олжас қазақтың ақыны ма, ақыны емес пе деген? Тіпті, Олжасты ақын қылған Қадыр Мырзаәлі деген жазбаларды да оқып қалып жүремін. Сонда бұл не?

Қазақта ақын жетеді.

Бәрі де мықты.

Бәрі де әлемдік деңгейдегі ақындар.

Мұқағали, Бақытжан, Жұмекен, Қадыр, Тұманбай, Кеңшілік, Жұматай, Ұлықбек, Серік, Ғалым, Есенғали, Абзал, Свет, Сабыр, Базар, Арман...

Бұлардың бәрі де классиктер!

Бірақ бұлардың бәрі де Екіншілер!

Ал бірінші -...

Олжас Сүлейменов!

Бүкіл қазақ баласының қолынан келмеген нәрсені сол Олжас ағамыз істеді!

Бүкіл түрік, бүкіл әлем жұртының қолынан келмегенді Олжас жасады!

Ол Ұлы Орыс империясының паспорты - «Игорь жорығы туралы жырын» тас-талқан етті!

Атом бомбасымен емес, әрине...

Сұрапыл зымырандармен да емес, әрине...

Ақындық ішкі жойқын поэтикалық қуатымен! »

Бүкіл әлем жұртшылығы оқи алмаған «Игорь жорығы туралы жырды» қазақ Олжас Сүлейменов оқыды!

Қасқиып тұрып сол жырды про қазақ жазғанын бүкіл әлемге паш етті!

Әлем ақынның аузына қарады!

Бұл әлемге заһарын шашқан орыс рухының полигоны болатын.

Сол полигонды Олжас жапты.

Бұл 1975 жыл болатын!

Сол орыс заһардың тағы бір полигоны бізде еді.

Жан-жағына ажал шашқан орыс атомының полигоны.

Сол полигонның жайылымы белден еді. Сол полигонда кешегі проқазақтың ұрпақтары қой құрттап жатты...

Содан дүниеге шараналар келе бастады.

Олар қазаққа ұқсамаушы еді!

Олар тіпті проқазаққа да ұқсамаушы еді!

Олардың онекі мүшесі түгел емес еді!

Сол Семей полигонын жапқан да Олжас!

Бұл 2015 жыл болатын!

Ресейде «Орыс әлемі» деген түсінік бар.

Сол Орыс әлемін келместің кемесіне мінгізіп жіберген де Олжас!

Ел айтып жүргендей Орыс жұртын горшокке отырғызған Киссинджер емес, Олжас Сүлейменов!

Ол орыс әлемін шайқады!

Сонау 1975 жылы!

Дүниедегі ең қымбат кітапты білесіз бе?

Құран Кәрім!

Одан кейін?..

АзиЯ!

«АзиЯ»-ның бір данасы Бақыда - «Москвич» автомобилі тұрды!

Қарабақта - «Волга» автомобилі тұрды!

Ал Мәскеуде - 140 шаршы метр тұрды!

Сол Мәскеуде Олжастың бір фанаты Арбатта тұрыпты.

Қолындағы тақтайшада мынадай жазу жазылыпты.

«Шея - 0,18-0,2 см; рука (плечо) -0,18-0,2 см; нога (бедро) - 0,32-0,36 см; нога (икра) - 0,21-0,23 см; грудь (не бюст) - 0,5-0,55 см; таз - 0,54 см - 0,62 см; талия - 0,35-0,40 см.





И она моя жена. Моя богиня. Меняю на кн. «АзиЯ...»

Ал бізде... сол кітапты отқа тастап жатты!

Бір залалы тиіп кете ме деп...

Өзіміздің оқымағанымыз аздай баламызға да оқытпадық!

Сөйткен Олжас ағамыз сексен бес деген жасына келіп жатыр.

Орыс жұртының тырс етпей тұрғанын түсінейік. Біздерге не болды екен?

Олжастың бар өлеңін жатқа оқыған үш адамды білуші едім.

Бірі ақын Серік Жүсіпов еді!

Бірі ақын Ерден Қажыбеков еді!

Бірі ақын Төрехан Майбас еді!..

Өзім едім...

1973 жылы Қарағандыға келдім. Паспортымда «Отчислен» деген белгі бар!

Мұндай белгімен оқуға түсу мүмкін емес еді.

Алайда түстім. ҚарМУ-ге.

Қазақ ұлттық әдебиетінің корифейі Задан Жұмағалиевтің алдында Олжастың «Адамға табын жер енді» поэмасын жатқа оқыдым!

Бәрін сол шешті.

Кешелі-бүгінгі қазиттерді қарап шықтым. Олжас түгенбай, Олжас сүгенбай дейді...

Олжас біздің түгенбай, сүгенбайымызға зәру емес. Алайда шамаларына қарамай Олжас ағаларына баға беріп жатқан бауырларыма қарап тұп-тура Олжастың деңгейіне келіп қалғанбыз ба деп те қалдым...

Ең қасиетті кітаптарды ақын жазған!

Құран Кәрімді Мұхаммед жазған!

Илиаданы Гомер жазған!

Капиталды Маркс жазған!

АзиЯны Олжас жазған!..

Бұл кітаптар әлемді өзгерткен кітаптар!

Әлемде ғаламдық сілкіністер жүріп жатыр.

Ерте ме, кеш пе оның қазақ топырағына жететіне де сенемін.

Бүгінде менің Қарағандым да өзгерген. Көктем өтіп барады. Тырс еткен тамшы болсайшы.

Есесіне гептиль жауып тұр. Көзге көрінбей...

Елдің бәрі ауруханада...

Екі өкпесінен қабынған Қарағандым тұншығып жатыр...

Ал мен Сізге Тәңірімнен денсаушылық сұраймын!

Олжас Аға!

Сіздің маңдайыңызға полигондарды жабу жазылған ғой...

Қазақ даласында ажал бүркіп тұрған тағы бір полигон қалып барады.

Ол - Байқоңыр ғарыш айлағы!

Сол Байқоңыр Қарағандыма гептиль «ұшырып» жатыр...

Сәулетті үйлер салғанның орнына менің құрылысшы бауырларым ауруханалар салып жатыр...

Шахтерлер қаласы деуші еді...

Бір күні көкжөтел, болмаса күркілдек қаласы деп жүрмей ме деп қапаланам...

Ақын қандай болу керек?

Өзі айтқандай...

Поэт красивым должен быть как Бог!

* * *

И он красивый!

И Он - Бог!..

Екіншілер!

Сіздер де ренжімеңіздер.

Мы с Вами ПолуБоги!..

***01.06.2021.***





# ОРЫС ӘЛЕМІ

Жақында орыс әлемі деп жүгіріп жүргендерді көрсетті.

- Сіз «Орыс әлемін» қалай түсінесіз? - деген сауалнамаларын таратып жүрді.

Сауалға тартылған 100 белорыстың 98-і орыс тілінде жауап берді.

Ресейдің Кіндік Азиядағы белорыстары - қазақтардың да 68 пайызы орыс тілінде жауап қайырды.

Қырғыз ағайындардың да 38 пайызы шүлдірлеп тұрды. Молдоволардың 20 пайызы орыс тіліне жетік болып шықты.

Осыдан кейін:

- Орыс әлемі» жоқ! - деп айта аламыз ба?!

«Орыс әлемі» төңірегінде әңгіме көп, дау-дамайы да жеткілікті.

Біреулер оның бастауында Бірінші Петр тұр деп есептейді.

Енді біреулер Столыпинды алға тартады.

Тағы бір топ күн көсем Володяны алға салады.

Орыс зиялыларының кейінгі толқыны Лихачевке ден қояды...

Ал Путин оны өзінің саясатының ажырамас бір бөлшегі қылып алды!

Біреулер оның негізінде тіл жатыр дейді...

Біреулер оның негізінде дін жатыр дейді...

Қалай десек те оның негізінде тұқырту жатқаны айдан анық болса керек.

Кедей-кепшіктер елі беттерін бірден ашып алды. Коммунизмге орыс тілімен барамыз деп.

Бұл ұлтсыздану саясатының басы болатын.

Әсіресе ұсақ ұлттардың қарсы тұру қуаты кемшін соқты.

Бұл жолда олардың ауызына отты су құйды, мәтүшкелерін қойындастырды... Содан аты-жөндері, текесімдері өзгеріп сала берді.

Енді... жер-көкті қара ивандар басты!

Сібір жұртына орыс әлемі осылай кірді!

Одан шығып Кіндік Азияға жол алсын...

Орыс қатындары барларға кең жол ашты.

Олар қызметтерінде өсті...

Көз көріп, құлақ естімеген атақтармен марапатталды...

Кеуделерін сылдырмақтарға толтырды...

Жер-жерде комсомол-жастар тойы деген тойлар шықты. Ондай тойлар орыс мәтүшкелеріне үйленгенде жасалды.

Олардың бұл сасық саясаты барынша насихатталды.

Олары интернационалдық неке деп әспеттелді!

Аралас некеден туғандардың тілі де коммунизм тілі болды.

Осы коммунизм тілі елді ұшпаққа шығармаса да біраз жерге апарды.

Әлемде орыс әлемі деген ұғым қалыптасты.

Орыс тілі халықаралық тіл мәртебесіне ілікті.

Орыс тілі ресми түрде ООН тілі болып бекіді.

Ең бастысы ол - КСРО тілі еді!

Бұл елде орыс тілінсіз өмір сүру қиын еді!

Сонда тілі өзгерген жұрттың ұлты не болмақ???

Андропов көсем ҰОР-ның 70 жылдық ұлан-асыр салтанатында совет халқы қалыптасты деп жар салды.

Ол көсеміміз енді біраз жүре тұрғанда төлқұжатымыздағы «ұлты» деген сызбасына «совет» деп жазатын едік.

Орыс әлемі дінге де араласты.





Құдай жоқ деп елді діннен шығарды.

Құдай үйлері қиратылды.

Поп, бақсы, молдалардың бәрін итжеккенге айдады.

Ойланып қарасақ Петр патша Еуропаға ғана емес, Кіндік Азияға де желкөз ұрған екен.

Ал граф Столыпин сол желкөзбен орыс мұжықтарын иен далаға айдап салды.

Сөйтіп қыр баласы ойға түсті.

Кейіндеу аттан да түсірді...

Бабаларымыз бәрі орыс оқуында деп білді. Тіл білген соң орыс қызметіне кірді. Сол қызметін елімді қайтсем көгертем деп алғаусыз атқарды. Тіпті, шоқынуға дейін барды...

Бір Аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Істің болар қайыры
Бастасаңыз Аллалап,
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап...

Ыбырай бабамыз бұл жерде орыс тілін білуге емес, білім алуға шақырып тұр ғой...

Шоқынды деп апарып тастадық!

Бабамызды жалғыз жібермей Шоқанды да мінгестірдік...

Сол жерден Әліби бабамызға да орын таптық...

Қазақта мыңдаған Ыбырай, Шоқан, Әлібилер бар...

Алайда қазақ баласы білетін Ыбырай біреу!

Ол - Алтынсары Ыбырай!

Қазақ білген Шоқан да біреу!

Шыңғыстың Шоқаны...

Сол сынды Әліби де біреу!..

Әрі-беріден кейін орыс әлеміне қарсы тұрған осы бабаларымыз!

«Орыс әлемі» деген бұл зұлым саясат!

Оны жағырапиялық негіздеу басталды!

Қазір «Орыс әлемінің» жағырапиялық картасы ел қолында жүр!

Онда біздің жеріміз орыс әлемі болып жүр!

Онда біздің еліміз орыс әлемі болып жүр!

Қайда барсаң Қорқыттың көрі...

Бізді қытайлар да кіргізіп алған...

Бізді орыстар да кіргізіп алған...

Мұның бәрі қағаз жүзіндегілер ғана-тын...

Күні кешеге дейін...

Енді іске көшті!

Украинаның төрт өңірін өздеріне қосып алды!

Алдында Қырымды қосып алған!

Байқасақ қазір ешкімнің де косманавт болғысы жоқ екен...

Тоқтар ағам, басқа да бауырларым кешірсін...

Тоқаңның абыз болып отыратын жөні бар еді!

Ал ағамыз әлі күнге қолжаулық болып жүр!

Неге?

Елдің Олжас болғысы жоқ!

«Орыс әлемінің» негізгі жәдігері «Игорь жорығы туралы жыры»-ның тас-талқанын шығарса да...

Қазақ баласы ағамыздың үйіндегі келінін кешіре алмады!

Қазақша сайратып қойса да...

Мұсылман дініне кіргізсе де...

Арғы-бергі тарихта орыс алғандардың көгергені жоқ.

Өздері мықты болғандарымен өзі әлпеттестерді тудыра алған жоқ!





Жасыратын ештеңесі жоқ, Ресей халқы қырық сідік...

Өздері айтпақшы беттерін тырнасаң татар көрінеді...

Текесімдерін шұқысаң жебірей болып шыға келеді...

Сөйткен Ресейді Путин патша «Орыс әлемімен» ұйыстырып жатыр..

«Орыс әлемі» деген бұл түп-тұқияныңды құртатын саясат...

«Орыс әлемі» десең қазір орыс тілділер мөңіреп қоя береді...

Олардың алдыңғы сапында біздің де бауырларымыз жүр...

Ертең ел басына күн туғандай болса біз оларға қару көтере аламыз ба?

Ал олар ше?

Шімірікпейді!

Өйткені олардың діні «Орыс әлемін» қолдайды!

Елді қолына қару алуға шақырып жатыр!

Өлтір дейді, сен өлтірмесең сені өлтіреді дейді...

Ал біз неге үнсізбіз?!

Мүптияттағы ғұламаларымыздың пәтуасы қайда???

Сөз жоқ, Путин ғасырлық тұлға!

«Орыс әлемі» бұл Путиннің басты қаруы!

Бізге де сондай қару керек!

Тоқаев Тоқаев болу үшін «Қазақ әлемі» керек!

Және ол әлем бар!

Бабалардан мирас болып қалған әлем!

Қазақты бір-ақ адам билейді деген!

Оны Еңсегей бойлы Есім хан айтқан!

Ол бізде «Есімханның ескі жолы» деп аталады!

Тоқаев бауырымыз сол жолды ту қылып көтерді!

...Қазақ баласы бір-біріне қару көтермейді деген!
Оны қазақтың қаһаны Қасым хан айтқан!
Ол бізде «Қасымханның қасқа жолы» деп аталады!
Біздің патшамыздың таңдауы осы жол!..
Орыс әлемінен шығайық!
Қазақ әлеміне кірейік!
Ақжол, қазақ баласы!

***25.10.2022.***

# ӨЛГЕН ӨКІМЕТ

Кеше өлген өкіметті көрдік. Толық құрамында. Тұрған сурет. Жоқ, бәдіретке келеді. Жо-жоқ, баяғы жетінші қарашадағы, болмаса бірінші мамырдағы шеру транспаранттарындағы саяси бюро мүшелерінің бәдіреттеріне ұқсайды... Ұқсамаса да ұқсаттық...

Жүздерінен ешқандай эмоцияны көру мүмкін емес еді. Әлде беттерін тартып тастады ма екен?

Өлуі өлген...

Сонау сентябрьде...

Арқада...

Әдетте орман өртенуші еді...

Бұл жолы дала өртенді!

Соны өкімет жарты ай бойы сөндіре алмады!

Ұшақ шығарды...

Әскер жапты...

Далада су қайдан болсын...

Жалбағаймен ұрып сөндірді...

Сол өрттің иісі далада әлі тұр...

Содан бастап жұрт өкіметті іздеуді доғарған!

Доғарғанда жаназасын шығарып тастаған!..

Тірі жүріп өз жаназасын шығару қазақ арасында болған. Бұл соның бір көрінісі еді!..





Ал Президентіміз болса сол өкіметке жағдайды түзеңдер деп тапсырыс бергенді.

Осының алдында да сондай бір өкіметіміз болған!

Мамин басқарған!

Сол өкіметімізді кетіре алмадық...

Өйткені ол Президенттің жиналысына да келмеуші еді. Қолы құрғыры тимейтін. Өйткені ол Елбасымыздан босамайтын.

Ақыры кетіп тынды-ау...

Өз еркімен!

Кене шіркін әбден тойынған соң домалап түсіп қалушы еді. Бұл да сондай өкімет болатын!

Өкімет басына Смайылов келгенде ел іш тартқан...

Елбасының адамы ғой деп. Тағы да Елбасының өкіметі болады-ау деп...

Бүгінгі өкіметіміз сол өкімет!

Елбасымыз кеткенімен өкіметі қалып тұр...

Бұл өкімет те Маминнің соңынан кеткенде еліміздегі Екібастұз уақиғасы болмас па еді?!

Сонымен Президентіміз өз өкіметінің жер-жебіріне жетті...

Бұлар да депуттарымыздың әр жақ-бер жағында екен.

Депутаттарымыз ең құрығанда заң қабылдап жатады ғой...

Ал бұл шіркіндер соны оқуға да уақыт таппапты!

Олардың өз заңдары өзінде!

Нандары жүріп тұрғанда қабылдатып жіберген!

Бұларға кет деп айта алмайсың!

Осы жолы айтар дегенбіз...

Президентіміз сол сөзді айта алмады...

Айтар ма еді?!

Басқа қауіп бар...

Халықаралық жанжалға ұласып кете ме деген...

Құрметті Қасымжомарт Кемелұлы!

Сізді жеті жылға сайлап тастадық!

Өкімет емес, біз сайладық!

Айтып отырған өкіметіміздің жаназасы шыққан!

Шығарған сол - өз сайлаушыларыңыз!

Олай болса...

Жұрт қабір қазып жатыр...

***13.12.2022.***

# ӨЛІАРА

Күз келіп, Жолдау қабылдап жатырмыз...

Сұрапыл Жолдау деп бағалап та үлгердік...

Тек ғана алдағы үш жылдан өтейік, сонда көреміз... қазақ баласының жаһан көшінің алдыңғы легінде кетіп бара жатқанын...деп судырлап жатқанымызды да ел көріп отыр.

Бұлай деп күмпілдегеніміз бірінші рет емес, әрине, соңы да болмайтынын ішіміз сезеді. Біздің судырлар еліне айналғанымызға қаша-а-ан?

Дубайдың алдында боламыз, Отыз елдің көшін бастаймыз деп Нұрекең Айды аспанға бір-ақ шығарып еді - содан аузы қисайса кәне?

Сол Айымыздың жерге түсер түрі көрінбейді.

Бұл да сондай жайт.

Ал ойланатын жайт бар еді...

Қазір қазақ баласы үшін бүгінгі күніміз - нағыз өліара кез. Осы өліарадан қалай шығудың жолын іздесек керек еді.

Біз Ресей, болмаса Қытай сынды алпауыт елден емеспіз. Малайларды басып озамыз, жапондарды жолда қалдырамыз деп көсіле алмаймыз. Барыс боламыз, қабылан боламыз дегенімізбен сол мысық





болмысымыздан да аса алмайтынымыз көрініп қалды...

Бізде бәрі бар!

Жоғымыз да жетерлік...

Соның бастысы - Өзіміздің жоқтығымыз!

Бар болсақ баяғыда-ақ қоныс аударып үлгергенбіз.

Енді бірер жылдан кейін ауылымыз тұрсын қалаларымыз да қаңырап қалатын болады.

Енді бірер жылдан кейін Қазақ елінен Қазақ таппайтын боламыз!

Олай болса...

Сұрапыл шара керек?!

Ол - Ұлт қауіпсіздігі!

Ол - Мемлекет қауіпсіздігі!

* * *

Қашанда жауаптан сауал көп...

Бұл, әрине - тығырық!

Алайда бабаларымыз одан да жол таба білген.

Сауалдауынан танбаған!

Бір жауабы табылғанша...

Ең соңында жауабын өзі берген!

- Бақа, бақа, балпақ,

Басың неге жалпақ?-

деген сауалдар солай туындаған.

Сонымен сұрапыл шарамызды неден бастаймыз?

Ол шарамыздың басында -АтаЗаңымыз тұру керек!

Жапон жұрты заңдарын қабылдағаннан бері бірде бір түзету енгізбеген екен. Біздер болсақ өткен отыз жыл ішінде мыңнан астам түзету енгізіп үлгеріппіз.

Бабаларымыз жамау үстіне жамау түсіргенді шоқпыт деген. Біздің АтаЗаңымыз сол шоқпыттан аумай тұр-ау...

Кешегі күні шоқпыттың орыны күресін еді, қазіргі орыны төр болып тұр! Мұнан өткен қасірет болмас!

Төл АтаЗаңымыз, қазақы АтаЗаңымыз қабылдайынбаша біз ешқашанда еркін жұрт бола алмаймыз!

Еркіндігі жоқ жұрттың ертеңі болмайтынын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Оның мысалы - Өзіміз!

Мұнан былай біздің АтаЗаңымыз ең алдымен Қазақ баласы үшін жұмыс істеуі керек!

Сонда ғана қазақ баласы АтаЗаңымыз үшін жұмыс істейтін болады!

Бұл - қазақ баласы ең жақсы тамақты жеуі керек, ең жақсы киімді киюі керек, ең жақсы үйде тұруы керек, ең жақсы жұмыста отыруы керек деген сөз.

Жаяу жүремін дей ме - жаяужол салып берейік, жүземін дей ме - кемесін алып берейік, ұшамын дей ме - ұшағын сатып берейік!

Сонда ғана қара жермен кеме жүргізетін боламыз!

Сонда ғана жығамызды тіктейтін боламыз!

Сонда ғана қазақ баласы қарын қамын ғана ойламайтын болады!

Сонда ғана қазақ баласы қан қамын ойлайтын болады!

Сонда ғана қазақ баласы ғарыштық деңгейде ойлайтын болады!

Сонда ғана қазақ баласы ғарышта отырып қазағын ойлайтын болады!

Сонда ғана Бар боламыз!

Сонда ғана Қазақ баласы бар бола алады!

* * *

Сонымен ұлттығымызға қауіп төніп тұр...

Сонымен мемлекеттігімізге қауіп төніп тұр...

Оның бастысын айттық - Шоқпытымыз!





АтаЗаңымыз!..

Екіншісін де айтайық...

Қазіргі ұстанып отырған - Дініміз!

Отыз бір сирақ дініміз!..

Қырық бір бүйрек дініміз!..

Бала кезімізде сөзімізді өткізе алмағанымызда өлләһи-білләһи деп қарғанушы едік. Неге екендігін қайдам, «честно октябаратский» жарамайтын...

Сол сөзіміздің мән-мағынасын да түсіне қоймайтынбыз-ды. Алайда осы бір сөзде керемет бір салмақ, керемет бір құдырет болушы еді.

Сол сөзіміз бүгінде ұмыт болды.

Оның орнына Алламен қарғанушылар шоғыры келді.

Қазір таза жол бермейді.

Оларды алыстан іздеп керегі жоқ. Мешітке барсаңыз жетіп жатыр.

Ол жақтағы сарынның екпіні қашанда қату келеді...

Әуелі Алла дейді...

Одан кейін Мұһаммед дейді...

Одан кейін Патша дейді...

Елбасы деп айтқандарды да көрдік...

Тіпті Нұрсұлтан деп те айтушылар шықты...

Шүкір, әзірге бұл тізімге әйтеуір Президентіміз ілікпей тұр...

Әлде уақыты келмей жатыр ма екен?...

Бәлкім, пәтуасын шығарып жатқан болар...

Әйтеуір қорқытып жатыр...

Мешітіміз осылайша жұртты қорқытып жатыр.

Бөжекейге айналған түрі бар...

Содан да жұрт мешіт десе елпілдей қоймайды!

Қазір қазақ даласы алып құрылыс алаңына айналған!

Қайда қарасаң да мешіт салып жатқан жұртты көресің...

Тіпті, алыс жатқан қыстақтарға да жетті...

Не имамы жоқ, не намазханы жоқ жұртқа мешіт неге керек болды деп ойлайсың?!

Жоқ, керек дейді!

Мешіт - Алланың үйі дейді!

Енді келіп сен ойланасың...

Аллаға мешіт не керек деп?

Ал жұрт сенеді.

Содан да Құдайды мешіттен іздейді!

Әйтеуір жұрт біздің елде «мешіттерін» салуға әуес...

Шіркеу, храмдарда есеп жоқ.

Синагога, кирхаға да таңданбайтын болдық...

Пагода салып жатса оған таңырқай қоймаспыз деп ойлаймын...

Әйтеуір дүние жүзінің діні бізден пана тауып жатыр...

Бір қазанға қойдың да, шошқаның да, иттің де, жыланның да басын салып жатырмыз...

Қазір бәрін қойып барлық дінге арналған ортақ ғибадатханалар пайда болды...

Осы ғибадатханалардың қайсы болсын қазақ баласына жау деп айтпай-ақ қояйық, әйтеуір дос емес.

Оған кірген жан бәрінен айырылып шығады. Баспанасынан, жұмысынан, байынан, баласынан...

Олардың баратын жері де белгілі!

Жындыхана...

Осында бір депутат қарындасымыз екі байға тию жөнінде көкіп жүр еді, сол қарындасымызбен





жылап көрісетін жайға келдік. Мешітке кірген қарындастарымыздың алды бес-алты байға тиіп тастаса, соңы екі байдан шығып жатыр...

Талақ аман тұрса әлі талай байдан шығар...

Екі байы бар қарлар қазір үйренішікті жайтқа айналды...

Мешіт, әрине, иман бермейді.

Ол себепкері ғана...

Мешіт салма деп айта алмаймыз.

Алайда мешіттен Құдайды іздеудің де жөні жоқ!

Құдай мешітте емес!

Құдай біздің Жүрегімізде!

Сіздің!..

Біздің!..

Олай болса бабаларымыздың діндегі ұстанымына оралайық!

Бізді бүгінгі күнімізге жеткізген сол - бабаларымыздың ұстанымы!

* * *

Ал қазіргі ұстанып отырған дінімізден екі үлкен қауіп бар!

Бірі - бізді ұлтсыздандырады!

Арабқа айналдырады!

Екіншісі - мемлекетсіздендіреді!

Қазақиямыз Ұлы Халифатқа барып қосылады!

Шын айтам!...

Өлләһи-білләһи!..

***08.09.2023.***

* * *

Сонымен ұлттығымызға қауіп төніп тұр...

Сонымен мемлекеттігімізге қауіп төніп тұр...

Оның бастысын өткен жолы айттық - Шоқпыт АтаЗаңымыз!

Екіншісін де айттық...

Қазіргі ұстанып отырған - Дініміз!

Сиырбүйрек дініміз!..

Үшіншісін де айтайық...

Тасбітеулігіміз...

Тіпті, анықырақ айтсақ - бедеулігіміз!..

Әйеліміз де - бедеуміз...

Еркегіміз де - бедеуміз...

Бұл табиғатымызға қайшы!

Жанды нәрсенің барлығы да көбею үшін жаралған!

* * *

Қазіргі қазақ баласында денсаушылық жоқ!

Кемі жарымжан...

Кемі мүгедекпіз...

Аурухананы қойып жындыханалар сала бастадық...

Өзіне өзі қол салушылар бойынша алдымызға жан шығармай отырмыз...

Ана өлімі де - бізде...

Бала өлімі де - бізде...

Ең сорақысы өз баламызды өзіміз жатырында тұншықтырып жатырмыз...

Түсік тастау бойынша әлемде алдыңғы орында тұрмыз!

Сонда қайтпек керек?!

Бұл бір ертеректе болған жайт еді. Бір әлдемді көршім болды. Онда бәрі бар еді. Жоғы да бар еді.

Сол жоғы ақыры оны алып тынды!

Әке бола алмай жүрді...

Әрине, іштей мүсіркеп тұратынбыз-ды.





Бір сәби берсе екен деп тұрушы едік...

Сол көршім ақаңнан басыңқырап алғанда балаларыммен тілдесіп келемін деп үйіне тартып отырушы еді...

Оның мұнысын біздер түсіне қоймадық.

Бір күні көршілерімізді қонақ қылайық. Әлгі көршім де болды. Сопа басы келді. Келіншегі төркіндеп кеткен екен.

Бір кезде қызды-ау шамасы тағы да үйіне кетті...

Содан қайтып келе қоймады. Не болды екен деп барсам...- әжетханасының есігін ашып тастап еңіреп отыр...

- Балаларымның даусы шығады...- деп.

Кейін ішпей-жемей қайтыс болғанын естідім.

Мәйітін әжетханадан тауыпты...

Қатты қапалаидым!

Ол әке бақытын сезінбей өткен еді...

Мұндайлар бізде көп...

Өте көп...

Ана бақытын сезінбей өтіп жатқан қаракөздеріміз қаншама?..

Қызай деген сөзді естіген боларсыз.

Естімесеңіз ол үшін жазғырайық деп отырғанымыз жоқ.

Өйткені біздің заманымызда қызайлар бола қоймаған...

Қызай деп бабаларымыз тұрмыс құрмаған қарындастарымызды айтқан.

Үйленбей өткен бауырларымызды қыздар деген...

Қызай, қыздар сөздерін ұмыта бастағанымызбен олар қазірде жыртылып айырылады...

Осыдан кейін қайдан өсеміз, көбейеміз?

Мына түрімізбен жан саны бойынша өзбектерге жетпек түгілі қырғыздар да бізге шаң қаптырмақ!

Бұл бетімізбен бүкіл қазақ баласы бір қала емес, бір ауылға сыйып кететін болады...

Көбейеміз десек бәрін басынан бастауымыз керек. Неке заңының шаңын қағу керек болады. Жеті атаға толмай отау көтергендерді барынша жазалау керек. Ажырасуды барынша қиындату керек. Ажырасқан жағдайда баланы әкесімен қалдыру керек.

Отау көтермегендерге неке салығын кіргізу қажет.

Басы артық әйел, болмаса басы артық еркек мәселесін өкімет деңгейінде шешу керек!

Бір сөзбен айтқанда байсыз әйел, қатынсыз еркек болмау керек!

Басқаша жағдайда мұнымыз ұлттығымызға, мемлекеттігімізге барынша қауіпті!

Жесірсіз, жетімсіз қоғамызға ұмтыламыз десек әмеңгерлік институтына жүгінгеніміз дұрыс болады.

Келінді ауыл болып таңдау, құда түсу сынды салттарымызды жаңғыртқанымыз барынша дұрыс болады!

Әлихандар, Абайлар, Мұқтарлар, Қаныштар сонда ғана қайтып туады! Отау көтергендерді ынталандыру шарасын әбден ойластыру керек болады. Дүниеге келген әрбір бала үшін төленетін жәрдемақы олимпиада медалінің құнына жетеқабыл болу керек!

* * *

Қалай дегенде де біздер де жетімсіздік заманында ғұмыр кештік. Басқасын айтпағанның өзінде бізде күкірт жетімсіздігі, қант жетімсіздігі, тұз жетімсіздігі болғандығына сеніңіз...

Біздер Ақшатау деген кеншілер қалашығында тұрдық. Мәскеуден жабдықталды. Соған орай бізде құс сүтінен басқасының бәрі болды.





Соған қарамастан біздің әке-шешелеріміз сықап тұрған өкімет дүкеніне жүгіре қоймайтын. Нан екеш нанның өзін де үй алдындағы оттық күліне жабатын. Дүкеннен сүт, ет ала қоймайтын. Басты себебі қой еті бола бермейтін.

Ал қала жағдайында қой өсіру мүмкіншілігі жоқтың қасы болатын. Есесіне ешкі жарықтық әр үйдің қорасынан табылатын.

Ешкі жарықтықтың қашанда егіз табатыны белгілі. Олардың үшем, төртем табатындары да болатын.

Кейінгілері өтімді еді. Ондай ешкілерді де, төлдерін де пышаққа жыға қоймайтын. Өйткені олар барынша өсімтал келеді...

Бұл да түк емес. Олардың жылына екі төлдейтіні болады!

Оларды дағалай деуші еді!

Ондай ешкілердің құны аспандап тұратын!

* * *

Бізде «Батыр Ана» мәртебесі бар!

Сол мәртебемізге деген құрметіміз кемшін!

Ендеше құрметімізді түзейік!

Мемлекеттік қамқорлығымызға алайық!

* * *

Ел жадынан шығып бара жатқан тағы бір әңгімені айтайық. Қазіргі ұрпақ көрмегенімен біздер көрдік.

Дағалай аналар болушы еді!

Бір жылда дүниеге екі шарана алып келуші еді!

Қош, сонымен әңгімеміздің аяғынан шығайық.

Демографиямызды түзейік!

Бесігімізді түзейік!

***10.09.2023.***

* * *

Сонымен ұлттығымызға қауіп төніп тұр...

Сонымен мемлекеттігімізге қауіп төніп тұр...

Қазіргі қазақ баласында ұмтылушылық жоқ!

Көткеншекпіз!

Аяқ артар төртдөңгелегіміз, екі-үш тұяғымыз, қора-қопсылы үйіміз, бір-екі мұрынбоғымыз болса жеткілікті. Шүкіршілігімізді айтып жүре береміз. Өзіміз сынды басқа жұрттың ұшақ, болмаса тікұшақ, болмаса кеме мініп жатқанымен жұмысымыз жоқ.

Білім алсам демейміз, диплом алсақ дейміз. Содан да үш-төрт дипломдымыз.

Өйткені бүгін сенен білім сұрамайды, диплом сұрайды. Әр жағы белгілі... Тамыр-таныстық, ағайыншылық...

Ал диплом алмай білім алғандар кетіп жатыр... Оған сенің туған жерің, туған елің еш кедергі бола алмайды. Өйткені ол өскіндеріміз алған біліміне қарай жұмыс сұрайды...Өкініштісі, сол сұрап отырған жұмысын бере алмаймыз...

Бұл еліміздің ертеңі үшін өте қауіпті!

Кеткенде Бастар кетіп жатыр!

Кеткенде Мыйлар кетіп жатыр!

Қалып жатқанымыздың ешкімге пайдамыз жоқ!

Әрине, зиянымыз жоқ, алайда осының өзі қауіп төндіреді!

Тұрған су сасиды!

Оқыған жігіттеріміз бен қыздарымыз тосып отыра алмайды!

Қашан бізге қызмет береді, немесе жұмыс береді деп...

Маракана деген стадион бар. Екі жүз мың орынды. Онда ешқашанда бос орын болмайды. Орынды өмір бойында сатып алады екен. Тіпті, әлгі орындар мұрагерлікпен де қалдырылады дейді.





Бұларды торсидалар дейді!

Бізде де солай болып тұр.

Жөні түзу қызметке ілігу мүмкін емес. Өйткені ол қызмет те мұрагерлікпен қалып отырады.

Бізде қазір осындай қызметке тұрудың үш деңгейі бар.

Бірінші деңгейіне ілігу мүмкін емес, онда алдымен шапыраштылар жүреді, одан қалды үйсін баласы жүреді, одан қалды ұлы жүз балалары жүреді...

Екінші деңгейде орысшасы озып тұрған арғын, орта жүз балалары жүреді. Олардың бірінші деңгейге ілігуі де мүмкін. Алайда ешқашан бірінші бола алмайды. Болса - екінші, болса - үшінші... Қашанда жұмыс істейтін біреу керек ғой...

Менің бір қарындасым білім министрлігінде істеді. Министрлері жиі өзгеріп тұрды. Содан басшысы ауысқан сайын қылп ете қалушы едім. Не болар екен деп. Жоқ, қарындасым сол жұмысынан зейнеткерлігіне шықты.

Қызметі де жаман емес еді - бас сарапшы.

Сол қарындасым айтады. Министріміз менің берген есебіммен баяндамасын жасай береді деп.

Қазір өкініп жүр. Кетіп қалуым керек еді деп. Ал ол өзін патриот санайды.

Біз әлі ұлт болып қалыптаспаған жұрттардың қатарынанбыз. Қазақ баласының ұлттығы үшін ештеңе істеп отырған жоқпыз. Ұлт озғындығы бізде қағаз бетінен аспай келеді.

Ал жекелеген аталарға келгенде алдымызға жан салмаймыз. Онымызды ақтағымыз келгеніміз болар, қазақ жұрты рулардан тұрады деп бет бақтырмаймыз. Өтіміз жарылып кетсе де айтайық, қазақ жұрты мемлекеттерден тұрады!

Арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керей, үйсін, қаңлы...

Бұл жұрттардың барлығы да кезінде өз алдында мемлекеттер болған!

Ендеше біздің рулық деңгейде қалуымыздың еш жөні жоқ!

Бізге сапалық сілкініс керек!

Бізге сапалық секіріс керек!

Бұған кінәлі деп Қонайдың, болмаса Назарбайдың баласын сөгіп, опа таппаймыз!

Олар да өз заманының өнімдері!

Рулық сана өзінің міндетін атқарды деп білеміз!

Бізді бүгінгі күнге рулық санамыз алып келді. Уды руымызбен бірге іштік.

Алайда одан өлген жан болмайтын!

Енді сол уды мемлекет болып ішуіміз керек!

Енді сол уды ұлт болып ішуіміз керек!

***13.09.2023.***

# ПИРАМИДА

## немесе Сақ мемлекеті жер бетінен құрып кеткен жоқ

**Ағымдық жылғы мамыр айында Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында сақ ханшайымының мүрдесі табылды. Қытай асар күре жол - Таскескен-Бақты бойында орналасқан Лайбұлақ және Жаңатілек ауылдарының ортасындағы мүрдеден табылған әйел мәйітінің алтынмен апталған сәукелесі мен алтын өрнекті киімі, сүйегі жақсы сақталыпты.**

**Ғалымдар оны Үржар ханшайымы деп отыр.**





Бұл осымен табылып отырған алтыншы алтын адам.Алғашқысы Есік қорғанынан ит жылы,екіншісі Атырау облысының Аралтөбе қорғанынан қоян жылы, сол жылы үшіншісі Шығыс Қазақстанның Зайсанынан, төртіншісі барыс жылы Орталық Қазақстанның Қарқаралы ауданының Талды ауылынан, бесіншісі жылан жылында Тараздың Жетітөбе қорғанынан табылған еді. Зерттеу жұмыстарын жүргізген археологтарымыздың барлығы бір ауыздан аталмыш жәдігерлерді сақ дәуіріне жатқызып отыр. Рас, асығыстық танытып қола дәуіріне, Үйсін, Қаңлы дәуіріне жатқызғанымызды несіне жасырайық. Оның үстіне беделді қалам қайраткерлерінің төтеннен қосылып, өздерінің ата-бабаларына қарай бұрмалауға тырысқандарын да жасыруға болмас.

Қазіргі уақыт қит етсең дәлел сұрайтын уақыт.Сақ дәуірінің алтын ескерткіштерінің бір емес, бірдей алтауының Қазақ жерінің барлық аймақтарынан табылуы әркімді ойландырса керек.

Қазақ халқының тарихын пирамида десек оның ұшарында қазіргі қазақ ұлты, қазақ халқы тұр. Осы жерде ұстынында, табанында кімдер тұр деген сауал туады. Пирамиданың беріктігі табаны мен ұшарына байланысты десек, ең алдымен ұшары мен табанын анықтап алуымыз керек.

Ұшарын айттық.

Табаны кім болмақ?

Қазақ тарихын ғұннан, түркіден бастап жүргендер баршылық. Үйсін, Қаңлы дәуірін де көлденең тартушылар бар.

Аса бір сақтықпен сақтан таратушылар да бар.

Кейінгі кезде осынау тұжырымға елдің бәрі құлай бастады.

1969 жылы Есіктен табылған сақ патшасы - Алтын адам бүгінде Қазақ елінің брендіне айналды. Алматыдағы тәуелсіздік ескерткішіміздің ұшар басында осы Алтын адам тұр!

Алтын адам Қазақ елінің тәуелсіздігінің рәмізі ретінде ұғынылады, түсініледі. Әзірге талас жоқ. Дау-дамай жоқ. Өйткені бүгінге дейін Еуразия құрылығының бір жерінен де Алтын адам табылмай отыр. Әйтпесе барлығының да арғы атасын сақтан таратқысы бар. Ондай ұлт-ұлыстарды алыстан іздеп керегі жоқ. Алтын адамдардың Қазақ даласынан бірінен кейін бірінің табылуы оларды еріксіз тұқыртып отыр.

Қазақ тарихын жазып берген орыс көршіміз әзірге бізді баққаннан әріге аспай отыр. Оған себеп қазақ тарихшыларының бұрынғыша ел тарихын он алтыншы ғасырға байлап қойғаны. Ерте ме, кеш пе оның көкжиегінің сан ғасырды көктей өтіп, сақ дәуіріне ұласатынын олар білмей отырған жоқ. Біз қазақ тарихын қайта жазған күні олар да бір бүйірден қосылатын болады. Өйткені қазақ тарихының қайтып жазылуы әлемдік дүниетанымды өзгертетін болады.

Демек сақтар Қазақ жерін жайлаған.

Қазақ баласы өз тарихын осы Сақ дәуірінен бастауы керек!

Қалғанын таратып аламыз.

Қазақ тарихының білгірі Манаш Қозыбаев Қазақ баласының тарихын: адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген белес; Сақ, Үйсін, Қаңлы, Ғұндар заманасы; Түрік тектес тайпалар дәуірі; Қыпшақ белесі; моңғол дәуірі; Қазақ хандықтары; ұлттың қалыптасу кезеңі; Отаршылдық заманы; қазақ халқы Кеңес империясының уысында; егеменді кезең деп жіліктейді.





Сөз жоқ, Қазақ баласының тарихын былайша жіктеумен келіспеушілер де баршылық, жалпы, бұл жерде де бірізділік жоқ. Әсіресе, моңғол дәуірімен келіспеушілер қарасы қоюлау. Оған да түсіністікпен қарау керек болады. Моңғол деген ел, халық, ұлт жоқ. Бірақ Моңғол мемлекеті болды ғой. Және ол басқа емес Қазақ жерінде болды. Сол мемлекеттің қолын бүгінде Қазақ елінің құрамында отырған Найман, Керей, Қоңырат, Меркіт, Жалайыр тайпалары құрады емес пе? Біздің де бүгінгі бағытымыз Мәңгі ел болу! Мәңгі ел болу аңсары кешегі Шыңғыс ханнан басталған. Содан да барып ол ұйыстырған жаңа ел Мәңгі ел - Моңғол атанды емес пе?!

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақтын, мәңгілігі - мәңгі елдігі жөніндегі концепциясы тақыр жерде туа салған жоқ. Оның артында үлкен астар жатыр. Қазақ бүгін, ертең Мәңгі ел болайын деп жатқан жоқ.

Қазақ кеше де Мәңгі ел болған!

Бүгін де - Мәңгі ел!

Ертең де - Мәңгі ел!

Қазақ кешегі Сақ дәуірінде де болған. Абай айтты екен деп бірінші сыныптың оқушысының айтар сөзді айту бүгінде жарамайды. Қазақ Ақ қаздан тарады деп.

Ендеше Қазақ халқы тарихының қай кезеңін зерттемейік бір бүйірімізде қазақ халқының мемлекеттілігі тұруы керек.

М. Қозыбаевқа дейін де қазақ мемлекеттілігінің көнелігі жөнінде пікір айтушылар болған. Сонау Алтын адам табылмай тұрған заманның өзінде тағы бір корифейіміз Мұсатай Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы» зерттеуін 1967 жылы жариялата алды. Мұндай кітаптың дау-дамайлы болатыны түсінікті болса керек. Орыс емес, ең алдымен қазақстандық

тарихшылардың өздері ғалым концепциясына қарсы болған. Сонда М. Ақынжанов не дейді?!

Қазақ халқының арғы тегі ерте заманда, біздің заманымыздан бұрынғы ҮІІІ - ІҮ ғасырларда, Орта Азияны мекендеген ежелгі сақ тайпаларынан шыққан, ал қазақ деген сөз қас (нағыз) пен сақ (тайпа аты) деген екі сөзден (нағыз сақ) тұрады. Қазақтар түрік, моңғол тектес халықтың екі бұтағынан (ғұн мен сақ) құрылған ежелгі халық...

М. Ақынжанов - М. Қозыбаев - Н. Назарбаев концепциясы бойынша қазақ халқы қай уақытта да өз алдына мемлекет болып келген. Сақтан бастау алатын Қазақ мемлекеті бүгінде архетипін сақтап отыр. Батысшыл тарихшылар айтып жүргендей Сақ мемлекеті жер бетінен құрып кеткен жоқ. Ол Қас сақ, Қазақ болып қалды. Сақ жерінде бүгінде қас сақтар, нағыз сақтар - қазақтар отыр.

Әрине, М. Ақынжанов өзінің концепциясын дәлелдей алмады. Дұрысы мүмкіндік бермеді. Алайда кейінгі жылдары шығып жатқан зерттеулер ғалым тұжырымдамасын бекіте түсуде. «Қазақтың көне тарихы» ҚХР-да басылды (1987). Бұл кітап «Жалын» баспасынан 1993 жылы аударылып шықты. Онда қазақ туралы деректердің Ежелгі Қытай жылнамасында кездесетіні айтылады. Және осы еңбекте қазақты ежелгі парсы, грек тарихында да ұшырасады деп жазады.

Соның бір парасы мынадай.

Араб саяхатшысы және жазушысы Мұхаммед әл-Ауфи 1228 жылы «Таңдаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы» деген кітабында Алтайды мекендеген елдердің тоғыз ұлысқа бөлінетінін, бұлардың ішінде үш тайпа шығыл, үш ұлыс қазақ барлығын жазыпты. 982 жылы парсы тілінде жазылған «Худуд әл-Ғалам»





(Әлем шекаралары) кітабында «Алан елінде қазақ деген ұлыс бар» деп жазыпты. Византия императоры Константин Порфирордни (905-959) өз жазбаларында Кубаннан шығысқа қарай мекендеген елді «Қазақия» деп атаған.

Мұндай мысалдарды кітаптардан көптеп келтіруге болады. Орыстың иек артқан жәдігері «Өткен жылдар баянында» да қасақ елі аз айтылмайды. Олардың баянында қасақтар жеңіліп жатады, салық төлеп тұрады. «Өлдің Мамай, қор болдыңды» осы орыстар жазған. Әйтпесе оның дұрысы «Жеңдің Мамай, ер болдың» емес пе еді?!

Әріге сілтесек қазақ халқы ерте заманнан еліміздің шығыс және түскей өңірлерін, Алтай, Тяншань таулары, Жоңғар ойпаты, Жетісу мен Сырдария алабы, Дешті Қыпшақ даласын жайлаған. Өйткені сақ, үйсін, қаңлы, қимақ, қыпшақ, дулат, түркеш, қарлық, оғыз, найман, керей, арғын, қоңырат тайпалары осы өңірлерде тұрды. Ұлт ұйыстырушы ретінде арғын кеңінен тараған. Алайда Арғын дегенде қазақ ұлты ұғынылады. Міне, қызық, Өзбек елінде отырған қоңыраттар ешқашанда өздерін өзбекпіз деген емес. Керісінше Башқұрт ішіндегі арғындар өздерін естекпіз дейді.

Бүгін заман басқа. Ғұмыры қашанда шолақ болып шығатын тарихты қолдан жасап керегі жоқ. Біздің өз тарихымыз өзімізге жетеді.

Біздің тарихымыз сақтан басталып нағыз сақпен аяқталтын тарих. Бұл мәңгі елдер тарихы. Өйткені қас сақтардың тарихы сақтардан басталады.

Бізге қалғаны сақтардың қас саққа қалай айналғанын жылнамалау ғана.

***13.07.2013.***

# РУХ ІЗДЕП ҚАЙДА БАРМАДЫҚ?!.

Бір кездері Алаштың ақсұңқар ақыны Сәкенді іздеп қайда бармадық?! Қазақ даласы жетпегендей орыстың ит жеккен пұшпағы Магаданнан іздедік-ау Сәкен ізін. Біреулеріміз онымызды түсіндік, екіншілеріміз сөктік. Сөйткен қазақ баласы Сәкен ұланын әлі іздеп жүр. Өйткені Сәкен - қазақ баласының рухы еді!

Біздің де тірлігіміз сол тірлік. Қазақ рухын іздеген тірлік, өйткені біздің бабамыз - Көкбөрі Керней де қазақ рухы болатын!

Біздің тарих бүгінгі күнге жұқа болып жетіп отыр. Өзгелер жазған тарих еді. Бүгінде сол тарихымызды өзіміз жазып жатырмыз. Өндіріп жатқанымыз шамалы, алайда алға жылжып бара жатқанымыз анық.

Алдымен Алаш болғанбыз. Соңынан қазақ атандық. Қайсақ, қырғыз аталып күні кешеге дейін келдік. Ресми түрде қазақ атауын алып берген Сәкен Сейфуллин болатын.

Қазақ елі Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ сынды алып мемлекеттерден тұрды. Қазақ елі - осындай ірі тайпалық одақтардың заңды мираскері. Теңіздің тамшыдан тұратыны белгілі. Арғынның Қаракесек тайпасының Керней бұтағы - сондай тамшының бірі. Осынау қазақ сахарасын сақтап қалуда біздің бабаларымыздың да есепсіз қаны төгілген, жері үшін, ділі үшін, тілі үшін, діні үшін соғысқан.

Содан да барып Керней атаның балалары жер-жаһанға шашырап кеткен. Аңыз әңгімелерден білетініміз бабаларымыз Жоңғар шапқыншылығында, Қытай шабыншылығында соғысқа қатысып, өшпес ерлік үлгісін көрсеткен.

Бұл қазақ ұландары үшін Отан соғысы болатын. Біздің түсінігімізде соғыс бола қалса, ол міндетті түрде жер үшін соғыс болады. Шын мәнінде, біздің





бабаларымыз бұдан жоғарырақ тұрған. Балта батыр бабамыздың башқұрт Салауат Жолайдың жағында соғысуы осыны көрсетеді.Башқұрттар жеңіліп шегінгенде қазақтар да Еділ, Жайық бойына ығысады. Және сол жерлерде тұрақтап қалады. Осыдан барып Кіші жүзде біздің Балта батырдың сегіз баласы қалып қойған. Оларды қазақтар жағы Естек десе, башқұрттар жағы Балтас дейді. Башқұрт жерінде Балтас деген аудан бар десек не айтар едіңіздер?! Сол жердегі Балта атасының ұрпақтарымен Сары атасының үрім-бұтағы тұрып жатыр. Ал олар өздерін Арқа төсін жайлап отырған Сарым руының ұрпағымыз дейді. Бұл соғыс дін ғана емес, діл соғысы да болатын. Сірә, мұндай мысалды көптеп келтіруге болатын шығар. Қазақ жеріндегі ұрыстардың бірде біреуінде қазақ ұланы сырт қала алмаған. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздің патшалық Ресей мен Қоқан хандығына қарсы ұрыстарына өздері тікелей қатыса алмаса да, Арқа қазағы үйірлеп мал айдады. Олай болса қазақ баласы қашанда өз жерінің қорғаушысы бола білген. Керней аталығы да барлық рулар сынды небір зұлматты бастан өткерген. Ашаршылықта адам жеген арғын атанады, отыз жетіде қазақтың еврейі атанады, екінші жаһан соғысында сатқын атанады... Қайда жүрсе де қуғын-сүреңнен көз ашпайды. Сөйтіп жүріп те жер бетінен құрып кеткен жоқ. Бүгінде тарыдай тарап кеткен Керней аталығының ұзын саны отыз мыңның үстінде деп білеміз. Осы аталықтың Малсейіт тармағы қиын-қыстау күндері Қытайға өтіп кеткен екен. Осыншама өсіп-өнгенімізді осыдан алты жыл бұрын берген асымызда ғана білдік. 2005 жылы Арқада бұрынды-соңды болмаған Керней бабамыздың асын өткіздік. Сол асқа төрткүл дүниеден ұрпақтары

жиналды. Кереқарыс шежіре кітабымызды шығардық. Одан кейін бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Деректі бейнефильмдер түсірілді. Керней бабамыз жөнінде дерекке құрылған кітап та жарық көрді. Бұл бағыттағы жұмыстарымыз одан әрі жалғасын табуда. Аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсетілді, жағдайсыз балалардың оқуына қол ұшы берілді. Жарылғап ауылындағы мектепке компьютер сыныбы сыйланды. Бұл атқарылған жұмысымыздың бір парасы ғана. Алдағы жұмыс мұнан да көп деп білеміз. Бүгін біздер бабаларымыздың аяғының ізі қалған жайлауға келдік.

Керней атасының малды ата болғаны белгілі. Бізде мыңды айдаған байлар аз болмаған. Бір ғана Шолақ байға он жеті мың қылқұйрық біткен. Сондықтан да соншама малды асырап-сақтау оңай болмаған. Жайлау мойыны сонау Есілге дейін барған. Аяқты малға ол да алыс емес. Сол жолда көштің ереуілдейтін жері болған. Бүгінгі Керней ауылы - сол бабаларымыздың ереуіл жері. Көшке ілесе алмайтын малын осы жерге тастап кеткен. Сондықтан, бұл көшті ел кәдімгідей тосатын болған. Біздер сол топырақты бастық. Бабаларымыздың осынау ереуіл жерін бұрыннан білетінбіз. Осы жерде жергілікті халықтың ыстық ықыласына ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Олар өз тарапынан Корнеевка болып бұрмаланған атауды қайтып қалпына келтірді. Мектепке батыр бабамыздың есімін берді. Біздер бұл шаралардың ішінде бола алмадық. Батыр ортақ, аруақ ортақ деген осы. Сондықтан, Керней ауылының ақылман қариялары мен ақжаулықты әжелерімізге басымызды иеміз, кейінгі толқын бауырларымызға ілтипатымызды білдіреміз.





Осыдан он жыл бұрын жер-жерлердің бәрінде төл тарихымызды жер атауларымен жазу өріс алды. Елімізде қаптаған Ивановка, Петровкалардан арыла бастадық. Мынау біздің Ақадыр ауданында олары аздай ауылдар нөмірленіп кеткен-ді. Біздер сонымен де күрестік. Сондай ауылдың бірі Корнеевка болатын. Ол ауылдың тарихын белгілі жылнамашы, қазақ даласының шежірешісі Юрий Попов өз жазбаларында қалдырды. Керней тауы, Керней бұлағы, Керней өзені, жалпы Керней ауылының тарихын мөлдіретіп жазып қоймай, оны баспасөз арқылы жарыққа шығарды. Сол деректерді негізге ала отырып Керней ауылының тұрғындары тарихи атауларын қайтарып алды. Соны естіп іштей ризашылығымызды айтып жүретінбіз-ді. Сол ризашылығымызды білдірудің реті енді келген. Абыз ақсақалдарымыз сол азаматтарға құрмет көрсетіңдер, басына бөрік, иығына шапан жабыңдар, реті келіп жатса, ат мінгізіңдер деген. Сол тірлікпен атқа мінгенбіз. Біздің бұл жиынымыз тірінің қамы еді. Өйткені бабаларымыз «Өлі жарымай, тірі байымайды» деп айтып кеткен. Олай болса осы ауылдың тұрғындары - кернейліктерге «Бәріңізге бір Алла жар болсын» деген ыстық ықыласымызды жеткізгіміз келген. Осындағы мектепке компьютер сыныбын сыйласақ па деп едік. Алайда түсініспеушіліктер орын алды. Желсөз белең алды. Барсақ күні кеше ғана тұрған Керней ауылы деген сөз өшіріліп тасталыпты. Бұл қалай деп сұрасақ, ауданның осы саласын басқаратын Сәуле Шибаева деген қарындасымыз сондай пәрмен жасапты. Керней мектебіне Сұлтанмахмұт Торайғыров атын беру бойынша қол жинапты. Осыған байланысты шам шақырушылар болды. Тіпті мектепке арнаған сыйлығымыздан да бас тартты. Сонымен, кернейліктер осыдан он

жыл бұрын Корнеевканы Керней ауылы деп атау үшін күресіп еді, енді қайтадан Корнеевка қыламыз деп әуре. Бос әурешілік дейтініміз бұл ешқандай Корнеевтің жері емес. Бұл - қазақтың жері. Осы аста қарапайым халықтың ықыласы бөлек еді. Жергілікті қаламгер Мақсұтхан Ақышев ағамыз тіпті «Кернейдің әулие бұлағы» деген кітапша шығарып сыйлағанда аузымызға сөз түспей қалғанын несіне жасырайық. Аста Алаштың ақсұңқар ақыны Серік Ақсұңқарұлы Жанат Жаубас, Смет Алтай, Амантай Рәшитұлы, белгілі жазушы Өмір Кәріп, туған өлке шежірешілері Сәулебек Жүнісов, Садық Смағұлов, Қанат Боранқұлов, Әділ Бәкір, халық қалаулысы, Мәжіліс депутаты Нұрлан Әбдіров, Керней ауылының тұрғындары, тарихшы Мақсұтхан Ақышев, кезінде ел тізгінін ұстаған Бақи Әбсатов, Таяқбай Шәкірұлы және басқалары сөз сөйлеп, игі тілектерін білдірді. Қарағанды қаласы Балақажы мешітінің найб имамы Өмірзақ қажы Бекқожатегі мен Жарылғап ауылының имамы Мәкітай Байсақалұлы ел тәуелсіздігі жолында құрбан болған ата-бабаларымыз рухына дұға бағыштап, Сәдібекбаласы Жұмақас ақсақал бата қайырды. Ас соңында кәдімгі бауырлас ағайын болып құшақтасып тарастық.

Керней ауылында осы атаның бір баласы да тұрмайды. Батыр бабамыз аттас аталарын тауып алып, елдімекен атауы сол кісінің есімімен аталды деген де қисынға келмейтін сөз. Қазақ тегін адамның есімін жер атауы ғып бермейді. Керней ауылын аруақ жанаған жер дейтініміз содан. Жанағаны сол, талай осындай ауыл пышырап кеткенде бұл ауылдың түтіні түзу ұшқанынан таймай тұр.

***28.07.2011.***





# СӘКЕН

**Қазақ баласының шаруасы біткен бе?! Бір жақын апайымыз дүниеден озып, жол үстінде болдық. Әлжеліні ашсам Сәкен бабамыздың туған күні деп жатыр жұрт. Жөппілдемеде не жаза қоярсың. Алайда бабамыз жөнінде былтыр бір жазба қалдырғам. Сол жазбамды қайтып жариялаудың жөні келіп тұр. Өйткені өткен уақыт ішінде ештеңе өзгере қоймады-ау...**

**Сол баяғы көди-сөди әңгіме...**

**Керек десеңіздер ұлт ұстазының мерейтойын бар-жоғы мерейкеш қылып өткіздік-ау...**

**Ал Сәкен бабамыз болса бір өзі ұлт ұстазының тойын бүкілхалықтық қылып өткізуге мұрындық болып еді-ау...**

**Ұлт ұстазының жарты ғасырлық мерейтойын...**

**Кімнің не ойлап жүргенін қайдам?..**

**Мен болсам тағы бір Сәкеннің дүниеге келетініне сенемін.**

**Ең құрығанда ұлт ұстазының мерейтойын өткізу үшін!**

Бұл тақырып қазақтың Ахаңы - Ақселеу Сейдімбеков айтпақшы шыныменен кісі өліміне апаратын тақырып («вопрос смерти и жизни»)...

Мен соған барып отырмын. Неге?

Біздер құлақты берген ұрпақпыз!

Көздің де орыны қалған!

Бітікпіз!

Бізде құлақ бітігі бар!

Бізде көз бітігі бар!

Сол бітігіміз тарс жабылып қалмасын дегендік!

Содан да жетектеміз!

Біреу сүйемелдемесе жүре алмаймыз!

Осыдан бір бес ғасыр бұрын жарты қазақ ұйқыда болса, жарты қазақ ояу еді. Кезектесіп ұйқыға баратын. Өйтпесе болмайтын. Мына ұлан асыр қазақ даласын көз ұшында ұстау онсыз мүмкін емес еді!

Сол қазақ қалғып кеткен!

Содан қайтып ояна алмай жатырмыз!

Алаш арыстары сол қазақ баласын оятуға талпынды. Сол жолда өздерін пида етті.

Пида...

Сен неткен сыйқырлы сөз едің, Пида!?

Сен неткен қастерлі сөз едің, Пида!?

Пидаға кімдер бара алады?

Арыстар!

Қазақ деп еңіреп өткен ерлерім!..

Сол Арыстарымызға деген құрмет барша құрметімізден артық болса екен дейсің!

Олар біздің құрметімізге зәру емес!

Біз зәруміз! Олай болса құрметімізді көрсетейік. Кісі бойынан биік тұғырлы алтын ескерткіштер соғайық!

Пидаға лайықты!

* * *

Қазақ баласының ұйқысы неткен қатты еді. Қайран, бабалар!? Оятамыз деп мылтықтады. Оянбады. Зеңбіректеді...

Осымыз артық болды-ау!

Өзімізді оятамыз деп жүріп көршілерімізді оятып алдық!

Ұйқысы қатты деген АЮ көршіміздің өзі оянып алды ғой!

Соның зардабын әлі тартып келеміз.

Бұл не ұйқы!





Әлде біреулер құлағымызды кесіп әкеткен бе?

Жоқ, мына түрімізбен әлі ұйықтай тұрамыз...

Өйткені көршілеріміз бізді алтын бесікке салып, баюбаюлап тербеп отыр.

Олар біздің ұйқымызды күзетіп отыр. Қас қақпай. Құлағымыздың түбінен шыбын ұшырмай.

Содан біздің ұйқымыз қатты. Алаңсыз ұйқыдамыз.

Құс ұйқылы ағаларымыз кетіп, аю ұйқылы балалар келіп жатыр...

Оларға кешегі күннің әлдиінен бүгінгі күннің баюбаюы әуездірек...

Бала да ұйқыда, шаға да ұйқыда. Шал да ұйқыда, бәбішке де ұйқыда.

Ал ояу жүргендей болып жүргендер де өзіміздің зомбилеріміз.

* * *

Керек болса көршілеріміз бас-басымызға мавзолей салып беруге де даяр.

Сол мавзолей салу басталды...

Алматыда бір мавзолей...

Астанада бір мавзолей...

Түркістанда бір мавзолей...

Сол мавзолейге тірідей түсуге бармыз!

Соны көз көріп отыр!

Біз қала салуды қойдық!

Мола салудан алдымызға жан түсірмей отырмыз!

Нұқ пайғамбар құтқарушы еді!

Кеме жасап құтқарды.

Бізді де құтқарам деушілер бар.

Біздікілер табыт жасап жатыр!

Соған бізді сыйғыза алмай жатыр...

Содан да барып біздер не тірінің, не өлінің санатында жоқпыз...

Ол үшін Елбасыны күстаналайтынымыз қалай?

Ол үшін Президента күстаналайтынымыз қалай?

Ол үшін Тұрар Рысқұловты күстаналайтынымыз қалай?

Ол үшін Сәкен Сейфолла баласын күстаналайтынымыз қалай?

Қожановтың жазығы не еді?

Шоқай неден жазықты болды?

Сұлтанмахмұтты да әйкәпір қылдық...

Бұлар құтқарушылар еді ғой!

* * *

Біздің де қолымызда бір-бір мылтық!

Біз де атуды бастадық!

Кешегімізді карауылға алдық!

Өткенімізді қарауылға алдық!

Точечный удар жасап жатырмыз!

Контрольный выстрел жасап жатырмыз!

Мұнан әзірге сыртқары тұрғаны Әлихан, Ахаң, Әлімхан, Мұхтар бабаларымыз...

* * *

Сол бабаларымыз Алаш идеясын ту етті! Сол жолда ақ болып, қызыл болып, бәлшебек болып, меншебек болып, алаш болып өліп кетті.

Сөйткен Сәкенді сатқын деп жатырмыз!

Кейде ойланып қалатыным да рас. Сатса сатып жіберген шығар деп. Өйткені Сәкен анау-мынау емес - Нарком болды ғой.

Мұнай да, алтын да, көмір де сол кісінің қолында тұрды ғой...

* * *

Бір кісі үндемейді. Сәкентанушылармыз деушілер бар еді - тырс етпейді. Сәкен, Сейфуллин, Сәкен





Сейфуллин деген жыртылып айырылған көшелер тұрғындары да бұл қалай деп сауалдамайды. Сәкен деген ауыл да ұйқыда. Сәкен атына аудан сұраушылар шығып еді. Бұл күнде олардан да ештеңе естілмейді...

Бәлкім, олар да қалың ұйқыға кеткен болар...

Жоқ, біз комаға түсіп қалған сияқтымыз...

Бір қорыл бар. Ештеңе естіртпейтін қорыл!

Содан да көзіміз бақырайып отырмыз!

* * *

Сәкенге дейін баршамыз қырғыз-қайсақ болып келдік!

Сөйткен Сәкенді әйкәпір қылып отырмыз...

Тура осы сөзді Тұрарға да, Міржақыпқа да, Нәзірге де, басқаларына да қаратып айтуға болады!

Сәкен жөнінде кітаптар жазамыз, энциклопедея шығарамыз, диссертациялар қорғаймыз...

Киносын көріп есімнен тана жаздағым. Қанша іздесем де таппағам. Сөйтсем ол кісі өкшесі көтерілген қатын-қалаштардың юбкесінің ішінде жүр екен.

Бұл барып тұрған азғындықтың көрінісі ғой!

* * *

Бізге қазақ атауын алып берген Сәкен!

Бізді қазақ қылған Сәкен!

Ендеше Қазақ болайық!

Бақилық болған бабаларымыз жөнінде тек жақсы әңгімелер айтайық!

Аруақтарға тіл тигізбейік!

Сәкен мақтанған қазақ болып қалайық!

* * *

Есекті моншаға кіргізіп жіберсең өзінің әнші екендігін сезінеді...

Бізге де сондай бір есекмонша керек болып тұрау...

Қазақтығымызды сезіну үшін!

Ең құрығанда пидаларымызға тіл тигізбеуіміз үшін!

* * *

Сәкен бабамызға бізден ештеңенің де керегі жоқ!

Көше де бермей-ақ қояйық! Қала да бермей-ақ қояйық! Ескерткіш те соқпай-ақ қояйық! Кино да түсірмей-ақ қояйық!

Аузымызға ие болайықшы!

* * *

Аруақ атады!

***02.06.21.***

# СЕНТЯБРЬ

Жұрт сентябрь деп абыр-сабыр болып жатқанда мен де өзімді қоярға жер таппай қаламын. Балалар мектепке бара жатады. Базарыңыз болса ніл көкке малынады.

Менде ғана тыншу жоқ. Иығымды қайдағы бір салмақ басады да тұрады.

Әрі ойлап, бері ойлап бұл елу бір пұт шығар деп қойдым. Неге екенін өзім де айта алмаймын. Онан Нұрмағанбеттің алты қырдан асып келген «Сентябрі» құлағымның жарғағын жарып жібергендей болар ма?..

Өршіл, рухты ән болғанымен онда үлкен өкініш жатыр. Тағы бір қолым сау болғанда деген...





Мен еріксіз сол қолыма қарадым. Осындай жайт менің басымда бұрын да болған. Төлен ағамыздың «Оң қолын» оқығанда...

Сонан көз алдымнан Тайыр бабамыздың «миллион қолдары» жүгіріп өтсін...

Сонан өз қолыма қарайын...

Басқаға жарамаса да өрт сөндіруге жарайтын қол. Күрек көтерерлік қауқары бар қол...

Сол қолыммен қамалып үйде отырмын.

Ал сыртта жанып жатыр...

Қазақ даласы жанып жатыр...

Кеше Торғай даласы өртке оранды...

Ол әлі сөніп болған жоқ...

Іле Шығыс та шоқтанып жатты...

Іле мына Шет алабы да отқа оранды...

Торғайды да түсінейік, Шығысты да түсінейік, оларда ну жеткілікті ғой...

Ал Шетте ше?..

Топырақ жанды дегенді естігеніммен көргенім жоқ. Қалауын тапса топырақтың да жанғаны ғой...

Соған сенгім келмейді. Алайда...

Торғайдағы өрттің бір мезгілде сегіз жерден шырт алуы қалай?

Сентябрь ыстық басталды дейді. Не сонда, шілдеде 36 градустық ыстық болмады ма?

Болғанда қандай?! Қазақ баласының бәрін қойып, көктен тамшы сұрап тасаттық беруден өз аяғына сүрініп жүргенін көз көрді ғой...

Өрт бұрын да болған. Оны қарсы өрт қойып жапырған. Енді ше?!

- Жермай құйсақ тау да, тас та жанады, ата! - дейді немерем.

Осы жерде селт ете қалайын. Баланың сөзі менің тамырымды басып тұр еді.

Баланың сөзіне еш күмәнім жоқ. Алайда менің жүрісімнен жаңылып, кібіртектей қалуым қалай?!

Сөз жоқ, бұл кәдімгі қастандық.

Анау-мынау емес, рух қастандығы!

Қазір өрттің мың бір себебін айтып жатыр.

Бәрі де болар...

Менің білетінім оны қойған қазақ емес!

Мүмкін сары орысы қойған болар...

Мүмкін қара орысы қойған болар...

Осыны билігіміз айта алмай отыр...

Қазақ жұртын қайткен күнде тәубесіне салып қоюдың амалы еді бұл...

Қазақ баласының есіне кешегі қаңтардың 5-ін салып қою еді бұл...

Мұнан да зорғысы боладыны меңзеу еді бұл...

Соның сентябрьге келуін қарашы...

Сентябрьден қазақ баласы көп нәрседен үмітті еді...

Торғай деген қазақ баласы үшін ұлт бесігі ғой...

Ұлытау қалай, Семей қалай, Ақтоғай қалай...

Торғай да солай...

Бұл алаптардың көрмегені жоқ!

Оның ішінде ұлт қастандығынан қасіреттісі болмас!

Сол қасиет қонған киелі өңірлерімізді Елбасымыз шашты да тастады...

Содан, міне, ширек ғасыр бойы жинай алмай келеміз...

Жұрт қоңыз теріп кеткен заман басталған...

Аты дардай бір-бір облыс еді, аудан көлеміне түсіріп жіберді...

Ендігі қалғаны ауыл деңгейіне түсіру еді...

Сөйтіп жағырапиялық аттарын өшіру еді...





Алайда олар Торғай топырағынан ұлттық рухтың кетпегенін еске алмады!

Серік ақын Тұрғанбек өрттің ішінде тұрып өлең оқыды!

Бұл билікке ештеңе ұғындырмай ма?

Қазан асылмай қалған болар, ет желінбей қалған болар...

Алайда Ахаң тойынан рухтанып қайтқан жандардың әлі айтатын сөзі мұнан да қуаттырақ болады деп ойлаймын...

Бүгінде көшпелі қазақтың астанасы көшіп жүр!

Түп деген бар ғой.

Оны ойға алсақ ойға Орынбор оралар еді!

Біздің кешегі сентябрь күнгі Торғайға ту тігуіміз қазақ баласын сол Орынборға жақындата түсер еді...

Содан да қазақ даласына ұшқын түсті білем...

Содан да Ахаңның тойы тойланбай қалды...

Ресми түрде...

Әйтпесе Ахаңның тойын жыл бойы тойласақ та артық емес...

Торғайдағы, Алтайдағы өрт Сарыарқаға ұласты.

Бұл да тегін емес-ау...

Қарағандының бес өңірі бықсып жатыр.

Ал алда тағы бір Ахаңның тойы тұр!

Ақселеу Сейдімбек ағамыздың тойы!

Бұл да рух тойы!

Тойланбай қалған Бірінші Ахаңның тойы осы Екінші Ахаңның тойында жалғасын тапса екен деймін.

Әлде біздерді тағы бір қастандық күтіп тұр ма?!

Шет Жаңаарқаға сүйкенісіп тұр ғой!

Қайран, Сентябрь!..

***07.09.2022.***

# СОҒЫС САТЫЛАДЫ

Қазіргі заман қағынан безінген құланның заманы!

Қазіргі заман Қорқыт бабамыздың қашқындық заманы!

Қайда барсаң да Қорқыттың көрі...

Керек десеңіз Қорқыт бабамыз да - қашқын!

Ол өлімнен қашып еді...

Жұрт соғыстан қашып жатыр...

Жұрттың соғысқысы жоқ!

Тіпті, туған жері үшін де!..

Жер-көктің барлығы босқындар, қашқындар, қаңғыбастар, келімсектер, босушылар...

Өз жұртынан қашып, өзге жұрттан пана іздеп жатыр...

Тіпті, тұтастай құрылықтар босып жатыр...

Саумал Еуропамыздың өңі қоңырқай тартып жатса басқа себебі жоқ...

Соғысқа қазақ баласының еті үйреніп кеткен.

Сирияда да соғысып жүрген солар, Иорданда да соғысып жүрген солар, Ауғанстанда да соғысып жүрген қандастарымыз, Ресейде де соғысып жатқандар бауырларымыз...

Қайда соғыс сонда әйтеуір қазақтар жүреді...

Не үшін соғысып жатырсыңдар деп айта алмайсың. Өйткені тұрып жатқан жерлері өздерінің тарихи отаны.

Солай дейміз де қазақтың саны неге өспейді деп сауалдаймыз.

Күні кеше ғана Ресейдегі бауырларымызды шақырған болдық.

Жағдай жасаймыз дедік. Орындарынан қозғалғаны болсайшы...





Дегенмен ресми дерек ТМД кеңістігінен 159 ер-азаматтың келгенін растайды.

Сол Ресейде 1,5 миллион қазақтың тұрып жатқанын жақсы білеміз.

Қазақтар жақсы қоныстанған Астрахан (150 мың), Сарытау (70 мың), Омбы (70 мың), Алтай (40 мың ), басқа да өңірдегі бауырларымыз селт етпеді.

Тауға өзіміз бармасақ келмейтіні белгілі. Демек тау біз емес, олар болды,,,

Басқа басқа, көрші өзбек жеріндегі (3,5 миллион) бауырларымыз да қозғалмай отыр.

Өзбек жері дегенімізбен ол да қазақ жерінің бір пұшпағы-ау...

Ал керісінше сонау тоқсаныншы жылдары ноғай бауырларымыздың бізге сұранғаны белгілі. Қарақалпақ бауырларымыз да сондай ниетте...

Өйткені олардың бізбен кіндігі бір. Алаштығын сақтап қалған халықтар бұлар.

Өкінішке қарай біздер қабылдамадық.

Күні кеше ғана басқұрт жұрты бізге қаратып үндеу жариялады. Бауырларымыз, пана бола көріңіздер деп...

Бұл да ойландырмай ма?!

Сонау жиырмасыншы жылдардың басында «Ғалия» медресесі талабаларының Бірлескен Қазақ-Басқұрт мемлекетінің елұранын жазғаны да ойландырмай ма?!

Біздегі құлдық сана олардың өзегіне дейін сіңіп кеткен. Рухы мутацияға ұшыраған жұрт бұл. Әйтпесе, елдің алды болып, «Родина - мать зовет!» деп бентобкасын асынып Қаркөпке бара жатпас еді-ау...

Сонда оның өзі тұрып жатқан қазақ жерін өз жерім демей орыс жері деп түсінгені ғой.

Кептің бәрі осында. Оның өзегіне ұлтсыздық құрты түскен.

Енді ол өзіміз емес, қазақ емес...Қара орыс... Демек тұрып жатқан жері де қазақтікі емес...

Ертең арамызда бірнәрсе бола қалсыншы ол бізді қарауыл ұшына алады...

Үлкенді-кішілі соғыстардың барлығы жерден шыққан. Жері үлкендер қашанда соғыс жағдайында болған. Біздің бабаларымыздың бел шешпей ат үстінде кеткендері аз болмаған. Өйткені олар өз жерлерінің қамал қорғандары еді. Біз сол бабаларымыздың ұрпағымыз...Біз сол бабаларымыздың жұқанасымыз...Бізден кейінгі ұрпаққа қазақтық жүк тұра қояды дегенге сену қиын...

Біздегі жағдай оңып тұрған жоқ.

Біздікілер де қашып жатыр...

Әскерден қашып жатыр...

Қалайда жалтарудың амалын ойластырады. Өзін өзі мүгедектеушілер де шыға бастады.

Мұндай әскермен қайда барамыз?!

Биыл әскерге барам деушілер саны күрт артты деп санымызды шапаттап жатырмыз. Шын мәнінде олар бізге қорған болайын деп жатқан жоқ! Олар топырлап барып жатса жоғары оқу орнына түсудің бір амалы. Өйткені қазір әскерге барушыларға сондай жеңілдік көзделген...

Мәлік Сапаров деген бауырымыз болған. Еліміздің әскери доктринасын бір өзі жазып шыққан азамат! Сол азаматты көре алмаушылар қарасы көп болды. Ақыры өлімге қиып жібердік. Кеше де ауызға ала қоймаған едік, бүгінде есімі ұмытылуға айналды. Ең сорақысы сол - бауырымызбен бірге доктриналық тұжырымдамасын да қоса көмдік!





Олай демеске амал жоқ!

Ұшақ, тікұшақтардың барлығы сатылып кеткен. Қазақ даласындағы әскери қоймалардың бірінің соңынан бірінің жарылуы қалай деп ойланып көрдіңіз бе?!

Бәрін сатып жібермесе де сатып жіберген. Сонсоң от қойған. Қылмыстарын жасыру үшін...

Өкініштісі оны да басқа біреулерге сатты ғой... Өзімізге бұйырмағаны іш ашытады... Ертең ол қарулардың бізді қарауылға алатыны есті қазаққа ұйқы бермесе керек...

Бос жердің соғыс шақыратыны түсінікті.

Ондай жер бізде жеткілікті!

Кейінде оның көлемі көбейе түсуде!

Елімізден қашушылар саны күн өткен сайын артып жатыр.

Жарайды, жастарды түсіндік делік. Ілім, білім іздеді дегендейін... Басқаларынікі не?

Бас сауғалау!

Демек біздегі қазақтардың да өзегіне ұлтсыздық құрты түскен!

Елбасыдан бастап...

Әйтпесе Дубайда несі бар?!

Әйтпесе елдің Түркиеде несі бар?

Кипрде несі бар?

Бос жер дегенде менің есіме ең алдымен қаптаған полигондарымыз түседі.

Олай болса бізде бос жер жоқ!

Қайда бос жер - полигон!

Қайда бос жер?

Сонда - соғыс!

Қазақ баласы өз жерінен басқа еш жерде ешқашан соғыспаған.

Жер жеткен бізде!

Бүгін ғой жетпей тұрғаны...

Енді соған барғалы отырмыз...

Біздің енді соғысуымыз мүмкін...

Соғыс жүріп жатқан жерлерде!

Көршіміз көршісінің төрт өңірін өзіне қосып алды...

Оның жаңғырығы бізде баяғыдан бар.

Орыс әлемімен бірге келген!

Әйтпесе біздің жеріміздегі ПНР, ЦНР,УНР деген республикалар қайдан келген?!

Көршіміздің көршісі де қызық... Сол жерлерді сата салу керек еді. Сонда бәрі де тыныш еді.

Ат та - аман, арба да - аман...

Ал сол жайттың бізде де қайталануы әбден мүмкін!

Сонда біз не істейміз?

Әлгі «республикаларымызды» пұлдаймыз ба, жоқ әлде біз де соғысты сатып аламыз ба?

Соғыссақ бес қаруымыз түгел ме? Жалаң аяқ, жалаң қол соғыса береміз бе?

Бабалар аруағын шақырып?!

Мен болсам бізге жәрдем берер жан көрмей тұрмын...

Айдаһар көршімізге жерімізді сатып жіберді деп Елбасымызды кінәлаймыз.

Жездемізді жақтап отырған жоқпын бұл жерде.

Сатпасақ одан да көлемдірек жерімізден айырылуымыз кәдік еді ғой...

Әлде біз де соғысты сатып алуымыз керек пе еді...

Бөгенбайлап, Қабанбайлап ұран салар бауырларымыз да аз болмас. Алайда бізді бұл жолы бабаларымыз алқай қояр ма екен?

Өйткені жерімізбен бірге молаларымыз да қоса сатылады ғой...





Олай болса соғысудан басқа жол жоқ!

Қайран, бабалар!.

Ханның басын хан алған заманалар болған!

Есім ханның тұсында!

Қарашасы қарашасының басын алған...

Сол заман тағы туып тұр...

Ендігі қазақ қазақтың басын алмақ!..

Қалай соғыссақ та қазақпен соғысатын болдық...

Көршіміздің аса қауіпті одақтасы бар.

Мороз деген...

Ал бізде ше?..

***16.10.2022.***

# СУДЫР ЗАМАН

Көктен түскен киелі кітаптардың бәрінде айтылған!

Өтірік айтпа деп!

Көзімізді ашқаннан көрген шешеміз де, әкеміз де кетер-кеткендерінше өтірік айтпа деп өтті.

Мектептің де өтірікке жаны қас болды.

Әрі-беріден кейін мектептегі жаман бала үлгермеуші бала емес, өтірік айтқан бала болушы еді.

Ішінәра ондайларға жаза да болды. Бұрышқа тұрғызып қоюшы еді, ата-аналарын шақырып жататын...

Оларды суайт, болмаса судыр дейтін...

Мұнан өткені Судыр Ахмет еді...

Содан да ел қандай жағдай болсын өтірік айтуға құлықсыз болатын.

Біз өмір сүрген КСРО-ның да қалыбы солай болды.

Өтірік айтқандар бұл қоғамда бірнәрсеге барып ұрынушы еді.

Осы өтірік айтудың басқа бір көрінісі адам ғұмырын қиып жататын. Ол - қағазға түскен өтірік еді.

Біздің заман - қағаз сөйлеген заман еді ғой. Өтірігі біліну қалған жан кемі Магадан айдалар еді...

Ел іші болған соң бәрі де болады ғой. Ішінәра ондай жандар кездесіп қалып жүрді. Әсіресе соғысқа қатысқан әкелеріміз арасында ондай жайттар болып тұрды.

Оның өзі кейінде бой көрсетті. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін майдангерлерге деген құрмет кемшін еді. Олардың мүгедектіктен сауы жоқ еді. Содан да барып жұрт оларға кешіріммен қарады...

Соның ең қасіреттісі рух мүгедектігі еді.

Олардың тұтқынға түскендері қаншама?!

Өз еріктерімен берілген жоқ, әрине!

Бірақ сенбеді!

Өтірікке бой ұру КСРО-да осылай басталды!

Құу жандары үшін өтірік айтуға барды!

Мемлекетіміз өз тұрғынын өтірік айтуға мәжбүрледі!

Соның салдарынан қаншама жан жазықсыз жазаланып, атылды, асылды, жер аударылды?!

Сорақысы сол - бұл жаза олардың үрім-бұтақтарынан да күні кешеге дейін алынбады!

Оларға халық жауы деп таңба басты!

Халық жауының баласы да халық жауы болып есептелді. Оларға сенім көрсетілмеді. Жақсы оқуға қабылдамады. Қабылдаса да жақсы қызмет бермеді. Оларда қызмет бабында өсу деген болмады.

Солайынша мемлекетіміз өз тұрғынын өзі алалады!





Мұндай саясатпен коммунизмге бару мүмкін болмады!

Сол алып мемлекет ыдырады...

Қазақ баласы тәуелсіз ел атанып, өз алдына отау тікті.

Біздегі судырлықтың белең алғаны осы тұс.

Біздің биліктің ұдай саясат ұстанатыны осы кезең.

Өкініштісі соны судырлықтан бастадық!

Бәрі көшер жеріне көшіп, жұртта біздер қалдық!

Өзі келіп тұрған тәуелсіздігімізден безіндік!

Біреудің қолтығын иіскеуге үйреніп қалғандығымыз осы жерден көрінді!

Осы бір осал тұсымызды жаба тоқып, Ресеймен бірге кешегі КСРО-ның мираскеріміз деп көкідік.

Оған сенгендей болдық. Өйткені қалай дегенде біздер Алтын Орданың бір бөлшегі едік ғой.

Сол Ордамыздан бізге жұқ тұрмапты. Оны кейінгі өміріміз көрсетіп отыр.

Өткенін екшемеген жұрттың ертеңі кемел деп айту қиын. Өткенін білмеген жұрт ешқашанда алға өңмендей алмайды.

Сол кепті киген жұрттың біріміз.

Рух мешеулігі бізге шаң қаптырды.

Жер қазсақ онымызды саудаға шығардық. Шын мәнінде ол ұлтымыздың шынайы жәдігері еді ғой.

Қыруар қаржы шығарып жер-көктен қазақ баласына қатысты жәдігерді құйрық астына басқанымыз басқан.

Өйткені оған сауатымыз жетпейді.

Оқу сауаты...

Біздің надандығымыз осы жерден айқын көрінді!

Ұлт тарихын ойдан жазу басталды!

Судырлық дәуіріміз қиялымызға шаң қаптырды!

Шүршіттерден де бұрын өмір сүріппіз!

Шыңғысханымыз өзіміз екен. Өзіміз болғанда найман екен...

Қазыбекбек Тауасарұлы бабамыздың қазақ баласының қамын ойлап баспаған тасы, бармаған тауы қалмапты...

Өтебойдақ бабамыз өліні тірілтпегені болмаса басқа қапысы жоқ екен...

Иманғали ініміздің сөзіне сенсек бәленбай қаһанымыздың, түгенбай ханымыздың қолынан келмегендері өзіміздің Нұрекеңнің қолынан келіпті!..

Қолдан би, батыр жасағанымыз аздай хан да жасадық!

Нұрекеңді Елбасы дегенімізбен шын мәнінде хан деп білдік!

Роза апамыз болса Нұрекеңді кетер-кеткенше Ақпатшам деп өтті...

Тіпті, ол кісіні төре жасауға талпынғанымызды несіне жасырайық...

Оның мысалы бізде жеткілікті!

Тексіз жүргендердің барлығы қазір бізде қожа аталып жүр?!.

Сонымен қазақ баласының оңайы жоқ екен!

Бір бауырларымыз Назарбай би деген кітап жазуды ұсынды...

Тағы бір бауырымыз Сара Алпысқызының бір атасын батыр, болмаса би жасайық деп езеуреді...

Мен бұл ұсыныстарға құламасам да басқалар құлады...

Астанадан ойып тұрып үй алды, құйқалы қызметке ілікті...

Атақ та алды, сөлкебайларын да кеуделеріне қадады.

Қазір сол азаматтар мені көрсе қашып жүреді...

Білгеніміз қазақ баласының жаманы жоқ екен!





Жамбылымыз кемі Гомермен қатар тұрған тұлға!

Нұрсұлтанымыз кемі Абылаймен қатар тұрған тұлға!

Мүсіреповмыз сәл ерте дүниеге келгенде Горькиіміздің өзін айналып кетеді екен...

Ең ғажабы соның барлығының судырлығын біле тұрып сенеміз!

Өйткені соған сенгіміз келеді!

Елбасымыз әлемдегі алдыңғы отыз елдің ішіне кірдік деді!

Оған күмәнсіз сендік!

Қазір де солай ойлайтын қазақ баласы жеткілікті...

Бізді қойшы Нұрекеңнің өзі соған сенеді білем!

Ол кісінің орнында өзіміз болсақ қайтер едік?

Бір оққа жалынар едік-ау...

Судырлық біздің сүйегімізге жеткен!

Өйткені өзгенің өтірігін шын деп қабылдаймыз және өзіміз де өтірік айтудан тайынбаймыз!

Өтірік айтуға болады деген хадис те тауып алдық.

Өзгеге зияны тимесе бопты деген пәтуасы бар...

Сол пәтуамен де өмір сүрушілер жыртылып айырылады...

Рас, қазақ баласының көрмегені жоқ...

Тар заманды да көрдік...

Зар заманды да көрдік...

Енді, міне, судыр заманында өмір сүріп жатырмыз...

Мырзатай ағамыз айтқан қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бұл заманымыз қаншаға созылар екен???

***06.12.2022.***

# ТЕМІРТАУ УАҚИҒАСЫ:
# ОҚ АТУҒА БҰЙРЫҚ БЕРГЕН КІМ?

«Теміртау оқиғасында қанша адамның қырылғанын әлі күнге дейін ешкім білмейді, ол тарих ашылған жоқ. Кісі өлімі көп болды, оның ішінде талай адам сотталды, атылды»

**Н.Н. Назарбаев,**
**«Егемен Қазақстан» газеті,**
**1997 жылғы 5 шілде.**

**Әркімнің өмірінде үлкенді-кішілі қуаныштар болып жатады. Біздер де сондай жағдайдамыз. Біздің қолымызға Мәшекеңше айтқанда мейміл мес келіп түсті. Оның иесі КСРО-ның алпысыншы жылдарындағы №1 құрбандығы және №1 құтқарушысы Шырақбек Қабылбаев еді. Иә, иә... ҚазССР-нің сол кездегі Ішкі істер министрі генерал-лейтенант Ш. Қабылбаев. 1959 жылғы Теміртау уақиғасында жаппай қару қолдануға бұйрық берген Қабылбаев делінген. Адвокатсыз-ақ өзінің қарақан басын ғана емес, әлем алдында сол кезде солқылдақтық танытқан СОКП-ның және жалалы болған советтік милицияның абыройын қорғап қалған Қабылбаев.**

**Біздің қолымыздағы месте Шырақбек Қабылбаевтың өз қолымен жазған күнделігі, СОКП ОК Бірінші хатшысы Н.С. Хрущевке, СОКП ОК хатшысы Л.И. Брежневке, ҚК ОК бірінші хатшысы Д.А. Қонаевқа жазған өтініштері, сотта сөйлеген сөздері, басқа да осы іске қатысты құнды жазбалары сақталған екен.**





**Төмендегі жазбамызда біздер осы құжаттарды басшылыққа алдық. Осы жазбамыз арқылы алпыс жыл бойы құндақтаулы жатқан Теміртау уақиғасына сәуле түсіруге ұмтылдық.**

1959 жылғы тамыздың алғашқы үш күнінде өткен қанқұйлы Теміртау уақиғасына да 60 жыл толып отыр. Бұрынғы Одақ тарихына Теміртау оқиғасы, Теміртау ереуілі, Теміртау көтерілісі, Теміртау бүлігі деген атпен енген осынау қаралы күндер отандық тарихымызға сол күйі еш талғаусыз көшірілді. Тәуелсіздік алған отыз жыл ішінде де іргелес отырған көршімізден аса алмай тарихи баға беруден жалтақтадық. Уақиғаның себеп-салдары жөнінде де ой жүгіртіп, ешқандай бір іргелі зерттеулер жүргізбедік. Әрі-беріден кейін отандық басылымдарда Теміртау уақиғасын тәуелсіздік ұшқыны-мыс сынды бағалаған бірді-екілі материалдар да жарық көріп жатты. Оған да селт еткен жан болмады. Соның салдарынан күні бүгінге дейін Теміртау уақиғасы жөнінде екіұшты пікір қалыптасып, қоғамдық санаға дендеп енген жайы бар.

Расында да Теміртауда сонау 59-дың тамызында не болып еді? Көтеріліс пе? Ереуіл бе? Оқиға ма? Әлде бүлік не жаппай тәртіпсіздік пе? Бүгінгі таңда отандық БАҚ-та осының бәрі де жарыса қолданылып жүр.

Біз болсақ уақиға дер едік. Олай дейтініміз онда оқыс оқиға болды, мылтық атылды, кісі қолынан ондаған, керек десеңіз, жүздеген адам қаза болды. 1960 жылы 26 наурызда бекітілген айыптау қорытындысында 1959 жылғы 2-3 тамызда патрон атысының қарқындылығынан 10 мыңға дейін атыс

патронын, ал 2 мыңға жуық бос патронды әскери қызметшілерінің конвой күзетшілері мен милиция қызметкерлерінің шығындағанын көрсетіп отыр” деп жазылған.

Оның салдары қандай қырғанға әкеп соққанын санап білу, қазір оңайға соқпайтыны мәлім. Өйткені, деректер көзі жоқ... Мұрағаттарда құндақтаулы күйде жатыр...

Халқын қорғауға міндетті әскерилеріміз мен милициямыз бейбіт халыққа мылтық кезенді. Ешқайсының ақ-қарасын айырмады.

Бұл Теміртау уақиғасының ең бір нәзік, осал тұсы дер едік. Өйткені оларды атуға бұйрық берген кім деген сауалдардың сауалына әлі күнге жауап қайтарылған жоқ.

Ал бұйрық беруі мүмкін тұлғалар тізімі де шексіз емес еді. Олар...

Ең алдымен, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Н.С. Хрущев еді...

СОКП Орталық Комитетінің хатшысы Л.И. Брежнев еді...

Олай дейтініміз Теміртау уақиғасы қалай десек те саяси уақиға еді. Оның дәлелін іздеп те керегі жоқ. Әскер кіргізілген соң-ақ ол саяси уақиға.

Саяси уақиға болған соң-ақ ондай пәрменді тек мемлекеттің бірінші басшысы ғана бере алады. Бірінші болмаған жағдайда екінші тұлға береді. Ал бұл жерде ондай тұлға - Л.И. Брежнев болатын...

Ондай бұйрықты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.И. Беляеев те, Қазақстан Респубикасы Ішкі істер министрі Ш. Қабылбаев та,

Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы П.Н.Исаев та,





тіпті Қарағанды облыстық ІІБ бастығы Н.Н. Любых та бере алатын еді.

Алайда олар мұндай бұйрықты бұзақылық оқиғасы орын алған жағдайда ғана бере алатын... Оның өзінде реттік, мезеттік сипаты болған жағдайда ғана бере алатын еді. Жаппай қару қолдануды тек...

Мәскеу шешетін...

Соған қарамастан Теміртау уақиғасына кінәлі адам ретінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Ш. Қабылбаев таңдалды.

Бұл құрбандық еді. Үлкен құрбандық.

Таңдау Мәскеудікі еді.

Оған Қарағанды облыстық ішкі істер басқармасының басшысы Н.Н. Любых қосақталды. Осының өзінен сол кездегі сасық саясатымыздың иісі шығып тұр емес пе? Халықтар достығына қылмыстық жағдайында да қылау түсірмеген соқыр саясатымыздың сиқы осындай болатын.

Сонымен... Сол күндері қағаз бетіне түскен хроникаға жүгінейік. Уақиға тамыз айының 1,2,3 күндері өтеді...

Теміртау уақиғасы кезінде ҚК ОК бірінші хатшысы Н. И. Беляев республикадан тысқары жерде болған. Еңбек демалысынан Мәскеуге 2 тамыз күні оралады. Уақиға жөнінде ОК хатшысы Ф. Кәрібжановтан естиді және Теміртаудағы тәртіпсіздіктерді жұмысшы-коммунистердің күшімен басуға нұсқау береді. Алайда араға ішкі істер қызметі араласып жағдай ушығады. Мылтық атылып, кісі өлімі болады. Сонда ғана барып 3 тамыздың ертеңгілігінде уақиғаның бағыты туралы Хрущевке баяндайды. Артынша Қарағандыға ұшып келіп, уақиғаны өз көзімен көріп, СОКП Орталық Комитетінің хатшысы Брежневке хабарлайды. Ал ол

Хрущевке мәлімдейді. Хрущевтің жеке тапсырмасы бойынша Брежнев пен Беляев уақиғаның қайғымен аяқталған күнінің ертеңінде, 4тамыз күні Теміртауға келеді.

Сол күндері Бірінші хатшы елде болмады-мыс деген дерек те ұшырасады. Бірақ Нұрсұлтан Назарбаев: «Без правых и левых” кітабының 52-53 бетерінде “...Как раз в те дни Хрущев находился в США, встречался с президентом Эйзенхауером... Эйзенхауер дескать спрашивает:

-Что за город у вас новый в Казахстане?

-Темиртау,- говорит Хрущев,-металлургический гигант мы там строим.

-А почему народ бунтует?- снова спрашивает президент США.

Ничего подобного, - отвечает наш лидер, -никакого бунта в Казахстане нет...”

КСРО тарихын парақтар болсақ, шынымен-ақ Н.С. Хрущев АҚШ-та болған. Бірақ айтып жүргеніміздей Теміртау уақиғасы болған тамыздың алғашқы күндерінде емес, қыркүйектің 15-27 аралығында.

Бұл сол кездегі мемлекет басшысының АҚШ-қа ресми бірінші сапары болатын. Мұнда ол осы елдің Президенті және вице-министрі Д.Д Эйзенхауэрмен және Р.М. Никсонмен кездеседі.

Кездесуде Теміртау уақиғасы көтерілді ме дегенге, әрине, жоқ дейміз. Алайда жоғарыдағыдай сауалдың қойылуы әбден мүмкін.

Сөз жоқ, Елбасымыз бұл диалогтарды негізсіз қолданбаса керек.

Міне, жоғары деңгейдегі кездесудегі тосын сұраққа Хрущевтың жауабы. Елге оралған соң, оның құзырлы органдарға Теміртау уақиғасы бойынша





қандай тапсырыс бергенінің көрінісін қолда бар құжаттардан танып білуге боларлық.

Ал атыс оқиғасы 2 тамыз күні тіркеледі.

Бұл сол тұстағы ресми БАҚ беттерінде жарияланған мәліметтерден алынған деректер. Кейінгі уақытта да ешқандай өзгеріс ене қоймады. Әбден саясаттанған кеңестік тарихқа оның онша қажеттігі де жоқ еді. Өйткені әлемдік ақпарат арқылы ондай бұйрықты берген адам Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі, генерал-майор (сол кезде) Шырақбек Қабылбаев деген сынды ақпарат тарап үлгергенді. Көзге шұқып тұрып, Шырақбек Қабылбаев демесе де... жалпақ жұрт солай түсінді, әлем солай қабылдады.

Әлем алдында Теміртау уақиғасын бүгіп қалудың еш амалы қалмаған еді. Ондағы уақиғаны әлем жұртшылығы сол күні-ақ естіді. Ал біздікілер оны жасырып, шала бүлініп жатты. Совет адамдары тек 4 тамыз күні ғана естіді. Оның өзінде ұзынқұлақ арқылы... Шетелдік радиотаратқыштар арқылы... Кейіндеу бұзақылық оқиғасы деп ұсынылды.

Ал әлемдік БАҚ сасяи уақиға деп қабылдады. Бұлай болған жағдайда кінәні КСРО Орталық Комитетінен іздеуге тура келер еді. Оның өзінде Бірінші басшысынан... Сондықтан да советтік идеология болатшылар қаласындағы уақиғаны жаппай тәртіпсіздік оқиғасы деуден танбады және сол негізде кінәлілерді бұлтартпай тапты.

Сөйтіп, уақиғаға кінәлі жан ретінде әмірі күшті СОКП да емес, советтік элита да емес, қаскөй бұзақылар да емес, өз қателігін қалай жасырудың амалын іздеген партия советтік милицияны айыптап, Қазақстанның ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаевты құрбандыққа шалады.

Бұл жерде СОКП ОК де түсінуге болады. Әрине, өзіміз кінәліміз деп айта алмайды. Ал өздерінің қылмысын басқалар арқылы бүркемелеу қолдан келсе керек.

Сөйтіп, СОКП ОК жаппай қару қолдануға бұйрық берген адамды тапты. Коммунист Ш. Қабылбаев бұл ұйғарыммен келіседі деп ойлады. Келіскен жағдайда ол бар-жоғы жұмыстан шеттетілетін еді. Тіркемеге алынған Любых та қарсы болмайды деп ойлады. Ешкім де оларға бір ауыр жаза беруді ойлаған жоқ.

Сонда бәрі де жабулы қазан күйінде қалады деп кесіп-пішті.

Рас, Ш. Қабылбаев жалынды, партияға берілген адал коммунист еді. Ол бұл жолы да сол адалдығынан танбады.

Әсіресе... шымбайына батқаны өздерін орынсыз қаралағандары еді. «Бақсақ бақа екен» дегендейін бәріне кінәлі милиция екен. Адал коммунист бәрімен келіссе де осынау тұжырыммен келісе алмайтын еді.

Сол-ақ екен, советтік жазалау аппараты іске кірісіп-ақ кеткен. Қайткен күнде Қабылбаевты кінәлі қылып шығару керек еді. Бұұ жолда олар бәріне барды. Қоққан-лоққы да жасалды. КСРО Бас әскери прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі әскери тергеушісі, әділет полковнигы Грековтың астамшылығы да істі орнынан қозғай алмады.

Астам полковник қозғаған он томдық «Дело по обвинению Кабылбаева Ш. и Любых Н.Н» деген іс анау-мынау емес, 5068 беттен тұрады. Хаттамалары мен түсініктерінің санына жетіп болмайды.

Осы істің көптеген көшірмелері Ш. Қабылбаевтың жеке мұрағатында сақталған екен.

Жасыратын ештеңесі жоқ, әлемге жар салынған гүлденген Қазақстан Магниткасында жағдай күрмеулі





болатын. Комсомол құрылысына Одақтың түкпір-түпкірінен жастар ағылып жатты. Олардың ішінде қылмыстық элементтер де аз емес еді. Келушілердің жұмыс істегеннен гөрі істемеген күндері көп бола бастайды. Өйткені бәрі де жетіспей жатты. Жұмысты үйлестіру жұмысы ақсап жатты. Қолдары бос жастар еріксізден күндерін ішімдік ішумен өткізді. Соған орай тұрмыстық кикілжіңдер жиі болған. Құрылысқа келген жастар мидай араласып кеткеннің орнына өз арасында оқшаулыққа барған.Топ-топ болып бөлшектенген. Содан барып топтап төбелесу бой көрсете бастаған.

Оның үстіне Болгариядан жолдамамен келген жас жұмысшылардың келуі істі одан әрі шиеленістіре түскен. Өйткені жергілікті билік оларға барлық жағдайды жасауға ұмтылған. Мәселен, асханада бірінші болып болгарлар тамақтанған. Қалған ел оның соңын тосып тұратын болған. Моншаға түскенде де солай еді. Қалған жұрт шатырларды паналағанда оларға тұрмысқа қолайлы баспаналар бөлінді. Бұл әлеуметтік теңсіздік көпшілікке қыжыл болып жабысқан. Ерте ме, кеш пе ол сыртқа шығуға тиіс болатын. Шықты да.

«...Екпінді құрылыста әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың жасалмауы, тамақтың, ауыз судың жетіспеушілігі, жатар орынның нашарлығы жұмысшылардың зығырданын қайнатты».

Бұл ресми биліктің пәтуасы еді.

Ал шындығында істің ақиқаты тіпті басқа еді.

Теміртаудың осынау ахуалынан бәрі де хабардар еді. Өйткені Теміртаудағы бұл қылмыс алды ахуал Қарағанды облыстық партия жиынында талқыланады. Өкінішке қарай, облыстық партия комитеті құлағы қылтиып тұрған бүлікті көргілері көрмей, ілкімді

шаралар белгілеп, жүзеге асыра алмаған еді. Бұдан хабардар да бейхабар Алматы мен Мәскеу істің аңысын бағудан аспады.

Теміртау уақиғасы басталғанда да жергілікті басшылық барлығы да бақылауымызда деп елді тыныштандырумен болды. Болып жатқан уақиғаға Алматы мен Мәскеу самарқау қарап, күнделікті жұмыстарымен болды. Ал ол жұмыс шаш етектен еді. Егін өспей жатты. Мал басының өсімі түсіп кетті. Ел ішінде ішімдік ішу асқынды.

Әрине, сонда да шенеуіктердің құлағы Теміртауда еді. Әрі-беріден кейін Теміртауға сырттан қыруар әскер кіргізген де солар еді.

Шын мәнінде бүлікті басуға қарағандылықтардың өз күші де жеткілікті болатын. Әскери құрамалар әлуеті жеткілікті еді...

Осы жерде сәл шегініс жасайық. Орталық неге қарағандылық әскерилерге сенбеді? Немене олардың әскери даярлығы нашар ма еді? Болмаса шиті мылтықты ма еді?

Әрине, жоқ. Орталық қарағандылық әскерилер жерлестеріне қару көтермейді деп сескенді. Сондықтан да сырттан әскерилер енгізуге мәжбүр болды. Ал ондай пәрменді тек Мәскеу ғана бере алатын.

Демек, Орталық білді. Ерте ме, кеш пе, Теміртауда оқ атылатынын. Әскерді сол үшін кіргізді.

Алдымен жұмысшыларға әлеуметтік жағдай жасау ішкі істер министрлігінің құзыретіне жатпайтыны белгілі, екіншіден Теміртауда тәртіптің нашарлап бара жатқандығы туралы болгар жұмысшыларынан алғашқы дабыл түскен кезде-ақ министр Қабылбаевтың Теміртау қалалық милиция бөлімінің штат санын қосымша милиция қызметкерлерімен





нығайту туралы ұсынысы аяқсыз қалған, үшіншіден қару қолдануға бұйрық берген министр Қабылбаев емес еді, бұл іске облыстық, республикалық және Кеңестік партия комитеті тарапынан да салғырт қарау орын алған...

Уақиғадан кейін Мәскеуден келген арнаулы тергеушілер көзге көрініп тұрған осынау шындықты көпе-көрнеу аттап өтіп, тіпті оны еске алмауға да тырысты. Бұл жөнінде Қабылбаев ісінде де бір ауыз сөз айтылмады.

Осы жерде бәрін білген Қабылбаев неғып үндемей қалды деген сауал туындайды.

Алдымызда жатқан Қабылбаевтың жеке мұрағатындағы қағаздарын ақтарыстырып отырып ол кісінің неге үнсіз қалған себебін де білгендей болдық.

Рас, Қабылбаев Мәскеуге қарсы тұрды. Мәскеуге қарсы тұру деген бәріне қарсы тұру деген сөз емес ғой. СОКП ОК Бірінші хатшысына қалай қарсы тұрмақ? Тіпті, СОКП ОК қатардағы хатшысына да қарсы тұра алмайтын.

Қабылбаев ондайды ойға да алмады. Өйткені оның арты үлкен сойқандарға бастайтын еді. Өзінің отбасына ғана емес, араласқан айналасына да үлкен қауіп еді. Баяғы 58-бапты арқалап кетуге де болатын.

Ал Қабылбаевқа қарсы қылмыстық іс ҚазКСР-і ҚК 145 бабымен қозғалған еді. Ол баптың мәні биліктің әрекетсіздігі немесе қызметке салғырт қарағаны үшін болатын.

Тергеуші мұндай қаулыны 1960 жылғы 1 наурызда шығарады. Ешқандай дәлелсіз жаппай қару қолдануға келісім берді деп айыптайды.

Байқайсыз ба, алғашқыдай емес. Орталық жұмсарайын дейді. Бұйрық берді демейді, қару қолдануға келісім берді дейді. Бұл Теміртау

уақиғасынан кейін жеті ай өткеннен кейінгі жайт.

Осы жерде назарды мынаған аудара кетейік. Қозғалған қылмыстық істің өн бойында Теміртау уақиғасы жаппай тәртіпсіздік (массовые беспорядки) деп аталады.

4 тамыз күні Л.И. Брежневтің және ҚК ОК бірінші хатшысы Н.И. Беляевтің қатысуымен Қазақстан Магниткасының партактиві өтеді. Сонда аталмыш уақиға бүлік деп бағаланады. Оған қатысушылар бүлікшілдер деп айыпталды.

Шын мәнінде Ш. Қабылбаев мемлекет қайраткері ғана емес, үлкен саясаткер де еді. Соған орай ол тергеу барысында барынша сабырлық танытты. Сол уақыттағы жағдаймен қабыспайтын өз пікірін іште ұстауға ұмтылды. Қалайда «өгіз өлмейтін, арба сынбайтын» жағдайды ойластырды. Және соған жете алды.

Қалай дегенде ол осы күнге дейін адал болып келген СОКП партиясына сөз келтірмеуді ойластырды...

Қалай дегенде өзі қатарында болған советтік милицияны орынсыз жаладан құтқаруды бірінші кезекке қойды...

Ол біле, сезе тұрса да жоғары тұрған органдары кінәлаудан, айыптаудан аулақ болды. Барлық деңгейдегі бірінші басшылардың есімдерін ауызға алмады.

Сонымен қатар орынсыз жазғырылған советтік Қазақстан милициясының да абыройын сақтап қалды.

Жалған жаладан қорғану генералға оңайға түскен жоқ, білімді, тегеурінді азамат сотта адвокаттың көмегінсіз ақиқатты айтып, өзінің бұл істе кінәсінің





жоқ екенін дәлелдеп шығады.Осы қадамының өзімен-ақ ол милиция органының таза екендігін көпшілікке ұғындыра алды.

Милиция органы бақылаушы, болмаса қадағалаушы, директива беретін орган емес еді. Милиция қалай десек те сол уақытта партияның басшылығымен жұмыс істейтін орган. Сондықтан да ол Қарағанды облыстық партия комитетінің басшылығына бұйрық бере алмайтын.

Кеш те болса мұны бәрі түсінді. Соған орай қимыл танытты. Күтілген үкім де шықты. Қабылбаев та, Любых та толығымен ақталды.

Кейін Ш. Қабылбаев өз жұмысына қайта оралды. Л.И. Брежневтің қолдауымен. Генерал-лейтенант шеніне дейін жетті. Кейін өз өтінішімен денсаушылығына байланысты жұмысынан босады.

Сөз жоқ, қудалау болды. Шеттету болды. Біраз басшылар орындарынан кетті. Алайда Теміртау уақиғасының №1 құрбандығына шалынған Ш. Қабылбаев өз жұмысында қалды...

Ол, сөйтіп, №1құрбандықтан №1 құтқарушыға айналады...

1967 жылы екінші мәрте Қазақстан ішкі істер министрі болып қайта тағайындалды.

Тағы бір назар аударатын нәрсе үкімде былай делінген: «Ответственность за последствия применения боевого оружия вечером 3 августа 1959 года должны нести непосредственно те лица, которые допустили его применение».

Өкінішке қарай, кінәлі адамдар анықталмады.

Анықтауға ұмтылыс та байқалмады.

Ондай талпынысты алпыс жылдан кейін жасап отырған біздің түріміз осы. Біз де ешкімді түстемедік. Біздер қолымыздағы материал бойынша ғана жұмыс

істедік. Ал негізгі материалдар, әрине, құпия грифімен мұрағаттарда жатыр.

Құпия грифі алынған кезде оларды құқықтанушыларымыз бен тарихшыларымыз талдаудан өткізіп, сол кездегі алып құрылыста орын алған әлеуметтік-тұрмыстық және құқықтық мәселелердің себептері мен салдарына баға берілер еді.

***2019.***

# ТОҒЫЗДОМАЛАҚ

Бүгін «ТәлімTV”-дан ұлттық ойындарымызға арналған танымдық хабарды көрдім.Белгілі этнограф Ахмет Тоқтабай ағамыздың қатысуы оның сүйкімін арттырған хабар болды.

Бұл хабардан түсінгенім қазақ баласының ұлттық ойындары спортқа жатады екен. Ішкі сволышым керісінше жатпайды деп айтады.

Өйткені ойын ойын да, спорттың аты спорт.

Ойында кірпияздық қалып жоқ.

Қыс демей, жаз демей, қар демей, бұршақ демей ойнауға болады.

Ал спорттың жөні басқа. Оны жүргізу үшін қыруар қаржы керек. Аяқдоп ойнау үшін доп пен қақпа ғана емес, жарты қала сыятын стадион керек. Сол алаңға 22 жігітті шығарып, доп қуалату үшін және қаржы керек.

Сол қаржы сіз бен біздің қалтамыздан шығады.

Спорт біреулердің тағдыры болуы әбден мүмкін. Оның мысалы ретінде Пелені, болмаса Марадонаны айтсақ та жеткілікті болар.

Спорт спортшыны, онымен қоса жанкүйерлерін





асырайды, ал ойын ешқашанда ойыншыны асырай алмайды.

Ең бастысы ойыннан денсаулыққа ешқандай зиян жоқ.

Ал спорттың денсаулыққа тигізер залалы қыруар, тіпті табан астында тіл тартпай жүріп кетуге де болады...

Оның мысалына атшабарды алсақ та жеткілікті.

Атшабар болса ат шабады.

Атшабар біткен жерден ат шаппайды.

Өйткені ол енді спортқа айналады!

Енді қинау басталады!

Тәнді қинау...

Жанды қинау...

Содан зорығу басталады...

Олай болса ойын мен спортті екі бөліп қарау керек болады!

Ахмет Тоқтабек ағамызға сенер болсақ бір ғана ат ойындарының қырықтан астам түрі бар екен.

Осыншама түрі қой ойындарында бар.

Олай болса ат ойындарын бір бөлек, қой ойындарын бір бөлек өткізу мүмкіндігі бар.

Ит ойындары мен құс ойындарына да осы тұрғыдан қарауға болады.

Жалпы, бізде бір үркіншілік бар. Мұнымыз қалай болар екен деген. Сол үркіншілігімізден қыр аса алмай отырғанымызды көре тұра қалайша үнсіз қалмақпыз...

Керек десеңіз біздің асқақ рухымыз осы ұлттық ойындарымызға тікелей тәуелді. Соны білген бәлшебектер ең алдымен казақ баласын аттан түсірді, содан қойдан бездірді, содан кейін итімізді жинап алды.

Ал осы ойындарда дала пәлсапасы жатыр.

Ат үстінде өткен бабаларымыз қаншама?!

Қой соңында өткен бабаларымыз қаншама?!

Бәрі де қарын қамы деп ойларсыз!

Әсте, жоқ!

Қырыпсал қасқыр болғанымен, қырыпсал қазақ баласы болмаған!

Қазір бәрі спорт. Балық аулау да спорт.Тіпті, оның түрлері де жеткілікті...Таңғы қармақ, түнгі қармақ деп кете барады.

Біз оған бармай-ақ қоялық. Бізге ойыны да жетеді.

Ойынымыз шектен шыққанда үлкендеріміз теріс айналған!

- Ойының осылғыр! -деген қарғыс содан қалған.

Бұл енді ойынның спортқа айналғаны, әрине!

Әлгі хабарда Ахаң қысқы ойындардың да бірнеше түрін атап өтті. Соған құлақ салған жан болсашы!

Айтылуы айтылды!

Тек айтылған жерінде қалып қоймаса екен...

Сөздік қорымыздағы барымта, қарымта сөздерін жұрттың бәрі жақсы білер. Ал сырымтаны білер жан бар ма екен?!

Оны да айталық...

Ертеде бәйгеаттарын алатын болған.

Алғанда шабандозымен алған!

Қазақтың сырымтасы осы!

Итте қандай ойын болуы мүмкін деген сауалдың тууы мүмкін.

Оны да сүйкей өтейік.

Иттің ізбақайын, иісбақайын, есбақайын айналдырсақ та жеткілікті болар...

Енді жазбамыздың тақырыбына оралалық.

Әрине, тоғыздомалақ деген ойын жоқ бізде!

Бізде бары - тоғызқұмалақ!

«Бақсақ бақа екен» демекші сол ойынымыздың





атауынан ұялады екенбіз. Тіпті, шарики деген атау да пайда болды.

Тоғызшар, тоғыздомалақ деп атасақ жөн боалр деген ұсыныстар бар...

Жаман дей алмаймыз, әрине.

Алайда ғасырлар бойы бабаларымыз атаған тоғызқұмалақ атауынан асыра атау мүмкін емес!

Ең алдымен бұл атау тоғызқұмалақ ойынының барша болмысын ашып тұр!

Тоғызқұмалақ қойшылардың ойыны!

Ал қазақтың қойшысы...

Қазақтың ойшысы!

Тоғызқұмалақ ойынын солар тапқан!

Қойға қатысты ойындарды да солар тапқан!

Олай болса ділімізден шықпайық!

***08.12.22.***

# ҰЛТТЫ САҚТАП ҚАЛАМЫЗ ДЕСЕК

Бұл елдің көптен күткен әңгімесі еді. Сол әңгіме ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің аузымен айтылды. 5 маусым күні Елордадағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген алқа отырысында Марат Тәжин мырза: «Тарихты сақтап қалу-ұлтты сақтап қалудың жалғыз жолы» деді.

Басқасын қойып тарихты әлеуметтік ғылымдар арнасында қарастырсақ оның күретамыры тарих екендігін дәлелдеп керегі жоқ. Біздің келешегіміз, ұлтымыздың саламаттығы осы күретамырымыздың

қалай соғысында екенін айтар уақыт жетті. Сол күретамырымыз талаурап тұр. Жасыратын ештеңесі жоқ, өз қолымыз өз аузымызға жетпей келді. Өз қотырымызды өзіміз қаситын кезең енді жеткен сынды.

Күні кешеге дейін тарихымыздың ертеңі дүдәмал болып келді. Қазақ тарихын қайтып жазу мәселесі кейінгі уақытта қарқындай түскен. Тіпті, Қазақ тарихын қазақ та емес, орыс та емес, америкалықтар жазбақшы болды. Біреудің тарихын біреу жазып бермейді десек те күмілжигеніміз рас. Өйткені тарихты қайта жазу, әлемдік контексте қайта саралау, жаңа тұжырымдамалар жасау Қазақ елі сияқты жас мемлекеттің қолынан келе қояр ма екен деген дүдамал әркімнің көкейінде тұрған. Қыруар қаржыны қажет ететін, мемлекеттік деңгейде мемлекеттік стандартын жасау, бәлкім, қолымыздан келер де, алайда әлемдік қауымдастық қазақ баласының жазған тарихын мойындай қояр ма екен?!

Қырғыз бауырлар «Манастың» мың жылдығын атап өтті. Өзағамдар «Алпамысты» аспандатты. Татар бауырлар еш қымтырылмастан орыстың Петерборымен қосамжармаласып Қазанның мың жылдығын ас та төк тойлады. Башқұрт ағайын мұсылман мешітінің 750 жылдығын тойлауға даярлануда. Біз болсақ сол баяғы 450 жылмен шектеліп келеміз. Ресейлік методологияға, еуроцентризмге тәуелдігіміз әлі де желкемізден түскен жоқ. Сондықтан да біздің тарих оқулығымыз жұп-жұқа. Оның өзін өзіміз жазбадық.

Совет Одағы өз тарихын түзді. Солардың нұсқауымен, айтуымен біздер де тарихымызды түздік. Сол тарихтың өзімен-ақ қазақ баласы біраз жерге барды. Тарихшы болу қастерлі





мамандық болып саналатын. Жоғарғы оқу орнына барған талапкер міндетті түрде тарихтан сынақ тапсыратын.

Қашандағыдай біздер қос стандартпей өмір сүрдік. Оқулықтардағы тарихты ешкімнен кем білмедік. Біздер одан басқа да тарих оқыдық. Ол бабаларымыздың ғасырларды көктей өтіп жеткен ауызша тарихы болатын. Кейінгі тарих жырым-жырым дәптерлер бетінде сандықтар түбінен орын алды. Өйткені ондай тарихты қағаз бетіне түсіру қауіпті болатын. Сондықтан да біздің тарихымыз қағаз бетіне түспеді.

Қазіргі оқып жүргеніміз қазақ сақарасына келген кезбелердің, көпестердің, тыңшылардың, диуаналардың, қаңғыбастардың жазып қалдырған мардымсыз деректері. Қазақ тілін, ділін білмейтін олардың жазар тарихы да белгілі. Сырттай суреттеу, сырттай таңырқау, елді таң қалдыру үшін өз жанынан әсірелеу...

Ол қазақ баласы үшін тарих бола алмайтын.

Сол тарихты бабаларымыз бәрібір ұрпағына сіңірді. Жыр-термелер, мақал-мәтелдер, ертегілер, санамақ ойындар арқылы, жоқтаулар, естірту, бақұлдасу, жар-жар, сыңсулар арқылы, аущадияр, шежірелер арқылы...қолөнер мен музыка арқылы, іширткі жазу, сүпілеу арқылы...

Олай болса қазақ тарихын қайтып түзер болсақ біздер бәрін де қайтып сүзетін боламыз. Оған, әрине, ондаған, жүздеген жылдар керек болады.

Біздің тарихта жұмысымыз болмауы мүмкін деушілер табылар.

Жоқ, әрбір өзекті жан тарихшы. Әрбір өзекті жан өзінің отбасының тарихын ортақ тарихқа әкеліп қосады.

Кейінгі жиырма жылдағы ізденістерімізді ғарыштық жылдамдықпен есептеуге болар. Елімізде шығып жатқан әрбір төрт кітаптың бірі тарихымызға қатысты еді. Кәсіби тарихшыларымыздың өз қазанында бұлқынған сәті еді бұл. Есесіне тарих сахнасына жаңа үлгідегі тарихшылар шыққан. Олар жазушылар, ақындар, инженерлер, саясатшылар, тілшілер, әдебиетшілер еді. Біреулеріміз Отырарымызды отқа орады деп Шыңғыс қаһанды әйкәпір атандырдық. Екіншілеріміз олар да өзіміз едік қой деп қарсы уәж айтыстық. Әйтеуір тыныш жатпадық.

Қолдан тарих жасай бастағанымыз да жасырын емес. Оларымызды жүз мың таралыммен тараттық. Бірақ сіңбеді ол тарихымыз. Біздің топырақтың тарихы емес еді ол. Кешегіден келе жатқан тарихта Әбілқайырымыз бен Абылаймыз бір жерде қатар отырмаған, Қазақтың қамы үшін шыбын жанын шүберекке түйген Барағымыз айт-үйт жоқ бара Әбілқайырды мерт қылады, Қаздауысты Қазыбек оның үкімін шығарып қояды, қыл аяғы Абылай үш жүздің басын қоса алмай арманда өтеді...

Алайда кітапқа түспеген біздің де тарихымыз болды. Онда біздің Тәуекел ханымызға, біздің Тәуке ханымызға, біздің Абылай ханымызға орыстың Федор патшасы да, қатын патшасы салық төлеп тұрды.Біздің Орта жүздің батырлары сонау башқұрт даласынан асып,Орал тауларында орыс селениелерін өртеп жатты, олар салған қамалдардың тас-талқанын шығарып отырды. Өз жеріміз қансырап жатқанда ол жаққа несіне барды екен деп еріксіз ойланасыз. Сонсоң табасыз. Бармасқа болмайды екен. Өйткені батыстан түкті кәпірлер келе жатқан еді... Қазақ даласына Қарасақал мен Шонадаба солай келген.





Орыс аюы мен қытай айдаһары ұстап бер деп Әбілқайыр мен Абылайға жалынған.

Мұхтар Мағауиннің тарихында Сарыарқа осыдан бес ғасыр бұрын да қазақ жері болған. Олжас Сүлейменовтың жазбаларында қазақ бекзадалары Русияға барып көңіл көтеріп қайтатын болған. Осыдан он үш ғасыр бұрын да қазақ жұрты қазіргідей Шу бойында сыңсып отырған...

Қазақ елінің есе сұрайтын күні туса әлі де айтылар сөз аз емес. Әсіресе, жеріне қатысты айтылар да, жазылар тарих қатпарлы болмақ. Өйткені қазақ баласы ешқашанда сүйегін жат жерде қалдырмаған.

Тарихымыз, айтары жоқ, қатпарлы. Соны сөйлететін кез жетті. Ол үшін тіл игеруіміз керек. Қазіргі үш тіл-төрт тіл деп жүргеніміз айтарға ғана. Әрісін айтпағанда орта ғасырдың тарихын жазуымыз үшін сол ғасырдағы бабаларымыздың тілін білуіміз керек қой. Олай болса ойланатын мәселелер баршылық болып шығады.

Құндақтаулы тарихымызды қолымызға алдық. Оның қазақтың төл тарихы болып қалыптасуы Сіз бен Бізге байланысты.

Сақ заманының алтын киімді бекзадалары мен ханшайымдары біздің қазақ жерінен лек-легімен табылып жатыр. Біреуі болса кездейсоқтық деп қоя салуға болар. Екеу болған соң-ақ ол система, ол жүйе. Және Қазақ жерінің шығысынан да, батысынан да, теріскейінен де, түстігінен де табылып отыр. Алтын Адам қазір әлемдік брендімізге айналды. Сол Алтын Адамдарымызды аузымыз қисаймастан Үйсін, Қаңлы мәдениетінің үлгілері деуге барып отырмыз. Қазақ тарихын Қыпшақтан не Қаңлыдан өрбіту балалық ауруымыз болып табылады. Қазір Еуразия кеңістігі

Қазақ жеріне көз тігіп отыр. Өйткені Қазақ тарихы олардың да тарихы.

Сол тарихты Жазу Сіз бен Біздің маңдайымызға жазыпты.

Іске сәт!..

***07.06.13.***

# ҰЛЫС МЕЙРАМЫ

Бұл мейрамның қазіргі ресми атауы - «Наурыз мейрамы».

Осылай жазып келеміз. Ұлыстың ұлы күнін тойлағаннан бері. Алайда бұлайша айтушылық жоқ. Қаймана жұрт әсте «Наурыз мейрамы» деп аузын керіп отырмайды. Наурыз тойы деп төтелейді.

Түркі жұрты бұл мейрамды түркі халықтарының ортақ тойы деп қабылдайды. Алайда бұл мейрамды түркі нәсілінен еместер де тойлайды. Парсы, Тәжік жұрттары да оны ұлттық мерекесі ретінде өткізеді.

Бұл мұсылман баласының тойы деушілер қарасы да қою. Олардікі жөн дейін десең арап нәсілі екі-ақ мейрамды біледі, бірі - Ораза айт та, екіншісі - Құрбан айт!

Наурыз парсы сөзі. Жаңа күн дегенді білдіреді.

Демек Наурыз мейрамы қызылбастардың мерекесі болды ғой!

Тәжіктердікі жөн болсын. Жусауы бір жұрттар ғой...

Біздікі ше?

Біз қашаннан бері қызылбастардың сойылын соғатын болғанбыз? 21 наурыз күні қазақ болып жатып, 22 наурыз күні қызылбас болып оянатынымыз қалай?





Бәлкім, біз біле бермейтін діни негізі бар болар. Олай болса мұсылман күнтізбесіне көз жүгірткеніміз артық бола қоймас.

Бұл күнтізбе бойынша жыл басы - мұқарам, одан кейін - сафар (суфрун), одан кейін - рабиғ әл-әууал деп жүрміз. Бұл атаудың негізгі мағынасы көктем дегенді береді. Қазір көпшілік жұрт бұл айды - мәуліт айы деп жүр.

Себебі айтпаса да түсінікті. Соң Пайғамбарымыз дүниеге осы айда келген-мыс.

Осы үшінші айымыздың басқадай ерекшелігі жоқ. Арап жұрты үшін. Олай болса бұл тойымызды діни мейрам деп қиғаштауымыздың жөні жоқ.

Көне түркі жұрты жыл санауды реттік санмен жүргізген. Оның сарқыншағын өзімізден де көруге болады. Қытай мен Моңғолия қазақтары наурызды - Бірдің айы дейді.

Демек наурызымыз біздің күнтізбеміздің бірінші айы болғаны!

Жыл басы болғаны!

Қаңтар, Үт (Үттің айы), Бірдің айы, Көкек, Мамыр, Маусым, Шілде, Тамыз, Мизам, Қазан, Қараша, Желді.

Енді екпіндетіп отырған қызылбастар күнтізбесіне назар аударайық - *амал, сәуір, зауза, саратан, әсет, сүмбіле, мизам, ақырап, қауыс, жәди, дәлу, құт.*

Бұл ай атауларының еліміздің күнгей және батыс өңірлерінде жиырмасыншы ғасырға дейін келгендігін айту жөн.

Қазіргі ана тілімізде қолданылып жүрген ай атаулары - қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан.

1990 жылы ресми бекіген атаулар.

Бұл атауларға қарап та көптеген сәйкессіздіктерді көреміз. Ай атаулары мен амал атаулары әбден бытысқан.

Бір жарты ғасырдай уақыт орыс атауларымен жүрдік. Оған қарағанда, әрине, бүгінгі ай атауларымыз қазақ баласының руханиятымен үндеседі.

Бұған қарап қазақ күнтізбесінің әлі күнге дейін орнықпағанын анық көреміз. Бұл барып тұрған сорақылықтарымыздың бірі. Ағылшындардың үш әріпті қосақтап жазып, бір әріп қылып оқитыны сынды келеңсіздік.

Үлкен ағамыз - аққұлақ көршіміздің күнтізбесіне қарасаңыз онан да милыққан жұртты көрер едіңіз. Сол бытыстырған ай атауларын кириллицасымен бірге бізге тықпалады. Бұл қазақ баласының ұлттық кодын жоюға бағытталған қадамдардың бір парасы ғана болатын. Сол астам саясаты күткендегідей өз нәтижесін берді.

Қазақ күнтізбесіне қызылбастар тізбесі қосамжарланды. Татар молдаларымен бірге араптың сақауланған ай атаулары ере келді. Сөйтіп амал атауы мен бытысқан ай атауынан қазақ күнтізбесі - қазақ совет күнтізбесі қалыптасты. Оны кәдімгідей заңдастырып, бекітіп қойды. Солайша жыл басын - наурыз деп келдік.

Жоғарыдағы күнтізбелерге қарап анық нәрселерді де көруге болады.

Қазіргі желтоқсан деп жүрген айымыз (реттік саны - он екінші) қойдың құмалағы түссе көрініп жатар аппақ көрпені оранады. Бұл ұры-қарылардың бейсауат жүрістен өздерін сырт ұстайтын уақыты. Өйткені оларды қар үстіне түскен іздер ұстап береді. Одан кейінгі айдың қаңтар атауы танық. Бұл айда





тіршілік атаулының барлығы қаңтарылады. Жүріс-тұрыс азаяды. Аяқты мал қолға қарайды.

Одан кейінгі айды қазіргі қазақ танымшыларымыз үт айы деп жүр. Әрі-беріден кейін үт сөзін қазақ сөзі деп жүр. Кәмел Жүністегі ағамыз мұнан да әріге барады. Қызылбастар бұл сөзді бізден алған деп.

Бұл ай өлі мен тірінің арасы, аралық уақыт. Жұт апаты қазақ баласына осы айда келген.

Одан кейінгі ай - өзімізге таныс Наурыз айы!

Анық нәрсе наурыз сөзінің қазақ сөзі еместігі. Кімнің сөзі екендігі де белгілі. Соған қарамастан бұл қалай деуші қазақ баласы табылмай отыр.

Наурыз болса - наурыз!

Егер бұл шынымен қызылбас сөзі болса, қазақтың өз төл атауы қайда?

Міндетті түрде болуы керек!

Бізге қалғаны соны іздестіру!

Ел айтып жүргендей бұл мерекеміз түркі жұрты үшін ортақ мереке болса әр түрлі аталып өтетіні несі? Біреуіміз 21-де, енді біреуіміз 22-де, тағы біреуіміз 23-де атап өтіп жатамыз. Біздің тәжіктермен 22-сі күні атап өтетініміз қалай?

Бәрін қойғанда біздің өзіміз бұл күнді әр күні атап өтеміз. Оның сыры неде?

Еліміздің батыс аймақтары 14-нен бастап тойлайды. Ал бұл біздің ресми мейрамымызбен сәйкес келмейді. Содан амалсыздан оны да халық өздерінше заңдастырып жатыр. Көрісу айы дейді. Көрісу амалы деп жатыр.

Бұлай деп айту заңға онша томпақ келмейді. Соған орай ешкім де бұларың қалай деп жатқан жоқ.

Есті жұрт бір мерекенің бір жұртта әр қилы аталып өтуі қалай деп мазасыздануда. Батыстағы, болмаса күнгейдегі қазақ теріскейде де сол қазақ

емес пе дейді. Ендеше бір мерекенің екі түрлі тойлануы қазақ баласын жатқан төсегінен жұлып алатын жайт.

Және оның жауабын беретін уақыт жетті деп білеміз.

Батыстағы бауырларымызға ел сияқты 22-сі күні неге тойламайсыздар деп сауал қойыңызшы.

Жауаптары дап-дайын!

- Ол - қызылбастардың мерекесі! - дейді.

Жасы да, жасамысы да.

Оның жауабын Арқа қазақтары да біледі, Тарбағатай қазақтары да біледі, Жетісу қазақтары да біледі.

Алайда айтқысы жоқ. Олай дейін десе қазақтың өз жаңа жылы қайда кетпекші?

Әлде елде бар жаңа жыл қазақта болмаған ба? Болған. Соны сезінгендіктен айтпай отыр.

Сөз жоқ, Наурыз байрамы қызылбастардың мерекесі!

Ол мереке - Жаңа күн!

Жаңа жыл да емес, жаңа ай да емес!

Жаңа күн - күн мен түннің теңелген күні!

Ол - 22 наурыз!

Ол - қызылбастардың мерекесі!

Ал қазақтардың жаңа жылы қайда?

Бар ол мерекесі!

14-ші наурыз!

Ұлыстың ұлы күні!

Бұл күні жаңа ай - жыл басы ұлыс айы кіреді!

Олай болса біздің төл мерекеміз - Ұлыстың ұлы күні!

Ол күн - ұлыс айының 14-сі.

Мұнан былай осыған дейін наурыз деп атап келген айымызды бабаларымызша ұлыс деп атайық!





Басты мейрамымыздың атауын да өзгертейік.

Ұлыс мейрамы деп!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ұлыс мейрамы құтты болсын!

***18.03.2021.***

## ШАНШАР АБЫЗ

**Шаншар абыз жөнінде бастау қиын, бастаған соң тастау қиын...**

**Бұл бір ғана менің басымдағы жайт болмас. Тірек ештеңе жоқ. Дерек, дәйектеменің барлығы да жанама. Бары - әпсана, аңыздар. Кәсіби тарихшылар үнсіз. Өлкетанушы, шежірешілердің ізденістері барлаудан әрі аспай тұр. Сонша таусылатындай ештеңе бола қойған жоқ, әрине. Дегенмен ойласар жайт баршылық.**

Шаншар бабамызды есті қазақтың бәрі білсе керек. Абыз деп.

Ертеректе бабамызды абыз деп айтуға екінің бірінің дәті жетпеген. Айтса сыбырлап айтқан. Бүгінде екінің бірі екпіндеп айтады. Абыз дейді. Себебін айтса кәне.

Бәрін қойғанда ол тарихи тұлға. Жазба тарихы жоқ халықтардың тарихи тұлғаларын тұлғаландыру оңай шаруа емес. Бұл бізде басқа жұрттың тарихы, тарихшылары арқылы жүзеге асып келеді. Күні бүгінге дейін солай. Қазақ жұртына қаратып айтқанда біздің ондай тарихи тұлғаларымыз сол елдердің ыңғайына қарай түзіледі.

Олай болса тарихи тұлғаларымызды қайта електеуге тура келеді. Бұған қарап аждаһа, аю

көршілеріміздің жазбаларынан бас тартудың қажеттігі бола қоймас.

Тек сол жазбаларға қазақтың көзімен карау қажеттігі туындайды. Мұнан басқа тарихи жырлар мен ел аузында жүрген әпсана-аңыздарымыз жеткілікті.

Қағазға түскен шежірелеріміз де бар. Оның басында Мәшекең, Шәкерім, Әлихан, Мұхамеджан және басқалары тұр. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда да бұл жәдігерлеріміздің елтанудағы алатын орны өз алдына бөлек әңгіме. Шоқан қазақ шежіресін түзді дегенге сеніңіз. Кешегі Марқасқа, Жиембет, Көтеш, Ер Доспамбет, Мөңке, Бұқар, Дулат, Шортанбай түзген жыр жолдарының әрбір шумағы да жатқан тарих.

Одан қалды ата-бабаларымыздың ауызша түзген шежіресі бар. Біздің жағдайда бұл да дерек көзі болып табылады.

Олай болса ауызды құрғақ шөппен сүрте беру жарамайды.

Әңгімемізді тікелей Шаншарға тіреген соң оның қай уақытта өмір сүргенін анықтау керек болады. Сырт қарағанда оның дәлелі жеткілікті көрінеді. Айлап, жылдап қағазға үңілген жан әлгі деректерге әбден милыққанын білер еді.

Қыр қазағының қайсы болсын Есім хан қолы астында Арғын, Найман батырларының соғысқанын айтады. Бұл әңгімені Әлекең де, Мәшекең де, Шәкерім де бекітеді.

Қатаған айтылған жерде хан Тұрсын ойға оралады. Тұрсын айтылған жерде Есімхан есте тұрады. Есімхан айтылған жерде міндетті түрде Шаншар айтылады. Себеп жеткілікті. Ең алдымен, Есімхан Тұрсынның үш қызын осы Шаншарға береді. Осыдан





барып ел шежірешілері Шаншарды үш сыбағалы деп аспандатады.

Мұның өзі айтарлықтай дерек болғанымен елді адастыруға жетелейтін пайымдау. Сондағы адастырмайтын соқпағымыз қайсы?!

«Барлық жол Ұрымға бастайды» деген тәмсіл бар. Осыны өзімізге қаратып айтсақ қайтеді?!

«Барлық соғыс Ташкенттен басталған». Қазақ қосындары осы Ташкент үшін кімдермен ғана қырқыспаған. Қалды өз-өзімен соғыспады ма? Талай талайлы ханның, талайсыз қарашаның басы кетпеді ме? Сұлтаны ханына, інісі ағасына қарсы жүрмеді ме?! Осы Ташкент үшін соғыста қазақтың аты шыққан хандары Тәуекел, Шығай, Хақназар шейіт кетті емес пе?!

Ташкент жай ғана қала емес, кент-мемлекет, қала-мемлекет болды. Бүгінгі Ватикан сынды.

Ташкентті билеген хан атанды.

Ташкент билеушісінің құзыры қазақ даласына да, өзбек құжырасына да, сарт садағасына да, маңғыт мырзаларына да жүрді.

Ташкентті билеген Түркістанды да биледі.

Алдымен Шаш, кейін Таш атымен белгілі болды. Оның алғашқы ханы Әбілқайырдың ұлы Сүйінші еді. Ташкент үшін соғысты Қазақ хандығында Қасым хан бастап, Есім хан аяқтады.

Осы мәліметтерден-ақ Ташкенттің дәргейі, Шаншардың қашан өмір сүргені анықталады. Шайбани әулетінің Ташкентке жүргізген билігі бір ғасырға созылды. Бір ғасыр бойы осы Ташкент үшін Шайбани әулеті мен Қазақ хандығы арасындағы соғыс бір сәт те толастамады.

Ташкент болса қазақ қолына Абдолла Тәуекелден жеңілген соң ғана қараған. Осы қырғында Тәуекел

опат болып, оның орнына Есім хан сайланады (1598). Қазақ хандығына қарағаннан кейін де мұндағы тақ таласы тоқтамайды. 1600-1601 жылдары маңғыт мырзасы Жан (Джани) Мұхаммед, 1603-1604 жылдары қарақалпақ Әбділ Ғаппар, 1612-1613 жылдары Имамқұлдың ұлы Ескендір хандық құрды.

Қазақ хандары арасында Ташкент тағында ең көп отырғаны да, соңғы ханы да Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын еді. Ол 1613-1627 жылдары билік құрды. Жалым сұлтанымыз айтып отырған Қасым ханның баласы болады. Бұлбұл батыр осы Жалым сұлтанның бас сардары болған. Ал Бұлбұл Шаншардың әкесі болады.

Хайдар Дулати Жошы әулетінде Қасымнан өткен әлеуетті ханның болмағанын айтады. Қазақ иелігінен бір сәтте төрт жүз мың қосын шығара алатын Қасым Ташкентке барып тұрып шаппады. Неге? Тарихшыларымыз түрлі себеп-салдарларын айтады. Соның біріне де табан тірей алмайсыз. Ташкент жұртын қазақ руларының құрағаны белгілі. Оның ішінде Орта жүздің арғыны, боса болмаса қаңлылар, қатағандар сыңсып отырды.

Қазақ баласы бұған дейін де бір біріне қол көтермеген. Бұдан былай да көтермеуі керек. Барша қазақ баласы бір біріне бауыр. Сол сертіне Қасым жетті.

Қасым заманында Қазақ елі қуатты мемлекетке айналды.

Қасымның қасқа жолы осы!

Қазақ баласы ақарлы-шақарлы ел болам десе бір ноқтаның астында болуы керек. Бір ханға ғана бағынуы керек. Бұл Есім ханға Шыңғыс бабасынан қалған жол. Мұны Шыңғыс та айтты, Жамұқа да





айтты. Жамұқа да Шыңғыстан кем емес еді. Алайда тарих алдыңғысын таңдады. Өз мойұсынуымен Жамұқаның қанын шығармай көкке аттандырды.

Есім де соған барды. Бұған дейін Қасым ханның қасқа жолымен жүріп келген Есім хан бұдан былай олай жүре алмайтын еді. Өйткені қазақ даласының ауызбіршілігі пышырап, құз алдында тұр еді. Ол Ташкент хандығын жоюға еріксіз барды. Сөйтіп қазақ даласында бір-ақ хан қалды. Есім хан ғана қалды! Есім де өз сертіне жетті.

Есім заманында да Қазақ елі қуатты болды.

Есім ханның ескі жолы дегеніміз осы.

Қазақ көші осылайша қисайып барып қайтып түзелген.

Қазақ тарихының қаратаңбалы бір беті осы Қатаған соғысы болды. Қатаған қырғыны Алаш санын ойысырата түсті. Бір кездері дүркіреп тұрған қатаған жұртының аман қалғандары ұйғырға сіңіп долан, қоңыратқа сіңіп жетімек атанды. «Олардың найзаға отырғызылып жазаланған бір бөлігі кейіннен қатаған атауынан бас тартып, шанышқылы аталып кетті» (Т. Омарбеков. «Ана тілі, 22.04. 2015).

Қазақ елінің Үш жүзге бет алуы осы Қатаған қырғынынан кейін басталады.

Осы жерде Тұрсын ханның Қазақ хандығы тарихында әлі күнге дейін өз бағасын ала алмай жүргенін ашық айтуымыз керек. Қазақ жұртының тәуелсіздігі жолында басқа хандар қалай тер төксе, ол да сонша тер төкті. Есім хан тағына отырғанға дейін Тұрсын онымен бірге қарбалдаса шапты.

Тұрсын Ташкент билеушісі дәргейіне жетті. Сол билікке жетем деген қазақ сұлтандары аз болмады. Тұрсын жай жетпей күшті билік құрды. Кеше ғана қатар тұрып, жау түсірген Есімнен іргесін сырт

салды. Өзін хан жариялап, өз ақшасын шығарды. Сөйтіп Қазақ елінің түстігін осылайша екі хан билеп тұрды. Ол аздайын бұларға бағынбайтын сұлтандар пайда болды. Ташкенттегі Келді Мұхаммед, Әндижандағы Абылай, Тұрфандағы Әбдір Рахим, Жаркенттегі Абақ және басқалары жау болмаса да дос емес еді.

Ташкент, Әндижан, Сайрамнан бұқарлар да үмітті еді. Сонымен қазақ-бұқар соғысы басталып кетеді. Бұл соғыс жиырма жылға созылады. 1603 жылы Айғыржардағы соғыста бұқарлықтар тізе бүгеді. 1611 жылы Есім хан Ташкент түбінде Имамқұл ханның әскерін жеңеді. 1612 жылы да басым түседі. Келесі жылы тағы да Имамқұл қолын талқандап, Самарқандты өзіне қаратады.1620-21 жылдары қазақ-бұқар қолдары тағы да үш рет түйіседі. Үшеуінде де қазақ қолын Тұрсын басқарады. «Тарихи әлем араи Абассиде» Ескендір Мұншы осы соғыстағы Тұрсын Мұхамедтің ерлігін жоғары бағалайды. Бұқарлықтардың келіссөзді нақ осы Тұрсынмен жүргізгенін баяндайды.

1627 жылы Есім хан Имамқұлды біржолата талқандайды. Елдің түстік шекарасын бекемдейді.

Есім мен Тұрсынның арасы моғолдықтармен болған ұрыстардан кейін ашыла түседі. Есім Қасым жолын жалғастырып, Әбді Рахимді қолдаса, Тұрсын Қашқар ханы Әбділатып Абақты қолдады. Есімнің інісі Көшектің Шығыс Түркістандағы жорығын Тұрсын қолдамады. Оның үстіне қатағандықтар Есімнің билігінен бас тартты.

Хан тағына отырған Есім Бұхармен бейбіт келісім жасап, әскер қуатын күшейтуге ұмтылды. Соған орай өзінің ордасын Түркістанға көшірді. Осыдан бастап Есім мен Тұрсын арасы суыса бастайды.





«Аңыз адам» өзінің №31 санын ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Керей мен Жәнібекке - Қазақ хандығына арнағаны белгілі. Өкінішке қарай, журналдың осы санынан Тұрсын хан туралы материал кездестірмедік. Әрі-беріден кейін тегі белгісіз деп жазыпты. Шын мәнінде ол текті тұқым. Кешегі Қасымның немересі. «Егеменде» шыққан Жылқыбай Жағыпарұлының «Қазақ хандығы» деген зерттеу мақаласында да Тұрсын есімі аталмайды.

Шоқан қазақтың хандары мен сұлтандары туралы айтқанда біреуіне де тіл тигізбеген. Ал біздің тарихшыларымыз Тұрсынды қойып, Әбілмәмбетті де, Болатты да, Сәмекені де апарып тастайды. Орыс тарихшылары аздай енді өз ханымызды өзіміз күстаналауға көштік пе, қалай?!

Тұрсынның әкесі Жалым сұлтан да хан аталмағаны болмаса ешкімнен сорлы емес еді. Осы ақтаңдықтың орнын тарихшы Талас Омарбеков толтырғандай еді. «Ана тілі» газетінде жарияланған «Тұрсын (Тұрсын-Мұхаммед) хан» (22 сәуір, 2015) мақаласында «Жәлім сұлтан тарихта Ақназар ханға адал берілген тарихи тұлға ретінде белгілі. Ол кезінде Ақназар ханның ноғайлармен арадағы жанжалдарына да қатысты. 1569 жылы Жәлім сұлтан Ақназармен және Шығай сұлтанмен бірге өздерінің туыстары болып саналатын 20 сұлтанның жасақтарын бастап, Ноғай ордасына басып кіріп, оны ойрандады. Бұдан соң да Жәлім сұлтан Ақназар ханның қасынан бір елі қалған жоқ».

Ол 1580 жылы тағы да Ақназар ханның кезекті тапсырмасын орындау барысында өзінің туған күйеубаласы болып табылатын шайбандық Ташкент билеушісі Баба сұлтанның қолынан қайғылы қазаға ұшырады. Жәлім сұлтанмен бірге оның екі ұлы

және Ақназар ханның сұлтанға ілескен екі ұлы бәрі бірге Баба сұлтанның тапсырмасын орындаған адамдарының қолынан өлді» деп жазды. Бұған қарап Қаракесек Бұлбұл батырдың да осы қырғында опат болғанына шәк келтірмейсің.

Тұрсын сол Жалым сұлтанның баласы еді.

Шаншар сол Бұлбұл батырдың баласы еді.

Бұлбұлдың екі баласының бірі - Шаншар. Ақылман Шаншар қалыптасқан жағдайды бағамдай білді. Ол Тұрсынды қолдамады да, қарсы да келмеді. Алайда Түркістан жұртын Есім маңына топтастыруда, ұйыстыруда өлшеусіз еңбек сіңірді. Есім мен Тұрсынды татуластыруға бар күш-жігерін жұмсады.

Тұрсын қалың қолмен Түркістанды алғанда Есімнің Жетісуды тастап шығып, Тұрпанға өтіп кеткені белгілі. Бұл жолы да Шаншар бастаған хан айналасындағылар хандар соғысын болдырмай тастайды. Екі ханды да Қасымның қасқа жолына әкеліп салады.

Ташкент бөлініп кеткен жағдайда Қазақ елі қайтып көтеріле алмастай әлсірер еді. Мұны Есім де бағып отырған. Осыдан барып Тұрсынның асылық әрекеттеріне көзін жұмып қарауға мәжбүр болды. Қалай дегенде етбауырына қару көтере алмас еді. Алайда көтеруге тура келді.

Ат құйрығын кесіскенше екі рет шауып, екеуінде де жеңіледі. Бұл тұста Тұрсын Ташкентті ғана емес, Шығыс Түркістанды да билеп тұрады.

Тұрсынға қайтып қайырылуға Есімнің уақыты да бола бермейді. Ұранотын жағып, бір жиғанда төрт жүз мыңға дейін әскер шығара алатын Есім ел ішінің егесінен шығып, қара қалмақтарға қарсы тұрады. Бұл 1627 жыл болатын. Бұл ұрыста басымдылық





танытқан қазақ ханы жоңғарларды Жоңғар Алатауына қуып тастайды.

Осы соғыста қырғыз Түгел бай ерлік көрсетеді. Ол өз елінен мың, хан Тұрсынның иелігінен тағы сонша қол алып, қалмаққа қарсы тұрады. Оның бұл көмегін Есім де ескереді. Тұрсыннан олжа боп түскен бір қызды осы Түгелдің баласы Маңғытқа береді. Бұл қыздан үш ұл туады. Олардың ұрпағы қырғыз ішінде Қатаған аталады.

Есімге көмекке келуге тиісті Тұрсын опасыздық жасап, өз жасағын Түркістанға бұрып, хан ордасын шабады. Бұған дейін бәрін кешіп келген Есім бауырының осы сатқындығын кешпейді. Түп бабасы Шыңғыс ханның аманатына адалдығын дәлелдейтін сәттің келгенін жан дүниесімен түйсінеді. Оның қырғыз Түгелдің басқаруына берген мыңдығына қарамайды. Алдағы уақытта бауырлар бір-біріне қару көтеріп жүрер деген қауіппен Шыңғыс бабасының жолын жалғастырады. Тұрсынның елі Қатаған хандығы тұрғынын шабақша шабады.

Сатқындықтың, опасыздықтың алдын алудағы осы жарғы кейінде Есімханның ескі жолы атанады.

Қатаған қырғынына негізінен Арғын батырлары қатысады. Тұрсын ханнын, екі қызы мен нөкерлері қолға түсіп, олжаға үлестіріледі. Екі қыздың бірін Есімнің өзі алып қалып, баласы Жәңгірге қосады. Қыздың екіншісін Шақшақ алады. Ол да олжа қызды баласы Қошқарға қосады. Одан атақты Шақшақ Жәнібек батыр туады. Бұл жөнінде Мәшекең былай дейді: «...Сондағы олжаға, үлеске түскен қыздардың екеуі хан Тұрсынның өз қызы болып шықты». Құрбанғали Халид: «Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи туған. Ауланың бір әйелінен Абылай

мен Жолбарыс, бір әйелінен Сұлтанбет туған» деп жазады. Мәшекең мұны нақытылай түседі: Жәңгірдің екінші әйелі қатаған хан Тұрсынның қызы Ғайша ханым. Мұнан туған Уәлі Бақы әз Тәукемен таққа таласып қалып, жеңілген соң Үргеніштегі нағашысы Қайып ханға барып қатын алып, жалғыз бала туып, атын Абылай қойған» дейді. ДАТ-та да Уәли мен Бақы бір адам - Уәлибақы ретінде қарастырылады. Шоқан екеуін бөліп жазады. Уәлі, Бақы деп.

Арғын батырлары арасында Шаншар абызға ерекше артықшылық беріледі.

Шаншардың абыз аталуын әркім әр саққа жүгіртеді. Негізінен Шаншар батыр болған. Абыз аталуы кейінде.

Есім қолында Тұрсынды үш рет шабуға қатысқан ол үш сыбағалы болады. Айбике (Әйбике), Нұрбике, Қызданбике деген қыздарды алады. Бұл аталар шешелерінің атымен Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар, Қызданбике-Шаншар атанады. Алдыңғы екеуі өскен аталар. Екі болыс ел болған. Қызданбике өспей қалған. Оразбике деген қызды Арғын Байбөрінің Олжашы деген баласы алады. Жолбике деген қызды Сүйіндік Суыншы батыр алады. Қарпық балаларына Дәулетбике, Тобықты балаларына Қоңырбике бұйырады.

Тұрсын қыздары нөкерлерінің бірін қырғыз алған. Одан тараған ұрпақ Маңғыт Қатаған аталады.

Қатағандар бүгінде ойдым-ойдым ауыл болып Өзбек жұртында кездеседі. Олар өздерін қатағанбыз дейді, бірақ өзбекпіз дегенді қосып айтады.

Осы жерде әңгімемізді тағы бір түйіндеп алайық. Қатаған соғысы неге Қатаған қырғыны атанды? Қадырғали Жалайри Алаш жөнінде жазғанда үш сан Алаш деп жазады, Қатағанды екі сан деп





көрсетеді. Осыдан-ақ қатағандардың қанша халық болғандығын ажыратуға болар. Сол қатағандарды жер бетінен жоңғарлар сынды құрып кетуінен сақтаған арашаға жүрген Шаншар батырлар еді. Мұхамеджан Тынышбаев 1917 жылғы санақ мәліметтеріне сүйеніп, «қаңлы мен шанышқылы саны 190 мың» деп жазады (Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент,1925).

Қатаған хандығының жойылуымен қазақ жүздерінің бөлінісі шапшаңдай түседі. Хандар енді батырлардың ғана емес, ел ақсақалдарының, абыздарының, жүзбасыларының көмегіне жүгінеді. Ұланғайыр кеңістікті алып жатқан қазақ иелігін онсыз басқару мүмкін емес еді. Әр жүздің билігі өзінде болды. Оны билер (жүзбасы) басқарды. Орта жүздің билігі Шаншарда болды. Ал жүз билерінің билігі ханда болды.

Орта жүз негізінен арғын,найман,қыпшақ,керей, уақ болып бөлінді. Ішінәра қоңырат та қарады. Олардың негізгі бөлігі кешегі Жиделі Байсынды мекендеді. Осы алты арыс Орта жүздің көбісі арғындар еді. Сол арғындар өз ішінде он ұлысқа бөлінді.Соның тізгінін қараксеек руы ұстады.Соған орай осы жүздің биі Қаракесек руынан сайланып келді.

Шаншардың абыз атануы осы тұс. Ол өзінің ордасын қашанда Кіші жүзге жақын тігіп отырды. Кіші жүз бен Орта жүз билері қоныстарын қатар жаңартып отырды. Оған себеп жеткілікті болатын.

Орман аюы қазақ даласына қарап тқр еді. Орал тауынан қаққан-соққан шоқындыларды алға салып, жербауырлап поптар келе жатқан.Орта жүз бен Кіші

жүз батырлары башқұрт қосындарын алып соларға қарсы тұрды. Шаншар абыздың көрегендігі сол оларды қазақ жеріне кіргізбеді, ұрыстар башқұрт жерінде жүріп жатты.

Осы жерде тағы бір нәрсені айтпасқа болмайды. Ол жүздерге қатысты жағырапиялық атаулар. Ұлы жүз Ташкентке иелік етті, Орта жүз Түркістанға иелік етті, Кіші жүз Баскентке (Қиуа) иелік етті. Осыдан Ұлы жүз түстікке, Кіші жүз батысқа, Орта жүз терісқей шығысқа қарай ойысып, қазақ елінің арнасын кеңейтті. Қазақтар Сарыарқаға «ақтабан шұбырындыдан» кейін келді деген сөз білместікпен айтылған сөз болады. Кіші және Орта жүз қазақтары оған дейін де бұл сайын далада көшіп жүрген.

Бүгінде шамасына қарамайтын жазғыштар шықты. Бұлар шежіреде қауіпті. Елді адастыратын Сусаниндер осылар. Не кеңістікке қарамайды, не уақытқа қарамайды, не өзінің алдында жазғандарға үңілмейді. Осы мақаланы жазу барысында Марқасқа жыраудың Тұрсынға қатысты атақты өлеңінің он нұсқасын кезіктірдім. Мұхтар Мағауин нұсқасы тұр ғой деп айқайлығың келеді. Соны жазып отырған академик. Сол академигіміз қазақ батырлары Тұрсын ханның қырық қызын олжалады дейді. Олай болған жағдайда Айбике, Нұрбике, Қызданбике, Жолбике, Дәулетбике, Қоңырбике ұрпақтары Айбике-Қатаған, болмаса, Дәулетбике-Қатаған атанар еді. Академигіміз солай деп отырғанда қалғанымызға не жорық?!

Бүгінде Бұлбұлға да, Шаншарға да қатысты ел аузында жүрген әңгімелер жеткілікті. Соның көбісі түкке тұрмайды. Өйткені әлгі Сусаниндер ол әңгімелерді өз жандарынан шығарған. Бұл әңгіме осы ата ұрпағы Келдібекке де, Бертіске де, Қазыбекке де





қатысты. Әпсана деп күлтелейді, оқысаң су татиды.

Шаншардың бір баласы Нұрбикеден туатын - Бертіс. Жай Бертіс емес, хан Бертіс. Жалпақ қазақ Қарқаралы хан Бертіс деп біледі. Шаншардың баласы, Қазыбектің әкесі Келдібекпен қатар тұрған тұлға. Сол бабамызды тұқыртып хан болған жоқ деп жазамыз. Соны басқалар емес, өзіміз айтамыз.

«Орталық Қазақстанда» «Шаншар абыз Келдібекұлы» деген көлемді мақала жарияланды. Сиясы әлі кебе қойған жоқ. Авторы өзіміздің ағамыз Серік Сексенов. Сол ағамыз былай деп жазады: «Ел ішінде хан Бертіс деген сөз бар. Бұл Бертіс хан болды деген емес, қарадан хан қоймайды. Бертіс Ташкентті шабуға қатысып, сонда билік құрғанға ұқсайды». Сонда қалай, Мәшекеңдер өтірік жазып отыр ма? Сол Мәшекеңе үңілейікші. Не дейді екен?! Мәшекең былай деп жазады: «Бертіс он жеті ұлды Бертіс атанған. Он жеті ұлы ат арқасына мініп, соңынан ерген соң жалғанның жарты пәлесі болған, басына құстың қауырсынын қадап алып «Қарқаралы хан Бертіс» атанған. Ташкентті барып шапқан, талаған. Мұны Бұқар ханы естіп, соғысуға келген. Сонда Бертістің Бұқар ханына айтқан сөзі:

- Он жеті ұлым бар, сен түгілі Құдайдың да өкпесі қабынып, алса да зорға алар, - депті.

Бұқар ханы:

- Мынау Құдайдан да қорықпаған екен. Құдайдан қорықпағаннан қорық деп еді, - деп қайтып кетіпті».

Уау, Мәшекең бәрін жазып кетіпті ғой. Осыдан артық қандай дәлел, дерек керек. Бәрі қалса да, көрсоқырлығымыз қалмай келеді. Сүт ішінде май жатқанын көрмейміз. Бір абызымызды мадақтаймыз деп, екінші абызымызды төмендеткеніміз қалай?!

Енді Мәшекеңнің әңгімесін таратайық.

Бертіс хан болған. Өйткені ол Ташкенттің билеушісі болған. Ташкентті билеуші қашанда хан болған. Ендеше Бертіс хан болған.

Екіншіден, «басына құстың қауырсынын қадап алып...» жүрген. Өйткені оның сүйегі қара еді. Соған орай басына мұрақ, болмаса тәж кие алмайтын еді.

Үшіншіден, «Қарқаралы хан Бертіс» атанған. Себебі Бертіс кешегі қатаған тұқымына сенбеген. Соған орай жан-жағын, хан күзетін Қарқаралы жақсымдарынан жасақтаған.

Төртіншіден, кешегі жан-жағын дірілдеткен Бұқар ханының өзі Бертіспен соғысудан бас тартып тұр. Қарт тарих шындықты айтса, Тұрсын, Есімхандар қатар жүріп Бұқар хандығын әупірімдеп жүріп тізерлеткен.

**Жә, ұзап барамыз. Бұл мақаланы жазудағы мақсат біреуді мұқатау емес, аруақтарды алқау еді. Кереқарыс кітап жазсақ па деген де ойымыз болған. Әзірге ондай тапсырыс түспей тұр. Осы жерде ащы да болса бір шындықты айта кетейік. Бертіс бабамыздың басындағы жайт Қазыбек бабамыздың басында да тұр. Орта жүздің есті баласы Қазыбек би дегенді білмейді, Қаздауысты Қазыбекті біледі. Орта жүз баласы Қазыбекті білгенде хан деп білген. Соғысты хан ғана жариялайды. Қытайдың боғдыханын дірілдеткен жоңғардың тайшысы қайдағы бір қазақтың Қазыбегінің екі ауыз айтқан бәдігіне бола мал-жанын босатар ма? Хан мен хан сөйлесер болар...**

***10.102013.***



# МАЗМҰНЫ

АБАДАН....................3
АЙДАҺАРДАН АЙДАҺАР ТУАДЫ....................5
АЙЫР КӨМЕЙ ӘУЛИЕ ....................8
АҚАДЫРДА ЖҮР ӘНЕ....................12
АҚЫН КЕТІП БАРАДЫ ...
(Реквием)....................20
АН-2....................22
АРҒЫН...
(Политпортрет)....................27
КІСІ ЕТІН ЖЕГЕН АРҒЫН....................27
АРҒЫН БОЛЫП АЛАЙЫН....................27
АРУАҚПЕН ОЙНАМАЙДЫ....................33
АРУАҚ ШАҚЫРДЫҚ....................57
АСПАННАН МЕДАЛЬ ЖАУМАЙДЫ....................61
АТШАБАР БАСТАЛДЫ....................62
АХАҢ...
СӨЗДІҢ БАСЫ ДА - АХАҢ,
СОҢЫ ДА-АХАҢ....................67
ӘБДІҚҰЛ....................71
ӘРКІМНІҢ БАР ТАЛАСЫ....................77
БАТПАҚТАҒЫ АРБА....................82
БАТЫР КЕТІП БАРАДЫ...
(Реквием)....................89
БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН ДАУЫС БЕРЕМІН!....................92
БЕСІНШІ ДӨҢГЕЛЕК....................98

БОҚТЫ КӨТЕРІЛІСІ:
ҚАРАҚШЫЛАРЫ КІМ?
БАСЫМАШЫЛАРЫ КІМ?......102
БҰЛ - ХИЖРА ЕМЕС!......109
БҮГІНДЕ СОЛ ЫБЫРАЙМЫЗ......113
БІЗ БІРГЕМІЗ......117
БІЗДІҢ АТЛАНТИДАМЫЗ......120
I. АЛАҢ ДА АЛАҢ, АЛАҢ ЖҰРТ......120
II. ОТАН СОҒЫСЫ......122
III. ҚАЗАҚ АТЛАНТИДАЛАРЫ......126
ЕЛ ҚОРҒАНЫ ҚАЗЫБЕК......129
ЕР ТАҢЫБАЙ......130
ЕСЕКМОНША......139
ЖАЗУ......145
ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ 55 ЖЫЛЫ......148
ЖЕР ӨСЕДІ ЕКЕН......150
ИТ ТЕ АЙҒА ҚАРАП ҰЛИДЫ......155
КРЕМНИЙ СИНДРОМЫ......158
ҚАБИ......165
ҚАЗАҚИЯ
I. КІМ КІНӘЛІ?......170
II. НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?......173
ҚАЗАҚСТАН:
Күнгей ҚАЗАҚСТАН...
Теріскей ҚАЗАҚСТАН......175
ҚАЗАҚТЫҢ АУРУЫ......180
ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БАБАМЫЗДЫҢ
СҮЙЕГІ ҚАЙДА?......184
ҚАҢТАР КЕЛЕ ЖАТЫР......188
ҚарЛАГ-та ОРЫСТАР
ОТЫРҒАН БА?......190
ҚҰДАЙБЕРГЕН......192
МӘҢГІЛІК БАЛАЛЫҚ......196
МЕНІҢ ДЕПУТАТЫМ......199
МЕНІҢ ҚҰДАЙЫМ......208
МОРОЗ......210
НЫСПЫҢЫЗ КІМ?......215
ОЛЖАС......223
ОРЫС ӘЛЕМІ......227
ӨЛГЕН ӨКІМЕТ......232
ӨЛІАРА......234
ПИРАМИДА
немесе Сақ мемлекеті жер бетінен құрып кеткен жоқ......246
РУХ ІЗДЕП ҚАЙДА БАРМАДЫҚ?!......252
СӘКЕН......257
СЕНТЯБРЬ......262
СОҒЫС САТЫЛАДЫ......266
СУДЫР ЗАМАН......271
ТЕМІРТАУ УАҚИҒАСЫ:
ОҚ АТУҒА БҰЙРЫҚ БЕРГЕН КІМ?......276
ТОҒЫЗДОМАЛАҚ......288
ҰЛТТЫ САҚТАП ҚАЛАМЫЗ ДЕСЕК......291
ҰЛЫС МЕЙРАМЫ......296
ШАНШАР АБЫЗ......301

ПІКІРЛЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР ҮШІН

ПІКІРЛЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР ҮШІН

**МАЙБАС Төрехан**

**АЛЖЫҒАН ҒАСЫР**
**Жасыл кітап**

Редакторы **Әлихан ӘКІМЖАН**
Корректоры **Мейрам ҺӘКІМЖАН**
Техникалық редакторы **Нұркелді СЕРҒОЖАУЛЫ**
Көркемдеуші редакторы **Нұрбол ИГЕН**

Басуға 01.12.2023 қол қойылды.
Пішімі 75х90 $^{1}/_{32}$ . Жоғары басылыс.
Есептік баспатабағы 20,0
Таралымы 200. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
«Алгорифм» баспаханасы

МАЙБАС Төрехан

АЛЖЫҒАН ҒАСЫР

Жасыл кітап